АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Он екі томдық шығармалар жинағы

Қазақ және орыс тілдерінде

Бесінші том

БАЙАНШЫ

САУАТ АШҚЫШ

Астана, 2022

1–7072

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Б 20

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Алаш» мәдениет және рухани даму институты
Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» оқу-әдістемелік,
ғылыми-зерттеу орталығы

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақтың мәдени мұрасын сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Құрастырып, баспаға дайындағандар:
С. Жүсіп, Р. Имаханбет, Д. Қамзабекұлы, С. Жұмағұл, Қ. Кемеңгер, Х. Маслов, А. Мырзағали.
Жауапты редактор: *Р.С. Имаханбет*
Жауапты шығарушы: *С. А. Жүсіп*

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АХМЕТ
Б 20 Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Байаншы; Сауат ашқыш. *Қазақ және орыс тілдерінде* /Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, 2022.

ISBN 978-601-337-719-3
Т. V: –384 б.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат алуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақ баспасөзінің негізін қалаушы. Жинақтың 5-томына «Оқу құралы: қазақша алфбаға байаншы» (1921), «Сауат ашқыш» (1926) және осы оқулықтардың кейінгі басылымдарының факсимилесі қосымшада берілді. «Шура» журналы, «Қазақ» газетінің 1914–1915 жылдарғы оқу-ағарту мәселелері көтерген түрлі тақырыптағы мақалалары топтастырылды.

Жинақ ЖОО студенттері мен оқытушыларына, магистранттар мен докторанттарға, ғалым-зерттеушілерге, сонымен бірге мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне, жалпы әдебиетті сүйетін оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

ISBN 978-601-337-719-3
ISBN 978-601-337-727-8

© Байтұрсынұлы А. 2022
© «Алашорда» ҚҚ., 2022
© А.Байтұрсынұлы «Тіл–құрал» ОӘҒЗО., 2022

БІРІНШІ БӨЛІМ

БАЙАНШЫ

Әлеуметшіл негізіне құрылған Түркістан Кеңесдер Республикасы

А. Байтұрсонф

ОҚУУ ҚҰРАЛЫ

Усул сотие жолымен тәртіб етілген

ҚАЗАҚША АЛФБАҒА БАЙАНШЫ

Методические записки
по родному языку
(На киргиз. яз.)

«ТГИЗ» №926 Тираж 10,000

Түркістан мемлекетінің басба ісдерін басқарұу махкамасы
Ташкенд – 1921

مختار مەتپل نیگزینه قورولغان تورکستان کیگەسدەر ریسپوبلیکاسی.

ا. بایتورسونف

اوقوو قورالی

اصول صوتیه جولی مین ترتیب ایتلگەن

قازاقچا الفباغا بایانچی

Методические записки
по родному языку.
(На киргиз. яз.)

Казахстанская [illegible]
Книжная [illegible]
г. Алма-Ата, пр. Ленина, 31

„Тина" № 926. Тираж 10,000.

تورکستان مملەکەتنیك باسپا اسدەرن باسمارزو ناشکاماسی.
تاشکەند—۱۹۲۱

А. Байтұрсонф

ОҚУУ ҚҰРАЛЫ

Усул сотие жолымен тәртіб етілген қазақша алфбаға

БАЙАНШЫ

Балалар, бұ жол басы даналыққа
Келіңдер, түсіб, байқаб қаралық та!
Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көб;
Соларды көре тұра қалалық ба?
Даналық өшпес жарық, кетбес байлық,
Жүріңдер іздеб тауыб алалық та!

А. Б.

Бастырұушы:
Түркістан Республикасының Халық ағартұу камиссариаты

۱. بایتورسونق.

اوقووقورالی

اصول صوتیه جولی مین ترتیب ایتلگن قازاقچا الفباغا

بایانچی

بالالار! بو جول باسی دانالتا
کیلگدر، توسه، بایقاب قارالتغا!
بو جول مین بارا جاتقان اوز کدمی کوب،
سولاردی کوره تورا قالالتیا؟
دانالق اوچیمس جارق، کیتبمس بایلق
جورگدمو ازدمب تلوب آلالتغا!

ا. ب.

باسیرووچیسی:
تورکستان ریسپوبلیکاسینگ ملق آغارتوو کامیساریاتی.

СӨЗ БАСЫ

Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтыб, мұқалмайды, оқуға ықыласдаб, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын көңілденіб оқытуға жаһады зорайыб, шабыттанады. Оқу басында қиын болса, балалар миға (ұйыққа) түскен мал сықылды малтығыб, жылжи алмай қиналады. Үйретуші сүйреб, шығара алмай қиналады. Екі жағында жігері кейіб, шабыты болмайды. Шабытданыб істемеген іс оңды да болмайды.

Сондықтан алфба кітабы оңай болыб, оқытқанда балаларды неғұрлым аз қинаса, соғұрлым жақсы болмақшы. Алфбаны балалар қиналмай оқыб шықса, онан әрі оқуға ықыласданыб талабдар қанат байлағандай көтеріліб, зоймақшы. Осыны ойлаб, алфба оңай болмағын көздеб, әуелі алфбаның басынан айағына шейін оңай һәм қысқа сөздерді алдым; Қазақ сөзіндегі харіфлерні оқыб шыққанша, балалардың жолында малтықмандай һеш қиындық, Құдай біледі ушырамас. Екінші, бұ алфбада һәр дыбысқа, өзіне деб анықтаб, харіф арналды; Олай болғанда бұрынғыдай бір харіф һәр түрлі орында һәр түрлі оқылмай, қай орында да болса, бір харіф бір-ақ түрлі оқылады; бұл һәм оқуды жеңілдетеді.

Ғараб сөздерін оқутқанда да: менің ойымның көшесіне түсінген үйретуші қиналмас һәм балаларды да қинамас. Менің ойым: ғараб сөзінің оқуын қазақ оқу – ойына түйіншексіз жалғау. Екі оқуды жалғау түйіншексіз болу үшін, ғараб оқу ондағы белгілерді бұлай айтыб ұқтыру керек: Ғараб сөзінде дауысты дыбыстар жазылмайды; Олардың орнына һәр түрлі белгілер қойылады. Мысалы, жіңішке «ә» орнына «ـَ» белгісі, «ы» орнына «ـِ» белгісі, «о» орнына «ـُ» белгісі, «а» созылатын орнында «ا» белгісі, «ы» созылатын орнында «ا» белгі деб һәр белгіні оқытардың алдында түсіндірсе, ғараб сөздерін оқу қазақ сөздерін оқудан артық қиын болмас. Неге десек, ا ـُ ـِ ـَ белгілерінің орнына тиісті дыбыстар балаларға жат дыбыстар емес һәм

سوز باسی

اویره‌نو هم اویره‌تو ایك باسنده قیین. بالالار اوقودك باسنده قینالماسه اوقو-
دن تاوی چاعلمای، کوکلی قایتب موقالمایدی؛ اوقوغا احلاسداب، اوقوغان
ساین قزغادی. اویره‌توچینکده جگه‌ری قوم بولمایدی، 'اسی السکاری اوکای
جلجغان ساین، کوکلده‌نب اوقوتوهاجهدی زورایب، چابلقانادی، اوقو باسندا
قیین بولسا، بالالار میغا(اویقا) توسکان مال سقلدی، مالتغب جلجی آلمای قینالادی.
اویره‌توچی سوبره‌ب، چغارالمای قینالادی. ایکی جاننده جگه‌ری کیپب، چابیتی
بولمایدی چابتدانب استیمه‌گه‌ن 'اس اوکدیده بولمایدی.

سوندقدان الفبا کتابی اوکای بولوب، اوقوتقاندا بالالاردی نه‌غورلم آز
قیناسه، سوغورلم جاقسی بولماقچی. الفبانی بالالار قینالمای‌اوقب جقسا، اونان
'آری، اوقوغا اخلاسدانب، طلبدار قانات بایلاغاندای کوتارلب، زورایماقچی.
اوسونی اویلاب، الفبا اوکای بولماغن کوزده‌ب، اولی، الفبانك باشغان آیاغنا
چیین اوکای هم قسقا سوزده‌ردی آلدم؛ قازاق سوزنده‌گی حرفلرنی اوقوب چققانچا،
بالالاردك جولندا مالتقه‌ماندای هیچ قیمندق، حدای بلادی اوچراماس، ایکنچی بو
الفباده هر دبسقا اوزنه دیب آنقتاب، حرف آرنالدی؛ اولای بولغانده بورونغیدای
بر حرف هر تورلی اورنده هر تورلی اوقولمای، قای اورندادا بولسا، بر حرف
براق تورلی اوقولادی؛ بول هم اوقودی جیکلته‌دی.

عرب سوزده‌رن اوقوتقانداداء مینك اویمنك کوچه‌سنه توسنگه‌ن اویره‌توچی
قینالماس هم بالالاردیدا قیناماس، مینك اویم: عرب سوزنك اوقوون، قازاق اوقو-
ینا توینچه‌کسز جالغاو. ایکی اوقودی جالغاو توینچه‌کسز بولو اوچون، عرب اوقو
وندغاغی بیلگه‌ردی بولای آیتب اوقترو کیزه‌ك: عرب سوزنده داوستی دستار
جازلمایدی؛ اولاردك اورنینا هر تورلی بیلگه‌ر قویولادی، مثلا: جکچکه «آ»
اورنینا = ـَ ـ بیلگسی، «ی» اورنینا = ـِ ـ بیلگی، «و» اورنینا
= ـُ ـ بیلگی، «آ» سوزلانن اورنده «ا» بیلگی، «ی» سوزلانن
اورنده «ی» بیلگی دیب هر بیلگنی اوقوتاردك آلدنده توسندرسه، عرب
سوزده‌رن اوقو، قازاق سوزده‌رن اوقودان، آرتق قیین بولماس، نیکه دیسه‌ك،
بیلگه‌ردك اورنینا تیستی دبستار بالالارغه چاتی دبستار اپه‌س هم

Ғараб сөздерінен алған сөздерім қазақ арасында көб айтылұб құлақтарына сіңген таныс сөздер.

Усул сотие (Жаңа оқу. – Құраст.) жолымен таныс емес оқытушылар төмендегі «Қазақ дыбыстары һәм олардың жазу белгілері» деген һәм «Дыбыспен жаттау» деген екі сөзді оқыб, алфба қалай тәртіб етілгенін көріб, оқу бастауы афзал. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған.

Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан: 14 жыл бала оқытыб аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, алфба мінсіз болады демеймін. Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көб-көб алғыс айтамын.

А.Байтұрсонф

عرب سوزده‌رنه‌ن آلغان سوزده‌رم قازاق آراسنده کوب آیتلوب قولانتاوینا سکگه‌ن تانس سوزده‌ر.

اصول صرتیه جولی مین تانس ایمه‌س اوقوتوچیلار تومه‌نسده‌گی «قازاق دبستاری هم اولاردڭ جازو بیلگلاری» دیگه‌ن هم» «دبس بین جاتقه‌و» دیگه‌ن ایکی سوزدی اوقوب، الفبا قالای ته‌رتیب اینلگه‌نن کوروب، اوقو باستاوی افضل» بول ایکی سوز اوقوچیلار ایمه‌س، اوقتوچیلار اوچون جازلغان.

آدمنڭ اوزنده کمالدڭ بولماغانسرڭ 'اسنده‌ده کمالدڭ جوق. سوندقده‌ن: ١٤ جل بالا اونوتوب آکغارغان، سیزگه‌ن، بلگه‌ن، داس کورگاندگم بولسادا، الفبا منسز بولادی دیمه‌یمن. اونامسز، مندی جیرن آکغارغان آدامدار کورسه‌تسه، کوب کوب آلغس آیتامن.

ا. بایتورسونلی.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАР ҺӘМ ОЛАРДЫҢ ЖАЗУ БЕЛГІЛЕРІ

Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты. Дауысты дыбыстар мынау: ا (а), و (о), ۇ (у), ى (ы), ەي- (э). Дауыссыз дыбыстар мынау: ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ڭ (ң), ل (л), م (м), ن (н). Жарты дауысты дыбыстар: шолақ ۇ (у) һәм шолақ ي (й).

Бұл дыбыстардың ішінде ق «қ» һәм غ (ғ) ылғи жуан айтылады. ك (к), گ (г), һәм ە (е) ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбысдардың һәрқайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбысдың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, мысалы: ت – ط (т), س – ص (с) сықылды, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын ق «қ» бен غ (ғ)-ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын ك (к), گ (г), ە (е) -лерді қосқанда, һәммесіне 43 белгі (харіф) керек.

Ғараб алфбасында 43 жететін харіф жоқ. Өзге алфбаларды қазақ қабыл алмайды. Ғараб алфбасы қазақ арасына дінмен бірге жайылған. Дінмен байланысқан алфбаны тастап, қазаққа басқа алфба алдыру – қиын жұмыс. Бұлай болған соң, ғараб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Ғараб харіфлерінде түрін тым бұзып жіберсек, халық тағы қабылдамайды. Ғараб харіфлері қазақ дыбыстарына жетбесе, түрін тым өзгертіб бұзуға болмаса, қалай амалын таббақ керек. Мұның амалы менің ойымша мынау: дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар һәм жарты дауысты дыбыстар сөздің тәні есебінде. Тәнді жан қандай билейді,

قازاق تلنده‌گی دبستار هم اولاردڭ جازو بیلگله‌ری.

قازاق تلنده ۲٤ تورلی دبس بار. اونڭ بیسه‌وی داوستی، اون جیتیسی داوسسز، ایکاوی جارتی داوستی. داوستی دبستار مناو: آ (a) و (o) و (y) ی (ы) یه (ə) داوسسز دبستار مناو: ب، پ، ت، ج، چ، د، ر، ز، س، غ، ق، ك، گ، ڭ، ل، م، ن، جارتسی داوستی دبستار چولاق «و» (y) هم چولاق «ی» (ü).

بول دبستاردڭ اجنده ق هم غ الفی جوان آیتلادی. ك گ هم یه (ه) الفی جڭکه آیتیلادی. اوزگه ۱۹ دبسداردڭ هر قایسیسی برده جوان، برده جڭکه آیتیلادی. اگرده بول ۱۹ دبسدڭ جوان آیتلووی اوچون بر بیلگی، جڭکه آیتلوی اوچون بر بیلگی کیره‌ك دیسه‌ك، مثلا: ت ـ ط، س ـ ص سقالدی، اوند، ۱۹ دبسقا ۳۸ بیلگی کیره‌ك بولارایدی. بوغان دائم جوان آیتلاتن ق بین غ ـ نی قوسقانده، دائم جڭکه آیتلاتن ك، گ، یه ـ له‌ردی قوسقاندا، همه‌سنه ٤۳ بیلگی (حرف) کیره‌ك.

عرب آلفباسنده ٤۳ جیتاتن خرف چوق. اوزگه آلفبالاردی قازاق قبول آلمایدی عرب آلفباسی قازاق آراسنا دین مین برگه جایلغان. دین مین بایلاسقان آلفبانی تاستاب، قازاقنا پاسقا آلفبا آلدرو قیین جومس. بولای بولغانسوڭ، عرب حرفلرن قازاق دبستارنا جیتکزو آمالن تابو کیره‌ك. عرب حرفلارنڭ تورن تم بوزب جبه‌رسه‌ك، حلق تاغی قبول دامایدی. عرب حرفلاری قازاق دبستارنا جیتیه‌سه، تورن تم اوزدرتب بوزوغا بولماسا، قالای آمالن تابیاق کیره‌ك. مونلا آمالی مینڭ اویلاومچا مناو: داوستی دبسدار سوزدڭ جانی ایسه‌بنده، داوسسز دبستار هم جارتی داوستی دبستار سوزدڭ «تانی ـ ایسه‌بنده» «تاندی جان قاندای بیله‌یدی»

дауысты дыбысдар басқа дыбысдарды сондай билейді; Йағни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз, иә жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады: Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбысдар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан жіңішке айтылмағын белгілеб айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айрылғаны.

Дауысты дыбыстар: ا (а), و (о), ۇ (ұ), ى (ы) осы түрған күйінде жуан айтылады, мысалы: аз, оз, тор, сары. Бұлардың жіңішке айтылатын орнын айыратын белгілер аламыз «ء»-ні (Дәйекше. – Құраст.) (Ғаламат фарқы). Бұл белгі сөздің алдында дәйекшеге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылмағын хабарландырады йағни бұл белгі тұрған соң, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы басқа дауыссыз иә жарты дауысты дыбыстар да жіңішке айтылады; Мысалы: арман – әрмен, нұр – нүр, тор – төр, жоны – жөні. Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып ٤٣ түрлі дыбысды 25 белгімен дұрыстап жазуға болады. Сонда қазақ тіліндегі сөзге жазылатын белгілер мынау болады: ا (а), ٰا (ә), ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ч), د (д), ر (р), ز (з), س (с), ع (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ڭ (ң), ل (л), م (м), ن (н), و (о), ۇ (ұ), ى (ы), ـھ (э), ه (е) ء (дәйекше).

Бұнан басқа харіфлер ғараб, иә фарсы, иә өзге түркі сөздеріне керек болса да, қазақ сөзіне керек емес.

43 түрлі дыбысды 25 белгілермен қалай жазыб, қалай оқу жайын айтайын:

5 дауысты дыбыс үшін алдық мынау жеті белгіні: آ (а), و (о), ۇ (ұ), ى (ы), ي , ـه , ه (е) бұларды жіңішке айту үшін бір белгі « ء » hәм оларға сүйеу есебінде бір белгі « ا » (тайақ).

«آ» (а) сөздің басында «ٓ»-бен тұрса, «آ» (а) болыб оқылады; «ٓ» жоқ « ا » (а) сөз басында басқа дауысты дыбыстардың харфына сүйеу үшін жазылып, « ا » (а) болыб оқылмайды. Мысалы: اوت (от), أرت (өрт), ارىم (ырым), اير (ер) дегендей орындарда.

« ا » сөздің ортасында иә ақырында «ٓ» жоқ болса да, « آ » (а) болыб оқылады: قازاق (қазақ), قالماق (қалмақ), قالقا (қалқа), قارا (қара).

داوستی دیسدار باسقا دبسداردی سوندای بیله‌یدی؛ یعنی داوستی دبستار جوان آیتلسا، داوسسز یا جارتی داوستی دبستاردا جوان آیتلادی: داوستی دبستار جکچکه آیتلسا، باسقا دبسداردا جکچکه آیتلادی. بولای بولغاندا داوستی دبستاردڭ جوان جکچکه آیتلماغن بیلگیله‌ب آیرساق، باسقا دبستاردڭدا جوان جکچکه آیتلاتندغی‌دا آیرلغانی.

داوستی دبستار: آ (a)، و (o) ؤ (y)، ی (ы) اوسی تورغان کویینده جوان آیتلادی: مثلا: آز، اوز، تور، ساری. بولاردڭ جکچکه آیتلاتن اورنن آیراتن بیلگیله‌ر آلامز «ـ» نی (علامت فارقه)، بول بیلگی سوزدڭ آلدندا دایه‌کچیکه تورب، اول سوزدڭ جکچکه اوقولماغن خبرلاندرادی؛ یعنی بو بیلگی تورغانسوڭ، سوزدڭ اجنده‌گی داوستی دبستاردی جکچکه آیتامز؛ داوستی دبستار جکچکا آیتلسا، اولاردڭ قطارنداغی باسقا داوسسز یا جارتی داوستی دبستاردا جکچکه آیتلادی؛ مثلا: آرمان، = «آرمان = نور = «نور، تور = «تور، جونی = «جونی. جکچکه‌لك اوچون جالقزغانا بیلگی آلب، ٤٣ تورلی دبستی ٢٥ بیلگی مین دورستاب جازوغا بولادی. سوندا قازاق تلنده‌گی سوزکه جازلاتن بیلگی‌لەر مناو بولادی: ا، ا، ب، پ، ت، ج، چ، د، ر، ز، س، غ، ق، ك، گ، ڭ، ل، م، ن، و، ؤ، ی، یه، «، ـ

بونان باسقا خرفلر عرب، یا فارسی، یا اوزگه ترکی سوزده‌رینه کیره‌ك بولسادا، قازاق سوزنه کیره‌ك ایمەس.

٤٣ تورلی دبستی ٢٥ بیلگی‌لەر مین قالای جازب، قالای اوقو جاین آیتایین:

٥ داوستی دبس اوچون آلدق مناو جیتی بیلگینی: آ (a)، و (o) ؤ (y) ی (ы)، یه، ه، «، (e)، بولاردی جکچکه آیتو اوچون بر بیلگی، «ـ» هم اولارغه سویه‌و ایسابنده بر بیلگی "ا" [تاپاق].

"آ" سوزدڭ باسنده «ـ» بین تورسا «آ» (a) بولب اوقیلادی؛ «ـ» جوق، «ا» سوز باسنده باسقا داوستی دبستاردڭ حرفنا سویه‌و اوچون جازلوب، «ا» (a) بولوب اوقولمایدی، مثلا: اوت، اؤرت، ارم، ایر دیکه‌نده‌ی اورندارادا.

«آ» سوزدڭ اورتاسنده یا آخرنده «ـ» جوق بولسادا، «آ» (a) بولوب اوقولادی؛ قازاق، قالماق، قالقا، قارا.

« ا » (а) – анық дыбыс; оның харфін қалдырыб жазсақ, басқа түрлі оқыб, басқа мағана беріб қаталасуға ықтимал. Мысалы: тамақ-ды (تاماق) тымақ (تیمق) деб жазсақ, қарауды (قاراؤ) қырау (قراؤ) деб жазсақ, адам-ды (ادام) «адым» (ادىم) деб жазсақ, менің ойымша сөз жазылу керек айтылуы бойынша йағни: сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбысдың харфі жазылсын, ол жазылмай, басқа харіф жазылатын орны болса, естілген дыбысдың харіфі жазылмай, басқаның жазылатын себебі ғылым, наху иә ғылым сарф жолыменен ыспат етілсін.

« آ » (а) жазылған сөздің алдында дәйекше « ء » тұрса, «آ» (а) жіңішке айтылады. Мысалы: ءابدان (әбдан), ءان (ән), ءسان (сән) деген сөздер ішіндегідей.

« و » (о) – боқай, тоқай, қомағай деген сөздерде де: б-ның, т-ның, қ-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбысдың белгісі. Бұл харіфді оқыганда һәм оқытқанда, сол естілген қалбында айтарға керек. « و » (о) қазақ тілінде анық дыбыс. Оны қалдырмай жазу тиіс. « و » (о) жазылған сөздің алдында дәйекші « ء » тұрса, « و » (о) жіңішке айтылады. Мысалы: اوت (от) – ءاوت (өт) ، تور (тор) –ءتور (төр), بوز (боз) – ءبوز (бөз).

« ۇ » (у) алу, бару, қалу деген сөздерде: л-ның, р-ның, н-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбысдың белгісі. Бұл дыбысдың харфін «у»-дан айыру үшін үстіне « ء » дәйекше қойамыз. У-ды оқыганда һәм оқытқанда сол естілген қалыбында айтарға тиіс. «У» сөз басында көмескілеу – шолақтау айтылады, мысалы: құрғақ, құрақ, құлақ деген сөздердің ішіндегідей. Сөздің айағында анық естіледі, мысалы: ағу, ату, асу, азу дегендей.

« ۇ » (ұ) сөз басында иә ортасында анық һәм ұзын естілсе, ол екі дыбысдың қатар келгенінен; Мысалы: تۇۇرا (тұура), تۇۇس (тұуыс) деген сөздер ішіндегідей. Басқа түркі тілінде екінші «ۋ» (ү) орнына «غ» (ғ) келеді. Мысалы: تۇغرا (тұғра), تۇغـج (тұғыш). « و » (о) мен « ۇ » (ұ) екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. Қой (мал) деген сөзбен құй

«آ» آنق دیس؛ اونك حرفن قالدروب جازساق، «باسقا تورلی اوقوب باسقا معنا بیرب خطالاسوغا احتمال مثلا: تاماق ـ دی تماق دیب جازساق؛ قاراو ـ دی قراو دیب جازساق؛ آدام ـ دی آدم دیب جازساق، مینك اویمچه سوز جازلو کیره‌ك آیتووی بوینچا، یعنی: سوز اچنده قای دیس ایستلسه، سول دیسدك حرفی جازلسن؛ اول جازلمای باسقا حرف جازلاتسن اورنی بولسا، ایستلگه‌ن دیسه‌ك حرفی جازلمای باسقانك جازلاتن سببی علم نحو یا علم صرف جولی منان اثبات ایتلسن.

«آ» جازلغان سوزدك آلدندا دایه‌کچی «ء» تورسا، «آ» جکچکه آیتلادی، مثلا: 'آبدان، ءآن، مسان، دیگه‌ن سوزده‌ر اچنده‌گیده‌ی.

«و» (o) بوناى، توقاى، قوماغای دیگه‌ن سوزده‌رده: ب ـ ناك، ت ـ ناك، ق ناك سوکنان قاندای «بس ایستله‌دی، سول دیسدك بیلگیسی. بول حرفدی اوقو. قاندا هم اوقوتقاندا سول ایستیلگه‌ن قالبنده آیتارغا کیره‌ك. «و» (o) قازاق تلنده آنق دیس؛ اونی قالدرمای جازو تییس. «و» جازلغان سوزدك آلدندا دایه‌کچی «ء» تورسا، «و» جکچکه آیتلادی، مثلا: اوت، ـ 'اوت؛ تور ـ 'تور؛ بوز ـ 'بوز.

«و» (y) آلو، بارو، قالو دیگه‌ن سوزده‌رده: ل ـ ناك، ر ـ ناك، ن ـ ناك سوکنان قاندای دیس ایستله‌دی، سول دیسدك بیلگیسی. بول دیسدك حرفی «و» دان آیرو اوچون اوستنه «ٔ» تویامز «ؤ» دی اوقوغانده هم اوقوتقانده سول ایستلگه‌ن قالبنده آیتارغا تییس. «ؤ» سوز باسندا کومه‌سکیله‌و ـ چولاقتار آیتلادی. مثلا: تؤرغاق، تؤراق، تؤلاق دیگه‌ن سوزده‌ردك اچنده‌گی‌دی. سوزدك آیاغنده آنق ایستلادی، مثلا: آغؤ، آتؤ، آسؤ، آزؤ، دیگه‌نده‌ی.

«ؤ» سوز باسندا یا اورتاسندا آنق هم اوزون ایستلسه، اول ایکی دیسدك قاتار کیلگانیتن؛ مثلا: تؤؤرا، توؤمس، تؤؤس، دیگه‌ن سوزده‌ر اچنده‌گیده‌ی. سوندای سوز اورتاسندا یا باسندا آنق هم اوزون ایستله‌تن جیرله‌رده ایکی «ؤ» جازرغا تییس. باسقا ترکی تلنده ایکنچی «ؤ» اورنینا «غ» کیله‌دی. مثلا: توغرا، توغسج (o) مین «ؤ» (y) ایکه‌وینه زور التفات کیره‌ك. بولاردك جازاووی اوحساس بولغانمین. آیتلووی اوحساس ایماس. توی [مال] دیگه‌ن سوز بین توی

2–7072

(шай құй) деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы hәм сондай басқа. « ۇ » (ұ) көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. « ۇ » (ұ) жазылған сөздің алдында дәйекші « ء » тұрса, « ۇ » (ұ) жіңішке айтылады; Мысалы: اۋر – ءاور (ұр) – (үр), ءتور (тұр) – تۋر (түр). بۋر – ءبور (бұр) – (бүр).

«ى» (ы) – «жаны», «малы», «тары» деген сөздерде: н-ның, л-ның, р-ның соңынан естілетін дыбысдың белгісі. Бұл дыбысқа тура келетін ғараб алфбасында харіф жоқ. Сондықтан аламыз « ى » (ы) белгісін. Оны қалдырмастан жазамыз сөздің айағында, ортасында иә басында ашық естілетін орында hәм жазбасақ кемшілік болыб жоқтығы еленетін орында. Мысалы: جانى – جاننا (жаны) – (жанына).

Сөздің басында, ортасында « ى » (ы) қысқа hәм көмескі естіліп бар-жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы: قن (қын), قر (қыр), قرغن (қырғын), جلم (жылым), جلتر (жылтыр) деген сөздердің ішінде «ى» (ы)-ның барлығы аз сезіледі, хатта сезілмейді деб айтуға да болады. Бұл сөздерді ى (ы)-ны жазғанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. قانى (қаны), جانى (жаны), مالى (малы) деген сөздерді ى (ы)-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сондықтан сөздің айағында ى (ы) жазу қажет.

Сөз басында ى (ы)-ның өзі жазылмаса да, сүйеніш харфі «ا» жазылады. Мысалы:اقتن (ықтын), انتق (ынтық), ارعاق (ырғақ), ازعرق (ызғырық), اسقرۋۋ (ысқыру), اجقنۋۋ (ышқыну).

« ى » (ы) жазылған сөздің алдында дәйекші «ا» тұрса, « ى » (ы) жіңішке айтылады, мысалы: ءسانى – سانى (саны) – (сәні), جۋنى – جونى (жоны) – жөні), ءبوزى – بوزى (бозы) – (бөзі).

« ى » (ы)-дан жарты дауысты «ى» (й) басқа. Жарты дауысты дыбыстар –дауысты дыбыстардың жанында ғана қосымша болыб айтылады. Дауысты дыбыс жоқ жерде олар болмайды. Сондықтан қай жерде « ى » (ы) тұрса, оның алдында иә артында дауысты дыбыс боларға керек. Мысалы: قيقم (қиқым), سيقم (сиқым) деген сөздерде жарты дауысты « ى » (й)-діңі» алдында « ى » (ы) бар, قين (қиын), تيين (тиын) деген сөздерде жарты дауысты « ى » (й)-дың алдында, артында, екі жағында да « ى » (ы) бар. Сондықтан, бір жарым « ى » (ы, и, й) келетін қиқым, сиқым, ит, кит деген сөздер жалғыз « ى » (ы, и)-мен жазылады. Екі жарым « ى » (ы) келетін قين (қиын), تيين (тиын), كيم (киім), كييك (киік) деген сөздер екі « ى » (иы, иі)-мен жазылады.

«ـه» (е) جيجه (шеше), كيمه (кеме), كيرمه (керме) деген сөздерде ш-ның, к-ның, м-нің соңынан естілетін дыбысдың харіфі. Бұл дыбысқа тура келетін ғараб алфбасында харіф жоқ. Бұл дыбысты осы күнде жазып жүрміз: Сөз басында бұлай «ا يـ» ортасында, айағында

(چای قوی) دیگەن سوردەردڭ معنالاری قاۋدای باسقا بولسا، آیتلووی هم سوۋدای باسقا. „ۋ“ کومەسکی آیتساداا، قالدرمای جازو کیرەك. „ۋ“ جازلغان سوزدڭ آلدندا دایەکچی „ء“ تورسا، „ۋ“ جکچکە آیتلەدی؛ مثلا: ۋر ـ 'اۋر ـ ؛ تۋر ـ 'تۋر؛ 'بۋر ـ 'بور

„ی“ (ы)، „جانی“، „مالی“، „تاری“ دیگەن سوزدەردە: ن ـ نڭ، ل ـ نڭ، ر ـ نڭ سوڭغان ایستلەتن دبسدك بیلگسی. بول دبسقا تووورا کیلەتن غرب آلفباسندا حرب جوق. سوندقدان آلامز „ی“ بیلگیسن اونی قالدرماسدان حازامز سوزدڭ آیاغندا، اورتاسندا یا باسندا آچق ایستلەتن اورندە هم جازباساق کیمچیلك بولوب حوقدغی ایلەنەتن اورندا، مثلا: جانی ـ جانینا.

سوزدڭ باسندا اورتاسندا „ی“ قسقا هم کومەسکی ایستلب بار جوغی ایلەنبەیتن اورندارداا جازبایمز مثلا: قن، قر، قرغن، جلم، جلتن دیگەن سوزدەردڭ اچندە „ی“ دڭ بارلغی آز سبزیلەدی حتی سیزلمایدی دیب آیتوغادا بولاەی. بول سوزلەردی „ی“ دی جازغاندادا اوسولای اوقیمز. حازباغاندا اوقوومزغا کیمچلکی بولماسا، اونی جازوغادا حاجت جوق. قانی، جانی، مالی دیگەن سوزدەردی ـ „ی“ دی جازبای، سولای اوقی آلمایمز؛ سوندقدان سوزدڭ آیاغندا „ی“ جازو حاجەت.

سوز باسندا [ی] دڭ اوری حازلماسادا، سویانچ حرفی (ا) جازلادی، مثلا: افتن، افتق، ارغاق، ازغرق، استرو، اچقنو.

(ی) جازلغان سوردڭ آلدندا دایەکچی (ء) تورسا، [ی] جکچکە آیتلادی؛ مثلا: سانی ـ 'سائی؛ جونی ـ 'جونی؛ بوزی ـ 'بوری.

„ی“ دان جارتی داوستی „ی“ باسقا. جارتی داوستی دبستار ـ داوستی دبستار. داوستی دبستاردڭ جاننداغانا قوسچا بولوب آیتلادی. داوستی دبس جوق جیردە اولار بولمایدی. سوندقدان قای جیردە „ی“ تورسا، اونـڭ آلدندە یا آرتندە داوستی دبس بولارغە کیرەك؛ مثلا: قیقم، سیقم دیگەن سوزدەردە جارتی داوستی „ی“ دڭ آلدندە جای „ی“ بار؛ قیین، تیین دیگەن دەردە جارتی داوستی „ی“ دڭ آلدندا آرتندە ایکی حاغندادا „ی“ بار. سوندقدان: بر ـ جارم „ی“ کیلەتن قیقم، سیقم، ایت، کیت دیگەن سوزدەر جالغز „ی“ مین جازلادی. ایکی جارم „ی“ کیلەتن قیین، تیین، کییم، کییك دیگەن سوزدەر ایکی „ی“ مین جازلادی.

„یە“ جیچە، کیمە، کیرمە دیگەن سوزدەردە: ج ـ نڭ، ك ـ نڭ، م نڭ سوڭغان ایستلەتن دبسدڭ حرفی. بول دبسقا [تووورا کیلەتن غرب آلفباسندا خرف جوق. بول دبستی اوسی کوندە جازب جورمز: سوز باسندا بولای „ا“ اورتاسندا آیاغندا

иə бұлай «ـه» иə бұлай «ه» . Мұны осы жөнімен жазып, бірақ қайсысы қай жерде жазылатын орындарын айырыб, жана да басқа харіфтерден анық айыру үшін түсін азырақ ғана өзгерту қажет деб ойлаймын. Бұрын бұлай «ـي» жазған орнына енді бұлай «ـيـ» жазылса деймін. Мұнан ғараб харіфі онша бұзылмайды. Жазудың тәртіблі болуы үшін бұлай ету қажет. Мысалы: ايت (ит) деген сөз бен (ет) деген сөзді бірдей жазсақ, ол жазумыздың тәртібсіздігі болар еді. Бұл екі сөздің мағынасы қандай басқа болса, айтылуы həм сондай басқа. Айтылуы басқа сөздерді бірдей жазуға жол жоқ. Негізгі жол: айтылуы басқа сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) басқа жазу, айтылуы бірдей сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) бірдей жазу.

«ـيـ» (е) жазылады сөздің бас буынында. Мысалы: اير (ер), ايرك (ерік), ايركن (еркін), مين (мен), مينكء (менің), مينكى (менікі), басқа орында оның орнына «ـه» жазылады: ايركه (ерке), سيركه (серке), كيله كه (келеке). Қосылмайтын харіфлардың соңынан «ـه» (е) орнына «ه» (е) жазылады. Мысалы: كره (кіре), تزه (тізе), كيره ك (керек), كيده ي (кедей). «ـيـ» (е), «ـه» (е), «ه» (е) жазылған сөздердің алдына дəйекші « ء» қойылмайды; себебі бұл дыбыс ол болмаса да жіңішке айтылатын дыбыс.

Дауыссыз дыбыстар үшін біз алып тұрмыз мынау харіфларды: ب (б), پ (п), ت (т), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (к), ك (к), گ (г), ل (л), م (м), ن (н). Бұдан көрінеді: осы күнде қазақ сөздеріне жазыб жүрген «ط» мен «ص »-ларды алмағанымыз: жоғарыда айтылу бойынша, дауыссыз дауысты дыбыстардың иелігінде боларға, йағни олардың жуан иə жіңішке айтылуы дауысты дыбыстардың жуан иə жіңішке айтылуына қарай. Оған көнбейтін дауыссыз дыбыстар: ق (қ), غ (ғ), ك (к), گ (г).

«ط» (т)-ның орнына « ت » (т) жуан айтылатын болған соң, «ص»-ның орнына « س» жуан айтылатын болған соң, «ط» мен «ص »-лардың бізге керегі жоқ. Олар жазу емлесіне оралғы болады: қай жерде «ط» (т) қай жерде « ت » (т) жазуды білмей осы күнде де шатасамыз. Егерде екі түрлі айтылатын дыбыстарда жуан айтылуы үшін бір харіф, жіңішке айтылуы үшін бір харіф керек десек, ондай дыбыстардың əрқайсысына екі харіфтен керек болар еді. Олай етуге болмайтын жайын жоғарыда айттық. Басқадан ала-бөле « ت » мен «س»-ның жуан айтылуы үшін өз алдына басқа харіф керек десек, онымыз жөнсіз болар еді: дауыссыз дыбыстардың бірінен-бірінің артықтығы жоқ – дəрежесі бірдей.

«ش» (ш)-ды алмай «چ» (ч)-ды алғанның мəнісі: қазақ тілінде жазылған кітаблар,

یا بولای „ ه „ یا بولای „ ه „. مونی اوسی 'جونی مین جازب، براق قایسی قای جیرده جازلاتن اورندارن آپروب' جنادا باسقا حرفلاردان آنق آیرو اوچون 'توسون آزراقفانا اوزگه‌رتو حاجت دیب اویلایمن. بورون بولای „ ی „ جازغان اورنینا ایندی بولای „ ی „جازلسا دەیمن. مونان عرب حرفی اونچا بوزولمایدی. جازودك ترتیبلی بولووی اوچون بولای ـیتو حاجت مثلا: ایت دیگەن سوز بین ایت دیگەن سوزدی بردەی جازساق، اول جازومزدك ترتیبسزلیگی بولار ایدی. بول ایکی سوزدك معناسی قاندای باسقا بولسا، آیتلووی هم سوندای باسقا، آیتلووی باسقا سوزده‌ردی بردەی جازوغا جول جوق نیگزلی جول: آیتلووی باسقا سوزده‌ردی [معناسی باسقا بولسون' بر بولسون] باسقا جازو؛ آیتلووی بردەی سوزده‌ری [معناسی باسقا بولسون' بر بولسون] بردەی جازو.

„ ی „ جازلادی سوزدك باس بوونداا؛ مثلا: ایر، ایرك' ایرکن، مین مینك، مینکی، باسقا اورنده اونك اورنینا „ ه „ جازلادی: ایرکه، سیرکه' کیلەکه قوسلمایتن حرفلاردك سوکنان „ ه „ اورنینا „ه „ جازلادی مثلا: کره، تره، کیرەك' کیدەی. ی، ه، ه' جازلغان سوزده‌ردك آلدنا دایەکجی „ ء „ قویلمایدی؛ سەبیی بول دیسی اول بولماسادا حکچکه آیتلاتن دیسی.

داوسز دیسدار اوچون بز آلب تورمز مناو حرفلاردی: ب' پ' ت، ج' د' ر، ز' س، غ، ق، ك، گ، ل' م' ن، بودان کورنەدی: اوسی کولنده قازاق سوزده‌رنه جازوب جورگەن „ط „ مین „ص „ لاردی آلماغانمز: جوغاری‌دا آیتلو بوینچا' داوسز داوستی دیسداردك بی‌اگنده بولارغه' یغنی اولاردك جووان یا جکچکه آیتلووی داوستی دیستاردك جوان یا جکچکه آیتلوونا قارای. اوغان کوتیەیمن داوسز دیسدار: ق' غ' ك' گ.

„ط „ نك اورنتا „ت „ جوان آیتلاتن بولغانسوك' „ص „ نك اورنتا „س „ جوان آیتلاتن بولغانسوك' „ط „ مین „ص „ لاردك بزگه کیرەگی جوق. اولار جازو املاسنه اورالغی بولادی: قای جیرده „ط „ قای جیرده „ت „ جازودی بلمەی اوسی کوندەده جاتاسامز. اگرده ایکی تورلی آیتلاتن دیسدارغا جوان آیتلووی اوچون بر حرف، جکچکه آیتلووی اوچون بر حرف کیرەك دیسەك' اوندای دیستاردك هر قایسی‌سنا ایکی حرفدان کیرەك بولار ایدی؛ اولای ایتوگه بولمایتن جاین جوغاری‌دا آیتدق: باسقادان آلا ـ بولا „ت „ مین „س „نك جوان آیتلووی اوچون اوز آلدنا باسقا حرف کیرەك دیسەك' اونمز جونسز بولار ایدی: داوسز دیستاردك برنەن برینك آرتقدغی جوق ـ دەجەسی بردەی.

ش ـ دی آلمای چ ـ دی آلغان‌نك 'مانسی: قزاق تلنده جازلغان کتابلار'

жорналдарды қарасақ, «ش» (ш) жазылған сөздер тіпті аз, жоқ есебінде. Көбіне «ش » (ш) орнына «چ» (ч) жазылыпты. Басқа түркі тілдерін қарасақ, қазақтың «ش » (ш) келетін жеріне оларда «چ» (ч) келеді. Мысалы: اقشا – اقجا (ақша – ақча), – قانشا قانجا – (қанша – қанча) كيش – كيچ (кеш – кеч).

Шамада «ش» (ш) дыбысы «س» (с-тен) гөрі «چ» (ч-ға) жақын, олай болғанда харіфінің түрі де «چ» (ч-ға) жақын болғаны ұнамдырақ көрінеді. Осы айтылған оймен қазақ тіліне «ش» (ш) харіфі алынбай, (ч) харіфі алынды. Мұны алғаннан кемшілік аз, ұнамы көб. Мысалы: екінчі, үчінчі, бесінчі уа ғайри сондай «ش» (ш) келетін сөздерді екінші, үшінші, бесінші деб жазсақ, бастапқылары ұнамдырақ көрінеді; Себебі менің ойымша мынау боларға: «ش» (ш) ғараб тілінде «س» (с-ға) жақын дыбыс боларға керек, сондықтан басқа түркі тілінде біздің «س» (с) орнына жұмсалады. Мысалы: – باس – باش (бас–баш), كاس–قاش (кас–қаш) قاش – قاس (қас–қаш) деген сөздерде « ق» (к) hәм «غ» (ғ)-бен дәйім жуан айтылады, жіңішке айтуға көнбейді. « ك» (к) hәм «گ » (г) дәйім жіңішке айтылады, жуан айтуға келмейді. « ق» (қ) мен «غ» (ғ) жазылған сөздердің алдында дәйекші «ء» қойылмайды: оны қойғанмен бұл харіфтер жіңішке айтылмайды. « ك» (к) мен «گ » (г) алдында дәйекші «ء» қойылмайды, оны қоймаса да жіңішке айтылатын болған соң. Ескерту: жоғарыда бір жерде қосылмайтын харіф дедік; Қосылмайтын харіф деб айтылатын – сол жағымен жалғаспайтын харіфтер. Мысалы: ا (а), ل (д), ر (р), ز (з), و (о), ه (е). Оң жағымен жалғыз ه (е)-ден басқа харіфтің бәрі де жалғасады.

Дыбысбен жаттығыу

Оқу үйренгендегі бас мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз – дыбысдың мағыналы болыб тізілгені. Сөз айту дыбысды ауызбен тізу, сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіб сөз қыла білмейді. Себебі: олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді, оқуға балалар дыбыс үйренеміз деб келмейді, оқу, жазу үйренеміз деб келеді.

جورنالداردی قاراساق، «ش» جازلغان سوزده‌ر تنتی آز، جوق ایسه بنده. کوبنه «ش» اورنینا «چ» جازلوبدی، باسقا ترکی تنده‌رن قاراساق قاز اقدك «ش» کیلاتن جیرنه اولاردا «چ» کیله‌دی مثلاً: آقشا ـ آقچا؛ قانشا قامچا؛ کیش ـ کیچ.

جامادا «ش» (III) دبسی س ـ نان گوری چ ـ غا جاقن، اولای بولغاندا حرفی‌نك نوری‌ده ج ـ غاجاقن بولغانی اونامدراق کورنه‌دی. اوسی آیتلغان اوی‌مین قازاق تلمه «ش» حرفی آلنبای، چ حرفی آلندی مونی آلغاننان کیمچلك ز، اونامی کوب. مثلا: ایکنچی، اوچونچی، بیسنچی و غیری سوندای ش کیلاتن سوز دردی ایکنشی، اوشونشی، بیسنشی دیب جازساق باستابقی‌لاری اونامدراق کورنه‌دی؛ سببی مینك اویمچا مناو بولارغا: ش عرب تلنده س ـ غا جاقن دبس بولارغا کیره‌ك، سوندا‌قدان باسقاترکی تلنده بزدك س اورنینا جومسالادی، مثلا: باس ـ باش؛ کاس ـ قاش؛ قاس ـ قاش دیگه‌ن سوزده‌رده ق هم بین غ دائم جووان آیتلادی، جکچکه ایتوغا کوتبه‌یدی. ك هم گ دائم جکچکه آیتلادی، جووان آیتوغا کیلمه‌یدی ق بین ع جازلغان سوزده‌ر دك آلدندا دایه‌کچی «ء» قویلمایدی: اونی قویغان مین بول حرفلر جکچکه ایتلمایدی ك بین‌گه آلدندا دایه‌کچی «ء» قویلمایدی: اونی قویماسادا جکچکه آیتلاتن بولغانسوك. ایسکه‌ر توو جوغاری‌دا برجیرده قوسلمایتن حرف دیدك؛ قوسلمایتن حرف دیب آیتلان ـ سول جاغی مین جالغاسایتن حرفلر، مثلا: ا، د، ر، ز و ه، اوك‌جاغی من جالغز «ه» ده‌ن باسقا حرف‌دك باری‌ده جالغاسادی

دبس بین جاتتغو

اوقواوبر نکه‌نده‌گی باس مقصود ـ کیره‌ك سوزدی جاز ایلو، جازلغان سوزدی اوقی بلو. سوز ـ دیسدك معنالی بولوب تیز لگه‌نی، سوز آیتلو دیستی آواز بین تزو. سه‌زجازو ـ دبستاردك بیلگسن کاغر بیتنه تزو اوقوغا کیلگان بالالارسویله‌ی بلسه‌ده دبستاردی تزوب سورقلا بلمه‌یدی، سببی: اولار سوزدك دبستان تزلاتنن بلمه‌یدی، اوقوغا بالالار دبس اویره‌نه مزدیب کلنه‌یدی، اوقو، جازو اویره‌نمز دیب کیله‌دی؛

Бірақ дыбысды білмей, дыбысдың қалай тізілетінін білмей, оқу, жазу үйрену қиын. Сондықтан осы күнде оқуы тәртіблі жұртдар балаларға харіф көрсетпей тұрып, әуелі дыбысбен жаттықтырады. Дыбысбен жаттықтыруға көб уақыт кетбейді, онан келетін пайда көб: дыбыстарды тізіп үйренсе, харіфларды тізу қиын болмайды; Сөздің ішінде қанша hәм қандай дыбыстар бар екенін айыруды білсе, харіфлар қойыу қиын болмайды.

Бұл усул сотиенің ең жақсы жолы; Мұны түсініб, біліб істесе, бұл үйретудің ауырлығын көб жеңілтеді. Мұндағы негізгі қағида мынау: әуелі балаларға hәр түрлі дыбыс бар екенін білдіру; екінші – балаларға таныс сөздерді алыб, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айырту; үшінші бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріб сөз етуді білдіру. Мұны білген соң балаларға харіф көрсетіб оқытса, оларды құрастырыб, сөз етіб айтуға балалар қиналмайды. Мұны білмей тұрғанда балаларға харіф көрсету жарамайды; Ол жайпақбен жүрмей, жармен шыққан сықылды балалардың күшіне тиеді. Балалар дыбысбен оқыб жүрген уақытда, оларға харіфлардың сүгіретлерін жаздырыб үйрету керек. Мысалы: «.» (ноқат), «..» (қатар ноқат), «:» (қабат ноқат), «ٮ» (үш ноқат), «...» (жоғарғы), «...» (төмендегі), «...» (мәд), «ا» (тайақ), «ب» (тұтқа), «ف» (ілгекті тұтқа), «ل» (қармақ), «ن» (шеңбер), «ق» (ілгекті шеңбер), «د» (тұйақ), «ر» (шана бас), «و» (шақша), «م» (шоқпар), «س» (ирек), «ھ» (құстұмсық), «ح» (таға), «ء» (ашық ауыз), «ى» (шәйнек иін), «كا» (ожау), «ه» (шығыршық), бұларды харіф деб жаздыру емес, жазылған әрқайсысының атымен жаздыру йағни сүгіретін салдыру. Мысалы: ноқат, қармақ, тұтқа уа ғайри.

Енді дыбыспен қалай оқыту жайын айтайын:

Мұғалім созып «اَ» деб айтады да, балалардан сұрайды: не дыбыс естілді? Балалар: «اَ» деген дыбыс естілді. Мұғалім созып басқа бір дыбыс айтады. Мысалы: «ز», мұның турасында да «не дыбыс естілді?» деб сұрайды, Балалардың жауабы дұрыс болса, мұғалім тағы бір басқа дыбыс айтады. Мысалы: «س» мұның турасында жоғарғыдай сұрайды. Онан соң, «ل», « ر ». Онан басқаларын алады. Осылай бірнеше дыбыстарды айтқаннан кейін балалар дыбысдың hәр түрлі болатұғынын біледі hәм бір дыбыстан бір дыбысды

براق دبستی بلمه‌ی دبستك قالای تزلاتنن بلمه‌ی، اوقو جازو، ایره‌نوقین سوندقدان بوسی کونده اوقوی ترنیبلی جورتدار بالالرغا حرف کورسه‌تمای توروب. اولی دبس بین جاتتقترادی دبس‌بین جاتتقتروغا کوب وقت کیتبه‌یدی: اوزان کیله‌تن فائده کوپ امستاردی تروپ لدیرنسه، سخرلردی تزو قیین بولمایدی؛ سوزدك اچنده قانچاهم قاندای دبستار بار ایکانن آیرودی بلسه حرفلر قویوقیین بولمایدی

بول اصول صوتیه‌نك ایك جاقسی جولی: مونی توسونوب بلوب استه‌سه بول اریره‌تودك آورلغن کوب جیگلته‌ی مونداغی نیگرگی قاعده مناو: آولی بالالارغه هه‌رتورلی دبس بارایکانن بلدرو؛ ایکنچی ـ بالالارغا تانس سوزده‌ردی آلوب لولاردك اچنده قاندای دیستار بارن آیرتو اوچونچی بولهك ـ بولهك دستاردی تزدروب سوز اتودی بلدرو. مونی بلگه‌نسوك بالالارغا حرق کورسه‌تب وتونسا، اولاردی توراسترب سوزایتب ایتوغا بالالار قیناالمایدی. مونی بلمه‌ی تورغائدا بالالارغا حرف کورسه‌تو جارامایدی؛ اول جاییاقی بین جورمه‌ی. جارمین چفقان سقایدی بالالاردك کوچینه تیه‌دی. بالالار دبس بن اوقوب جورگه‌ن واقتدا، اولارغا حرفلاردك سوگره‌تلرن جازدروب لویره‌تو کیره‌ك؛ مثلا: ٠(نوقات)٠ ٠(طارنوقات)، ٠ (قابات‌نوقات)، پوچ نوقات: . (جوغارغی)، . (تومه‌نگی)، (مد)، ا (تایاق)، ب (تونقا)، ف (الگه‌کتی تونقا)، ل (قارماق)، ن (چیگبه‌ر)، ق (الگه‌کتی چیگبه‌ر د (نویاق)، ر (چانا باس)، و (چاقچا)، م (چونبار)، س (ایره‌ك)، ه (قوس‌نومـق)) ح (: غا)، ء (آچق آوز)، ی (چاینه‌ك موین)، کا (اوجاو)، ه (جغر چق)، بولاردی خرف دیب یازدرو ایماس، جازلغان هرقاسی‌سینك آتی مین جازدرو، یعنی سوگره تن سالمر و. مثلا: نوقات، قارماق، تونقا وغیری.

ایندی دبس بین قالای اوقتو جاین آیتاین:

معلم سوزوب «آ» دیب آیتسادی‌دا، بالالاردان سورایدی: نه دبس استلدی؟، بالالار: «آ» دیگه‌ن دبس استلدی. ـ معلم سوزب باسقا بر دبس آیتادی مثلا: «ز» مونك توورا‌سندا «نه دبس استلدی؟» دیب سورایدی، بالالاردك جوابی دوروس بولسا، معلم تاغی بر باسقا دبس آیتادی، مثلا: «س». مونك توورا‌سنده جوغارغیدای سورایدی. اونانسوك «ر» «ل» اونان باسقالارن آلادی. اوسیلای برنیچه دبسداری آیتقانان کیین بالالار دبسدك هه‌رتورلی بولاتوغنن باه‌دی هه‌م بردبسدان بردبسدی

айырыб тануға күші жетеді. Сонан соң сөз ішіндегі дыбыстарды балаларға айырту үшін әуелі бір буынды сөздер алынады. Мысалы: رآ (ар), زآ (аз), لآ (ал), سآ (ас), لآ (ол), اور (ор), اوز (оз), уа ғайри. Сонан соң екі буынды сөздер. Мысалы: ا – را (а-ра), ا – زا (а-за), ا – سا (а-са), ا – لا (а-ла), او – را (о-ра), سا – را (са-ра), سا –لا (са-ла), уа ғайри, онан соң үш буынды сөздер. Мысалы: ا – را – لا (а-ра-ла), ا – لا – سا (а-ла-са), او –را – نوُؤ (о-ра-ну), او – را – ما (о-ра-ма) уа ғайри, мұғалім «ار» (ар) деген сөзді анық етіп айтыб-айтыб, балалардан сұрайды:

Бұл сөзде неше дыбыс? Олар не дыбыс? Баста қай дыбыс? Айағында қай дыбыс? деб. Балалар айта алмаса, мұғалім сөзді созып, ...ر...آ (а... р...) деб айтады. Созып айтқанда сөздің һәр дыбысы анықталыб балалар танырлық болыб естіледі. Балалар неше дыбыс бар екенін айтқаннан кейін, басында не дыбыстар? деб сұрау, оған дұрыс жауаб бергеннен кейін басында не дыбыс? Айағында, не дыбыс? деб сұрау. Оған дұрыс жауаб бергеннен кейін, басқа бір буынды сөзден бір сөз алу. Мысалы: «زا» (аз) деген сөзді. Бұған да «را» (ар) деген сөз турасында айтылғанның бәрін істеб, келесі бір буынды сөздерді аларға керек. Солай бірнеше сөзді алыб дыбыстарын айыртқаннан кейін, балалар бір буынды сөздердің ішіндегі дыбыстарды айыруды біледі.

Мұнан соң екі буынды сөздің ішіндегі дыбыстарды айыруды үйрету, бұл арада балаларды сөздің буынымен таныстыру керек. Ол үшін екі буынды, үш буынды сөздерді алыб, созыб айту. Созыб айтқанда, сөз буын-буыннан бөлініб естіледі. Сөз ішінде неше буын бар екенін білу балаларға қиын болмайды. Мысалы: اغا (аға) деген сөзді созып...ا... غا (а... ға...) деб айтқанда екіге бөлінеді. «اغالار» (ағалар) деген сөзді созып ...لار....غا....ا (а... ға... лар) деб айтқанда үшке бөлінеді. «اغالارغا» (ағаларға) деген сөзді созыб ...غا...لار...غا...ا (а... ға... лар... ға) деб айтқанда төртке бөлінеді. Осылай бірнеше сөзді созыб айтыб көрсеткеннен кейін – балалар да һәр сөзді созыб айтыб – қай сөзде қанша буын бар екенін айыруды біледі. Сөзді буындаб бөлуді білгенін кейін мұғалім екі буынды, үш буынды алыб, әуелі һәр сөзді буын-буынынан бөлдіріб, һәр буындағы дыбыстарды айыртқызыб, сонан соң тұтас сөздің ішінде қанша һәм қандай дыбыс барлығын көрсетеді. Мұғалім алады, мысалы: «ازا» (аза) деген сөзді анықтаб

آیروب تانوغا کوچی جیته‌دی، سونانسه ك سوز اچنده‌گی دبستاردی بالالارغا آیرتو اوچون آوّلی بربووندی سوزده‌ر آلنادی، مثلا: آر، آز، آل، آس، آول، اور، اوز، وغیری. سونانسوك ایکی بووندی سوزده‌ر. مثلا: آ ـ را، ـ آ ـ زا، ـ آ ـ سا، آ ـ لا، او ـ را، سا ـ را، ـ سا ـ لا وغیری اونانسوك اوچ بوندی سوزده‌ر مثلا: آ ـ را، لا، آ ـ لا ـ سا، او ـ را ـ نو، او ـ را ـ ما وغیری معلم «آر» دیگه‌ن سوزدی آنق ایتب آیتب، بالالاردان سورایدی:

بول سوزده نیچه دبس؟ اولار نه‌دبس باسدای قای‌ه‌بس؟ آیاغندا قای دبس؟ دیب بالالار آیتالماسا، معلم سوزدی سوزوب آ... ر... دیب آیتادی. سوزوب آیتقانداسوزدك هردبسی آنقتالب بالالار تانرلق بولوب ایسنله‌دی، بالالارنیچه دبس بار ایکانن آیتقاننان کین باسندا نه دبستاردیب سوراو: اوغان دورس جواب بیرگه‌ننه‌ن کین باسندا نه دبس آیاغندا نه دبس؟ دیب سوراو. اوغان دورس جوب بیرگه‌ننه‌ن کین باسقا بر بووندی سوزده‌ن برسوز آلو، مثلا «آز» دیگه‌ن سوزدی بوغاندا «آر». دکیگه‌ن سوز توراسندا آیتلغان‌نك بارن استه‌ب، کیله‌سی بر بووندی سوزده‌ردی آلارغا سیره‌ك، سولای‌بر نیچه سوزدی آلوب دبسدارن آیرتقاننان کین، بالالار بربووندی وزدردك اچنده‌گی دبستاردی آیرودی بله‌دی.

موانسوك ایکی‌بووندی سوزدك اچنده‌گی دستاردی آیرودی اوبره‌تو بول آرادا بالالاردی سوزدك بوونی مین‌تانسترو کیره‌ك اول ارچون‌ایکی بووندی اوچ بووندی سوزده‌ردی آاوب سوزوب آیتو، سووب آیتقاندا، سوز بوون ـ بوونی نان بولنوب ایسنله‌دی سوز اچنده نیچه‌بوون بار ایکنن بلو بالالارغا فیین بولمایدی: مثلا: «آغا»دیگه‌ن سوزدی سوزوب آ... غا... دیب آیتقاندا ایکی‌گه بولنه‌دی؛ «آغالار»دیگه‌ن سوزدی سوزوب آ. غا... لار... ... دیب آیتقاندا اوچکه بولنه‌دی؛ «آغالارغا» دیگه‌ن سوزسوزوب آ... غا... لار..غا دیب آیتقاندا تورتـکه بولنه‌دی. اوسی‌لای برنیچه سوزدی سوزوب آیتوب کورسه‌تکه‌نن کیین ـ بالالاردا هر سوزه‌ی سوزوب آیتب ـ قای سوزدی قانچه بوون بار ایگه‌نن آیرودی بله‌دی، سوزدی بووندا‌ب، بولودی بلـگه‌نن کیین معلم ایکی بووندی، اوچ بووندی سوده‌ردی آلب آووه‌لی هر سوزدی بوون-بونی نان بولدروب هر بووندداغی دبستاردی آیرتقزب سونانسوك توتاس سوزدك اچنده‌قانچا هم‌قاندای‌دبس بارلغن کورسه‌ته‌دی معلم آلادی مثلا: «آرا» دیگه‌ن سوزدی. آنقتاب

айтады да балалардан сұрайды: неше дыбыс бар? деб. Балалар айта алмаса, сөзді буындаб бөлгізеді. Сонан соң бас буында неше дыбыс? дейді. Балалар: бір дыбыс. – Мұғалім: ол не дыбыс? Балалар – «آ» (а). Мұғалім: – соңғы буынында неше дыбыс? Балалар: – екі дыбыс. Мұғалім: – олар не дыбыс? Балалар: – «ر» (р) һәм «آ» (а). Мұғалім: – әуелі қайсысы? Сонан соң қайсысы? Балалар: әуелі «ر» (р), сонан соң «آ» (а). Мұғалім: – олай болғанда «ارا» (ара) деген сөздің ішінде баршасы неше дыбыс һәм қандай дыбыс екен? Балалар: – «ارا» (ара) деген сөздің ішінде үш дыбыс бар: әуелгі дыбыс «آ» (а), сонан соңғы «ر» (р), онан соңғы тағы «آ» (а). Өзге екі буынды, үш буынды, төрт буынды сөздердің дыбыстарын айырту үшін осылай істеу.

Балалар сөзді буындаб бөле білгеннен кейін, сөздің һәр буынындағы дыбыстарды айырыб, тұтас сөздің ішіндегі дыбыстарды білген болған соң, дыбыстарды қосыб сөз айтуды үйрету. Бұл үшін әуелі дыбыстарды емес, сөздің буындарын бөлек-бөлек айтыб, оларды қосқызыб сөз етіб айтқызу, мұғалім балаларға:

«ال» (ал) менен «ما» (ма)-ны қосыңдар не сөз шығар екен дейді. Балалар: – الما (алма) деген сөз болады. Мұғалім: «مار» (мар) менен «قا» (қа)-ны косыңдар! Балалар – «مارقا» (марқа) деген сөз. Мұғалім: قا (қа)-ны һәм «را» (ра)-ны қосыңдар! Балалар: «قارا» (қара) деген сөз. Мұғалім: «ا» (а)-ны һәм «سا» (са)-ны қосыңдар! Балалар: – «اسا» (аса) деген сөз. Мұғалім: «ا» (а)-ны һәм «را» (ра)-ны қосыңдар! Балалар: «ارا» (ара) деген сөз. Мұғалім: «ا» (а)-ны һәм «ر» (р)-ды қосыңдар! Балалар: «ار» (ар) деген сөз. Мұғалім: – «ا» (а)-ны һәм «ز» (з)-ны қосыңдар! Балалар: – «از» (аз) деген сөз. Мұғалім: – «ا» (а)-ны һәм «س» (с)-ны қосыңдар! Балалар – «اس» (ас) деген сөз. Мұғалім: – «ا» (а)-ны һәм «ت» (т)-ны қосыңдар! Балалар: – «ات» (ат) деген сөз. Сөздің ішіндегі дыбыстарды айыра һәм қоса білуге аз болса бір жеті, көб болса екі жеті уақыт керек. Балалар әбден білгенше асығыб харіф көрсетпеске керек. Балалар сөздің буындарын һәм дыбыстарын қосыб үйрен-

آیتادی‌دا بالالاردان سورایدی نیچه‌دبس بار؟ دیب. بالالار آیتالماسا، سوزدی بووندا‌ب بولگز.دی؛ سونانسوك باس بووننداد نیچه دبس؟ دەیدی بالالار: بر دبس ـ معلم: اول نه دبس؟ ـ بالالار «آ» ـ معلم: صوگغی بووننداد نیچه‌دبس؟ - بالالار: ایکی دبس. معلم: اولار نه دبس؟ - بالالار: «ر» ـ معلم: آ... معلم: آولی قایسی؟ سونانسوك قایسی؟ ـ بالالار: آولی: «ر»، سونانسوك «آ»، معلم اولای بولغاندا، آرا، دیگەن سوزدك اچنده بارچاسی نیچه دبس هم‌قاندای دبس ایکەن؟ - بالالار: «آرا» دیگەن سوزدك اچنده اوچ دبس بار: آووەلسگی‌سی «آ» سونانسوگغی «ر» اوزونانسوگغی تاغی «آ». اوزگه ایسکی بووندی، اوچ بووندی، تورت بووندی سوزده‌ردك دبستارن آیرتو اوچون‌ده اوسیلای استەو.

بالالار سوزدی بووندا‌ب بوله بلگەننەن کیین، سوزدك هر بووندا‌غی دبستاردی آیروب، توتاس سوزدك اچنده‌گی دبستاردی بلەن بولغانسوك، دبستاردی قوسوب سوز ایتودی اویره‌تو، بوله اوچون آووالی دبستاردی ایماس. سوزدك بووندارن بوله‌ك آیتب، اولاردی قوسقزوب، سوز ایتب آیتقزو، معلم بالالارغا:

«آل» سینەن «ما» نی قوسگدار؟ نه سوز چقار ایکەن دەیدی ـ

بالالار: «آلما» دیگەن سوز بولادی ـ معلم: «مار» سینەن «فا» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «مارفا» دیگەن سوز ـ معلم: «قا» نی هم «را» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «قارا» دیگەن سوز ـ معلم: «آ» نی هم «سا» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «آسا» دیگەن سوز ـ معلم: «آ» نی هم «را» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «آرا» دیگەن سوز ـ معلم: «آ» نی هم «ر» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «آر» دیگەن سوز ـ معلم: «آ» نی هم «ز» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «آز» دیگەن سوز ـ معلم: «آ» نی هم «س» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «آس» دیگەن سوز ـ معلم: «آ» نی هم «ت» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «آت» دیگەن سوز ـ معلم: «آ» نی هم «ت» نی قوسگدار! ـ

بالالار: «آت» دیگەن سوز، سوزدك اچنده‌گی دبستاردی، آیرا هم قوسا بلوگه آز بولسا بر جیتی، کوب بولسا ایکی جیتی وقت کیره‌ك. بالالار آیدان بلگەنچه آسقب حرف کورساتەسکه کیره‌ك. بالالار سوزدك بووندارن هم دبستارن قوسوب اویره‌

геннен кейін, харіфларды көрсету мұны бұлай етеді. Мұғалім балаларға айтады: біз талай «ا» (а) деген дыбысды айтдық. Ол дыбыс талай сөздің ішінде келеді. Бұл дыбысды айта білесіңдер. Біреу айтса танисыңдар. Бірақ жаза білмейсіңдер. Жазу дегеніміз – дыбысдың таңбасы. Һәр дыбысдың һәр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қараб қай дыбыс екенін танимыз. Мысалы: «ا» (а) деген дыбысдың таңбасы мынау «ا» (а)[1] мұны көрсеңдер «ا» (а) дыбыс екенін танып «ا» (а) деб айтасыңдар. Сонан соң мұны не дейсіңдер деб, бір-бірлеб бірнеше баладан сұрайды. – Балалар «ا» (а) деб айтқаннан кейін, мұғалім балаларға «ا» (а)-ның харіфін жазғызады. Жазғызарда айтады: тайақты жаза білесіңдер, мәдті жаза білесіңдер, тайақты жазып үстіне мәд қойсаңдар, «ا» (а)-ның таңбасы болады. Балалар қайта-қайта бірнеше рет жазғаннан кейін, мұғалім олардың қисық иәки хата жазғанын түзеткеннен кейін «ر» (р)-дың харіфін көрсету. Бұл турасында да «ا» (а) харіфіне айтқанды айтыб, соған істегенді бұған да істейді; Йағни көрсеткеннен кейін оқытады, оқығаннан кейін жазғызады, жазғанда қисық иәки хата жазғандарын түзетеді.

Сонан соң «ا» (а)-ны «ر» (р)-ды балаларға қосып айтқызады. Балалар «ا» (а) һәм «ر» (р)-ды дыбыспен қосуды біледі. Олардың харіфіне қараб қосуға қиналмас. Харіфіне қараб қосуды балалар жатырақ көріб қиналғандай болса, бұл екі дыбысды әуелі харіфларға қарамай қосқызыб, сонан соң харіфларға қараб қосқызу; олай еткенде оңай қосады. «ا» (а)-ны «ر» (р)-дың алдына қойыб қосқызғаннан соң, «ا» (а)-ны «ر» (р)-дың соңынан қойыб да қосқызу. Балалар «ار» (ар) деб те «را» (ра) деб те қосуды білген соң, «ارا» (ара) деген сөзді оқуға қосу. Бұл үшін әуелі «را» (ра)-ны балаларға айтқызады, сонан соң «ا» (а)-ны «را» (ра)-ның алдына қойыб айтқызады, балалар бірден қоса алмаса, «ا» (а)-ны созыб айтқызыб, үзбей барыб «را» (ра)-ны айтқызса, қосылыб айтылыб кетеді. Балалар бұрын екі буынды сөздердің буындарын қоса білетін, сондықтан бұл сөздің де екі буынын қосыб «ارا» (ара) деген сөз етіб айту

[1] Тақтаға жазады, иә баспа ірі харіптерін алып иәки мұғалім өзі үлкен етіп жазған әріптерінен «әліпті» (а)-ны алып көрсетеді.

نگەننەن کین، حرفلاردی کورسەتو، مونی بولای ایتەدی. معلم بالا لارغا آیتادی: بز تالای «آ» دیگەن دیسدی آیتدق؛ اول دیس تالای سوزدڭ اچنده کیلەدی. بول دیسدی آیتا بلەسندەر؛ برەو آیتسا تانیسندار؛ براق جازا بلمەیسندەر. چارو دیگه نمز دیسدڭ تاڭباسی. هر دیسدڭ هر ایلدڭ تاڭباسندای تاڭباسی بولادی. تاڭباسنا. قاراپ، قای دیسن ایکەنن تانیمز. مثلا: «آ» دیگەن دیسدڭ تاڭباسی مناو (۱) «آ» مونی کورساڭدار «آ» دیس ایکەتن تانب «آ» دیب آیتاسندار سونانسوڭ مونی نه دەیسندەر دیب بر - بر برلەب بر نیچه بالادان سورایدی. بالالار «آ» دیب آیتقانان کیین. معلم بالالارغا «آ»نڭ حرفن جازغرادی. جازغرارەا آیتادی: تایاقنی جازا بلەسندەر، مدنی چارا بلەسندەر. تایاقتی جازوب اوستنه مد قویساڭدار، «آ»نڭ تاڭباسی بولادی. بالالار قایتا قایتا برنیچه رەت جازغانان کیین معلم اولاردڭ قیسق یاکەخطا جازغانن توزەتکەننەن کیین «ر» دڭ حرفن کورسەتو. بول تووراسندا دا «آ» حرفنا آیتقاندی آیتب، سوغان استەگەندی بوغاندا استەیدی؛ یعنی کورسەتکننەن کیین اوقوتادی، اوقوغاندان کیین جازغرادی، جازغاند قیسق یاکەخطا جازغاندارن توزەتەوی.

سونان سوڭ «آ» نی «ر» دی بالالارغا قوسوب آیتقزادی بالالار «آ» هم «ر» دی دیس بین توسودی بلەدی. اولاردڭ حرفنا قاراپ قوسوغا قینالماس. حرفنا قاراپ قوسودی بالالار جاقراق کوروب قینلفاندای بولسا، بو ایکی دیسمی اولی حرفلارغا قارامای قوسقزوب، سونانسوڭ حرفلارغا قاراپ قوسقزو؛ اولای ایتکەنده اوڭای قوسادی «آ» نی «ر» دڭ آلدنا قویوب قوسقزغانانسوڭ، «آ» نی «ر» دڭ سوڭنان قویبدا قوسقزو. بالالار «آر» دیبده «راه» دیبده قوسودی بلگەنسوڭ «آرا» دیگەن سوزدی اوقوغا توسو. بول اوچون آڤۆملی «را» نی بالالارغه آیتقزادی سونانسوڭ «آ» نی «را» نڭ آلدنا قویوب آیتقزادی، بالالار بردەن قوسالماسا، «آ» نی سوزوب آیتقزوب، اوزبەی باروب، «را» نی آیتقزسا قوسلوب آیتلب کیتەدی. بالالار بورون ایکی بووندی سوزدەردڭ بووندارن قوسابلەتن، سوندقدان بول سوزدڭده ایکی بوونن قوسوب «ارا» دیگەن سوز ایقب آیتو

(۱) تاڭتاغا جازادی با باسبا آری حرفدان آلب با که معلم اوزی اولکەن ایتب جازغان حرفلارنڭ «آ» نی آلب کورسەتەدی.

оларға қиын болмас. Мұнан соң «ر» (р)-дың жазуын көрсетіб, балаларға жазғызады. Бұрынғы чана – бас деб талай жазған нәрсесі болған себеблі, мұны жазуға балаларға hеш қиындық болмайды. «ر» (р) бірнеше рет жазғаннан кейін, балалар «ارا» (ара) деб қайта-қайта дәфтердің бір беті толғанша жазады. Осымен харіф оқудың -١нші сабағы тәмам болады.

Келесі бір күні балалардың жазғанын оқытқызыб, онан соң алфабадағы басбасын оқытқызыб, екінші сабаққа түсу. Екінші сабақтағы харіф «ز» (з). Бұл харіфті көрсетуден бұрын мұғалім ішінде «ز» (з) келетін бірнеше қысқа сөздерді айтыб, балаларға қандай дыбыстар барын айыртқызады. Сонан соң «ز» (з) деген дыбысдың харіфі мынау деб көрсетеді hәм жазғанда қалай жазылады, оны да көрсетіб, «از» (аз), «ازا» (аза), «زار» (зар), «ازار» (азар) деген сөздерді кесбе алфбаменен иә болмаса тақтайға жазыб, ең болмаса алфбадағы басбаларын оқытады. Бірден қосыб оқи алмаған жерлерде сөздерді буындаб бөліб қосқызады. Мұнан арғы сабақтардағы харіфларды үйрету жолы hәм реті осылай болады. Йағни hәр жаңа харіф үшін әуелі сол жаңа харіф ішінде келетін қысқа-қысқа сөздерді айтыб, дыбысын айырту. Екінші – үйрететін дыбысдың хәріфін кесбе алфбадан алыб иәки тақтайға жазыб көрсету; үшінші – ішінде сол харіф бар сөздерді оқыту, жазғызу; төртінші – жазғандағы хаталарын балалардың көзінше түзету.

А.Б.

اولارغا قیین بولماس. مونانسوك «ر» دك جزوون کورسه‌تب، بالالارغا جازغزادی. بورونغی چانا-باس دیب تالای جازغان نرسه‌سی بولغان سببلی، «ونی جازوغا بالالارغا هیچ قیینلق بولمایدی. «ر» برنیچه رەت جازغاننان کییین، بالالار «آرا» دیب قایتا-قایتا دفتردك بربیتی تولغانچا جازادی. اوسی مین حرف اوقونك ١ نچی سبتی تمام بولادی.

کیله‌سی کونی بالالاردك جازغانن اوقتقزوب، اونانسوك آلفاباداغی باسباسن اوقوتقزوب، ایکنچی سبققا توسو. ایکنچی سبقداغی حرف «ز». بول حرفدی کورسه‌تودەن بورون، معلم اچنده «ز» کیله‌تن برنیچه قسقا سوزده‌ردی آیتب، بالالارغا قائدای دیستار بارن آیرتقزادی. سونانسوك «ز» دیگەن دیسدك حرفی مناو دیب کورسه‌تەدی هم جازغاندا قالای جازلادی، اونی‌دا کورسه‌تب، «آر» «آزا» «زار» «آزار». دیگەن سوزده‌ردی کیسبه آلفبا مینەن، یا بولماسا تاقتایغا جازوب، ایك بولماسا، آلفباداغی باسبالارن اوقوتادی. برەەن توسوب اوقی آلماغان خبرله‌رده، سوزده‌ردی، بووندا‌ب بولوب قوسقزادی. مونان آرغی سبقدارداغی حرفلاردی اویره‌تو جولی هم رەتی اوسیلای بولادی، یعنی: هرجاگا حرف اوچون آڤوەلی سول جاگا حرف اچنده‌کیله‌تن قسقا-قسقا سوزده‌ردی آیتب دیسن آیرتو؛ ایکنچی-اویره‌تەتن دیسدك حرفن کیسبه الفبادان آلوب، یاکه تاقتایغا جازوب کورسه‌تو: اوچونچی - سول حرف اچنده بار سوزده‌ردی اوقتو، جازغزو؛ تورتنچی-جازغانداغی خطالارن بالالاردك کورنچه توزه‌تو.

آ.ب.

3–7072

قازاقستان وقىژ كەمەسەر يەتى.

بايتۇرسىن ۇلى اقمەت.

ساۋات اشقىش

دىبىس ءادىس جولى مەن
تارتىبتەلگەن قازاقشا ءالىپبي.

ساۋاتسىز ۇلكەندەر ءۇشىن 1-كىتاب

سەمەيدىڭ گۋبىرنەلىك باسپاسى «گۋبىزدات»تىڭ باسپاقاناسى.
1926-جىل.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

САУАТ АШҚЫШ

1. з ز, 2. р ر, 3. а ا

зар	(з) ز	(р) ر	(а) ا	(а) ا
	(а) ا	(а) ا	(з) ز	(р) ر
а-зар	а-за	а-ра	(аз)	ар

Ар, ара, аз, аза, араз, азар, зар.

4. л ل

зар	ар	алар
зарла	арла	ара
зарлар	арлар	арал

(а) ا	(а) ا
ла	(л) ل
ала	ал

Ал, ала, алар, ара, арал, арла, арлар, аз, аза, азар, зар, зарла, зарлар.

5. с س

рас	сас	сал	ас
сара	сасар	сала	аса
арлас	саз	салар	асар

Саз, аз, ас, асар, алса, алар, салса, сапар, азса, азар.

6. т ت

сатар	тас	таза	ат
артар	татар	тар	ата
тартар	сат	тара	таз

Ат сат. Тал тарт. Ас асат. Ала ат. Тас таза. Арал тар. Татар ат сатар. Сарт алар.

7. о و

тор	ор	сорар	олар
зорла	торла	от	зор
сор	ол	торлар	отар

Ат озар. Тор тозар. Орта толар. Олар артар. Ол тартар. Ораз осал. Орал озар.

8. н ن

сона	сан	тана	он
оннан	сана	нан	тон
тоннан	санар	нар	ана

Нан аз. Нар зор. Атан арзан. Он тана. Ат азар. Тон тозар. Асан атар. Атаннан нар зор. Асаннан Осан озар.

9. қ ق

қолқа	сақал	тақа	ақ
қалқа	қатар	сақ	оқ
қалқан	қол	сақа	бақ

Қар ақ. Қарт сақ. Қазан қара. Қазақ тоқ. Қос аласа. Қонақ қонар. Ақ, қара аралас. Қазақ, татар қаралас. Асан, Оқас қостас.

10. б ب

азбар	бор	бала	об
қан	боран	саб	обал
қанбас	табан	сабан	бал

Ат албар. Нар бота. Болат балта. Нан қалта. Қар борар. Боран болар. Боқан бақан алар. Қоқал сабан салар.

11. ы ى

ырыс	сырық	қаны	ары
қын	ық	алты	арық
қыны	ыс	салты	азық

От бар. Орын тар. Азық арзан. Сарық арық. Алты асық. Қырық қыз. Отыз балық. Он сырық. Бала борық тартар. Қатын қап тоқыр.

12. у ۋ

табу	тау	тау	ау
тану	қауын	тауық	ауа
сауу	салу	ару	ауар

Ақ отау. Асқар тау. Асау атан. Сары қауын. Саулық сауын. Балау ас. Тау тарау. Ауыл алыс. Балық аулау. Орақ ору. Ауру ат. Тал сабау.

13. ұ ۇ

құлан	бұқ	тұр	ұр
құуан	бұқа	тұра	ұра
құуат	бұу	тұу	ұл

Бұзық бұзар. Құлын тулар. Құнан құла. Қулықсұр. Құрақ ку. Отын су. Тура тұр. Тура бұр. Құр атқа құрық сал.

14. ж ج

баж	жол	жұл	жат
таж	жұлқы	жота	жанар
олжа	жұлқу	жоса	жатақ

От жанар. Жол тар. Ат жатар. Жоса қызыл. Жұлын ұзын. Қар жұқа. Жар жақын. Қанжар қару. Жатқан жатақ. Жатақ атақ. Ұрыс жанжал.

15. ш ش

шортан	қаш	шала	аш
шолақ	қашу	шақ	ашар
шошақ	қашан	шақша	шал

Ашу бас. Шашу шаш. Шолақ шаш. Жолақ алаша. Шал шаршар. Шабан ат. Қара шана. Құлаш арқан. Құшақ отын.

16. м م

алма	мол	шам	там
алмас	мола	шама	тамақ
танымас	молалы	шамалы	тамшы

Мал аман. Мас жаман. Тамшы тамар. Малта ашшы. Су тұшшы. Алтын салмақты. Мамық жұмсақ. Сырмақ қатты. Жалшы мал табар. Балық қармақ қабар.

17. ғ ع

жалғыз	алғыр	ағын	аға
қалған	шалғыр	шағал	ағаш
жалған	тарғыл	сағым	шағым

Ат тағалат. Тағалы ат. Жорға ат. Жорға жорғалат. Шаған ағаш. Сағым бу. Алғыр тазы. Ағын су. Омар жазғыш. Мұрат сызғыш.

18. д د

барды	жылдам	адыр	адам
балдақ	алды	адым	адал
сандық	қалды	дұға	адас

Адыр адам. Дабыл жол. Жылдам жазу. Омарға Оқас жолдас. Алдында ат, артында арба. Адалдық арлы адамнан табылады. Бұзық басы бұурылдан.

19. п پ

ақпан	топыр	арпа	апа
балапан	пұл	пара	апан
Оспан	пылан	доп	опала

Аспан ашық. Қора батпақ. Аққу аппақ. Шапан шапшақ. Жас жапырақ. Қара топырақ. Арпа астық. Сорпа тамақ. Ақпанда суық болады.

20. ң ڭ

шаңдақ	соңғы	оң	аң
мұңды	шаң	оңды	таң
мұңдас	шаңы	соңы	таңда

Қасқыр аң. Дала шаң. Бала тоңды. Мата оңды. Ат маңка. Асық оңқа. Шапан жаңа. Нар шаңдақта жатыр. Таңдаған тазға жолығар. Оның аты – Оңғар. Мұның аты – Мыңжасар

21. й ي

қый	бой	тайар	ай
қисық	боя	ой	аяз
қыйын	бойы	ойла	тай

Ай жарық. Бай сараң. Майы жаман, шайы сұйық. Қойшысы жалаңаш. Сай сайға құйады, бай байға құйады. Айудан қорыққан ағашқа бармас.

22. ә, 23. і, 24. ү, 25. ұ ا ء [1]

ән	ыс	ұр	ор
әнім	іс	үр	өр
әнің	ысымыз	ұн	он
әні	ісіміз	үн	өн
сән	тыс	тұз	ол
сәнім	тіс	түз	өл
сәнің	ысы	тұз	от
сәніміз	ісі	түс	өт
сәніңіз	тысы	сүт	тоз
мән	тісі	сүті	төз

26. е ه

әуе	мен	зер	ел
әуре	мені	жер	ер
терең	менің	тер	ез

Дем ал, Дорбаға жем сал. Жерде қар жұқа. Терезе терлеп тұр. Сен оқыдың, мен тыңдадым. Үш жерде бес – он бес.

27. к ك

керек	кем	кел	ек
күрке	кілем	кет	бек
ерке	күлкі	төк	бекіл

[6] «ً» дәйекші деп аталады. Алдында дәйекші тұрған сөз жіңішке оқылады.

Күн шықты. Тұман сейілді. Ат керілді. Келіншек тезек тереді. Серке секіреді. Киік орғыйды. Теке қарғыйды. Кеме жүзеді. Кесірткі жорғалайды. Күйкентай ұшады.

28. г گ

жік	жек	ек	көк
жігі	жегін	егін	көгі
жігер	жегу	шеге	түк
жүген	егеу	шеген	түгі

Көп жасаған білмес, көп көрген білер. Түбі бірге түтпейді. Ексең егін, ішерсің тегін. Бүлінген елден бүлдірге алма. Жүрген айаққа жөргем ілінеді. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Төсегіңе қарап айағыңды көсіл.

Қазақ тіліндегі дыбыстар және олардың қаріптары (таңбалары):

(а) ا, (б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ғ) ع, (қ) ق, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (о) و, (у) ۇ, (ұ) ۋ, (е) ە, (ы) ى, (й) ي және жіңішкеліктің белгісі «ء» (дәйекші).

Дауысты дыбыстардың таңбалары:

(а) ا, (о) و, (ұ) ۋ, (е) ە, (ы) ى

Дауыссыз дыбыстардың таңбалары:

(б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ш) ش, (ғ) ع, (к) ك, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (у) ۇ, (й) ي

Қазақ тұтынбағанмен, басқа түріктердің тұтынуынан шықпаған араб әліппесінің қаріптері:

[2] چ ج غ ۋ

(h) ھ шаршағанда шығатын дауыстың айақ үні.

[2] Араб әріптерінің бірқатар таңбаларын жоқ болғандықтан бере алмадық.

1. ТОРАЙҒЫР БИДІҢ ТАҚПАҚТАРЫ

Барлы, барлы, барлы тау,
Басы есеннің дені сау.
Ұйықтамаса, қабақ жау,
Ішпей жүрсе, тамақ жау.

Арық атқа қамшы жау.
Жыртық үйге тамшы жау.
Ұрысқақ болса, ұлың жау.
Керіскек болса, келін жау.
Қашаған болса, атың жау.
Қарыспа болса, қатын жау,
Тебеген болса, биең жау.
Сүйкеншек болса, түйең жау,
Түйең менен биеңді,
Алып кетсе, жиен жау.
Ұл он беске келгенше
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың.
Көкпектен өліп қалмаса,
Жасында күйеу алмаса,
Көрінгенмен ойнаса,
Бәрінен үлкен қызың жау.

(Шорман жиғанынан)

2. АЛШЫН ҚАРАЖІГІТ БИ

Алшын Қаражігіт би бала күнінде бір ауылға келсе, сол ауылда Төле би мен Едіге бір үлкен дау бітіру жұмысында жатыр екен. Қаражігіт босағадан орын алып, сөйлескен сөздерін тыңдап отырып, ұнатпай:

«Асқар тау, сенде бір мін бар –
Асу неге бермейсің?
Қара су, сенде бір мін бар –
Өткел неге бермейсің?
Билер, сізде бір мін бар –
Елге тізгін бермейсіз», –

депті де, үйден шығып жүре беріпті. Билер қайтарып, кім боласың деп жөнін сұрағанда, Қаражігіт айтады:

«Шешем қара күң,
Әкем қараңғы түн.
Пышағым бар жетесіз,
Шешем бар некесіз.
Өзім туған бір ұлмын,
Тегімді сұрап не етесіз?».

Билер төрге отырғызып, дау билігін Қаражігітке беріпті. Қара жігіт: «Тұлпардың өзі бітпес, тұйағы кетпес» деген бұрынғының жолы бар, көптен келе жатқан, тозған мал екен, жүз жылқының тұйағы жүз тай болсын», – депті. Екі жағы ырза болып тарапты.

(Шорман жиғанынан)

3. АТАҚОЗЫ БИ

Қазақтың бір қанының заманында, елде бір Атақозы деген би болған. Ол би сөзге ұста, шешен кісі болған. Бірақ бұл қан оның сөзін елең қыла қойма-

са керек. Бір күні қан жолдастарымен сейілге шығып келе жатса, бір бүйірден бір жалғыз адам келе жатқанын көріп, қан жанындағы жолдастарынан мына келе жатқан кім екен деп сұраса, жанындағы жолдастары бұл белгілі Атақозы ғой депті. Сүйткенше болмай, Атақозы келіп қалады. Қанмен амандасып болғаннан соң, қан тұрып Атақозыға: «Апырай, сіз қалай арықсыз?» – деп сұраған. Сонда Атақозы қанға айтқаны: «Тақсыр қан, мен қалай семіз болайын. Өленді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді, қаралысында қатын семіреді, қайғысыз қан семіреді. Қазақтың жылқысын калмақ алады деп, бір түнде тоғыз ойанып, тоқсан ойланамын. Сүйтіп жүріп мен қалай семірейін», – деген.

Сонда қан жанындағыларына бұл мұндай кісі екенін маған бұрынырақ неге айтпадыңыздар деп, не айтарын біле алмай, сасып қалған дейді.

4. АЛДАР КӨСЕ

Алдар көсе мен шайтан бірлесіп бидай егеді. Егін піскен соң орып, бастырып, бидайын бір бөлек, саламын бір бөлек қойыпты да, шайтанға көрсетіп айтыпты:«Көбін аласың ба? Азын аласың ба?» – деп, шайтан: «Көбін аламын!» – депті.Көбі мынау деп, саламды шайтанға беріп, бидай біткенді өзі алыпты.

* * *

Бір күні Алдар көсе мен шайтан екеуі түлкі қуып соғып алып, қай жасы үлкеніміз алайық дейді.

Алдар көсе шайтанға: «Кәні, сен нешедесің? Жасыңды айт», – дейді. Шайтан: «Мен туғанда көк табақтай ғана, жер кеседей ғана еді», – дейді. Алдар

көсе еңіреп қойа береді. Шайтан: «Неге жылайсың?» – дейді. «Менің үлкен балам нақ сол жылы туып еді, құрдас екен-ау деп жылап тұрмын», – депті. Сүйтіп, Алдар көсе үлкен шығып, түлкіні алады.

5. ҚОЖАНАСЫР

Қожанасыр жарлы болған адам. Бір күні жайау кіре тасып, кәсіп қылып, тамақ асырамақ болған. Базарға келіп, жайау кірешілердің жанында тұрғанда, бір сандық кесе, шыныайақ, тас табақ сиақты шетін нәрселерді алып баруға жалданбақшы болады. Нәрсе иесі айтады: «Алып бару ақыңа мен саған үш ауыз мағаналы, қасиетті сөз үйретемін», – дейді. Ақша басқалардан да табылады ғой, мұның қасиетті, зор мағаналы сөздерін естіп қалайын деген оймен Қожанасыр жарайды дейді.

Сандықты көтеріп иесіне еріп келе жатып, біраз жер жүрген соң: «Кәні, қасиетті мағаналы сөздеріңізді айтсаңыз екен», – дейді. Жалдаушы айтады: «Бірінші сөз мынау: егерде біреу аштық тоқтықтан жақсы десе, еш уақытта нанбағайсың!». «Жақсы, бұл бек мағаналы сөз екен», – дейді Қожанасыр.

Тағы біраз жүрген соң: «Енді екінші сөзіңді айтсаң екен», – дейді. Жалдаушы айтады: «Екінші сөз мынау: аттыдан жайау жүру жанға тыныш десе, еш уақытта нанбағайсың», – дейді. «Бұда зор мағаналы сөз екен», – дейді Қожанасыр.

Үйдің жанына келіп қақпаға кірердің алдында тұрып: «Енді үшінші сөзіңді айтсаң екен», – дейді. «Үшінші сөзім: егерде жайау кірешінің сенен де ақылсызырағы бар деуші болса, асылан нанбағайсың», – дейді.

Қожанасыр төбесіндегі сандықты жерге алып ұрып: «Егерде біреу бұ сандықтың ішінде сынбай қалған нәрсе бар десе, ешуақытта сен де нанбағайсың», – дейді.

6. МҮҢКЕ БИ

Шекті ұлы Мүңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген екен дейді.

Бір судың бойына бір бай аулы келіп қонады. Су бойында бір топ бала ойнап жүрсе, балаларды келіп ауыл иесі ақсақал қуалайды. Байдың астындағы асаулау байтал екен, балалардың біреуі атын үркітіп қалғанда, байдың бөркі басынан ұшып, байталдың алдына түскен кезде, байтал тулап, бай жығылып, жан тапсырады.

Байдың елі балалардан құн алмақ болып жиылады. Үш күн, төрт күн жатады, бітісе алмайды; бес күн, алты күн жатады, бітімге келе алмайды. Сүйтіп дағдарып тұрған уақытта бір тайға мінген жеті жасар бала келеді. Бала қарап тұрады да, бұ жұмыстың билігін маған берсеңіздер, мен бітірейін дейді. Бала бір айтады, екі айтады, оның сөзіне баласынып ешкім құлақ аспайды. Ақырында ақсақалдар дағдарып: «Осы қой асығы демеңіз, қолыңа жақса сақадай, жасы кіші демеңіз, ақылы жақса атадай» деген қайда? Манағы бала кім баласы екен? Тауып әкеліндерші», – деп іздетіпті. Сұрастырып баланы тауып әкеледі. Баланың аты Мүңке деген, бала келіп айтады: «Билікті маған берсеңіздер, менің айтатын билігім мынау дейді: «Ердің құны жүз жылқы, бұл істе тентек төртеу, әуелі ойнап жүрген бала тентек, екінші, оны қуған бай тен-

тек, үшінші үріккен байтал тентек, төртінші, бастан ұшқан бөрік тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөлу керек», – дейді.

Сонда жүз жылқының үш бөлімі байдың өзіне түсіп, бір бөлігін ғана бала жағы төлейді. Жұрт бала билігіне ырза болады. Сол бала үш жүзге белгілі Мүңке би атанып, аты аспанға шығады.

7. ҮШ МЕРГЕН

Үш мерген құс атуға шығып, күні бойы жүріп, жалғыз шүрегей атып алады. Елге қайтпай екінші күні тағы құс атпақ болып, көлдің басына түнемек болады. От жағып, шәйнекті отқа қойып отырып, үшеуі шүрегейді қайтеміз деген сөзге түседі. Бұл үйрек үшеумізді тойғызбайды. Біреуіміз жеу жөн болмайды. Мұны қалай етеміз дейді.

Бұлардың біреуі қу жігіт екен, ол айтады: «Мұны қалай ету ақылын мен айтайын. Үйректі пісірейік, орап қойайық та, жатайық, ұйықтайық. Кім жақсы түс көрсе, сол жесін үйректі», – дейді. Дұрыс деп, осы ақылды ұнатады да, үшеуі шай ішіп, үйректі пісіріп, орап қойып, ұйықтауға жатады.

Екі жолдасы ұйқыға кете бергенде-ақ, қу жігіт тұрады да, үйректі жеп, орнын үйрек ораған сиақты қылып, жауып қойады.

Ертең жолдастары ойанған соң, қу сұрайды: «Қаны, жолдастар, не түс көрдіңдер?» – деп.

Біреуі айтады: «Мен ақ боз ат мініп, алтын таж киіп, патша болып жүр екенмін», – дейді. Екіншісі айтады: «Мен жұмаққа кіріп, қор қыздарын құшып, кәусар суын ішіп, рақатта жүр екенмін», – дейді.

Сонда қу айтады: «Бірің «патша болған соң, бірің жұмаққа кірген соң, отқа пісірген үйректі жей қоймас деп, мен жеп қойдым», – дейді.

(Алтынсары ұлының кітабынан)

8. ҚУЛЫҚ

Алтай Айман деген қу жігіт жолдастарымен қыс кезінде қала шығып келе жатып, адамы өлген бір ауылға келеді. Ол ауыл молдасы жоқ ауыл екен. Өлікке иман айтуға ешкім табылмаған. Келген қалашылардан араларында молдаларың жоқ па деп сұраған соң, Айман: «Бар, мен молда едім», – дейді. Өлігі бар үйдің адамы: «Олай болса, жүріңіз, өлікке иман айтыңыз, иман білмеген соң, өлерде айта алмап едік»,– дейді. Айман: «Аты кім еді? – деп сұрайды. «Аты Қазаңқап еді», – дейді үй иесі.

Айман түк оқу білмейтін, Құраннан құлағына тиетін сөздерді ғана айта алатын адам, иман айт деген соң естіген сөздерін теріп иман айтқан болады.

«Ағуз билла минашшайтан ражим ан илла қазиғұл қап, қалимат, шайбат, иллаha, илалайын», – дегенде үй иесі: «Ардағыңнан айналайын, Алтай бабамның баласы-ай! Манадан бері білмей отырған сөздеріміз тап осы еді», – деп жылап жібереді.

Иман айтып болған соң, жаназасын да шығар деп өтініп, шариғат пидиасына не қосады екен деп үй иесі сұрайды. Айманның алдымен ойлайтыны жол азығы – бір ту қой, бір қағаз шай, бір шана шөп, онан кемді шариғат қоспайды дейді. Үй иесі Айманның айтқанын істейді.

4–7072

Жаназа намазын оқып тұрып, Айман құлақ қағып дауыстап: «Мал тараку, жан тараку, иман тараку, бір қадақ шай, бір қой тараку» дегенде артында тұрған жолдасы да өзіндей молда болса керек, Айман ұмытып тұрған шығар деген оймен есіне салайын деп сыбырлап: «Тұржағуны бар еді ғой», – дейді. Айман: «Жаның шығып бара ма? Жаңа келді таржағуны, – деп екі жағына сәлем береді де, – апарып көміңдер» деп, жүре береді.

(Шорман жиғанынан)

9. ДАУКЕСТЕР СӨЗІ

Алтай Нау деген кісі «битін жоқтап құн сұрайтын» өте даукес болған. Нау біреуден ешкі даулап, Ақмырза биге жүгініске барыпты. Ақмырза би сұрағанда Наудың ешкісін сипаттағаны:

Саусам бұлақ еді,
Іші толған ылақ еді,
Терісі бұтқа қап еді,
Мүйізі пышаққа сап еді,
Тоқты қарын майы бар еді,
Тоқсан шақпақ құрты бар еді, – депті.

Ақмырза осының билігін өзің айтшы дегенде, Наудың айтқан билігі.

«Бидің билігіне бір ат, ешкінің мойнына қосақ, соңына тіркеу, төрешіге түк жоқ», – деген. Ақмырза: «Ал, бірақ Нау құрымай, дау құрымас, өмірің даумен өтер», – деген.

* * *

Нау жолаушылап бір жақтан келе жатса, өзеннің ар жағынан біреу: «Насыбайың бар ма? Мұрным қаңсып өліп барамын», – дейді. Нау: «Бар», – дейді.

Анау ар жақта тұрып: «Насыбайың болса, атшы», – дейді.

Нау шақшасын суырып алып, ердің қасына қағып-қағып, аузына салып жібергенде, ар жақтағы атынан мұрттай ұшып, құлап қалады. Біраздан соң тұрып, атын жалдап келіп, Наудан насыбай атады.

Насыбай атып тұрып, тамыр болайық, шақшаңды бер, шақшаның қолқасына мен де жарармын дейді. Нау шақшасын беріп, аты-жөнін сұрап, біліп алып, жүріп кетеді.

Бір жыл өткен соң, шақшасының қолқасын алуға, Нау тамырын іздеп барады. Шақшаны алған кісі тұтамдай сиыр мүйізіне не алмақшы болып келдің деп, Науға сөз бермейді. Қадалған жерінен қан алмай, айрылмайтын Нау жабысып айырыла қойа ма? Екеуі дауласып Бағаналы Барлыбай биге жүгініске барады. Наудың даукес бәле екенін білгеннен кейін, Шақша алған кісі Наудан бұрын барып бидің аузын алып қойады.

Би екеуінің басын қосып отырып, Науға айтады: «Е, Нау, сонша жерден ат қинап іздеп келіп, жүгініске түскендей, қу мүйізіңде не қасиет бар еді?» – дейді.

Нау: «Уай, несін айтамыз. Шақшам жақсы еді: тау текенің мүйізінен істеген тақысы еді. Қырық қой, төрт ат істеген кісінің ақысы еді, сексен маржан көзі бар еді, тоқсан қой, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді. Берген ақыны азсынып, тау жайлаймын деп, бар шамды алды. Ой қыстаймын деп, шотымды алды, қыр қыстаймын деп, балтамды алды, қалауың деп, бөрте атымды алды; жау шапты деп, төрт атымды алды, қайқы келген қара атымды алды, тілік құлақ сары атымды алды, сары аттың енесі кішкентай ғана бием еді, әкесі тұлпарға жиен еді», – дейді.

Шақша алған кісі Наудың сөзінен қысылып, сасқалақтап, не айтарын біле алмай:

«Қыстың қатты боларын ылақ білер,
Күннің суық боларын құлақ білер.
Берген нәрсең тұтамдай сиыр мүйізі,
Төрелігін Барлыекең өзі-ақ білер», – дейді.

Сонда Нау тұрып:

«Қыстың қатты боларын тоқты білер,
Қарақойын[3] жайылымы қоқты келер.
Пара беріп қоймасаң Барлыекеңе,
Айтпаған сөз мәнісін боқты білер», – дейді.

Барлыбай би алғанымды біліп қойған ба екен деп қысылып, «төрешіден қалмайды, айтушыдан қалады», көп сөйлемей Наудың ақысын бер деп, шақша алғанға ақырыпты. Науды ертіп апарып, қасқа тоғыз беріп, ырзаласыпты.

(Шорман жинағынан)

10. КӨСЕМ БАЛА

Қалмақ пен қазақтың соғысып жүретін заманында,бір соғыста қалмақ казақты жеңіп, қазақтардың жылқыларын алып кеткен. Қалмақтар жылқыны алып барған соң, артынан қазақтар кісі жіберген, ол жіберген кісіге қалмақтың қаны айтқан: «Қазақ сендерден үш ауыз сөз сұрайын, сол сұраған сөзіме жауап тауып берсеңдер, жылқыларыңды қайтарамын», – деген. Сол сөзді жіберген кісі еліне айтып келген. Қазақтан баратын адам шыға алмаған, егер барған адам жауап бере алмаса, қалмақтың қаны басын алатын болған соң.

[3] Қарақойын – Нау қыстауының аты.

Қалық жиылып бір адам да бара алмай, сасып тұрғанда, бір жас бала келіп, қалмаққа жауап беруге мен барамын деген. Бір адам табылмай тұрған қазақ қалқыбалаға, барсаң бар десіп қаулы қылысып, жібермекші болған. Сонда бала айтқан: «Маған бір түйе, бір ешкінің текесін әкеліп беріңдер», – деп. Қалық сұрағанын тауып берген.

Сол нәрсе мен құралды сайлап алып, жалғыз өзі жүріп кеткен, жолда келе жатып бір аз қалыққа жолығып, менің жолымда кімдер бар деп сұраған, калық балаға баратын жолында бір білгіш данышпан адам бар, соған, соға кет деген. Бала жолда кез болып, Данышпанның үйіне келіп, сырттан сөйлес қылып тұрған. Данышпан: «Балам, түс. Тапсам қонақ асыңа бір қой, таппасам екі қой сойып беремін», – деп үйіне қондырып, баланы тамаққа тойдырып, жақсылап жайлап жатқызады. Ертеңіне баланы жөнелттірерінде, бала данышпаннан сұраған: Мен қалмаққа жауап беремін деп бара жатсам да, сіздің кешегі бір сөздеріңізге түсіне алмадым деп, сонда данышпан айтқан: «Сізге тапсам бір қой сойамын дегенім: бойдақ қойым иә қысыр қойым болса, соны сойармын деп едім, егер таппасам, екі қой сойармын дегенім: буаз қой сойармын дегенім еді. Сол уақытта маған жолдас боларлық адам екен деп, қалмаққа бірге ертіп алып кеткен. Жолда бірнеше күн жүріп, қалмақтың шәріне жақындап келіп, кірейін деп келе жатса, қалмақтың шәріне кіретін жолына абайға қойған көп иті бар екен. Бұларға қарсыласып жібермеген соң, бәрін де бала атып, қырып тастап, кіріп келе жатса, иттің бәрін қырып біреу келеді деп қанға қабар барған. Қан шақырып көрсе, жауап бере келген қазақ баласы екенін

көрген. «Сен баласың, еліннің үлкені қайда?» – деген. Бала: үлкен десең, түйе әкелдім деген. Қан: ақсақалыңды айтамын деген. Бала, ақсақал десең, ешкінің текесін әкелдім, сақалы бір кез деген. Қан, жоқ, олай сөйлеме, адамдарыңды айтамын деген. Бала, адам десең, өзім келдім деген. Қан: тіліңді тәңір кессін деп, жауаптан тоқталып, сөзін қойған.

11. ӘДІЛ БИ

Бір адам далада жол жағалап келе жатса, жайылып жүрген бір топ түйеге ұшырайды. Бұл адам өзіне жол ашпақ үшін қолындағы тайағын түйелерге лақтырып жібереді. Тайағы құрғыр ұшып барып бір түйенің көзін шығарады. Түйеші түйенің құнын даулайды. Бұл бәледен құтылайын деп түйенің көзін шығарған адам тұра қашыпты. Бір биік жардың кенерінен секіріп түскен екен, салмағымен көлеңкелеп жар астында жатқан бір бишара қартты басып өлтіреді. Мұны сол маңда жүрген қарттың баласы көріп қалады.

Жолаушы қашады, мұны қарттың баласы түйешімен қуып келеді. Сорлы қашқын бір дарианың жиегіне келіп жетсе, қайықшыға ұшырайды, сасқанынан қайықшыға: «Мені дарианың ар жағына шығарып сал, бір ширек ет берейін», – дейді. Қайықшы қашқынды өткізеді. Ал енді қашқынның қайықшыға беруге еті жоқ. Не қыларын білмей, дағдарады. Қайықшы қашқынды жағасынан алып жібермейді. Сүйтіп тұрғанда кейінгі екі даугер келіп жетеді. Даугер енді үшеу болады: біреуі түйенің көзін, екіншісі атасының құнын, үшіншісі қайық пұлын сұрайды. Қашқын не қыларын білмейді.

Қайықшы қашқынға айтады: – Егер төлеуге етің болмаса, айағыңның балтыр етін кесіп бер, – дейді.

Бұлар қанша дауласса да, келісе алмай, ақырында сол маңдағы бір данышпан биге барып жүгініседі.

Би түйешіге айтады:

– Әй, балам, бір түйені мен анадай жерге тұрғызайын, сен қолыңа тайақ алып, сол түйенің көзіне дәл тигізсең, түйенің көзі түгіл, бүтін түйенің өзін төлеуге үкім қылайын. Тигізе алмасаң өзің жазалы боласың.

Бұл сөздерді есіткен соң, түйеші ойға қалып, дауын кешіп, кетіп қалады.

Би енді қарттың баласына айтады:

– Шырағым, мен осы адамды (қашқынды) жардың астына жатқызып қойайын, сен жарға шығып үстіне секіріп түс; егер өзіңнің салмағыңмен қашқынды өлтірсең, мен саған өз жанымнан әкеңнің құнын төлейін, өлтіре алмасаң, өзің өлесің.

– Бұл сөзді естіп, қарттың ұлының зәресі ұшып, құн даулаудан қашады.

Ал енді жалғыз-ақ қайықшы қалады. Данышпан қайықшыға айтады:

Мынау адамның балтырынан бір ширек ет кесіп ал, бірақ бір ширектен артық та, кем де болмасын; мұнан не артық, не кем болса, өз обалың өзіңе, басыңды аламын.

Соны естіп қайықшы қашады.

Бұл ертегіге қосымша бір билік өлең бар, соны төменде айтып өтелік.

Әділ бидің алдынан іс кетпейді,
Жебірлікті нәпсі үшін істетпейді,
Ердің құнын екі ауыз сөзбен ептеп,
Абыройын кісінің еш төкпейді.

Қылар жақсы түймедей түйедейді,
Жөнін тауып әр істің жүйелейді,
Жаман болса, төрешің ептей алмай,
Ақ ісіңді қаралап, күйелейді.
Дұшпандарды жақсы би дос қылады,
Дауыңа дау жаман би қостырады.
Бұ бір мақал: «Киікті ата алмаған
Атамын деп, үркітіп бостырады».
Ұрысқанды жақсы адам табыстырар,
Ақылменен жапсарды қабыстырар.
Жаман адам от қылып жандырмаққа,
Сөніп жатқан шаланы қағыстырар.
Жақсыларға жалқын от саз болады,
Жатқан бәле жаманнан қозғалады.
Жақсы менен жаманның парқы басқа,
Айта берсең бірталай сөз болады.

(Әбубәкір Диваев)

12. ЖӘНІБЕК БАТЫР

Жәнібек батыр бала күйінде ақыл, білім үйренуге Қаракерей Соқыр Абыз деген кісіні іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан екі жағын жібекпен таңып отырған кісі екен.Жәнібекті көріп: «Сен қай ұлсың?» – деді. «Қошқар ұлымын», – дейді Жәнібек.

«Қошқардың адам иісті бір ұлы бар деп еді, сол боларсың ба?» – деді.

Жәнібек: «Болармыз», – депті.

«Балам, не жұмысың бар? Бұл жақта неғып жүрсің?» – деді.

«Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге қолын алып, бір-екі ауыз ақыл, білім алайын деп жүр едім», деді.

«А, а... Ел бастап, жұрт алайын деген ұл екенсің, сөз бастап би болайын деген ұл екенсің. Алдыңа келсе, әділдігіңді айама: аймағың кетпес алдыңнан. Қол бастап, жол алайын деген екенсің. Жолдастың мыңын алма, бірін ал: мың кісіге бір кісі олжа салатұғын. Олжаңды айамасаң, жолдасың қалмас қасыңнан.

Жүз жиырма алтыға толып отырмын. Жас күнінде қалың бер де, қатын ал: жігіттің қан болатын, қыздың қарым болатын кезі сол, қартайған соң өкінбе, ұлым. Қару жисаң, мылтық жи: жайау жүрсең – тайағың, қарның ашса –тамағың».

Жәнібек мұнан шығып, Кіші жүзде тоқсанға келіп отырған Тайған деген биге келді.

Келсе, бидің елі көш екен. Көш үстінде кез болып, сәлем беріп, ат үстінен көріседі. Мұнысын жақтырмай, би: «Жаным, қай ұлсың?» – дейді.

–«Қошқар ұлымын», – дейді Жәнібек.

«Ұлым, неғып жүрсің?» – дейді.

«Осы жақта бір қарт атамыз бар дегенге жолығып, қолын алып, бір-екі ауыз ақыл сұрайын деп едім», – дейді Жәнібек.

«Е, е... – деді би, – азуы алты қарыс арғынның Қошқарының ұлы Жәнібек, алшынның бір алжыған шалын келемеж қылып кетейін деп едім десеңші!» –дейді.

«Мен сөз сұрайын деп келсем, көңілімді қайтарды ғой», – деп, Жәнібек атының басын бұрып алып, жүріп кетті.

Анадай бара жатқанда, би: «Әй, Жәнібек!» – деп шақырды.

Жәнібек артына қарады. Сонда би: «Атыңның басын бұрма, солай тұр. Жүзімнің кішілігінен бір ауыз сөзбен көңіліңді қайтардым. Өгізді өрге салма, қанатың талар, жаманға жүзіңді салма, сағың сынар», – депті.

(Алтынсары ұлының кітабынан)

13. ҚОЖАНАСЫР АҚЫЛЫ

Жиын үй. Жиылған жұрт. Әркім мінбеге шығып, жұртқа білген ақылын, үгітін айтып жатыр. Бір уақытта мінбеге Қожанасыреддин шығып: «Жамағат, менің сөйлейін деп тұрғаным не нәрсенің жайы, білесіндер ме?» – деді. Жұрт: «Жоқ, білмейміз», – дейді. «Білмесеңдер, білмейтін нәрселерің жайынан қалай сөйлеймін», – деп Қожа мінбеден түседі.

Жұрт қамтама қалып, білмейміз деп ағат айтқан екенбіз, енді сұраса, білеміз деп айтайық деседі.

Басқалар сөйлеп жатқан соң, Қожа шыдап тұра алмайды, тағы қалықтан сұрайды: «Жамағат, мен не жайын сөйлемекпін, білесіңдер ме?» – дейді. Жұрттың бәрі: «білеміз, білеміз», – деп шулай қойа береді.

«Өздерің біліп тұрсаңдар, мен несін айтайын», – деп Қожа сөйлемейді. Тағы мінбеден түседі.

Жиында болған адамдар, Қожа енді сұрай қалса, білетініміз де, білмейтініміз де бар делік, онда не дер екен дейді.

Басқалар мінбеге шығып, анау жақсы, мынау жақсы, олай ету керек, бұлай ету керек деп, ақылдарын айтып жатқан соң, Қожа төзіп отыра алмайды, тағы мінбеге шығады.

Жұрттан үшінші рет тағы сұрайды. «Жамағат, мен нені айтайын деп тұрмын, білесіңдер ме?» – деп. Жұрт: білетініміз де, білмейтініміз де бар», – дейді.

«Олай болса, білетіндерің білмейтіндеріңді үйретсін, білмейтіндерің білетіндеріңнен үйренсін», – деп Қожа мінбеден түседі.

14. ШАЙҚ САҒДИДАН

Қалтасында біреудің,
Жұпары болса сақтаулы.
Жұпарын ол дауыстап,
Көрмейді лайық мақтауды.
Мақтамай-ақ әркімге,
Жұпардың өзі-ақ білдірер.
Үндемей-ак төңірекке,
Тәтті иісін жайып сіңдірер.
Дүниеде көркем күйлер көп,
Жаны бар оны сезбей ме?
Сезбейтін оны құр тұлып,
Тұлыптан кісі безбей ме?
Ән мен күйге түйе де,
Шаттанар қайуан десек те,
Сезбейтін оны адамды,
Салпаң құлақ есек де.

(«Асау тұлпар»)

15. ТУҒАН ЖЕР

(Жуковскийден)

Туған жер! Көрген жаман, жақсылықты,
Не түрлі татқан тәтті, ашшылықты.
Кең дала, қалың тоғай, таныс ағаш,
Бірінен-бірі болып қызғылықты.
Сүйікті аспан көктің сәулелері,
Қайғысыз сабақ алып жүргендері.
Бірінен-бірі басып, асып түсер,
Түрлі ойын балалықтың әурелері.

Жарықтық қасиетті туған жер-ай!
Әркімге сенің жолың емес оңай.
Қалпында қандай жүрек тұрады екен?
Сен десе орынынан қозғалмай, жай!

(Бекет)

16. ӨМІР

Мана көкті қаптап еді қара бұлт,
Күн күркіреп қорқытып, ұшырып құт.
Көк тұнжырап, мұңайып, қабақ жауып,
Көз ашқанша аспанда жарқылдап от.
Бұрқыратқан екпінді дауыл еді.
Сабап құйған жеркеніш жауын еді,
Қорқып-сасып жан-жануар есі шығып,
Бәрі-ақ іздеп баспана тауып еді.
Бұлт айықты көк жүзі болды ашық,
Бар нәрседен қайғы-мұң кетті қашып.
Күн сәулесі жер жүзін құшақтады,
Қосылуға қашаннан болған асық.
Бейне алтындай көкте бұлт тұр ғой жайнап,
Енді жел жоқ мазалап оны айдап.
Жанға рақат, гүлдерден қош иіс аңқып,
Жан беріп, кең далаға құстар сайрап.
Өмір осы бірде ол болар бұлтты,
Қатты желді, дауылды, кейде отты.
Құрып демің, қайғырып жас төгерсің,
Бұлт ашылар –қайғының бәрі бітті.

17. ЖАТЫРСЫҢ НЕГЕ ҰЙЫҚТАП?

Жатырсың неге ұйықтап қара шекпен?
Жарық жаз қайта келді былтыр өткен.
Қарашы, анау сенің көршілерің,
Әлі жүр қызметінде ертеңгі еткен.
Баққаның күндіз-түні тек бір ұйқы,
Адамсың талабың жоқ мұнша неткен?
Қарашы, көз жіберіп өзіңе-өзің.
Кім білер, қата шығар менің сөзім.
Бидай жоқ сарайыңда жалғыз түйір,
Білмеймін, не ойлап жүрсің сенің өзің?
Тап-тақыр шарбағың тұр босқа жайнап.
Кеткендей шоланың тұр пері жайлап,
Атыңды алдақашан борыш алды,
Ақырда жайау қалдың сорың қайнап.
Сандығың мынау жатқан төңкеріліп,
Үйің тұр қарт кемпірше бүкірейіп.
Басыңды енді, жаным, көтермесең,
Сөз айтпас қайтып саған жұрт түңіліп.
Есіңе ал, бұрын қандай болғаныңды,
Барында бақ-дәулетің оңғаныңды.
Жөнелтіп астығыңды әр шақарға,
Толықсып сол бір күнде тұрғаныңды.
Көруге қалық сені асық еді.
Әр жерде-ақ есік саған ашық еді.
Төр болса қонақтықта сенікі еді,
Қадірің осылайша асып еді.
Бұл күнде жарлы болдың адам нанбас,
Болған соң жалқау адам ұйқың қанбас.
Бидайың көптен піскен орусыз тұр,
Жарқыным, жетер енді ұйқыңды аш!

Құс шоқып, жел ұшырып тамам болды.
Етесің, өзіңе-өзің не үшін қас?
Ұйқыңды, қара шекпен, бөлсең нетер?
Мінекей, жаз мезгілі тағы да өтер,
Ауладан көзін салып күз қарайды.
Артынан қатты ызғарлы қысы жетер,
Қар жауып шанамен жұрт жүріп жатыр.
Базарға не сатасың жалқау пақыр.
Арбалап астық сатып көршілерің,
Қарашы, пайда көріп оңып жатыр.

(Бұйраұлы)

18. ҚАСҚЫР МЕН МЫСЫҚ

(Крыловтан)

Орманнан қасқыр келді елге қашып,
Алақтап, не қыларын білмей сасып.
Соңынан бір топ аңшы қиқу салып,
Ит қосып келе жатыр шапқыласып,
Жалынып қасқыр сонда мысыққа айтты.
Шетінде бір ауылдың ұшырасып.
«Мысықжан, бұл жердегі жұрттар қандай?
Жау қуып келе жатыр арттан қалмай.
Ит үрген, қиқу салған адамдардың
Дауысын естимісің тартқан керней?
Айта гөр қайырымды ел бар болса,
Тасалап мені жаудан құтқарғандай».
«Бара ғой», – мысық айтты, Қойанкөзге,
Жігіт кем ер көңілді онан өзге.
Адамды анау-мынау тоқтатарлық
Аузының ебі де бар сөйлер сөзге».
«Оны қой, – қасқыр айтты, – ол жасырмас,

Жеп едім бір ту қойын былтыр күзде».
«Барып көр олай болса,Құрамысқа
Адам кем жасыруға онан ұста.
Шамасыз өзі асқан жақсы жігіт,
Жалғыз-ақ тоны келте, қолы қысқа».
Мысықжан, оны да қой өзгесін айт.
Жеп едім бір лағын өткен қыста».
«Иесі анау үйдің Көпберген бай,
Жақсылық, жамандықты көп көрген бай.
Қонақжай, өзі асқан дәулетті адам,
Жатсаң да ауырламас бірнеше ай».
«Баруға, – қасқыр айтты, – жүрексінем:
Оның да қозыларын жеп ем талай».
«Білмеймін сілтерімді енді қайда?
Барып көр Қисықбасқа анау сайда.
Болғанмен басы қисық, өнері көп,
Әр түрлі табылады онан айла».
«Мысықжан, оны да айтып әуре болма,
Жеп едім бір бұзауын өткен айда».
«Мен қайран, – мысық айтты, – істеріңе!
Залалдан басқа нәрсе істедің бе?
Байдың көбі, жарлының жалғызы да,
Тиіпті тыңдап тұрсам, тістеріңе,
Залалгер жұртқа тегіс болып әбден,
Енді не іздеп келдің, іштеріне?
Жынды жоқ, сені аман құтылдырып,
Алғандай бәле тілеп үстеріне.
«Не ексең, соны аларсың» деген сөз бар,
Ор, енді егініңді, піскенінде».

(«Қырық мысал»)

19. ТҰТҚЫН ЗАРЫ

(Красовскийден)

Күн шығып, күн батады мезгілімен,
Қаталық бұл қапаста әлденеден?
Жүреді ерсең-қарсаң күзетшілер,
Алланың ырза болып бергенімен.
Мен түстім бұл түрмеге қапылыстан,
Көңілін бұрғандықтан қатын дұшпан.
Кінәм сол – көзін жойдым құпиа емес,
Кінәсін әшкерелеп емес бостан.
Сол үшін мұндай күйге түстім міне!
Тағдырдың кезі шығар, мені тосқан.
Түбіме жеттің жауыз... менің дағы,
Еріннің адал пейіл, ақ жолдағы
Белгілі түзік жолдан шығып, сайқал,
Жаныңа дажал болдың жана тағы.
Балалар артта қалды жетімсіреп,
Қалайша олар енді етер қорек?
Кім білед? Аш-жалаңаш болмайтынын!
Ата-ана болмаған соң тұрар демеп.
Жатырмын мен тұтқында қапаланып,
Азаптың неше түрлі дәмін алып.
Күн-түні бір тоқталмай, қиналамын,
Кей-кейде тасыған жас көзден ағып.
Темірден әдейі соққан нық шынжырлар,
Бекітіп екі айағым алыпсыңдар.
Сыңғырлап жар шақырып бір тынбайсың,
Шамам жоқ босануға айла табар.
Қарасам, күзетшідей күн мен түнге,
Түнеріп бағысып тұр мені неге?
Е! Менің сыңғырлаған шынжырларым,
Сендермен өлем шығар... келмей жөнге!

(Бекет)

20. ТАЗА БҰЛАҚ

Бар екен таудан аққан таза бұлақ,
Түк ел жоқ маңайында қылған тұрақ.
Жағалай біткен ағаш жапырақты,
Жайқалып күн мен желден тұрған қорғап.

Шілденің тас қыздырған ыстық күні,
Мөп-мөлдір суы салқын әйбат түрі.
Шыныдай жалтыраған тазалығы,
Көрініп айнадай боп жатқан түбі.

Жақанкез үш жолаушы келе жатқан,
Шөлдеген ыстық күнде, таңдай қатқан.
Кез болып бақытына әлде қалай,
Су ішіп, мейірі қанған сол бұлақтан.

Рақат сусын қанып, жан жайланып,
Қарап тұр аққан суға қайран қалып.
Көреді су ағардан жазулы тас,
Жағалап жоғарырақ жүрсе барып.

Үшеуі мұны көріп қалды тоқтай:
Жапанда жазуы бар неткен тақтай?
Жазылған оқып көрсе сөзі мынау:
«Болсаң бол, ей жолаушы, бұ бұлақтай!»

Сәудегер екен бірі үшеуінің,
Тыңдаңыз сондағы айтқан сөзін мұның:
«Апырай, бұл жазылған ақыл екен,
Өткізбей ағар бұлақ күні-түнін.

5–7072

Алысқа бармақшы ол тынбай ағып,
Қосылмас өзге бұлақ бұған нағып.
Зорайып ақырында өзен болып,
Суынан пайдаланар тамам қалық.

Меніңше, мұнан мұрат-мағына сол:
Кәсіп қыл, жалқауланбай талапты бол.
Бұлақтай мақсұтыңа сен де жетіп,
Басыңа тигізерсің пайданды мол».

Екінші ғалым екен аса зерек,
Ол айтты басын шайқап назданып бек:
Бұл сөздің мағанасы сіз айтқаннан
Меніңше, болса керек тереңірек.

Бұл сөзден ғибрат сол адамзатқа:
Тегін қыл, жақсылықты пұлға сатпа.
Бұлақтай кез келгенге дайар болып,
Міндетсіз біліміңді тарат, қалыққа».

Жас жігіт жолаушының үшіншісі,
Әдемі көрер көзге көркем кісі.
Тоқталып ешнәрсе айтпай тұрып еді,
«Не ойласаң, сөйле, мырза!» – деді өзгесі.

Бұл жігіт берді жауап сонда тұрып:
«Орнында ақпай бұлақ тұрса тұнып,
Шөп-шалам, шаң-топырақ, селеу басып,
Сарқылып қалар еді әлі құрып.

Жұрт құмар бұлақ таза болғандықтан,
Жазудан мағанам сол менің ұққан:

Көңіліңді, бойың менен таза сақта,
Пәктікпен артыларсың сонда жұрттан.

Ақ пейіл, таза жүрек, жүзің жарқын,
Секілді мөлдір бұлақ суы салқын.
Болғандай дертке шипа жаны сүйіп,
Шүбәсіз пайдаланар болсын қалқың».

(Азамат)

21. КІСІ МЕН АРЫСТАН

(Крыловтан)

Бір аңшы ұстаушы еді, аңды қырып,
Ішіне қалың ағаш торын құрып.
Бір күні арыстанға кез келіпті,
Сырттан құрған торын бағып тұрып.
Арыстан ақырды оған аузын ашып,
Қанекей, қимылдап көр қарсыласып.
Шекірейіп, жан біткенге патшамын деп,
Мақтанып жүруші едің, судай тасып.
Қайратың мақтанатын қандай екен,
Кел бері, байқасалық күш сынасып.
«Адамым, рас бізге патша болсаң,
Жүріп көр айағыңды қадам басып!»
«Арыстан, сенен артық емес күшім,
Сөзімді ілтипатпен тыңдап түсін.
Ететін мені артық қайуаннан,
Күш емес, өнеріммен еткен ісім.
Ол рас сендей онша батыр емен,
Мақтаншақ өтірікке жақын емен.
Қаншама күш жетпейтін қиын істі,
Орнына келтіремін ақылыммен.

Бұл саған айтып тұрған нағыз шыным,
Шындығын көрсетейін кәзір мұның.
Егерде сөзім жалған болып шықса,
Жейсің ғой сонан соң да, жарықтығым.
Сен қара, қылдай өрмек анау тұрған,
Мен едім азаптанып соны құрған.
Кішкене желге де өзі селкілдейді,
Көресің темір емес, иә тас қорған.
Жүрсем де қайратыңа сырттан қанып,
Көзіммен көргенім жоқ әлі анық.
Әуелі мен өтейін ар жағына,
Өтерсің мықты болсаң бұзып, жарып».
«Тұрсың ғой күш сынарға қылдай тормен,
Ол түгіл айқасқанмын онан зормен.
Сен барып ар жағында дайар боп тұр,
Жетермін мен де қазір тура жолмен».
Жөнелді көп сөйлемей адам пақыр,
Қуанып жылдам жүріп бара жатыр.
Астынан тор-торлардың өтіп алып,
Жүрді енді келсең кел, деп біздің батыр.
Арыстан шапты торға атқан оқтай,
Қомсынып бейне алдында нәрсе жоқтай.
Өте алмай торды бұзып шырматылып,
Сол жерде қолға түсті ұрмай-соқпай.
Оралып жатты торға арыстаным,
Ақылдан білді күштің қалысқанын.
Терісін арыстанның сойып алып,
Олжалы қайтты аңшы данышпаным.

Бұл жазған бозбалаға бір өсиет,
Өнерсіз қара күште жоқ қасиет.
Ойламай күшке сеніп еткен істің,

Залалы әр уақытта басқа, тиед.
Демеймін күш керексіз адамзатқа,
Өнер, ой онан да артық мал мен баққа.
Өнердің жоқтығынан азып жүрміз,
Нағыз бұл арыстандай болмасақ та.
Бұл күнде күштен ойды бұрын жұмса,
Қара күш бәйге алмайт осы шақта.
Амал ет, заманыңның ыңғайына,
Бәйгесіз құр ұлағып босқа шаппа.
Ақылдан күшіңді артық көріп жүрсең,
Жадыңа бұл кеңесті оқып сақта!

(«Қырық мысал»)

22. ИТТЕР ДОСТЫҒЫ

(Крыловтан)

Бір байдың Төрткөз, Мойнақ төбеттері,
Өздері ит болса да әдепті еді.
Түнде үріп, күндіз үрмей жай жататын,
Болады әдепті иттің әдеттері.
Түс мезгіл еді төбет тойып жатып,
Кемпір наз өкпелерін қойып жатып.
Ас үйдің алдындағы күн шуақта,
Сөйлесті әр нәрсенің басын шатып.
Сөз қылды жақсылықты, жамандықты,
Жомарттық, мырзалық пен сараңдықты.
Достықтың, дұшпандықтың жайын сөйлеп,
Қолға алды татулық пен араздықты.
Тілмарсып сол уақытта айтты Мойнақ:
«Менсіз-ақ қара, Төрткөз, өзің ойлап,
Дүниеде онан артық не нәрсе бар?
Тұрғаннан татулықпен күліп-ойнап.

Дос болсаң, құшақтасып жанға балап,
Сөз айтсаң бір-біріңе шырақ-қарақ.
Алты күн ашаршылық көрсең дағы,
Жемесең бірің жоқта бірің тамақ.
Достың дос жұлдырмаса жауға түгін,
Еш нәрсе айырмаса, ара жігін.
Бірінің қабағына бірі қарап,
Білмесе күннің қалай өткендігін.
Не бар деп дүниеде мұнан артық,
Мен қалып бір қиалға тұрмын бүгін.
Жолдыайақ, ақсақ Құтпан, жаман Сарқұс,
Солар да тап-тату жүр біздер түгіл.
Сөйлейді маңызданып енді Төрткөз:
«Мойнеке, мұның әбден айтарлық сөз.
Тұрмайтын бір күн тату неміз бар деп,
Мен дағы ойлаушы едім осыны әр кез.
Не келіп, тірі жүрсек не кетпейді?
Араз боп екеумізге не жетпейді?
Тамақ тоқ (өркені өссін иеміздің),
Тиіссіз сөгіп соқпай құрметтейді.
Расын рас демей танасыз ба?
Бір сәтке татулық жоқ арамызда.
Тұрмайтын ренішке сәл нәрсеге,
Екеуміз таласамыз барамыз да.
Мұндай іс арасында болған емес,
Көз салсақ бұрынғы өткен бабамызға.
Атаның жолын қумай ылаққанда,
Тура жол сонан артық табамыз ба?».
Бұл сөзге көңілденіп Мойнақ тасты,
Ол үлкен, онан гөрі Төрткөз жасты.
Төрткөзім, Мойынекем деп бірін-бірі,
Дос болып, серт айтысып, құшақтасты.

Екеуі бірін-бірі сүйді, құшты,
Қызығы басылмаған достық күшті.
Ас үйден лақтырған бір омыртқа
Солардың нақ жанына келіп түсті.
Көрген соң майлы сүйек ит тұрар ма?
Құшағын жазып ала жүгірісті.
Достықты, айтқан сертті былай қойып,
Екеуі бір-біріне салды тісті.
Досты дос мұнан артық қалай сыйлар,
Жүндері бұрқыраған аспанға ұшты.
Су құйып екеуіне жиылған жұрт,
Екеуін зордан ғана айырысты.

* * *

Иттерге таласса да жарасады.
Етпесе, ит әдетін адасады.
Дос болған адамдарды қарап тұрсақ,
Биікпен теңдеп болмас аласаны.
Сүйектей арасына нәрсе түссе,
Иттерден олар артық таласады.

(«Қырық мысал»)

23. ШЫРЫЛДАУЫҚ ШЕГІРТКЕ

(Крыловтан)

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөләйттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жазды күні жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй,

Жапырақ кетті, жаз кетті
Күз болған соң кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқан,
Ойын қайда? Ән қайда?

Оныменен тұрмайды:
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-ақ қиын іс болды.

Секіру қайда сүріліп,
Қабағын қайғы жабады.
Саламда жатып дән жиған
Құмырсқаны іздеп табады.

Селкілдеп келіп жығылды,
Айағына бас ұра.
«Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра».

«Оның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа,
Ала жаздай қылмап па ең?».

«Мен өзіңдей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып ән салып,
Өлеңнен қолың тиді ме?».

«Қайтсін қолы тимепті!
Өлеңші, әнші есіл ер,
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер!».

(Абай)

24. ҚЫЗ ӘКЕСІНЕ

Сөзіме, қыз әкесі, құлағың сал!
Биыл сен іс жасадың бір ақуал.
Қызыңды бір соқырға бердің ұстап,
Қарамай обалына, ақымақ шал.

Гүлайым он төрт жасқа биыл шыққан,
Кеткен жоқ ерніндегі сүті жұққан.
Жыласа, қарт адамға бармаймын деп,
Ұрсасың білмейсің деп балалықтан.

Гүлайым білмейді емес, бек біледі,
Әншейін әкем білсін деп жүр еді.
Еншісі қыз баланың алған жары,
Ол сенен онан басқа не тіледі?

Ақымақ, төрт есе қарт берген байың,
Ит еді құлқы қатты, білем жайын.
Сыпырып барлық малын өзің алып,
Қалдырдың қалай қиып қотыр тайын.

Сабайсың оңашада қызыңды өзің,
Бармаса, ойамын деп екі көзін.
Баланың базынасын көтермесең,
Айтады ол бишара кімге сөзін?

Гүлайым қорқып кеткен сойылыңнан,
Жылы қан ағызасың мойынынан?
Тал түсте қара шашын қанға бойап,
Ойнасын ұстап па едің қойынынан?

Қор қылдың Гүлайымды қыз тәуірі,
Тек жанды, бағын таппай, бақ дәуірі.
Қаның мал, жаның да мал, малдың құлы,
Қадырсыз, мақұлықсың жоқ бауыры.

(Малабай ұлы Рақымжан)

25. ТҮН ЕДІ

Түн еді, көкті қаптап бұлт тұрды,
Жел жылап, долы дауыл ұлып тұрды.
Секіріп сары шашы жындар билеп,
Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды.

Жапан түз, отсыз-сусыз бетпақ шөлде,
Жын шайтан мекен еткен тағы жерде.
Жас бала, жолдасым жоқ жапа-жалғыз,
Мен келе жаттым, баттым қанды терге.

Көзімнен жас ақпады, қандар ақты,
Табанды тілгіледі тастар қатты.
Қарқылдап, қиқу салып қарға-құзғын,
Жалпылдап жүрегімді шоқып жатты.

Шашымды жұлды әлдекім талдап-талдап,
Ыстық жас домалады көзден парлап.
Есіркеген жалғыз жан болды ма? – Жоқ!
Жыладым жапан түзде жалғыз зарлап.

Әлдекім: «Тәйт! Шығарма үнің!», – деді.
«Сен бір мал – бір бес байтал құның», – деді.
«Шоқысын қарға-құзғын жүрегіңді,
Тырп етпе, жылама да, күнім», – деді.

«Ойлама, деді күнді, сен мал, күң сен,
Сөксем де, соқсамдағы шыда, көн сен.
Шыдамасаң, қарсы «ләм» деуші болма,
Тұншығып көз жасыңа көміл, өл сен!».

Деді де, сол әлдекім сылқ-сылқ күлді,
Сол күлу жүрегімді жүзге тілді.
Күйік кеулеп, жүрегім от боп жанды,
Жұбатуға сол кезде қайсың келдің?

Ашу кернеп амалсыз жанып іштен,
Жалынған бәріңе де мен емес пе ем?
Сол уақыт: «Бас жақсысы пәлен ат» деп,
Саудаласқан аға екем сен емес пе ең?

Сасық доңыз, жануар, жуан қарын,
Сататын малға тәңірін, иман, арын.
Тастағандай боламын жүз тілгілеп,
Кеткенде қайнап, ойнап, ыстық қаным.

Сүйетін еркелетіп әжем, атам,
Өміріңше жыла! деп бердің батаң...
Құшақтап қысып, күрсініп жылай бердің,
Сарғайған сорлы болып бишара апам...

Қысты күні, боранды ұзын кеште,
Сорлының қасірет зары сыймай ішке.

«У-у» дегенде аузынан жалын шығып,
Отырушы ед қолына алып кесте.

Күрсініп, кестені алып тігуші еді
Мөлдіретіп көз жасын тосушы еді.
Нәркес көз жасқа толып, шала шаншып,
Кестесін қайда тағы сөгуші еді...

Yh, Алла! Жай болды ма бізден мұндық?
Дариға! Не көрмедік, не көрмедік?
Көргенше сонша қорлық, сонша зорлық,
У ішіп, отқа түсіп неге өлмедік?!

Өлмедік! Зар еңіредік, сабыр еттік:
Шашатын алтын сәуле таңды күттік.
Көп күттік, сөгілдік те, соғылдық та,
Сатылдық та, тілекке ақыр жеттік!

Мынау ту кімнің туы? – әйел туы,
Мынау шу кімнің шуы? – әйел шуы.
Улаған жанымызды сансыз жылдар
Жойылды бүгінгі күн қасірет уы.

Анау таң кімнің таңы? – әйел таңы.
Бүгінгі күн шын азат әйел жаны.
Соқыр құрт, сасық доңыз, кет жолымнан,
Басар сені төгілген әйел қаны!

(Мағжан)

26. ӨРБУ

Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Дүниенің табиғи, негіздің жолы өзгеріс, өзгергенде кер кетіп, кеміп өзгеру емес, ілгері басып, жеттіге, жетіле, өсіп-өне өзгеру. Мұны ғылым тілінде «еуолиіутсиа» (табиғат тағдыры) дейді.

Үстіміздегі шегі, шеті жоқ көк күндіз болса дүниені жарық еткен күн, түн болса аспанда күлімсіреп тұрған ай мен жұлдыздар, іздесең тіршілігіңе керек нәрсенің бәрі табылып, анаша асырап отырған мынау жер, ол жердің үстіндегі жанды, жансыз мақұлықтар бәрі осы түрінде, осы күйінде, осы қалпында болмаған. Мәселен, жер осы түр, осы күй, осы қалпына жеткенше, ғалымдар айтуына қарағанда, 5 – 6 мілілійон жылдар өткен. Жердің тұман сиақты буға ұқсаған замандары да болған, онан келе-келе қойылып, балқыған қорғасынға ұқсаған замандары да болған. Онан бері келе тас болып қатып қалған замандары да болған. Сонан соң тас ұсатылып, үгіліп, топырақ болып жерге айналған. Жерге айналған соң су пайда болған. Су пайда болған соң өсімдік аталған түрлі жер түктері ағаш, бұта, шөптер, жануар аталған түрлі жәндіктер пайда болған. Ол айтылған жердің түктері де, ол айтылған жәндіктер де осы түр, осы қалпында болмаған. Өзгеріле-өзгеріле келіп, осы күй, осы түр осы қалыпқа түскен. Адам да осы түр, осы кескін, осы қалыпты болмаған. Тұрмысы, істеген кәсібі, ұстаған жолы, жұмсаған білімі, тұтынған нәрсесі осы күнгідей болмаған.

Адамзат адам болғаннан бері де неше мың жылдар өткен. Неше мың жылдарды өткізе, неше түрге түсіп,

жеттіге, жетіле келіп, осы күнгі тұрмыс түрін тапқан. Бұл тұрмысқа жеткенше адамның тұрмысы, қалпы, салты талай өзгерген, талай құбылған. Өнер-білім де талай күйді басынан кешірген, талай жанып, талай сөніп, тағы көтерілген. Бірақ ілгерінің ақылы, білімі кейінгіге қалып, кейінгілер оған қосып жамай келіп, тіршілік әдісі артылып, ақтығында өнер-білім ауданы ұлғайа, кеңи берген. Күн көріс тәсілі молайа берген. Пайдалы тәсіл алынып, пайдасыз тәсіл қалынып, тіршілікке керек білімдер атадан балаға, үлкеннен кішіге, нәсілден нәсілге қалып, білім сабасына құйылып отырған. Осы күнгі білім-өнер дегеніміз адам болғаннан бергі адам баласының тапқан тіршілікке керек әдіс-амалы. Өнер-ғылым білген адам тіршіліктің ісіне керек әдіс, амалды жақсы білген.

Күн көріс ісі оған оңай, барлық қақпасының неше есігі, неше тесігі оған мәлім. Жылдық жерден көз ашып жұмғанша жылдам қабар алып отырған, атсыз арбамен жүріп, суды балықтай кезіп, құстай аспанға ұшып отырған жұрттар ғылым мен өнер арқасында, дүниенің есік-тесігін білгендіктен істеп отыр. Бұл ғылым-өнер табиғат тағдыры бойынша аса бермек, өсе бермек. Бірақ адам баласының бәрі қатар жетілу, қатар жетігу жоқ.

Табиғат тағдырының жолы – жарыс, талас, тартыс, күрес. Бәйге өнерлі жүйріктікі, әдістінікі. Қарасақ қатар жетіліп отырған жұрт жоқ. Біреу ілгері, біреу кейін, біреу көкке ұшатын, біреулер терінің де жөндеп илеуін білмей, қаудырлаған тері мен сірі киіп отыр.

27. ОЛАҚТЫҚ ПА, САЛАҚТЫҚ ПА?

Егін салу жағына көз салсақ, біздің қазақтың егін кәсібі мүлдем шала. Дұрыстап еңбек сіңіріп айырған жер мен қазақтың шашқан жерінің арасы жер мен көктей. Дұрыстап айырған жердің шығыны да таза, дәні де толық. Арам шөп болмайды. Мұның себебі мынау: алдымен, қандай жерге қандай астық шығатынын білу керек. Білу үшін жер мамандарының айтқанына құлақсалу керек. Екінші, егін шашатын жерге суды көп ұстайтын амал істеу керек. Бұл амалдың бірі мынау: жазғытұры егін шыққан уақытта жердің үстіне әр жерге бір-бірден қатарлап айқабағын шашып тастау керек, күздігүні басындағы айқабағын алып, сабағын тіке қалдырып кетсе, қар ұстауға себеп болады.

Жана да жерді күзге қарай қарадай айырып тастаса, жұмсақ жер тақталанып жатқан жерден суды көбірек ұстайды. Тұқым шашқанда, қолмен тастаған тұқым тегіс түспей, бір жерге бір көп, бір жерге аз түседі, бұда егіннің шығуына шалығын тигізеді. Әрбір жерге түскен дәнге өзіне тиісті жер керек. Сол себепті бір жерге екі-үш дән түссе, біразы шыға алмай қалуы, яки шайланып шығуы мүмкін. Мұның үшін тұқымды машинамен шашқан дұрыс. Құрғақшылық жылы тұқымның сирек шашылғаны дұрыс.

Қазақтың жері мол, бозы көп болғандықтан, жер айырып ескі жерді тыңайтуға тиіс. Ескі жерді де бір жыл болса да, пайдасыз жатпас үшін жоңышқа иә болмаса басқа шөптер шашып жаңартып алуға болады, бір жағынан, жер жаңарады, екінші жағынан, малға жақсы шөп алады.

Біздің қазақ бақша шашуды әдет қылмаған. Шашса, оның да пайдасы мол. Мал кесіп, бұрынғыдай етпен күнелтудің заманы өткен, картоп, асқабақ жана капуста сиақты нәрселерді шашса, тамақтың түрін кіргізеді, міні осының бәрі де көрмей жүрген іс емес, бірақ істеуге құнтталмай жүрген. Құнтына алып кіріссе, қолдан келмейтін де іс емес.

Қазақтың үйіне келсек, жазғы киіз үй мезгілінде жақсы, бірақ жаңа болса ғана, жыртық болып, төбесінен жұлдыздар көрініп тұрса, үйге сәндігі жоқ. Қысқы үйін алсақ қандай дәулетті болса да землеңкесі қора екенін білмейсің, үй екенін білмейсің, айырарлық емес.

Бұл неліктен?.. Бұл қазақ қалқының салақтығы. Салақтықты тастап, ерінбегенде ғана үйді таза ұстауға болады.

Қазақ малдың төлін кішкене ғана үй салып, бөлек қамауға ерініп, өзі отырған үйіне төлін – қотыр өгізше, қашарын бірге қамап, үйінің жартысын қора қылып, былықтырып жібереді. Бұл үйде тазалық болады деп айтуға болмайды.

Өте-мөте қыстың күні далаға шығып, таза ауамен дем ала алмайтын жас балалар ауруға шалдығып өлуіне себебі мол.

Үлгілі елдің, кедейінің үйі де қазақтың байының үйінен артық. Бұған себеп – жалғыз-ақ қазақтың жалқаулығы.

Бұрынғыдай мал айдап жайлауға көшіп шықпайтұғын болған соң, екі үй ұстап, екі расқот ұстап жүру өте-мөте қазақтың жарлысына пайдасы жоқ іс.

(«Ауыл»)

28. ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ

Қыпшақ Сейітқұл жанындағы отыз үйлі тобырын қалай етсем жұрт қатарына қосармын деп, ойға қалды. Ол уақыт аттаныс, барымта туын тіккен, есаландар еңбексіз елдің малымен күн көреміз дейтін заман. Барымта мен мал бағудан басқа қазақта бөтен кәсіп жоқ уақыты. Сейітқұл мен отыз үй тобырында мал жоқ болған. Барымтамен мал табу Сейітқұл сиақты есті адам істейтін орынды кәсіп емес, «Жортуыл басы жолда қалар» деп бабаларымыз айтқан екен ғой деп, барымтаға көңілі шаппай, егін кәсібін істеуге қолайлы жер іздейді. Көп жерлерді аралап кезіп келіп, Торғай жанамасындағы Қабырға деген судың бойына тоқтайды. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта естек, қалмақтан шетірек екен жана жаманшылық болса, қалың ел қыпшақ руына жақын екен дейді.

Түркістанда қалсам, қоқаны қоқаңдап, өзбегі өкіректеп, тыныштықпен кәсіп істетпес деп, Қабырғаны ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жазына күннің жылы кезінде жалаңаш-жайдақ кедейлерін көшіріп, Қабырғаға алып келеді. Ұрлық пен барымта қызығына түскен бір ағасы бар екен. Сейітқұлдың айтқан ақылын алмай, қасындағы үш-төрт үйімен Түркістанда қалады.

Қабырғаның бойына келген соң қалай егін егуді, Түркістанда көргені бар, Сейітқұл кедейлермен бірге кетпенді қолға алады. Жерді шабады, арық қазады, атыз тұрғызады. Тұқым шашып, су жібереді. Егін піскен соң, орып, өздерінен артылғанын маңайындағы көшпелі елге сатып, мал қылады. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан сайын, егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр орнатып, егінді шығырмен суаратын етеді.

6–7072

Егін күшейген сайын, маңайындағы елдің малына айырбастап қара-құра мал жийыуы да күшейіп, ақырында бәрі ауқаттанып, байыуға айналды. Мұны көріп көшпелі елдерден де қызығушылар болып, Сейітқұлға қосылып, бес-алты жылдың ішінде «Сейітқұл елі» деген төрт жүз шамалы үй болады.

Сейітқұлдың малды табу реті басқалардан өзгеше болғанда, малды бағу, жаудан қорғау реті де басқалардан өзгеше болады. Елінің адал еңбегі, табан ақы, маңдай тері сіңген дәулетін андыған жаудан, ұрыдан, бөріден қалай сақтау қамын ойлап, шымнан биік етіп қорған салдырады, мал күндіз далада бағылып, түнге сол қорғанға қамалады. Бақташыларды іреттеп, жанжаққа қарауылшыларды тәртіптеп қойады. Бұлардың осындай күтініп, бекініп отырғанын көрген-білген ұры-қарылар, барымта-сарымташылар оңай жатқан мал деп қызыға алмайды.

Бұл жағын бүйтіп жөндегеннен кейін, Сейітқұл Бұқарға, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолы түрлі тауарлар алдырып, жылда егін піскен кезде манағы қорғанда жәрмеңке ашады. Көшпелі қалық белгілі кезде малын, жүн-жабағы, тері-терсегін әкеліп егіншілерге беріп, астық жана тауар алатын болады. Сүйтіп, бір жағы сауда, бір жағы егін – екі кәсіпті бірдей істеп Сейітқұл елі әбден байыған елдің бірі болады.

Манағы жоғарыда айтылған Сейітқұлдың ағасы жұрттың малын ұрлап, барымтамен алып, байимын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті. Қалған мал-мүлкін ұрының малы деп, Түркістан ұлықтары талап алыпты. Ағасының қатын-баласын Сейітқұл неше жылдай іздетіп, жанына көшіртіп алдырыпты.

Сейітқұл 1830-ыншы жылы дүниеден қайтыпты. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен ел Қабырға суының бойында осы күнде де көп. Жарлы болып, басқа кәсібі болмаған ел Торғай жағында тез егінге айналады. Ерінбей бейнеттенгендері біраз жылдың ішінде-ақ егін арқасында жұрт қатарына қосылады.

(Алтынсары ұлының кітабынан)

29. ҚАЗАҚ САЛТЫ

Қазақ – малмен күнелтетін көшпелі ел. Бұрын қазақ түгелімен көшпелі еді, қазір де шала көшпелі болып қалды. Бұрын қазақ жаз Арқаны жайлап қысқа қарсы күні жылы Сыр бойына, Жетісу жаққа көшіп баратын еді, қазірде олай қазақ даласының бір шетінен бір шетіне көшіп жүру сиреді. Қазақтың қысы қатты Арқада да тұрақты қыстауы болатын болды, қазақ малға пішен жиатын болды, егінге де айнала бастады.

Бұрын қазақ Сырдан қырға дамылсыз көшіп жүретін заманда, қолындағы малының аман болып, өсіп-өнуі үшін, қыс суықтан қашып жылы жаққа бару, жаз оты-суы жайлы Арқаға келуден басқа, табиғаттың түрлі құбылысына қарсы ешбір амал қыла алмайтын еді. Малға түрлі індет келсе, әр түліктің құдайына өз алдына жалбарынып, жалыну шараларын істейтін: жылқы үшін Қамбар бабаға сыйынатын, түйені індеттен сақтауүшін Ойсылқараға жалбарынатын... Ол күнде қазақ табиғаттың қолайсыз құбылыстарына қарсы ештеңе істей алмайтын. Табиғатты өзіне бағындырып, пайдасын шығару қазақтың түсіне де кірмейтін еді, қазақ табиғаттың сөзсіз құлы еді.

Мал өсіру үшін қолда тұқымдық мал болу керек, онсызеңбекпен мал табу болмайтын еді. Малсыз кедей тамақ асырау үшін байдың малын бағатын, бірақ онымен кедей байи алмайтын, өзі де бай боламын деп ойламайтын; байға жалданған кедейдің есебі байыу емес, тамақ асырау ғана болатын. Малсыз кедей еңбекпен мал таба алмайтын болған көшпелі елдің түсінуінше, ұрлық-зорлық – бұзықтық емес, адал кәсіп, кәсіптің ішіндегі ардақтысы болып шыққан; ол кәсіпті жақсы істей білген кісі елге беделді батыр атанған.

Адам баласының тұрмысы – талас, тартыс. Адам баласы, бір жағынан, табиғатпен тартысады, екінші жағынан, өзара бірімен-бірі таласып, тартысады. Көшпелі елде табиғатпен тартысу жоктың аз-ақ алдында болғанда, өзара талас, тартыс ашық түрде бола келген. Сонымен кошпелі елдің салтында өзара талас, тартыстың жалаңаш түрі – ұрлық-зорлыққа табыну болған.

Бері келген соң қазақ орысқа бағынды, жерінен айрылды, қонысы тарылды, жалпы көшу қалды, ептеп отырықшы бола бастады. Аздап болса да табиғатпен тартысу басталды. Қазақ қысқа қарсы малына пішен жиатын болды, ептеп егін сала бастады. Сүйтсе де табиғатты өзіне бағындырарлық даражаға жеткен жоқ, табиғатқа құл болған күйінде қалды. Егінге белсеніп кірісе алмады. Темір жол жоқ, базары алыс болғандықтан, егін көп шыққан жылы арзан болатын болды да, шықпай қалған жылы сұрапыл қымбат болатын болды. Сүйтіп, бұрыннан миына сіңген еңбектен жирену салты қала қоймады.

(«Елдес»)

30. ШАРУА ЖАЙЫ

Тоқсан түрлі себептердің түйіні бір келіп, қазақ шаруасының қаласы бұзылып, саны азайып, ауданы тарылып отыр.

Көп жерлерде өріс толған жылқы, қора толған қой ертегінің ауданына кетті. Шаруа көркінен айрылған елдердің тұрмыс көркі де қалған жоқ.

Ендігі әңгіме: өткенді көксемей, сары уайым сала бермей, сағым қуып сандала бермей, шала жансарланған шаруаны түзеудің шарасын істеу керек.

Жеке кісі түгіл, жалпақ ел – заманның бұйдалап, жетектеген түйесі. Бұдан қазақ елінің тұрмысынан бірсыпыра мысал келтіруге болады:

Бір кезде қазақ бала оқытудан қашты, енді іздеп таба алмай жүр. 2) Бір кезде ырымға жаман деп сүт машинесіне жоламаған қазақ енді қолына түссе босататын емес. 3) Ұлықтыққа жуан атадан басқаны қоймайтын қазақ енді кедейдің, жіңішке атаның билегеніне бойсұнып отыр. 4) Әке-шешемді ренжітпеймін дейтін қазақ қызы сүйгенімен кетіп жатыр. Мұны ерсі көріп отырған ел де жоқ. Осының бәрін істетіп отырған – заман.

Бұрын қазаққа малыңның тұқымын асылдандыр, егінді жаңа ретпен сал, бақша орнат деп айтқандай болсаң, еріккендікпен айтасыңдар, көре-біле бейнетке белшесінен бат дегенің не? Ата жане бабаларымыздың ізімен жүре береміз деп үстірт қарайтын. Енді ол болмас: заманның жетегіне жүрмеген шаруаның мұрны жырылмақшы.

Осы күні тұрмыстың қай саласына болса да шаруашылық көзімен қарау қажет.

Шаруашылықтың заңы: шаруаның қай тарауынан

шыққан заттар жақын базарға өтімді, пайдалы болса, сол тараудың өнімді болуына артық күш салу керек. Мәселен: үлкен қаланың айналасындағы жері аз шаруаларға астық салғаннан, топтан мал ұстағаннан бақшашылық және сүт шаруасы аса пайдалырақ болады. Темір жолдан қашық жерде бақшашылықтан астық салу пайдалы, темір жолдан 200 шақырымнан әрі жатқан аудандарда астық салғаннан мал өсірген пайдалы.

Шаруашылық көзімен қарағанда қазақ даласында шаруашылықтың өнетін салалары: 1) мал өсіру, астық салу, 3) шөп, жем егу, 4) сүт шаруасы, 5) бақшашылық.

Шаруаның қай саласын болса да түзеу үшін, гүлдендіру үшін білімге қоса шыдамдылық керек. Бақытсыздығымызға қарай, шыдамдылық – қазақ қанына толық сіңбеген сипат. Қазақта әлі жалқаулық, тұрлаусыздық мол, шыдамдылық жоқ: бірі істі бастаса, айағына жеткізбей, тастай береді. Бірақ жалқаулық пен тұрлаусыздық бір жола шегеленген, «қиаметке шейін қалмайды» деп ұғынуға жарамайды. Табанды тәрбиемен, заманның айдауымен шыдамдылық тумақшы.

(«Агроном»)

31. ДАҒДЫЛЫ ЖОЛ МЕН АЙЛАЛЫ ЖОЛ

Дүниеде өзгермейтін ештеме жоқ. Дүниедегі нәрселер неше түрлі болып өзгереді, құбылады, бір күйден екінші күйге түседі, зорайады, кішірейеді, қалпын, пішімін де өзгертеді. Осы күнгі қара жер бір кезде газ тәрізді болған; жүре келе суынған, бірсыпыра заттары сұйық күйге түскен; онан кейін жердің сұйық заттары

қойыулана келе қатайа бастаған; сонан соң көп замандар өткен соң ғана барып, қой батпақ болып жатқан тас темірлер осы күнгі қатты күйіне түскен. Дүниедегі бар нәрселердің бәрі де солай құбылады да тұрады, дүниеде тастай қатып, бір қалыпты болып қалған жалғыз да нәрсе жоқ. Түрлі жан-жануарлар да, адам да соның ішінде солай неше түрлі болып құбылып келді де, құбыла беруге тиіс те.

Бірақ құбылыстың өзі де түрлі болады. Дүниедегі нәрсе табиғаттың заңына бағынып, тиісті жөнімен де құбылады, оның үстіне ақыл-айламен табиғатты қолдан өзгертуге де болады. Данышпан Шарліз Даруиін жан-жануарлардың тұрмысын көрсетіп, табиғаттың жалғаулы заңы мен тұрмыс тартысы заңын тапқан. Жан-жануарлардың ол заңға бағынбайтыны жоқ. Қойан сол заңға бағынып, қысты күні қардай ақ болады да, жазды күні көк шөпке ұсап, көк болады. Қойанның олай түсі өзгермей қалғаны болса, ол табиғаттың талғауына жарамай, тұрмыстың тартысына шыдай алмай, жоғалуы тиіс: қысты күні ақ қардың үстінде түсі басқаша болып жүрген көк қойан да, жазды күні қара жердің үстінде өзгеше болып жүрген ақ қойан да бүркіттің тырнағына, тазының тісіне, мергеннің оғына басқа қойандардан бұрын түсуге тиіс. Ондай қойаннан тұқымда қалмақшы емес. Қойанның бұлай қысты күні ақжазды күні көк болып, тұрмыстың тартысына әдіс қыла алатын болып шығуы бірден болмаған: койан неше мың жылдай табиғаттың талғауына түсіп, сұрыптала келе, осылай түсін өзгертетін болған. Қойанның бұлай түсін өзгертуі, түсін өзгертетін болып шығуы – табиғаттың заңы, оған адамның айласы қосылмаған.

Бір кезде ағылшынның ақсүйек серілері, тұрмыстың қызығына тоймайтын сұлулары, шолақ тұмсық көгершінге әуес болған, сұлу қатындардың көңілін аулау үшін қолда ұсталатын көгершіндердің тұмсығы шолақтары аса қымбат болған да, ұзын тұмсықтары бағасыз болған. Қолда өсіп үйренген ағылшынның көгершіндері тұмсығы ұзын болып, қожасына ұнамай, еркіне жіберілген соң, өз бетімен күн көре алмай қырыла берген, олардан тұқым да қалмаған. Тұмсығы қысқа көгершіндер өсіп, көбейе берген. Әуесқой әйелдердің (табиғаттың емес) талғауына түскен соң, бұл шолақ тұмсық көгершіндер де сұрыптала келе, тұмсықтары мүлде қысқарып, ақырында балапандары жұмыртқаның қабығын өз тұмсығымен жарып шыға алмайтын болған. Оларды күні толғанда қожалары жарып шығаратын болған.

Араб жылқысы ежелден жер үстіндегі жылқынын жүйрігі деп саналатын еді. Ағылшынның атбегілері сол араб жылқысының жүйріктерін жиып, жүйрігін жүйрікке салып, сұрыптап өсіре келе, араб жылқысынан артық жүйрік қылып шығарды. Ағылшынның сол араб жылқысынан сұрыптап шығарған жылқы тұқымын осы күні ағылшын жылқысы деп атайды. Ағылшын жүйріктері минөтіне шақырым шабады.

Міні, бұл ағылшын көгершінінің шолақ тұмсық болып шығуы, ағылшын жылқысының сұрыпталып өрен жүйрік болып шығуы өз бетімен ғана емес, жалғыз ғана табиғат заңынша емес, бұған адамның ақыл-айласы қосылған, табиғат құрылысын, адамның айласын, өзінше үлгіртіп шығарған.

Сүйтіп, табиғаттың құбылысы екі түрлі болады: бір түрі – адамның ақыл-айласы қатыспаған, жалғыз

ғана табиғат заңына бағынып, өз бетімен болатын құбылыс (бұған мысал: қойанның түсінің өзгеруі); екінші түрі – адамның ақыл-айласымен болған құбылыс. Мұның әуелгісіне «дағдылы құбылыс» деп, екіншісіне «айлалы құбылыс» деп ат қойылған.

(«Елдес»)

32. ҚАЗАҚ МАЛЫНЫҢ ТҰҚЫМЫН АСЫЛДАНДЫРУ ЖАЙЫНДА

Бұл күнге шейін қазақ әлі малының санын көбейтумен болып, тұқымын асылдандыру жайында ойланған да жоқ. Сол себепті қазақ малы уақтанып, азып барады. Мұнан бірнеше жыл бұрын Орынбордан Мәскеуге апарған өгіздердің еті 15 пұттан кем болмай жүруші еді, бұл кезде орта өгіздің еті 13 пұттан артпайтын болды.

Мал уақтанған екен – онан қорқуға жарамайды, білім мен еңбек сіңірген кісі малдың тұқымын түзеуге болады. Ғалымдарға және мал бағу біліміне жүйрік тәжірибелі адамдарға мағлұм, мал тұқымының асыл жері шет патшалықтарда екені, ол жерлерде жүйрік айғырдың басы 200 мың[4] сомға шейін барады; бұқаның қымбаты 3 мың, қатта бес мың сом болады, жақсы қошқарларға қымбатсынбай 500-600 сом береді екен. Осы малдардың бойындағы асылы әуелден-ақ осындай болмаған, жүре түзелген. Малдың тұқымын асылдандырушылар көп еңбек сіңірген, ақылмен іс еткен, асырауы, бағып-қағуы жақсы болған, айғыр, бұқа, қошқарларды өз малдарының арасынан-ақ танып салған.

[4] Соғыстан бұрынғы есеппен

Рас, бұл – ұзаққа созылатын жана көп шыдам керек қылатын жұмыс, бірақ ақыры қайырлы, неге десеңіз, малдың тұқымы асылданып, қазақтың қазіргі отырған жер-суына үйреншікті болып өседі.

Екінші жол оңайырақ жана қызығырақ, бұл жол қазақ малын басқа асыл тұқыммен шатастырмақ – қан араластырмақ. Бұл ірет көрмеге оңай болса да, тәжірибеде қиын. Анық білу керек: әлгі тұқым алмақшы болған малдарға, қазақ жерінің ауасы жарамды ма екен, ол мал қазақ жерін жерсіне ме екен. Осыларды салыстырып, бұл тұқымнан пайда бар-жоғын жете білу керек. Ресейде мал тұқымын осы жолмен асылдандырамыз деушілер көп болған, бірақ соның көбі мақсаттарына жете алмаған. Себебі көбінесе тапқан тұқымдары жарамсыз болып ұшыраған, тұқым түзелу орнына бұзылған, малы жерсінбеген.

Енді қазақ малына келсек, жылқы, қой, ешкі секілді малдардың тұқымын асылдандыру үшін шеттен іздемей-ақ, қазақтың өз малынан таңдап, ең жақсы тұқымынан үйірге айғыр, қошқар салу керек. Қазақ малының тұқымы өте жақсы, жалғыз-ақ соны тағы да арттыруға біраз еңбек сіңіру тиіс. Сиыр тұқымын асылдандыру үшін қазақтың өз малынан табылған жақсыларын, сұрыптап араластыруға керек, болмаса тәжірибеде тәуір пайдасы көрінген қалмақ сиырларынан тұқым алу керек (Астырқандық иаки Тсаритсіндік деген тұқымдардың біреуі болсын). Бұл айтқан іретше тұқымның тазаруына бірінші себеп болатын нәрсе – малды жақсы асырап жақсы күту, егер бұған салақтық қылса, еткен еңбек босқа кетеді. Міні, сол себепті қазаққа шөп шабатын мәшине алу керек. Жаңа шөпті қуратпай, мезгілінде шауып алу керек. Осы

күнге дейін «осы жарайды» деп өлшеп шаппай, шама келгенше көп шабуға керек. Мал қыс күнінде азыққа тарықпаса, іріленіп тез өседі. Қазақтың егін салатын жерінде тай, тайыншаларды, айғыр, бұқаларды сұлымен асырау артық. Жас малды неғұрлым жақсы асыраса, өскіш келеді. Айғырлар, бұқалар күшті болса, балалары да асыл жана берік болып туады. Бірақ айғырлар, бұқалар аса семіріп кетпесін, соны ескеруге тиіс. Қазақ малын жылы орында ұстау жарамайды, аса нәзіктендіріп алып, қысқа тебінге шығуға жарамайтын болып кетпесін. Әрине, тымсуық борандарда далаға шығармай, қолда күту артық.

Жұрттың көбі үйірге қосатын айғыр, бұқаларының жақсы-жаманына көз жібермейді. Малдың еркек, ұрғашы екі жағы да бірдей тәуір болса, тұқым асыл болуын естен шығармасқа керек. Жана қазақ малы құнажын, дөнежінінде балалайды. Бұ да пайдасыз нәрсе, малдың тұқымы уақтанып өспей қалады. Тұқым үшін малдың еркегі болсын, ұрғашысы болсын ең берігін, күштісін, сұлуын таңдап аларға керек. Нашарын тұқымға қоспау тиіс – ол еркектерін піштіріп, ұрғашыларын сатуға немесе сойыуға ылайық.

Жақсы айғыр, жақсы бұқа өздерінде болмаған қазақтар басқа жерден сатып алсын немесе үйірге сала тұруға алсын. Бұлай реті келмесе, өздерінің жақсы биелерін тұқым алу үшін жақсы айғырдың үйіріне қоссын. Қазақ жылқысынан жүйрік, жортақ, жорға көп шығады, міні, осыларды піштіріп тастамай, тұқымға арнау керек, шет патшалықтарда осылай етеді.

Қазақ жылқысының тұқымын асылдандырып, өлшеуге толарлыққа жетістірсе, әскерге керек аттарды өкімет те жақсы бағамен қазақтан алып тұрар еді.

Қазақ сиырының тұқымы онша жаман емес, бірақ сүйегі уақ, сүті аз. Жоғарыда айттық, тұқымды қалмақ сиырынан алу керек деп. Бұл туралы жақсы тәжірибе бар. Жақсы дейтініміз сол: қалмақ сиырының тұқымы өзі әуелде қазақтан шыққан: Бұл тұқым суыққа төзімді, жайылып оттауға көнімді келеді. Бұл сиырлар қазақтың осы күнгі тұтынып отырған сиырынан ірі, етті көп береді, жұмысқа шыдамды, бір айыбы сүтті болмайды.

(Бенкевиш)

33. СҮТТІ СИЫРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Қай кәсіпке болса да шаруа көзімен қарап, неғұрлым пайданы көбірек шығаруға ұмтылу керек. Саулы сиыр ұстағанда да пайдалы жақты ескеру керек. Сиыр тұқымына қарай сүт береді. Бір тұқымнан өрбіген сиырдың да жылына 150-200 шелек сүт беретіні де, 30-40 шелек сүт беретіні де бар. Мүйізді мал ұсталатын орнына қарай үш тарау: 1) жұмыс малы, 2) ет малы, 3) сүт малы. Әр тарау малдың өзіне ылайық тұлға, бітімі болады.

Жұмыс малының күші мол болуы керек. Күш – жуан сүйектен, бұқа мойыннан, кеуде, желке еті қалыңнан, әукесі үлкеннен, терісі қалың кедір-бұдырдан шығады. Ет малының еті, май жиналатын жері толық болуы керек. Ет жиналмайтын сүйек, бас, айақ қарын толымды болмайды. Ең бағалы жер арқа, белдеме, сан, қол, кеуде жентекті болу керек.

Сүт малының тұлға бітімі жұмыс, ет малына да ұқсамайды. Бар денесі сүттің шығуына байлаулы. Сүтті сиырдың бас белгісі желінінің бітімінде, желін

толған без. Әрбір без есепсіз көп қуықшадан құралады. Қуықшаның ара-арасын қудалаған ет, май, қан жүретін жерінде ыдыс болады. Қуықша сүтке толса, желін керіліп кетеді, сүті суалса, бұзау емсе, қуықшадан сүт кетіп, желін босап қалады. Егер қуықша арасындағы ет, май көп болса желінді өнемейін керіп сауғанда босатпайды. Мұндай ет желінді, май желінді сиыр сүтті болмайды. Сүтті сиырдың желіні төртпақ жалпақ келеді. Әрбір емшек тұрған орын бөлек қолға білінеді. Сауса да саумаса да тікиіп тұратын, жүргенде шапқа соқтығатын желін сүтсіздіктің белгісі. Жақсы желін сүт толған сайын жан жаққа керілсе де, бұлғалақтамайды, соқтығып кернелмейді. Сүйрік желін жақсы болмайды. Сүтті сиырдың желінінің терісі жиырылып, кең жатады. Сүт толып керілуіне бөгет болмайды. Тығыз жабысқан тері желінді қысып керілтпейді. Әсіресе, жиырынды тері алды-артында болады.

Емшек аса ұзын да, жуан да, қысқа да, жіңішке де болмасқа керек. Емшек ортасында буылтық болмасын және атқан оқтай түп-түзу төмен қарап тұрсын, қисайып тұрмасын. Емшек үстері бір-біріне жақындасып кетпесін. Сүттің көп шығуы желінге қанның көп құйылуынан. Жақсы қанды жеткізіп, жаман қанды алып қайтатын тамыр «сүт тамыр» деп аталады. Бұл желіннен бауырға қарай шығады, көзге де көрінеді. Қолымен сипау былай тұрсын, неғұрлым жуан, бұтақты, іркілдеген қанды болса, сүттіліктің белгісі. Нағыз сүтті сиырдың сүт тамырының тарауы желінінің сыртында білеуленіп шығып тұрады. Сүт тамырдың қарынға кіретін орны щұңқыр келеді. Бұл шұңқыр «сүт құдық» аталады. Мұнын тереңдігі де, кеңдігі де сүттілігінің белгісі. Терендігін сүт құдыққа саусақпен басып өлшейді.

Сиырдың жүні жоғарыдан төмен қарай жығық, желін ай- наласындағы жүн төменнен жоғары қарай жығық, екі жығықтың астасқан жері тақырлау, ашықтау келеді. Мұны «сүт айнасы» дейді. Неғұрлым бұл кең болып құйрыққа қарай өрлесе сүттіліктің белгісі.

(«Агроном»)

34. КӘПЕРАТСІЙЕ (КООПЕРАЦИЯ)

Кәператсійенің шаруаға қандай пайдасы бар жана жастар қалай араласу керек? Әуелі бір азғантай кәператсійенің тариқи жайын айтып өтейін.

Әрбір қалықты алып қарасақ, кәператсійенің өсу себебі шаруашылықтың күйзелу түріне қарай болған. Мәселен: Ангілиеде үлкен, жуан жұдырық байлар жұмыскерлерге үнемі еңбекақы бермей тарылтқан. Мұқтаждық көбейіп, жұмыскерлер ашыққан. Керек заттарын әрқайсысы барып алып келуге күші жетпеген. Соның үшін Оуен деген бір білімді адамы Ангілиеде 1854 жылы кедей, жалшы және жұмыскерлер арасында потребител дүкенін ашқан. Бұл дүкен жер жүзінде бірінші дүкен деп аталған. Себебі мұнан бұрын еш жерде потребител дүкені ашылған емес. Керек заттары болса, қолы жететін жұмыскерлер жана жалшылар осы ортасында ашылған өздерінің дүкендерінен орта арзан бағамен сатып алып тұрған. Әуелі Ротшел деген қалада ашылу себепті «Ротшел потребител дүкені» деп аталған. Кейінге кәператсійе жолын салған осы: Оуен болған үшін бұл кісіні потребкәператсиенің әкесі деп атайды.

Ангілиеден бөтен мемлекетке кәператсийе тарай бастаған, 1864 жылы біздің Ресейде Киноуский за-

уытында (Орал) жұмыскерлер арасында бірінші потребител дүкені ашылған. Мұны ашқан жұмыскерлер бастығы Шернышевский деген кісі болған. Киноуский зауытынан Ресейдің бөтен жағына жайылып көбейе бастаған.

1897 жылы Ресейде 18 потребител кәператіп арасынан ұйым (сойұуз) ашуға қаулы істеген жиылыс Мәскеуде болып, орны да жаңа сонда тағайындалған. 1898 жылы 16 ийуіндегі жарлық бойынша сойыузқабылданып, сонан потребител дүкендерінің кіндік сойуызы осы күнге шейін Мәскеуде болып келе жатыр. Мұны «жалпыресейлік сентрсойуыз» деп атайды.

Сонымен әр жерде ашылған дүкендер саны көбейіп, 1904 жылға шейін сойыузға қосылған кәператіп 144-ке жеткен, 71.937 мүшесі жана істеген саудасы 350 мың теңге болған.

1905 жылы Ресей тоңкерісі мен жапон соғысы 1906 жылы кәператсійе санын азайтады. 1907 жылдан бастап, алға жүре бастап, 1914 жылы сойыузге кірген кәператіп саны 154-ке жетеді. Жергілікті калық дүкенін алсақ, саны 3012 болады. Барлық мүшелері 700 мыңнан асады. Белгілі әлеумет соғысы уақытында тсентрсойыуз жаңа жергілікті кәпертіптердің жұмысы ілгері баса алмайды. Себебі әуелі шаруашылық күйзеліп, екінші, кәператсийе жұмысын істеп жүрген мамандарымыз бөтен жұмысқа араласып, шаруашылыққа қарауға мүмкін болмады, бұлар мемлекет жұмысына жасырын кірісе бастады.

Сонымен 1917 жылы ескі өкімет түсіп, мемлекет кедей жана жұмыскер қолына тиеді. Бұл төңкеріс қалыққа оңай тиген жоқ.

Шаруа күйзеліп басын көтере алмастай, елге қиын-

шылық кіреді. Бұл түрде шаруашылық ұйымын ашу қиын болды. Сонда да кеңес өкіметі барлық қиыншылыққа қарамай, соғыс біткен соң шаруаны оңдауға кіріседі. Жұмыскерлердің жана кедейлердің тұрмысын жөндеуде болып, кеңес мемлекеті 1919 жылы (мартта) жаңа декірет бойынша кәператсійе жұмысын тағы ілгері жүргізеді. Бұл декрет бойынша кәператіп дүкенінде бар нәрсені халыққа текке үлестірмекші болады. Соңынан шыққан 1921 жылғы (7 апірелде) декірет мұны өзгертіп, жаңадан іске кіріседі. Бұл декрет бойынша текке нәрсе берілуін тоқтатып, барлық затты сататын жана сатып алатын болады. Бұл қалыпта сауда жүре бастап, іс ілгеріледі.

Әуелі «кәператіп не нәрсе?» деп сұраушылар болар. Бұған кәператіп қалық ұйымы деп жауап беруге болады. Не үшін десеңіздер, кәператіп жалғыз бір адамның жүргізіп тұрған нәрсесі емес, кәператіп қалық арасындағы жарлы-жақыбайдың жана жұмыскерлердің мұқтажын тауып беріп тұратын ұйым дейміз.

Кәператіп әр түрлі болады. Бұл жерде жалғыз потребител дүкенін ғана алып отырмыз; соның үшін бұл ұйымды ортақ қалық дүкені деп атайды. Осы күні біздің қазақ тұрмысын алып қарасақ, бұрынғы мал кетіп, көшпелі тұрмыстан отырықшы қалыпқа түсіп келеді. Бұлай болған күнде кәсіп түрі өзгерілмекші. Сондықтан ең әуелі кедей арасына потребител дүкенін ашу керек.

Бұл потребител дүкенінің жұмысын алсақ, мұның міндеті – алыпсатарлармен күресу. Біздің қазақта жүнжұрқа, астық, мал жаңа заттар бар, бұларды сату керек. Алыпсатарларға сатса, арзан баға беріп, шаруаның ақысын өздеріне қаратып, жеп қалады, бұл – бір. Екін-

ші, әрбір шаруаның жайын алсақ, азғантай заты үшін матаның арзан жеріне барып ала алмайды. Шаруаның алыпсатарларға жем болатыны осы. Ал, егерде 20-30 үйдің арасында дүкені болып, бар затын дүкенге беріп, өздеріне киім-кешек жаңа бөтен шаруашылыққа мұқтаж нәрсесін дүкен арқылы алдырып тұрса, әуелі шаруа қолындағы зат тиісті жолына сатылып, өздеріне керек нәрсе арзан орта бағамен алынады. Екінші, алыпсатардың құлқынына түсетін пайда өздерінде қалады. Бұлай болған күнде шаруа ілгері жүреді.

(Қойайдарұлы)

35. КҮН

(Толстойдан)

Қыс бойы күніміз төмендеп жүреді: сәулесін қиалап бір бүйірден жібереді. Сондықтан қыс жер жүзінде суық болады, жанды-жансыз заттың бәрі тоңады. Сұры кетіп табиғат солады; айдай әлем жансыз өлік сықылдыболады.

Жарқырап әсем жаз келеді. Жер жүзіне жан енеді. Жылынып, жібімеген зат қалмайды, қыбырлап, қимылдамаған зат болмайды. Қар басына қысым түседі өндетіп мұз бұзылып, күрсілдетіп сең көшеді. Өрден төмен су құлайды; өксіп-өксіп бұлт жылайды. Судан бұлтқа бу асады, дүркін-дүркін жер бетін қара нөсер басады. Мұның бәрін істейтін кім? – Мұның бәрін істейтін – күн.

Дән ісініп өсе бастайды, ескі түбірден бұтақтар тарап, жан-жаққа кете бастайды. Ағаштар көк жапырақка орана бастайды, көк майса айағыңа орала бастайды. Мұның бәрін істейтін кім? Мұның бәрін істейтін – күн.

7–7072

Айыулар жатағынан шығады, шыбын-шіркей қысқы ұйқысынан тұрады, су ішінде маса туып, көбейеді, жылымен балықтар өсіп, өнеді. Мұның бәрін күн үлгереді.

Кісі бөренеден үй салады, бөренені ағаш ішінен кесіп алады. Күн ағаш ішіне сәулесін түсіреді, сүйтіп, ағашты да күн өсіреді. Адам қыш кірпіштен үй салады, беріктікке кірпіштен ізбеспен байлайды. Ізбеспен кірпішті күйдірген отын, отынды әзірлеп қойған – күн.

Адамға тары мен нан керек еді, бұлар күн күшімен өнеді. Адам малдың етін жеп, сүйегін кеміреді, мал шөппен семіреді, шөпті күн өндіреді.

Керек деп адам нан жейді, жеген кісіні нан қыздырады, пеш отынмен жылынады. Қысқа қарай жұрт отын жиады, ол жиғаны күннің жылуы болады. Қыс пешке отын жақтым дегенің үйге күннің жылуын жібердім дегенің.

Жылу тікелей күннің өзінен болады, иә отын мен көмірге, астық пен шөпке сәуле боп түскен күннің көзінен болады.

Жел дермендер, от дермендер айналып жатады, астық тартады. Оларды кім жүргізеді? – Жел мен су. Желді кім жүргізеді? – Желді жүргізетін – жылу. Жылу қайдан шығады? – Жылу күннен туады. Бір жерден ауа жылып жоғары ұшады, оның орнына қарай басқа жерден салқын ауа жылысады. Сүйтіп, жел соғады, олай болса жел де жылудан болады, Суды да жел қуады, жылудың өзі күннен туады.

Пабириктер де жұмыс қып жатады, от арба мен өткемелерді мәшинелер сүйреп зырқыратады. Мәшинелерді жүгіртетін бу болады, бу отыннан туады. Отын ішінде күннің жылуы тұрады.

Қимыл жылудан туады, жылусыз жаның бір сағатта шығады. Міні, енді көреміз, тек жылу болса ғана қимылдап өмір сүреміз, жылу кем болса, қимыл да кем, жылу кем болса, қимыл да кем. Жылу өте күшті болса, қимыл өте күшті.

Сүйтіп, қимылдағаның мен жүргенің,
Жан болып өмір сүргенің,
Қыбырлап жерді басқаның,
Қайратым мол деп тасқаның –
Бәрі күннің арқасы,
Әйтпесе қолынан келмейді басқаның.

(Аударушы: Телжан)

36. ТАМШЫНЫҢ ТАРИҚЫ

Төсін керіп, көк теңіз айнадай жарқырайды. Бір топ тамшы күн шуақта жарысып ойнайды, дірілдейді, қалтырайды. Ішінде біреуі тым еркелейді. Жолдастарының төбесіне ырғып мінеді, мөлтілдейді. Бір кезде ерке тамшының бұлтқа көтерілгісі келді; биіктен теңіз бен жерге көз жібергісі келді.

Ерке тамшы күнге жалына бастады: «Тілегім бер, жоғары көтер», – деп қақсады. Жарық күнге нәрестенің ерлігі ұнады – тамшығақарай сәулелерін қуады. Сәулелер тамшыны қыздырды, қойнына қысты көзге ілінбейтін бу болып, тамшы аспанға ұшты. Жалғыз тамшының жолда іші пысады, сондықтан оның жанына сәулелері тағы жолдастарын қосады.

Ә дегенше тамшылар жоғары көтерілді, бұларды аспанға жел айдап жөнелді. Жел ышқынады, күрсінеді, теңіз үстімен ұйытқып келеді. Тамшылар қызықпен құстан да шапшаң шабады, көзді ашып-жұмған-

ша талай жерлер артында қалады. Бір кезде теңіз де көзден жоғалады. Ауылдарды, қалаларды, далаларды көріп тамшылар қуанады.

Таңданып көрмеген жерін тамшы қарайды, сүйтіп,күннің батқанын байқамайды, түн болады. Салқын соғады. Енді тамшымыз қайда қорғалайды? Жерге түсіп гүлге орануға ойланады.

Жайлап тамшы төмен ұшады, бір мезгілде будан шығып суға түседі. Сүйтіп, гүл жапырағының үстіне барып жатады, әр-беріден соң сарғайып белден таң атады. Көкжиектен күн көрінеді, қуанып тамшы сәлем береді.

«Жарық күнім, мені ал, – дейді, көтеріп көкке тез бар», – дейді. Тамшы сөзін айтып болмай, бу боп көкке кетті, зулады. Талай жерді дем сәтте алды, тау, тас, дала артта қалды.

Күн бек тыншу, өте ыссы еді. Ерке тамшы жолдастарымен жерге түсеміз деді. Бұлар күнге жалынады: «Бізді теңізге жіберсең не ғылады!. Күн бұлардың сөзін тыңдады, нәрестелерді біріне-бірін қосақтап жинады. Енді қара бұлт шығады, қалың тұман ішінде жолдастар біріне-бірі тығылады; ақырында үлкені тамшы болады, тамшылар төмен сорғалады. Нәресте тамшы жерге тырс етіп түседі, түскенінде шуылдап, сылпылдап, сырылдағанын құлақ есітеді. Бірақ адамдар масайрап күліседі: «Жаңбыр жауды» деседі.

Тамшымыз келіп үлкен тасқа соғылады, ырғып түсіп басқа жолдастарымен қосылады. Тамшылар жиылып, сел болады. Сел жиылып, сай толады. Тамшы ілгері аға береді, аралап талай жерді көреді.

Сол кезде қатынға су керек еді, шелек алып өзенге келеді. Шелекпен қатын су алады, тамшымыз шелек ішіне барады. Сумен қатын кір жуып, жайып қойады,

күн көтеріліп, тамшымыз тағы бу болады. Бу көзге ілінбей, жоғары шығады. Көкте мұны тағы жел қуады. Көп уақыт тынбай тамшымыз жолаушылайды. Енді күн мұны көпке шейін тыныштандыруға ойлайды.

Жел ойнақтап тамшыны батысқа ала жөнеледі. Тынбай ілгері айдап келеді, тамшы да бірге ұшып кетеді. Бір кезде жалпақ ақ даланың үстінен өтеді. Бұл жеріміз Қазақстан еді. Қыс болып, жер бетін қар басқан еді.

Тамшы қатты тоңа бастайды, тоңып түсі оңа бастайды. Тоңа, тоңа қатайады, жалтырайды, ағарады, жепжеңіл әдемі жұлдыз бола қалады. Түйдек-түйдек ақ жұлдыздар төмен түседі. Адамдар «қар жауды»деседі.

Кішкене жолаушымыз далаға түсті. Қатты ұйқыға кірді суық жел есті – жарты жылдай тамшы ұйқымен болады. Бірте-бірте күн ұзарады, бір кезде жылы жел соғады.

Күн қыздырып, қар еріп, ағады. Қатқан тамшы тағы суға айналады. Тамшылар бірігіп көбейе бастады, сайсаламен жүгіре бастады. Лайланды, шуылдады, бұлдырлады, ақырында жыраға келіп құлады.

Жолшыбай бұларға басқа тамшылар құлайды. Бірте-бірте өзен ұлғайды. Бір кезде бұлар үлкен өзенге жетеді. Алдымен таныс тамшымыз өзенге жүгіріп келіп беріп кетеді.

Ормандар, қалалар, таулар артта қалады, сылдыр қағып тамшылар әлі тынбай жүгіріп барады. Бір кезде көрінбей жер де артта қалады. Өзеннің уақ толқындарына таудай-таудай ашшы толқындар қарсы шығады. Жолаушылап қайтқан балаларын теңіз құшағын жайып қарсы алады, қуанады, күледі; сүйтіп, тамшымыз тағы үйіне қайтып келеді. Көрген-білгенін туғандарына келіп, сөйлейді.

(Аударушы: Телжан)

37. ДҮНИЕ ҚАНДАЙ?

Атақты есепші Ейлер діншіл еді. Берлиннің бір молдасы Ейлерге: «Қалық діннен айрылған: мен шіркеуде дүниені қандай тамаша қылып Құдай жаратқан десем, өткен пилософтардың айтқанын айтсам, дін кітабының анасы «Библиа» сөзін сөйлесем, жарты кісі мені тыңдамайды, жарты кісі не қалғып кетеді, не мен сөйлеп тұрғанда, шіркеуді тастап шығып кетеді», – деді қамқор молда.

Сонда Ейлер молдаға: «Ескі пилософты, «Библианы» жауып қойып, осы күні дүниеге білім қалай тарайды, соны жұртыңа айтып қарашы. Ел құлақ қоймаған насиқатқа грек пилософы Анаксагор айтқан деп, күннің үлкендігі грек аралы Пелепенстей деген шығарсын, енді екі де екі 4 болса, осындай анық есеппен есептеген күн жерден бір миллион үш жүз мың қайтара үлкен (1.300. 000).

Он пұт бидайды бір жерге төгіп жаңа бір бидайды тастаса, көп бидай күн, бір бидай жер болады. Ииупитер 1300, Сатурн жұлдыздары 900 қайтара жерден зор.

Жұлдыз бен жұлдыз арасы, жер мен жұлдыз арасы шақырыммен өлшеуге келмейді, мұның кезі күннің жарығының жүйріктігі болсын, күннің жарығы бір секондте 288 шақырым жүреді. Ал енді мынаған қараңыз: бір жұлдыздың жарығы жерге шейін 3 жылдан кем жүрмейді. Ал тағы көп жұлдыздар бар: бұлардың жарығы жерге шейін он, жиырма, елу, жүз жыл жүреді. Сонда жерге жетеді. Тағы мынаған қараңыз: кей жұлдыздар жоғалып, ұшып кеткеннен кейін неше мың жыл жердегі бізге көрініп тұрады. Жоғалардағы жарқ еткен жарығы неше мың жылда ғана жерге келіп жеткені сол болады».

Ейлердің молдаға берген ақылы осы. Бір күні мөлиіп молда Ейлерге келіп: «Ай, Ейлер-ай! Адам баласы шіркеудің, Құдайдың қадырын ұмытты. Мен сенің айтқаныңды қылып едім, мені құрметтеп қабыл алды», – деді молда.

Сүйтіп, дүние біздің жерден үлкен көрінеді. Ал жер қандай?

Жер жұмыртқадай домалақ. Жерді тап ортасынан тесіп, өлшесек бір шеті мен бір шеті 12 мың шақырым болады, жердің белдеуі 38 мың шақырым болады.

Ай қандай?

Жер айдан 49 қайтара зор. Ай мен жердің арасы 360 мың шақырым. Тоқтамай бұлаң құйрықпен отырған қазақ 7 жылда Жерден айға барар еді.

Күн мен жердің арасы шақырыммен санасақ, саны оқуға қиын сипыр болар еді. Сағатына 60 шақырым жүретін темір жолдың арбасы тоқтамай жүре берсе, 266 жылда Жерден күнге жетер еді. Бір шақырымға бір тиін алса, темір жолдың белеті бір милліон 400 мың сом болар еді.

(Қыр баласы)

38. ЛЕНИН

Адам баласының тариқына қарасақ, әр қалықтың өз заманында белгілі бір көш басшысы болған. Әр заманның өзіне ылайық, білгір, жүйрік, данышпандары шыққан. Бұлардың қай-қайсысы болса да, әділдік заңының таразысына тартылғанда, бірлі-жарымы болмаса, көптің тағдырын шешкен, шын адамшылыққа баға бергендері аз-ақ еді. Осылардың бәріне, шетінен қылға тізіп баға беріп өткенде, кешегі атағы жер жарып

шыққан, В.И.Ленин-Улианов деген кісі, бұ заманның пайғамбары деуге болатын еді.

Сабаз бүкіл жер жүзінің езілген, кедей, жұмыскер табына адалдық, адамдықтың жолын ашып, бостандық әперіп, дүние жүзін жауыздық қаптап, бұзықтық өрбіген, уақытта, бұлттан шыққан күндей болып, жылағайды күлдіріп, талайды масайратқан қайран ер!

Осы 24-інші жылы дүйсенбі күні 21-інші ғинуарда опат болды. Ленин жолдас бұдан 54 жыл бұрын 2-нші Александр патшалық құрып тұрғанда, Сімбір қаласында 1870 жылы туды. Ленин жасынан-ақ талапты, өткір, жігерлі болды. Қолға алған ісін айақтамай тынбайтын, ынталы, тағанды, қандай іске болса да тексерулі болды. Оқуды әуелі гимназиада оқыды. Гимназианы бітірген кезде, оның үй іші бақытсыздыққа ұшырап, патшаға қарсы болғандығы үшін, ағасы Александрді 3-ші Александр патша дарға асып өлтірген.

Ағасы өліп, Ленин қажи қоймады, қайта онан жаман залым өкіметтің қармағынан құтқаруға, кедей, жұмыскерлердің арасында қызмет істей бастады.

Ол сол уақытта Қазан университетіне түсіп оқыды. Оқуының алғашқы жылдарында-ақ өкіметке қарсылық жасаған студенттердің ісіне қатысқаны үшін, университеттен қуылып, Кукушкин деген жерге жер аударылады. Қанша бейнет көрсе де, қоймай жүріп 1891-1892 жылдарда емтиқан ұстап, университета бітіріп кетеді.

1894 жылы Петербор келіп, жұмыскерлердің арасында бірнеше ұйым ашып, өзінің тілектес жолдастарымен бірге қызмет етеді. Политсиа бұлардың соңына түсіп, ақырында қолға түсіп, жеке-жеке тұтқын қылып

жолдастарын абақтыға жабады да, Лениндi Сібірдегі Лена деген өзеннің бойындағы жерге айдап жібереді.

Бұ кісінің Ленин атануы да, әлгі Ленадан шықса керек. Бұл оқиғасы 1895-1897 жылдарда, бұл жүрісінде де Лениннің қалықты қысымшылықтан құтқару үшін еткен қызметі жұмыскерлерді сотсиализм жолымен таныстыруы, шығарған кітаптары толып жатыр. Айдалса да, жай жүрсе де, өмірін жұмыскерлердің арасында өткізді. Сол жүргендегі уақытын кітапқана, газет, жорнал редактсиасында алатын болды. Одан 1900 жылдарда, шет мемлекеттерге барып «Ұшқын» дейтін газет шығарады. Лениннің бұл газеті талайдың көзін ашты. Ленин бұл газетінде сотсиализм жолында марксистпін деп жүрген мырзалардың адасқандығын айқын ашып беріп, жол көрсетіп жүрді. Олардың түбінде шын марксист бола алмайтындығын біліп, 1903 жылғы Швейтсариада болған сотсиал-демократтардың жиылысында көпшілік жағын алып, өзіне ергендерді бөліп әкетті. Бұдан кейінгі Лениннің істеген жұмыстары толып жатыр. Лениннің атылған оқ, шабылған қылыштың астында жүріп, жауыздықпен алысуы босқа кетпей, 30 жылдай өмірін өксітіп салған жол, көрсеткен үлгісінің арқасында, күн шығыс қалқына, оның ішінде жердің алты бөлігінің бірін билеген Ресей қалқына бостандық туғызып, құрдастық, туысқандық туын тікті. Коммунизм жолын бастап шығарған Маркс десек, түйінін шешіп, тотын аршып, қазып шығарған Ленин болатын. Лениннің білімін, ақылын басқа адамға балауға болмайды.

Лениннің кім екенін, оның қызметін, әділдігін түгел жазсақ, үлкен бір кітап жазу керек болады.

(Сәрсенбіұлы)

39. ЛЕНИН ЖӘНЕ ОРТАҚШЫЛ ПАРТИАСЫ

Ресейдің ортақшыл партиасының тариқы Ленинмен байлаулы, үйткені партияны бастап партия қылып құрып, жөнге салып, неше түрлі қатерлі замандардан шаң жұқтырмай алып шығып, октебір төңкерісінен соң ортақшыл партиасын өкіметтік партиа болуға жеткізген Ленин жолдас еді.

Осы күнгі ортақшылдар партиасы әуелден бұл атақпен жүрген жоқ. Бұрын партианың есімі «Жалшылардың сотсиал-демократ партиасы» деген еді. Ертеден-ақ бұл партиа екі жолға түсіп кетті: меншевик және болшевик жолы.

Меншевиктер – жалшылар әлі тап болып жеткен жоқ, соның үшін Ресейде жалшылар төңкерісі де болуға мүмкін емес. Төңкеріс байлардыкі ғана болады, жалшылар соларға көмектес болып, бірлі-жарымды шаруалық мақсаттарды ғана көздеу керек жана партиаға мүшелікке партианың жолын танып, партиалық салымды өтеген кісі алынсын деді.

Ленин: Жоқ, жалшылар тап болып жетісуге айналды. Ресейде жалшылар төңкерісі ғана үстем болуға тиісті. Төңкерісте жалшыларға байлар жолдас болмайды. Патшадан жана алпауыттардан тайақ жеп жүрген қара шаруалар ғана жолдас болады. Партиалық салымды өтеген кісіні ғана алуға болмайды. Онда партиаға кім болса сол кіріп, партианың таптық сипаты жойылады. Партиаға мүше болушы партиа ұйымдарына қызмет етуге міндетті болсын, сонда ғана партиа шын төңкерісшілер партиасы болады», – деді.

Ондағы Лениннің мақсаты партианы жаман адамдардан сақтап, шын таптық төңкерісшіл партиа қылып шығару еді.

Осындай сайасатпен ғана бөтен жалшылар партиасымыз дегендер тозып, жалшылардан сырт айналып, майданда байлар жағына шығып кеткенде, жалғыз-ақ болшевик партиасы жалшылардың тап күресін басқарып, жолдан таймастан келді. Кейбіреулер партианы жоғарыдан билеп-төстеу керек емес, еркіншілік болсын дегенді шығарды. Бұған да жолдас Ленин тиісті төтепкі берді. Мұндай қысылшаң, тар заманда партианы бос ұстау, партианы дұшпандар жойсын деген. Партиа жаңа партианың басқарған жалшылар табын сүйген төңкерісшіл партиада қатаң тәртіп жүргізу керек деді. Бұған шыдамай қобалжығандарға Ленин қолды бір-ақ сілтеуші еді.

20 жылдай партиа көсемі болып, жолдас Ленин осы ұстаған негізгі жолдан танбастан келіп, заманының өзгеруіне қарай, партианың өзі ара аралас қатынас жаңа партианың партиадан тыс жалшылар, қара шаруалармен қатынасы туралы істі замананың жағдайына қарай жаңылмай, дәл орындаумен келді.

Меншевиктер талай Ленинге қарсы үгіт ашып, жалшыларды өздеріне аудармақшы болды жана жалшылардың да қобалжыған уақыттары болды. Бірақ нақ төңкеріс күресіне келгенде іс жүзінде жалшылар кімнің дос, кімнің қас екенін айырып шыға келуші еді. Сонымен ғана жалшылар октебір төңкерісінде меншевиктерден сырт айналып (шынында меншевиктер жалшылардан сырт айналып кетті), болшевиктер артынан кетті.

Жолдас Лениннің ұстаған осындай қатаң, жолдарының арқасында партианың абыройы артып, өзі де күшейіп, неше қысылшаң уақыттардан шаң жұқтырмастан таза таптық партиа күйінде келді.

Жиырма жылдай партианы басқарып жүргендегі Ленин жолдастың өзгертпестен ұстаған жолы: партианың кеулі болған құрылыс ұйымдарын жана қатаң тәртіпті жоймау керек. Сонда ғана жалшылар үстемдігі сақталады.

(Жағыпар)

40. ҚУАНЫШТЫ КҮН

Бүгін 30-ыншы декабір. Не себепті болса да бір мейрам, бүгін кеңседе жұмыс жоқ, қол бос. Орынборда елдегідей ат үстіне мініп, ауыл қыдырып, көңіл сергіту жоқ болып, бұлайғы күнде өнемейін кеңсе жұмысы кісіні басыр жасайтындықтан, мейрам күні қадірлі таныстарыңа жолығасың, жүресің, қыдырасын, бірталай көңіл көтересің. Күн мейрам. Елегізіп, көңілім әр жолға бір талпынды. Күннің сәске уақыты. Көңілім енді түс болады, онан кеш болады, түн болады, ұйықтайтын уақыт келеді, ертең қайтадан кеңсеге барып, жұмысқа байланасың деп, қалған уақытты азсынып, көншімегендей, бір азырақ бой жазып, көңіл көтеріп қайтуға, бөлмемнен шығып, көшеге жүрдім. Бүгінгі мейрамға бола болып тұрғандай, күн өте жылы, көшенің екі бетіндегі сиректеу-сиректеу теректердің басын зердің шоғындай көркем боз қыраулар ұстаған.

Бассаң бетке соғылғандай жел жоқ. Жер бетіндегі кірлі қардың бетін боз қырау жауып, көшенің екі бойы жайып салған киіздей теп-тегіс. Тек қана ийуілдегі тас төбеге таман шақырайып келіп, ажырайып тұратын күн бүгін де әдеттегіше бесіндіктен бері шықпай, биік үйдің төбелерінің іргелігін бетіне ұстай-

ды, тасаланады. Мені әбден сағынсын, болмаса ызалансын деп көңілімді біліп-қойғандай құрттай көрінсе, үйдің тасасына түсіп ала жоғалады. Бүгін бір жақта үлкен той болып жатқандай, ерсіл-қарсыл кісі тасып, соғылысқан езбозшіктер. Көшені қақ жарып, быж-быж етіп, жындай толкып гүрілдеген аптомобилдер. Бәрі де көшенің бұрмаларынан, атой беріп құрттай қайнап сапырылысқан. Күннің бүгінгі әсем тұрысын таңғынған сиақты, көшенің екі бетінде қарашадай қатар түзеп, әрлі-берлі қадаңдап басып жүріске түскен, өңшең әп-әдемі адамдар. Бәрі де көңілді, бәрі де шат.

Қай бір жерлерде дырау етіп алдына қойған қазақ мектептерінің атағы. Бір кісінің баласындай, бір түсті киіммен киініп есіктерінің алдына қызыл керіске түсіп, сөз жоніне таласып жатқан балалар. Осының бәрін көріп келем. Көрген сайын әр түрлі ой, бойымды билеп, терең қиалға шомып келем. Көшеде келе жатқан сүлдем, көңілім қазақ сақарасын кезіп жатыр, осындай жақсы күнде қой соңына салған қазақ кедейінің баласына барып жүр. Кедейдің тұрба қондырып, терезесін жылтитқан, жападай қыстауын көріп жүр. Қазақ кедейінің қайткенде ұлтанды ел болып, бір орынға қалай қор төгерін, қазақ қызының не қылғанда көзі ашылып, қорлықтан құтылатын мүмкіндігін көздеп жүр. Тосыннан құлағыма көңілді лепілдетіп, қазақ Кызының сыңғырлаған әні естіле қалды. Әлдене деп тыңдай қалдым. «Қасірет-шерің жойылды, малға сату қойылды, көтер енді бойыңды», – деген сөз анық естілді құлағыма. Не екенін түсіне алмай, мына сөзге бүтін қазақ қызы жиылып келіп ән салғандай, қорлықтағы мен ойлаған қатын, қыздар да осының ішінде жүргендей көріп, қасымдағы кісілерді иығыммен қаға көшенің бұрмасына шықтым.

Жүрегім жарылып кете жаздады. Орынбордың көшесін қақ жарып, қарсы алдына қызыл туды көтеріп ән салып келе жатқан қазақ қыздары, бұларды қошеметтеп сан-сапат кісі топ жасаған.

Кең сақарада, жазық қырдың қиыр ұшына жететін қоңыраудай таза дауыстарымен бір ауыздан: «Қасірет-шерің жойылды, малға сату қойылды, көтер енді бойыңды», – деп, күңірентіп келеді, алдында қызыл ту.

Қызыл ту желбірейді. Қазақ әйелдері қызыл туды бастарына көтеріп, көлеңдетіп келеді. Жүгіріп барып сұрап қалсам, бүгін 30-ыншы декабір, қазақ сақарасында қалың малды қалдыру, көп қатын алуды жойыу туралы әділ заңының шыққан күні екен. Қуанғаннан не дерімді білмедім. Көңілдегі шаттыққа шыдай алмай: «Қасірет-шерің жойылды, малға сату қойылды, енді көтер бойыңды», – деп, мен де бірге айқайлап, дауысымды қостым.

(Ғ. Сұлтанұлы)

قازاقستان وقىۋ كەمەسەرىيەتى.

بايتۇرسىن ۇلى اقمەت.

ساۋات اشقىش

دىبىس ءادىس جولى مەن
تارتىپتەلگەن قازاقشا ءالىپبي.

ساۋاتسىز ۇلكەندەر ءۇشىن 1-كىتاب

سەمەيدەگى گۇبىرنەلىك باسپاسى «گۇب-نيزدات»تىڭ باسپاقاناسى.
1926-جىل.

جەر ئۇزىننىڭ جالشىلارى بىرگىگىدەر!

بايتۇرسىن ۋلى اقىمىت.

ساۋات اشقىش

ئىبىس ئادىس جولى مەن
تارتىبتەلگەن قازاقشا ئالىبىي.

ساۋاتسىز ۋلكەندەر
ئۇشىن 1 - كىتاب

БУКВАРЬ
для взрослых
АХ. БАЙТУРСУНОВ

باسىمىرىشى قازاقستان وقۋ كەمەسەرىيەتى.

Народный Комиссариат Просвещения К. С. С. Р.
1926 г.

Байтұрсынов, А.

Сауат ашқыш [Мәтін] : дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би / А. Байтұрсынов ; Қазақстан оқу комиссарияты. – сауатсыз үлкендер үшін 1- кітап. – Семей : Семейдің губерниялық баспасы, 1926. – 83 б.

Араб графикасымен.

095642 19585 РК



Гублито № 285 Тираж 7400

Типография Семипалатинского Губернского Издательства.

ا-ر-ز*

ا	ا	ر	ز	زار
ر	ز	ا	ا	
ار	از	ا-را	ا-زا	ا-زار

ار، ارا، از، ازا، ارار، ازار، زار.

*) بۇل ئۇش قارىپتى ۋىرەتمۇ ئۇشىن، ئۆەلى، ئار قايسىسىن بولەك-بولەك قاغازغا ۋاسكەن ەتىب جازىب، ئار قايسىسىن بولەك-بولەك كوىسەتمۇ كەرەك. وقىۋشىلار ئار ئىرىدىن جاشىلماستىي بولىب بىلگەنىمەن كەيىن البىمىگە قاراتىب وقىتمۇ كەرەك.

ا ل ا ل *)

ا	ا	الار	ار	زار
ل	لا	ارا	ارلا	زارلا
ال	الا	ارال	ارلار	زارلار

ال، الا، الار، ارا، ارال، ارلا، ارلار، از، ازا، ازار، زار، زارلا، زارلار.

س س س

اس	سال	ساس	راس
اسا	سالا	ساسار	سارا
اسار	سالار	ساز	ارلاس

ساز، از، اس، اسار، السا، الار، سالسا، سالار، ازسا، ازار.

*) بۇل جەردە ايتمۇ كەرەك: كەڭي قارىپتار كەلەسى قارىپتار مەن جالعاسادى، كەڭي قارىپتار جالعاسبايدى دەپ. «ا»، «ر»، «ز» جالعاسبايتۇن قارىپتار؛ «ل» جالعاساتۇن قارىپ، بۇعان قارىپ جالعاردا، قۇيرىعىن كەسىپ قىسقارتامىز دەۋ كەرەك. مۇنان باسقا جالعاساتۇن قارىپتار تۇۋرالىدا وسىنى ايتمۇ ءتىيىس.

ت ثت ت

ات	تازا	تاس	ساتار
اتا	تار	تاتار	ارتار
تاز	تارا	سات	تارتار

ات سات. تال تارت. اس اسات. الا ات. تاس
تازا. ارال تار. تاتار ات ساتار. سارت الار.

و و

ور	سور	زورلا	تور
وت	سورار	ول	تورلا
وتار	زور	ولار	تورلار

ات وزار. تور توزار. ورتا تولار. ولار ارتار.
ل تارتار. وراز وسال. ورال وزار.

ن ن ن

ون	تانا	سان	سونا
تون	نان	سانا	وننان
انا	نار	سانار	تونان

نان ان. نار زور. اتان ارزان. ون تانا. ات ازار. تون توزار. اسان اتار. اتانان نار زور. اسانان وسان وزار.

ق ق ق

اق	تاقا	ساقال	قولقا
وق	ساق	قاتار	قالقا
تاق	ساقا	قول	قالقان

قار اق. قارت ساق. قازان قارا. قازاق توق قوس الاسا. قوناق قونار. اق قارا ارالاس. قازاق تاتار قارالاس. اسان، وقاس قوستاس.

ب ب ب

وب	بالا	بور	ازبار
وبال	ساب	بوران	قان
بال	سابان	تابان	قانباس

ات البار. نار بوتا. بولات بالتا. نان قالتا. قار بورار. بوران بولار. بوقان بافان الار. قوقال سابان سالار.

د د ی

اری	قانی	سدریق	دریس
اریق	التی	تق	قمن
ازیق	سالتی	سس	قمنی

وت بار. ورتن تار. ازیق ارزان. ساریق اریق. التی اسق. قمریق قمز. وتمز بالتق. ون سدریق. بالا وریق تارتار. قاتمن قاب توقمر.

ۋ ۇ

اۋ	تاۋ	تاۋ	تابىۋ
اۋا	تاۋىق	قاۋىن	تانىۋ
اۋار	ارىۋ	سالىۋ	ساۋىۋ

اق وتاۋ. اسقار تاۋ. اساۋ اتان. سارى قاۋىن. ساۋلىق ساۋىن. بالاۋ اس. تاۋ تاراۋ. اۋىل السس بالىق اۋلاۋ. وراق وىىۋ. اۋىىۋ ات. تال ساباۋ.

ۇ ۋ

ۇر	تۇر	بۇق	قۇلان
ۇرا	تۇرا	بۇقا	قۇۋان
ۇل	تۇۋ	بۇۋ	قۇۋات

بۇزىق بۇزار. قۇلىن تۇۋلار. قۇنان قۇلا. قۇۋلىق سۇر. قۇراق قۇۋ. وتىن سۇۋ. تۇرا تۇر. تۇۋرا بۇر. قۇر اتقا قۇىىق سال.

ج ج ج

جات	جول	جۇل	باج
جاتار	جوتا	جۇلقى	تاج
جاتاق	جوسا	جۇلقىۋ	ولجا

وت جانار. جول تار. ات جاتار. جوسا قىزىل. جۇلىن ۇزىن. قار جۇقا. جار جاقىن. قانجار قارىڭ. جاتقان جاتاق. جاتاق اتاق. ۇرىس جانجال.

ش ش ش

اش	شالا	قاش	شورتان
اشار	شاق	قاشىۋ	شولاق
شال	شاقشا	قاشان	شوشاق

اشىۋ باش. شاشىۋ شاش. شولاق شاش. جولاق الاشا. شال شارشار. شابان ات. قارا شانا. قۇلاش ارقان. قۇشاق وتىن.

م ه ه

تام	شام	مول	الما
تاماق	شاما	مولا	الماس
تامشی	شامالی	مولالی	تانماس

مال امان. ماس جامان. تامشی تامار. مالتا اششی. سۇۋ تۇششی. التىن سالماقتی. مامدق جۇمساق. سىرماق قاتتی. جالشی مال تابار. بالىق قارماق قابار.

ع ع ع

اعا	اعىن	العىر	جالعىز
اعاش	شاعىل	شالعىر	قالعان
شاعىم	ساعىم	تارعىل	جالعان

ات تاعالات. تاعالی ات. جورعا ات. جورعا جورعالات. شاعان اعاش. ساعىم بۇۋ. العىر تازی. اعىن سۇۋ. ومار جارعىش. مۇرات سىرعىش.

د ل

ادام	ادىر	جىلدام	بارىدى
ادال	ادىم	الدى	بالداق
اداس	دوعا	قالدى	ساندىق

ادىر ادام. دابىل جول. جىلدام جازىق. ومارعا وقاس جولداس. الدىندا ارىا، ارتىندا ات. ادالدىق ارلى ادامنان تابىلادى. بۇزىق باسى بۇۋرىلدان.

پ پ پ

اپا	ارپا	توپىر	اقپان
اپان	پارا	پۇل	بالاپان
وپالا	دوپ	پىلان	وسپان

اسپان اشىق. قورا باتپاق. اققۇۋ اپپاق. شاپان شاپشاق. جاس جاپىراق. قارا توپىراق. ارپا استىق. سورپا تاماق. اقپاندا سۇۋىق. بولادى.

گ ك ق

الق	وك	سوكعى	شاكداق
تاك	وكدى	شاك	موكدى
تاكدا	سوكى	شاكى	موكداس

قاسقىر الق. دالا شاك. بالا توكدى. ماتا وكدى ات ماكقا. اسىق وكقا. شاپان جاكا. نار شاكداقتا جاتىر. تاكداعان تازعا جولىعار. ونىك اتى وكعار، مۇنىك اتى مىكجاسار.

ي ى ي

اي	تايار	بوي	قىي
اياز	وي	بويا	قىيىستق
تاي	ويلا	بويى	قىيىىن

اي جاىىق. باي ساراق. مايى جامان، شايى سۇيىق. قۇيشىسى جالاكاش. ساي سايعا قۇيادى، باي بايعا قۇيادى. ايىۇدان قورققان اعاشقا بارماس.

ئو ئۇ ئى ئا (*)

ور	ۇر	تىس	ئان
ئور	ئۇر	ئىس	ئاندىم
ون	ۇن	سىسىز	ئاندىڭ
ئون	ئۇن	ئىسىز	ئانى
ول	تۇز	تىس	ئىمان
ئول	ئۇز	ئىس	ئىساندىم
وت	تۇس	سىى	ئىساندىڭ
ئوت	ئۇس	ئىسى	ئىساندىمىز
توز	ئىسۇت	تىسى	ئىسانگىز
ئوز	ئىسۇتى	ئىتىسى	ئىمان

قامىس ور. قامشى ئور. وڭ ایاق. جاقسى ئوڭ. بوز ات. اق ئبوز. دوپتى ۇر. وتتى ئۇر. اق ۇن. اشدق ئۇن. مالشى مال باعىب ئجۇر. اتدڭ تورى. ئۇيدىڭ ئتورى. توعانىڭ ئتىلى. قاسقىر ئالدى. قويان ئالسىز.

*) «ئ» دایەكشى دەب اتلادى. الدىندا دایەكشى تۇرعان سوزجە شمشكە وقىلادى دەۋ كەرەك.

ه ه

ه ل	زه ر	مه ن	اۆ ه
ه ر	جه ر	مه نی	اۆ ره
ه ز	ته ر	مه نك	ته ره ك

دەم ال. دورباعا جەم سال. جەردە قار جۆقا. تەرەزە تەرلەب تۆر. سەن وقەدەك، مەن تىگدادەم. ئۆش جەردە بەس ـ ون بەس.

ك ك ك

ه ك	كه ل	كه م	كه ر ه ك
به ك	كه ت	كىله م	كۆ ر كه
به كىن	توك	كۆ لكى	ه ر كه

كۆن شىقتى. تۆمان سەر بلدى. ات كەر بلدى. كەلىنشەك تەزەك تەرەدى. سەر كە سەكىرەدى. كىيىك ورعىرى. تەكە قارعىيدى. كەمە جۆزەدى. كەسەرتكى جورعالايدى. كۆيكەنتاي ۆشادى.

گ گ گ

كوك	ەك	جەك	جىك
كوگى	ەگىن	جەگىن	جىگى
تۇك	شەگە	جەگىۋ	جىگەر
تۇگىن	شەگەن	ەگەۋ	جۇگەن

كوب جاساعان بىلمەس، كوب كورگەن بىلەر.
ئتۇبى بىرگە تۇتبەيدى. ەكسەك ەگىن، شەرسىن
تەگىن. بۇلـگەن ەلدەن بۇلدىرگە الما. جۇرگەن ايىققا
جورگەم بىلىنەدى. ئىر كورگەن ئىبلىس، ەكى كورگەن
تانىس. توسەگىگە قاراب، ايىعىگدى كوسىل.

قازاق تىلىندەگى دىبىستار جانە ولاردىڭ قارىپتارى (تاڭبالارى):

ا ب پ ت ج د ر ز س ش ع ق ک گ ڭ ل م ن و ۇ ۋ ە ى ي.

جانە جىگىشكەلىكتىڭ بەلگىسى «ء» (دايە كشى).

داۋىستى دىبىستاردىڭ تاڭبالارى:

ا و ۇ ە ى.

داۋىسسىز دىبىستاردىڭ تاڭبالارى:

ب پ ت ج د ر ز س ش ع ک گ ڭ ل م ن ۋ ي.

قازاق تۇتىنباعان مەن، باسقا تۇرىكتەردىڭ تۇتىنىۋىنان شىققاعان اراب الىپپەسىنىڭ قارىپتارى:

ث	چ	خ	(ح)	ذ	ص	ط	ظ	غ	ف
(تس)	(ش)	(ق)		(ز)	(س)	(ز)	(ت)	(ز)	(ع)	(ۋپ)

ھ (شارشاعاندا شىعاتۇن داۋىستىڭ ايىق ءۇنى)

1) تور ایعىر ئېيىدىڭ تاقپاقتارى.

بارلى، بارلى، بارلى تاۋ؛
باسى ەسەننىڭ دەنى ساۋ.
ۋىيقتاماسا، قاباق جاۋ.
دشبەي جۇرسە، تاماق جاۋ.
اردق اتقا قامشى جاۋ.
جىرتىق ۋىگە تامشى جاۋ.
ۋىرىسقاق بولسا، ۋلىڭ جاۋ.
كەرىسكەك بولسا، كەلىن جاۋ.
قاشاعان بولسا، اتىڭ جاۋ.
قارىسىا بولسا، قاتىن جاۋ.
تەنەگەن بولسا، بىيەڭ جاۋ.
سۇيكەنشەك بولسا، تۇيەڭ جاۋ.
تۇيەڭ مەنەن/ بىيەڭدى
الىب كەتسە جىيەن جاۋ.
ۋل ون بەسكە كەلگەنشە
قولعا ۋستاعان قوبىزدىڭ
ۋل ون بەستەن اسقان سوڭ،
ئتىل الماسا دوڭمىزدىڭ.
كوكبەكتەن ئوامب قاماسا،
جاسىندا كۇيەۋ الماسا،
كورىنگەن مەن ويناسا،
بارىنەن ۋاسكەن قىزدىڭ جاۋ.

(شورمان جىيعانىنان)

2) الشىن قارا جىگىت ئبي.

الشىن قارا جىگىت ئبي بالا كۇننىدە ئبىر اۋىلعا كەلسە، سول اۋىلدا تولە ئبي مەن ەدىگە ئبىر ۋلىكەن داۋ ئبىتىرىۋ جۇمىسىندا

جاتىر ەكەن. قارا جىگىت بوساغادان ورىن الىپ، سويلەسكەن سوزدەرىن تىڭداپ وتىرىپ، ئۇناتباي:

«اسقار تاۋ سەندە ئېر ئەمىس بار-
اسۇ نەگە بەرمەيسىن؟
قارا سۇۋ سەندە ئېر ئەمىس بار-
وتكەل نەگە بەرمەيسىن؟
بىيلەر سىزدە ئېر ئەمىس بار-
ەلگە تىزگىن بەرمەيسىز»

دەبتىدە ئۇيدەن شىعىب جۇرە بەرىبتى. بىيلەر قايتارىپ كىم بولاسىن دەپ ئۇجونىن سۇراغاندا، قارا جىگىت ايتادى:

«شەشەم قارا كۇك،
اكەم قاراشىعى ئتۇن.
پىشاعىم بار جەتەسىز؛
شەشەم بار نەكەسىز.
ئوزدىم تۇۋغان ئېر ئۇامىن
تەگىمدى سۇراب نە ەتەسىز؟»

بىيلەر تورگە وتىرغىزىپ، داۋ بىيلىگىن قارا جىگىتكە بەرىبتى. قارا جىگىت: «تۇلپاردىك ئوزى بىتبەس، تۇياغى كەتبەس دەگەن بۇرىنغىنىك جولى بار؛ كوبتەن كەلە جاتقان، توزغان مال ەكەن؛ ئجۇز جىلقىنىك تۇياغى ئجۇز تاي بولسىن» دەبتى. ەكى جاغى نرزا بولىپ تارابتى.

(شورمان جىيغانىنان)

---

3) اتا قوزى ئبي.

قازاقتىك ئېر قانىنىك زامانىندا، ەلدە ئېر اتا-قوزى دەگەن ئبي بولغان. ول ئبي سوزگە ئۇستا، شەشەن كىسى بولغان. ئبراق بۇل قان ونىك ئسوزىن ەلەك قىلا قويماسا كەرەك. ئبر

9–7072

كۆنى قان جولداستارى مەن سەيلگە شىعىب كەلە جاتسا، ئىبىر بۆيىردەن ئىبىر جالعىز ادام كەلە جاتقانىن كوربىب، قان جانىنداعى جولداستارىنان مىنا كەلە جاتقان كىم ەكەن دەپ سۆراسا، جانىنداعى جولداستارى ايتقان، بۆل بەلگىلى اتا قوزى عوي دەپ، سويتكەنشە بولماي اتا قوزى ئىبىي كەلىب قالادى. قان مەن اماندا سىب بولعاننان سوڭ قان تۆربىب اتا قوزىعا، ياپراي ئىسىز قالاي اريقسىز دەپ سۆراعان؛ سوندا اتا قوزى، قانعا ايتقانى: «تاقسىر قان مەن قالاي سەمىز بولايىن، ئۆلەڭدى جەردە وگىز سەمىرەدى، ئولىمدى جەردە مولدا سەمىرەدى، تارالىسىندا قاتىن سەمىرەدى، قايعىسىز قان سەمىرەدى، قازاقتىڭ جىلقىسىن قالماق الادى دەپ، ئىبىر تۆندە توعىز ويانىب، توقسان ويلاناسىن. ئىسۆيتىب ئىجۆربىب مەن قالاي سەمىرەيىن» دەگەن.

سوندا قان جانىنداعىلارىنا بۆل مۆنداي كىسى ەكەنىن ماعان بورىنىراق نەگە ايتبادىڭىزدار دەپ نە ايتارىن بىلە الماي ساسىپ قالعان دەيدى.

---

4) الدار كوسە.

الدار كوسە مەن شايتان بىرلەسىپ بۆيداي ەگەدى. ەگىن پىسكەن سوڭ وربىب، باستىرىپ، بۆيدايىن ئىبىر بولەك، سالامىن ئىبىر بولەك قويىپتى‌دا شايتانعا كورسەتىپ ايتىپتى: كوبىن الاسىن‌با؟ ازىن الاسىن‌با؟ دەپ، شايتان «كوبىن الامىن!» دەپتى. كوبى مىناۋ دەپ، سالامدى شايتانعا بەرىپ، بۆيداي بىتكەندى ئوزى الىپتى.

***

ئىبىر كۆنى الدار كوسە مەن شايتان ەكەۋى تۆلكى قۆۋىپ سوعىپ الىپ، قاي جاسى ۆلكەنىمىز الايىق دەيدى.

الدار كوسە شايتانعا: كانى سەن نەشەدە سەن؟ جاسىڭدى

ایت دەیدی. شایتان: مەن تۇۋغاندا كوك تاباقتاي عانا، جەر كەسەدەي عانا ەدى دەيدى. الدار كوسە ەكىرەب قويا بەردى. شايتان نەگە جىلايسىن دەيدى. مەنىڭ واگەن بالام ناق سول جىلى تۇۋىب ەدى، قۇرداس ەكەن اۋ، دەب جىلاب تۇرمەن دەبتى. ئسۇيتىب، الدار كوسە ۋلكەن شعىب، تۇلكىنى الادى.

---

5) قوجا ناسىر.

قوجا ناسىر جارلى بولعان ادام. ئىبر كۇنى جاياۋ كىرە تا- سىب كاسىب قىلىب، تاماق اسىراماق بولعان. بازارعا كەلىب جاياۋ كىرەشىلەردىڭ جانىندا تۇرعاندا، ئىبر ساندىق كەسە، شىنى-اياق، تاس تاباق سىياقتى شەتىن نارسەلەردى الىب باريۋعا جالداز- باقشى بولادى. نارسە بىيەسى ايتادى: «الىب باريۋ اقىشا، مەن ساعان ئۇش اۋىز بەك ماعانالى، قاسىيەتتى ئسوز ۋىرەتەمىن» دەيدى. اقشا باسقالاردان‌دا تابىلارعوي، مۇنىڭ قاسىيەتتى، زور ماعانالى ئسوزدىن ەستىب قالايىن دەگەن وي مەن، قوجا ناسىر جارايدى دەيدى.

ساندىقتى كوتەرىب بىيەسىنە ەرىب كەلە جاتىب، ئىبر از جەر جۇرگەن سوڭ «قانى قاسىيەتتى، ماعانالى ئسوزىڭىزدى ايتساڭىز ەكەن» دەيدى. جالداۋشى ايتادى: ئىبرىنشى ئسوز مىناۋ «ەگەردە بىرەۋ اشتىق توقتىقتان جاقسى دەسە، ەش ۋاقىتتا نانباعايسىن!» «جاقسى، بۇل بەك ماعانالى ئسوز ەكەن» دەيدى قوجا ناسىر.

تاعى ئىبر از جۇرگەن سوڭ، «ەندى، ەكىنشى ئسوزىڭدى ايتساڭ ەكەن» دەيدى. جالداۋشى ايتادى: ەكىنشى ئسوز مىناۋ: «اتتىدان جاياۋ ئجۇرىۋ جانعا تىنىش دەسە، ەش ۋاقىتتا نانباعايسىن» دەيدى. بۇدا زور ماعانالى ئسوز ەكەن دەيدى، قوجا ناسىر.

ئۇيىمىڭ جانىنا كەلىب قاقباعا كىرەردىڭ الدىندا تۇرىب، ەندى

ئۇشىنشى ئىسۇزىڭدى ايتساڭ ەكەن دەيدى. ئۇشىنشى ئىسۇزىم: «ەگەردە جاياۋ كىرەشىنىڭ سەنەندە اقىلسىزىراعى بار دەۋشى بولسا، اسىلان نانباعايسىن» دەيدى.

قوجا ناسىر توبەسىندەگى ساندەقتى جەرگە الىب قۇرىب، «ەگەردە بىرەۋ بۇ ساندەقتىڭ ىشىندە سىنباي قالعان نارسە بار دەسە، ەش ۋاقىتتا سەندە نانباعايسىن» دەيدى.

6) مۇڭكە ئىبي.

شەكتى ۋلى مۇڭكە ئىبي جەتى جاسىندا بىيلىك ايتىب، كىسى قۇنى داۋدى بىتىرگەن ەكەن دەيدى.

ئىبر سۇۋدىڭ بويىنا ئىبر باي اۋدالى كەلىب قونادى. سۇۋ بويىندا ئىبر توب بالا ويناب جۇرسە، بالالاردى كەلىب اۋىل بىيەسى اقساقال قۇۋالايدى. بايدىڭ ىستىنداعى اساۋلاۋ بايتال ەكەن. بالالاردىڭ بىرەۋى اتىن ۋركىتىب قالعاندا، بايدىڭ بوركى باسىنان ۋشىب، بايتالدىڭ الدىنا تۇسكەن كەزدە، بايتال تۇۋلاب باي جىعىلىب جان تاپسىرادى.

بايدىڭ ەلى بالالاردان قۇن الماق بولىب جىيىلادى. ئۇش كۇن، ئتورت كۇن جاتادى، بىتىسە المايدى؛ بەس كۇن، التى كۇن جاتادى، بىتىمگە كەلە المايدى. ئسۇيىتىب داعدارىب تۇرعان ۋاقىتتا ئىبر تايعا مىنگەن جەتى جاسار بالا كەلەدى. بالا قارابۇ تۇرادىدا بۇ جۇمىستىڭ بىيلىگىن ماعان بەرسەڭىز دەر، مەن بىتىرەيىن دەيدى. بالا ئىبر ايتادى، ەكى ايتادى-ونىڭ سوزىنە بالاسىنىب ەش كىم قۇلاق اسپايدى. اقىرىندا اقساقالدار داعدارىب، «وسى قوي اسىعى دەمەڭىز: قولىڭا جاقسا ساقاداي؛ جاسى كىشى دەمەڭىز: اقىلى جاقسا اتاداي» دەگەن قايدا؟ ماناعى بالا كىم بالاسى ەكەن؟ تاۋىب اكەلىڭدەرشى دەپ ىزدەتەدى. سۇراستىردىب بالانى تاۋىب اكەلەدى. بالانىڭ اتى مۇڭكە ەكەن. بالا كەلىب ايتادى: بىيلىكتى ماعان بەرسەڭىز دەر، مەنىڭ ايتاتۇن بىيلىگىم مىناۋ دەيدى:

«ەردىڭ قۇنى ئۆز جىلقى. بۇل سىتە تەنتەك تورتەۋ: ئاۋەلى ويناب جۇرگەن بالا تەنتەك؛ ەكىنشى، ونى قۇۋعان باي تەنتەك؛ ئۇشىنشى، ۋىرىكىكەن بايتال تەنتەك؛ ئۇتورتىنشى، باستان ۋشقان بورىك تەنتەك. ئۇتورت تەنتەككە ئۆز جىلقىنى ئبولىۋ كەرەك» دەيدى.

سوندا ئۆز جىلقىنىڭ ئۇش ئبولىمى بايدىڭ وزىنە ئۇسىب، ئىر ئبولىمىنعانا بالا جاعى تولەيدى. جۇرت بالا بىيلىگىنە ىرزا بولادى. سول بالا ئۇش جۇزگە بەلگىلى مۇڭكە ئبىي اتانىب، اتى اسپانعا شىعادى.

---

7) ئۇش مەرگەن.

ئۇش مەرگەن قۇس اتىۋعا شىعىب، كۇنى بويى ئۆجۇرىب، جاعىز شۇرەگەي اتىب الادى. ەلگە قايتباي ەكىنشى كۇنى تاعى قۇس اتباق بولىب، كولدىڭ باسىنا تۇنەمەك بولادى. وت جاعىب، شاينەكتى وتقا قويىب وتىرىب، ۋشەۋى شۇرەگەيدى قايتەمىز دەگەن سوزگە تۇسەدى. بۇل ۋىرەك ۋشەۋدىمىزدى تويعىزبايدى، بىرەۋىمىز جەۋ ئۆجون بولمايدى. مۇنى قالاي ەتەمىز دەيدى.

بۇلاردىڭ بىرەۋى قۇۋ جىگىت ەكەن؛ ول ايتادى: «مۇنى قالاي ەتەۋ اقىلىن مەن ايتايىن. ۋىرەكتى پىسىرەيىك. وراب قويايىق‌دا، جاتايىق، ۋىيقتايىق! كىم جاقسى ئتۇس كورسە، سول جەسىن ۋىرەكتى» دەيدى. دۇرىس دەپ، وسى اقىلدى ۋناتادى‌دا، ۋشەۋى شاي ئىشىب، ۋىرەكتى پىسىرىب، وراب قويىب، ۋىيقتاۋعا جاتادى.

ەكى جولداسى ۋىيقىعا كەتە بەرگەندەاق، قۇۋ جىگىت تۇرادى‌دا، ۋىرەكتى جەپ، ورنىن ۋىرەك وراعان سىياقتى قىلىپ، جاۋىب قويادى.

ەرتەڭ جولداستارى‌ويانعان سوڭ، قۇۋ سۇرايدى: «قانى جولداستار، نە ئتۇس كوردىڭدەر؟» دەپ.

بىرەۋى ايتادى: «مەن اق‌بوز ات ئمىنىپ، التىن تاج كىيىپ،

پادشا بولسب ئجۇر ەكەنمىن» دەيدى. ەكىنشىسى ايتادى: «مەن ۋجماققا كىردىب، قور قىزدارىن قۇشىب، كاۋسار سۇۋدىن ئىشىب، راقاتتا ئجۇر ەكەنمىن» دەيدى.

سوندا قۇۋ ايتادى: «ئىبرىك پاتشا بولغان سوڭ، ئىبرىك ۋجماققا كىرگەن سوڭ، وتقا پىسىرگەن ۋىرەكتى جەي قويماس دەب، مەن جەب قويدىم» دەيدى.

(التىنسارى ۋلىندىك كىتابىنان)

---

8) قۇۋلىق.

التاي ايمان دەگەن قۇۋ جىگىت جولداستارى مەن قىس كەزىندە قالا شىعىب، كەلە جاتىب، ادامى ولىگەن ئىبىر اۋرىلعا كەلەدى. ول اۋرىل مولداسى جوق اۋرىل ەكەن. ولىكىكە ىيمان ايتىۋعا ەش كىم تابىلماعان. كەلگەن قالاشىلاردان، ارالارىڭدا مولدالارىڭ جوقپا دەب سۇراعا سوڭ، ايمان: «بار، مەن مولدا ەدىم» دەيدى. ولىگى بار ئۇيدىڭ ادامى: «ولاي بولسا، ئجۇرىڭىز، ولىكىكە ىيمان ايتىڭىز، ىيمان بىلمەگەن سوڭ، ولەردە ايتا الماب ەدىك» دەيدى. ايمان: اتى كىم ەدى؟ دەب سۇرايدى.ـ اتى قازان‌قاب ەدى دەيدى.ـ ئۇي ىيەسى.

ايمان تۇك وقىۋ بىلمەيتۇن، قۇراننان قۇلاعىنا تىيەتۇن سوزدەردى‌عازا ايتا الاتۇن ادام، ىيمان ايت دەگەن سوڭ ەستىگەن سوزدەرىن تەردب ىيمان ايتقان بولادى:

اعوزبەللا مىناشايتان راجىم ئان‌اللا قازىيعۇل قاب، كالىيمات، شايبات، ئەئىيلاعا، ئىيلالايىن دەگەندە، ئۇي ىيەسى: اربۇاعىڭنان اينالايىن، التاي بابامنىڭ بالاسى اي! مانادان بەرى بىلمەي وتىرعان ئسوزىمىز تاب وسى ەدى، دەب جىلاب جىبەرەدى.

ىيمان ايتىب بولعان سوڭ، جانازاسىن‌دا شىعار دەب ئوتىنىب، شارىيعات پىدىياسىنا نە قوسادى ەكەن، دەب ئۇي ىيەسى سۇرايدى.

ايماننىڭ الدى مەن ويلايتۇنى جول ازىعى‌ـ ئىبىر تۇۋ قوي،

ئىر قاغاز شاي، ئىر شانا ئشوب، ونان كەمدى شارىيەات قوسىلىدى دەيدى ئوي بىەسى ايمانىنڭ ايتقانىن ستەيدى.

جانازا نامازىن وقىب تۇرىب، ايمان قۇلاق قاغىب، داۋىستاب: «مال تارا كىۋ، جان تارا كىۋ، ىيمان تارا كىۋ، ئىر قاداق شاي، ئىر قوي تارا كىۋ» دەگەندە، ارتىندا تۇرغان جولداسىدا وزىندەي موالدا بولسا كەرەك، ايمان ئومتىب تۇرغان شىعار دەگەن وي مەن ئسىنە سالايىن دەب سىىىرلاب «تۇرجاغۇنى» بار ەدى عوي دەيدى. ايمان: جانىڭ شىعىب باراما؟ جاشا كەلدى «تۇرجاغۇن» دەب، ەكى جاغىنا سالەم بەرەدىدە، اپارىب كومىگەدەر دەب، جۇرە بەرەدى.

(شورمان جىىغانىنان)

---

9) داۋكەستەر ئسوزى.

التاي ناۋ دەگەن كىسى «ئىيتىن جوقتاب قۇن سۇرايتۇن» وتە داۋكەس بولغان ناۋ بىر ۇدەن ەشكى داۋلاب، اقمىرزا بىيگە جۇگىنىسكە باربىتى. اقمىرزا ئىي سۇراغاندا، ناۋدىڭ ەشكىسىن سىيپاتتاغانى:

ساۋسام، بۇلاق ەدى؛
ئىشى تولغان ولاق ەدى؛
تەرىسى بۇتقا قاب ەدى؛
ئۇيىزى پىشاققا ساب ەدى؛
توقتى قارىن مايى بار ەدى؛
توقسان شاقپاق قۇرتى بار ەدى.
دەبتى.

اقمىرزا وسىنىڭ بىيلىگىن ئوزىڭ ايتشى دەگەندە، ناۋدىڭ ايتقان بىيلىگى:

ئىيىدىڭ بىيلىگىنە ئىىرات؛ ەشكىنىڭ موينىنا قوساق، سوڭىنا تىركەۋ؛ تورەشىگە تۇك جوق دەگەن.

اقمرزا «ال، ئبراق، ناۋ قۇردماي، داۋ قۇرىماس، ئومىرىك داۋ مەن وتىر» دەگەن.

***

ناۋ جولاۋشىلاب ئىبر جاقتان كەلە جاتسا، وزىننىك ار جاعىنان بىرەۋ ناسىبايىك بارما؟ مۇرنىم قاڭسىب ئولىب بارامىن دەيدى. ناۋ بار دەيدى.

اناۋ ارجاققا تۇرىب ناسىبايىك بولسا، اتشى دەيدى.

ناۋ شاقشاسىن سۇۋرىب الىب، ەردىك قاسىنا قاعىب-قاعىب، اۋزىنا سالىب جىبەرگەندە، ار جاقتاعى اتىنان مۇرتتاي ۇشىب، قۇلاب قالادى. ئىبر ازدان سوڭ تۇرىب، اتىن جالداب كەلىب، ناۋدان ناسىنباي اتادى.

ناسىباى اتىب تۇرىب، تامىر بولايىق شاقشاڭدى بەر؛ ئىبر شاقشانىك قولقاسىنا مەندە جارارمىن دەيدى. ناۋ شاقشاسىن بەرىب، اتى ئجونىن سۇراب، ئىبلىب الىب، ئجۇرىب كەتەدى.

ئىبر جىل وتكەن سوڭ، شاقشاسىنىك قولقاسىن الۇعا، ناۋ تامىردىن نزدەب بارادى. شاقشانى العان كىسى تۇتامداي سىمىر مۇيىزىنە نە الماقشى بولىب كەلدىك دەب، ناۋعا ئسوز بەرمەيدى. قاداالعان جەرىنەن قان اماي، ايىرلمايتۇن ناۋ، جابىسىب ايىرىلا قويىاما؟ ەكىۋى داۋلاسىب باعاناى بارلىباي بىيگە جۇگىنىسكە بارادى. ناۋدىك داۋكەس بالە ەكەنىن بىلگەننەن كەيىن، شاقشا العان كىسى ناۋدان بۇرىن بارىب، ئبىيدىك اۋزىن الىب قويادى.

ئبىي ەكەۋىنىك باسىن قوسىب وتىرىب، ناۋعا ايتادى: ە، ناۋ سونشا جەردەن ات قىيناب نزدەب كەلىب، جۇگىنىسكە تۇسكەندەي، قۇۋ مۇيىزىندە نە قاسىيەت بار دەى دەيدى.

ناۋ-ۋاي، نەسىن ايتاسىز! شاقشام جاقسى دەى؛ ناۋ تەكەنىك مۇيىزىنەن بىستەگەن ناقسى دەى.

قىمىق ئوي، ئتورت ات بىستەگەن كىسىنىك اقسى دەى؛ سەكسەن

مارجان كوزى بار ەدى؛ توقسان قوي، توعمز ات بولار دەگەن دستەگەن گىسىنىڭ ئسوزى بار ەدى؛ بەرگەن اقىنى ازسىنىب، تاۋ جايلايمىن دەب، بارشامدى الدى؛ وي قىستايمىن دەب، شوتىمدى الدى؛ قىر قىستايمىن دەب، بالتامدى الدى؛ قالاۋدىم دەب، بورتە اتىمدى الدى؛ جاۋ شابتى دەب، ئتورت اتىمدى الدى؛ قايقى كەلگەن قارا اتىمدى الدى؛ تەلىك قۇلاق سارى اتىمدى الدى؛ سارى اتتىڭ دۋەسى كىشكەنتاي عانا بىيەم ەدى؛ اكەسى تۇلپارعا جىيەن ەدى-دەيدى.

شاقشا العان كىسى ناۋدىڭ سوزىنەن قىسىلىپ، ساسقالاقتاپ، نە ايتارىن بىلە المايي:

«قىستىڭ قاتتى بولارىن ۋلاق بىلەر،
كۇننىڭ سۇۋىق بولارىن قۇلاق بىلەر؛
بەرگەن نارسەڭ تۇتامداي سىنىر ئمۇيىزى؛
تورەئمگىن بارلى ەكەڭ ئوزى اق بىلەر» دەيدى.

سوندا ناۋ تۇرىپ:

«قىستىڭ قاتتى بولارىن توقتى بىلەر؛
قارا قويىن *) جايىلىمى قوقتى كەلەر
پارا بەرىپ قويماساڭ، بارلى ەكەڭە
ايتباعان ئسوز ئمانىسىن بوقتى بىلەر!» - دەيدى.

بارلىبايي ئبىي العانىمدى ئبىلىپ قالعانىما ەكەن دەپ قىسىلىپ، «تورەشىدەن قالمايدى، ايتۇشىمدان قالادى» كوپ سويلەمەي، ناۋدىڭ اقىسىن بەر دەپ، شاقشا العانما اقىرىپتى. ناۋدى ەرتىپ اپارىپ، قاسقا توعىز بەرىپ، ىرزالاسىپتى.

(شورمان جىيعانىنان)

---

10) كوسەم بالا.

قالماق بەن قازاقتىڭ سوعىسىپ جۇرەتىن زامانىندا، ئبىر

*) قارا قويىن - ناۋ قىستاۋىنىڭ اتى.

سوعستا قالماق قازاقتی جەڭىب، قازاقتاردىڭ جىلقىلارىن الىب كەتكەن. قالماقتار جىلقىنى الىب بارعان سوڭ، ارتىنان قازاقتار كىمسى جىبەرگەن؛ ول جىبەرگەن كىمسىگە قالماقتىڭ قانى ايتقان: قازاق سەندەردەن ءۇش اۋىز ءسوز سۇرايمىن، سول سۇراعان سوزىمە جاۋاب تاۋىپ بەرسەڭدەر؛ جىلقىلارىڭدى قايتارامىن دەگەن؛ سول ءسوزدى، جىبەرگەن كىمسى دەلىنە ايتىپ كەلگەن. قازاقتىڭ باراتۇن ادام شىعا الماعان، ەگەر بارعان ادام جاۋاپ بەرە الماسا، قالماقتىڭ قانى باسىن الاتۇن بولعان سوڭ.

قالىق جىيىلىپ ءبىر ادامدا بارا الماي، ساسىپ تۇرعاندا، ءبىر جاس بالا كەلىپ، قالماققا جاۋاپ بەرىڭگە مەن بارامىن دەگەن. ءبىر ادام تابالماي تۇرعان قازاق قالقى بالاعا، بارساڭ بار دەسىپ قاۋلى قىلىسىپ، جىبەرمەكشى بولعان سوندا بالا ايتقان: ماعان ءبىر تۇيە، ءبىر ەشكىنىڭ تەكەسىن اكەلىپ بەرىڭدەر دەپ. قالىق سۇراعانىن تاۋىپ بەرگەن.

سول نارسە مەن قۇرالدى سايلاپ الىپ، جالعىز ءوزى ءجۇرىپ كەتكەن، جولدا كەلە جاتىپ ءبىر از قالىققا جولىعىپ، مەنىڭ جونىمدە كىمدەر بار دەپ سۇراعان قالىق بالاعا، باراتۇن جولىڭدا ءبىر بىلگىش دانىشپان ادام بار؛ سوعان سوعا كەت دەگەن. بالا جولدا كەز بولىپ، دانىشپاننىڭ ۇيىنە كەلىپ، سىرتتان سويلەپ قىلىپ تۇرعان؛ دانىشپان: بالام، ءتۇس! تابىسام قوناق استا ءبىر قوي، تابىماسام، ەكى قوي سويىپ بەرەرمىن، دەپ ۇيىنە قوندىرىپ، بالانى تاماققا تويدىرىپ، جاقسىلاپ جايلاپ جاتقىزادى. ەرتەڭىنە بالانى جونەتىرىندە، بالا دانىشپاننان سۇراعان: مەن قالماققا جاۋاپ بەرەمىن دەپ بارا جاتىرمىن، ءسىزدىڭ كەڭەسىڭىز ءبىر سوزىڭىزگە تۇسىنە الماديم دەپ، سوندا دانىشپان ايتقان، سىزگە تابىسام ءبىر قوي سويارمىن دەگەنىم: بويداق قويىم بولسا يا قىسىر قويىم بولسا، سونى سويارمىن دەپ ەدىم، ەگەر تابىماسام ەكى قوي سويارمىن دەگەنىم: بۇۋاز قوي سويارمىن دەگەنىم ەدى. سول

ۋاقىتتا بالا ماعان جولداس بولارلىق ادام ەكەن دەپ، قالماقتا بىرگە ەرتىپ الىپ كەتكەن. جولدا ئىر نەشە كۈن ئۇجۇرىپ، قالماقتىڭ شارىنە جاقىنداپ كەلىپ، كىرەيىن دەپ كەلە جاتسا، قالماقتىڭ شارىنە كىرەتۇن جولىنا ابايعا قويمان كوپ ئىيتى بار ەكەن. بۇلارعا قارسىلاسىپ جىبەرمەگەن سوڭ، ئىارىندە بالا اتىپ، قىرىپ تاستاپ، كىرىپ كەلە جاتسا، ئىيتتىڭ ئىارىن قىرىپ بىرەۋ كەلەدى دەپ قانعا قانار بارعان. قان شاقىرىپ كورسە، جاۋاپ بەرە كەلگەن قازاق بالاسى ەكەنىن بىلگەن. سەن بالاسىن، ەلىڭنىڭ ۋلىكەنى قايدا؟ دەگەن. بالا، ۋلىكەن دەسەڭ، تۇيە اكەلدىم دەگەن. قان، اقساقالىڭدى ايتامىن دەگەن. بالا، اقساقال دەسەڭ، ەشكىنىڭ تەكەسىن اكەلدىم؛ ساقالى ئىىر كەز دەگەن. قان، جوق ولاي سويلەمە؛ ادامدارىڭدى ايتامىن دەگەن. بالا، ادام دەسەڭ، ئوزىم كەلدىم دەگەن قان، ئىتىلىڭدى ئىتاڭىزى كەسسىن دەپ، جاۋابىنان توقتالىپ، ئىسوزىن قويعان.

---

11) ئىادىل ئىبىي.

ئىىر ادام دالادا جول جاعالاپ كەلە جاتسا، جايىلىپ جۇرگەن ئىىر تۇيە تۇيەگە ۋشىرايدى. بۇل ادام وزىنە جول اشىاق ئۇشىن قولىنداعى تاياعىن تۇيەلەرگە لاقتىرىپ جىبەردى. تاياعى قۇرعىر ۋشىپ بارىپ ئىىر تۇيەنىڭ كوزىن شىعارادى، تۇيەشى تۇيەنىڭ كوز قۇنىن داۋلادى. بۇل بالەدەن قۇتىلايىن دەپ تۇيەنىڭ كوزىن شىعارعان ادام تۇرا قاشىپتى. ئىىر بىيىك جاردىڭ كەمەرىنەن سەكىرىپ تۇسكەن ەكەن، سالماعى مەن كولەڭكەلەپ جار استىندا جاتقان ئىىر ئىىيشارا قارتتى باسىپ ولتىرەدى. مۇنى سول ماڭدا جۇرگەن قارتتىڭ بالاسى كورىپ قالادى.

جولاۋشى قاشادى. مۇنى قارتتىڭ بالاسى مەن تۇيەشى قۇۋىپ كەلەدى. سورلى قاشقىن ئىىر داريانىڭ جىيەگىنە كەلىپ جەتسە، قايىقشىعا ۋشىرايدى؛ ـ ساسقانىنان قايىقشىعا: «مەنى داريانىڭ

ار جاعىنا شىعارىب سال، ئىبر شىيرەك ەت بەرەيىن» دەيدى. قايىقشى قاشقىندى وتكىزدى: ال، ەندى قاشقىنىڭ قايىقشىغا بەرىۋگە ەتى جوق. نە قىلارىن بىلمەي، داغدارادى. قايىقشى قاشقىندى جاغاسىنان الىب جىبەرمەيدى. ئۇيىتىب تۇرغاندا كەينىگى ەكى داۋگەر كەلىب جەتتەدى. داۋگەر ەندى ۇشۇ بولادى: بىرەۋى تۇيەنىڭ كوزىن، ەكىنشىسى اتاسىنىڭ قۇنىن، ئۇشىنشىسى قايىق پۇلىن سۇرايدى. قاشقىن نە قىلارىن بىلمەيدى.

قايىقشى قاشقىنغا ايتادى:

ـ ەگەر تولەۋگەدەتىڭ بولماسا اياغىڭنىڭ بالتىرەتىن كەسىب بەر دەيدى.

بۇلار قانشا داۋلاسسادا، كەلىسە الماي، اقىرىندا سول ماڭداغى ئىبر دانىشبان بىيگە بارىب جۇگىنىسەدى.

ئىبي تۇيەشىگە ايتادى:

ـ ئاي، بالام، ئىبر تۇيەنى مەن اناداي جەرگە تۇرغىزايىن. سەن قولىڭا تاياق الىب، سول تۇيەنىڭ كوزىنە ئەدال تىيگىزسەڭ، تۇيەنىڭ كوزى تۇگىل، ئىبۇتىن تۇيەنىڭ ئوزىن تولەۋگە ۇكىم قىلايىن. تىيگىزە الماساڭ، ئوزىڭ جازالى بولاسىن.

بۇل سوزدەردى ەستىگەن سولڭ، تۇيەشى ويغا قالىب، داۋىن كەشىب كەتىب قالادى.

ئىبي ەندى قارتتىڭ بالاسىنا ايتادى:

ـ شىراغىم مەن وسى ادامدى (قاشقىندى) جاردىڭ استىنا جاتقىزىب قويايىن، سەن جارغا شىعىب ۇستىنە سەكىرىب ئۇتۇن؛ ەگەر ئوزىڭنىڭ ساالماغىڭ مەن قاشقىندى ولتىرسەڭ، مەن ساغان ئوز جانىمنان اكەشىنىڭ قۇنىن تولەيىن؛ ولتىرە الماساڭ، ئوزىڭ ولەسىن.

بۇل ئىسوزدى ەستىب، قارتتىڭ ۇلىنىڭ زارەسى ۇشىب، قۇن داۋلاۋدان قاشادى.

ال ەندى جاغىز اق قايىقشى قالدى. دانىشبان قايىقشىغا ايتادى:

ـ مىناۋ ادامنىڭ بالتىرىنان ئىبر شىيرەك ەت كەسىب ال، ئىبراق

ئىر شىيرەكتەن ارتىق‌دا، كەمدە بولماسىن؛ مۇنان نە ارتىق، نە كەم بواسا، ئوز وبالىڭ وزىڭە، باسىڭدى الامىن.

سونى دەستىب قايىقشى قاشادى.

بۇل دەرتەگىگە قوسىمشا ئىر بىيلىك ولدۇڭ بار، سونى تومەندە ايتىب وتەلىك:

ئادىل ئىيدىڭ الدىنان ئىس كەتىيدى،
جەبىرلىكتى ئاپىسى ئۇشىن بىستەتىيدى،
ەردىڭ قۇنىن ەكى اۇدز ئسوز بەن ەبتەب،
ابىرويىن كىسىنىڭ ەش توكىيدى.
قىلار جاقسى تۇيىمەدەي، تۇيەدەيدى،
ئجونىن تاۇىب ئار ئىستىڭ جۇيەلەيدى،
جامان بواسا، تورەشىڭ ەبتەي الماي،
اق ئىسىڭدى قارالاب، كۇيەلەيدى.
دۇسباندارىدى، جاقسى ئىي دوس قىلادى
داۇىڭا داۇ جامان ئىي قوستىرادى.
بۇ ئىر مافالا «كىيىكتى اتالماعان،
انامىن دەب، قوركىتىب بوستىرادى».
قوردىسقاندى جاقسى ادام تابىستىرار.
اقىل مەنەن جابىساردى قابىستىرار.
جامان ادام وت قىلىب جاندىرمافقا
ئسونىب جاتقان شالانى قاعىستىرار.
جاقسىلارعا جالقىن وت ساز بولادى.
جاتقان باله جامانىنا قوزعالادى.
جاقسى مەنەن جامانىنىڭ پارقى باسقا-
ايتا بەرسەك ئىر تالاي ئسوز بولادى.

ابىۇباكىر دىيبايىپ.

---

12) جانىبەك باتىر.

جانىبەك باتىر، بالا كۆنىندە اقىل، ئىبىلىم ئۈيرەنىۋگە قاراكەرەي سوقىر ابىز دەگەن كىسىنى يزدەپ كەلگەن ەكەن. سالەم بەرىپ كىرىپ كەلسە قارتتىقتان ەكى جاعىن جىبەك بەن تاڭىپ وتىرعان كىسى ەكەن.

جانىبەكتى كورىپ: «سەن قاي ۇلسىن؟» دەدى. «قوشقار ۇلىمىن» دەدى جانىبەك.

«قوشقاردىڭ ادام ئىيىستى ئىبىر ۇلى بار دەپ ەدى، سول بولارسىن‌با؟» دەدى.

جانىبەك: «بولارمىز» دەپتى.

ـ «بالام، نە جۇمىسىڭ بار؟ بۇل جاقتا نەعىب ئىجۇرسىن؟» دەدى.

«وسى جاقتا ئىبىر قارت اتامىز بار دەگەنگە، قولىن الىپ، ئىبىر-ەكى اۋىز اقىل، ئىبىلىم الايىن دەپ ئىجۇر ەدىم» دەدى.

ـ ا، ا ! ! ەل باستاپ، جۇرت الايىن دەگەن ۇل ەكەنسىن؛ ئىسوز باستاپ ئىبىي بولايىن دەگەن ۇل ەكەنسىن. الدىڭا كەلسە ادىلدىگىڭدى ايامىا: ايداعىڭ كەتپەس الدىڭنان. قول باستاپ، جول الايىن دەگەن ۇل ەكەنسىن. جولداسىڭ مىڭنان الما، ئىبىرىن ال: مىڭ كىسىگە ئىبىر كىسى واجا سالاتۇعىن؛ واجاڭدى ايامىاساڭ، جولداسىڭ قالماس قاسىڭنان.

ئىجۇز جىيىرما اتىما كەلىپ وتىرمىن. جاس كۇنىڭدە قالىڭ بەردە قاتىن ال: جىگىتتىڭ قان بولاتۇن، قىزدىڭ قانىم بولاتۇن كەزى سول؛ قارتايعان سوڭ وكىنبە، ۇلىم! قاريۇ جىيىساڭ، مىلتىق جىي: جاياۋ جۇرسەڭ تاياعىڭ، قارىنىڭ اشسا تاماعىڭ.

جانىبەك مۇنان شىمعىب، كىشى جۇزدە توقسانعا كەلىپ وتىرعان تايعان دەگەن بىيگە كەلدى.

كەلسە، ئىبىيدىڭ ەلى كوش ەكەن. كوش ۇستىندە كەز بولىپ، سالەم بەرىپ، ات ۇستىنەن كورىسەدى. مۇنىسىن جاقتىرماي، ئىبىي: «جانىم، قاي ۇلسىن؟» دەيدى.

«قوشقار ۇلىمىن» دەيدى جانىبەك.

«ۋلىم نەعىب ئۇرسىن؟» دەيدى.

- «وسى جاقتا ئىبر قارت اتامىز بار دەگەنگە جولىعىب، قولىن الىب، ئىبر-ەكى اۋىز اقىل سۇرايىن دەب ەدىم» دەيدى جانىبەك.

- ە، ە!! دەدى ئىبي: ازدۋى التى قاردىس ارعىننىڭ قوشقارىنىڭ ۋلى جانىبەك، الشىننىڭ ئىبر الجعان شالىن كەلەمەج قىلىب كەتەيىن دەب ەدىم دەسەڭشى! دەيدى-مەن ئىسوز سۇرايىن دەب كەلسەم، كوڭىلسىدى قايتاردى عوى دەب، جانىبەك اتىنىڭ باسىن بۇرىب الىب، ئۇرىب كەتتى.

اناداي بارا جاتقاندا، ئىبي: «اي، جانىبەك!» دەب شاقىردى.

جانىبەك ارتىنا قارادى. سوندا ئىبي: «اتىڭنىڭ باسىن بۇرما، سولاي تۇر! ئۇزىمنىڭ كىشىلىگىمنەن ئىبر اۋىز ئىسوز بەن كوڭىلىڭدى قايتاردىم: وگىزدى ورگە سالما، قاناتىڭ تالار؛ جامانعا ئۇزىڭ سالما، ساعىڭ سىنار» دەبتى.

(التىنسارى ۋلىنىڭ كىتابىنان).

---

13) قوجا ناسىر اقىلى.

جىيىن ئۇي. جىيىلعان جۇرت. ئار كىم مىنبەگە شىعىپ، جۇرتقا بىلگەن اقىلىن، وگىتىن ايتىپ جاتىر.

ئىبر ۋاقىتتا مىنبەگە قوجا ناسىرەتتەن شىعىپ: «جاماعات، مەنىڭ سويلەيىن دەب تۇرعانىم نە نارسەنىڭ جايى، بىلەسىندەرمە؟» دەدى. جۇرت: «جوق بىلمەيمىز» دەيدى. «بىلمەسەڭدەر، بىلمەيتۇن نارسەلەرىڭ جايىنان قالاي سويلەيمىن» دەب قوجا مىنبەددەن تۇسەدى.

جۇرت قامتاما قالىپ، بىلمەيمىز دەب اعات ايتقان ەكەنمىز، ەندى سۇراسا، بىلەمىز دەب ايتايىق دەسەدى.

باسقالار سويلەپ جاتقان سوڭ، قوجا شىداپ تۇرا المايدى، تاعى مىنبەگە شىعادى؛ تاعى قامىقتان سۇرايدى: «جاماعات، مەن نە جايىن سويلەمەكپىن، بىلەسىندەرمە؟» دەپ. جۇرتتىڭ ئىبارى «بىلەمىز! بىلەمىز!» دەپ شۇۋلاي قويا بەرەدى.

«وزدەریڭ ئىلىب تۇرساڭدار، مەن نەسىن ايتايىن» دەب قوجا سويلەمەيدى. تاعى منبەدەن تۇسەدى.

جىيىندا بولغان ادامدار، قوجا ەندى سۇراي قالسا، بىلەتۇنەمزدە، بىلمەيتۇنەمزدە بار دەلىك، وندا نەدەر ەكەن دەيدى.

باسقالار منبەگە شىعىب، اناڭ جاقسى، مناڭ جاقسى، ولاي دتۇ كەرەك، بۇلاي دتۇ كەرەك دەب، اقىلدارىن ايتىب جاتقان سوڭ، قوجا ئتوزىب وترا الماىدى، تاعى منبەگە شىعادى. جۇرتتان ئوشىنشى رەت تاعى سۇرايدى: «جاماعات، مەن ندنى ايتايىن دەب تۇرمىن، بىلەسىنەرمە؟» دەب. جۇرت: «بىلەتۇنەمزدە، بىلمەيتۇنەمزدە بار» دەيدى. «ولاي بولسا، بىلەتۇنەرىڭ بىلمەيتۇنەرىڭدى ۇيرەتسىن، بىلمەيتۇنەرىڭ بىلەتۇنەرىڭەن ۇيرەنسىن» دەب قوجا منبەدەن تۇسەدى.

---

14) شايىق-ساعدىدان.

قالتاسىندا بىرەۋدىڭ
جۇپارى بولسا- ساقتاۋلى.
جۇپاردىن ول داۋىستاب
كورمەيدى لايىق ماقتاۋدى.
ماقتاماي اق ەار كىمگە
جۇپاردىڭ ەوزى اق بىلدىرەر.
وندەمەي اق توڭىرەكتە
ەتاتتى ەىسىن جايىپ سىڭدىرەر.

***

«ۇنىمدە» كورگەم كۇيلەر كوپ
جانى بار ونى سەزبەي مە؟
سەزبەيتۇن ونى قۇر تۇلىپ؛
تۇلىپتان كەسىپ بەزبەي مە؟

ئان مەن كۆيگە تۆيەدە
شاتتانار قايۋان دەسەكدە؛
سەزبەيتۇن ونى ادامدى
سالپاڭ قۇلاق ەسەك دە.

«اساۋ تۇلپار».

---

15) تۇۋعان جەر.

(جۇۋكوسكويدەن).

تۇۋعان جەر! كورگەن جامان، جاقسىلىقتى،
نە ئتۇرلى تاتقان ئتانتى، اششىلىقتى؛
كەڭ دالا، قالىڭ توعاي، تانىس اعاش،
بىرىنەن ئبىرى بولىپ قىزعىلىقتى!
سۇيىمكتى: اسپان كوكتىڭ ساۋلەلەرى،
قايىعىسىز ساباق الىپ جۇرگەندەرى؛
بىرىنەن ئبىرى باسىپ، اسىپ تۇسەر
ئتۇرلى ويىن بالالىقتىڭ اۋرەلەرى.
جارىقتىق ناسىيەتتى تۇۋعان جەر اي!
ئار كىمگە سەنىڭ جولىڭ دەمەس وڭاي!
قالپىندا قاندای جۇرەك تۇرار ەكەن؟
سەن دەسە ورىننان قوزعالماي، جاي!

بەكەت.

---

16) ئومىر.

مانا كوكتى قابتاپ ەدى قارا بۇلت؛
كۇن كۇركىرەپ قورقىتىپ، ۇشىرىپ قۇت.

10–7072

كوك تۇنجىراب، مۇڭايىب قىباق جاۋىب،
كوز اشقانشا اسپاندا جارقىلداب وت.
بۇرقىراتقان ەكىبىندى داۋىل ەدى.
ساباب قۇيعان جەركەنىش جاۋدىن ەدى
قۇرقىب، ساسىب جان جانىۋار ەسى شىعىب،
ءبارى اق نىزدەب باس پانا تاۋىب ەدى.
بۇلت ايىقتى، كوك ءجۇزى بولدى اشىق.
بار نارسەدەن قايعى مۇڭ كەتتى قاشىب.
كۇن ساۋلەسى جەر ءجۇزىن قۇشاقتادى،
قوسىلىۋعا قاشانان بولعان اسىق.
بەينە التىنداي كوكتە بۇلت تۇرعوي جايناب؛
ەندى جەل جوق مازالاب ونى ايداب.
جانعا راقات، گۇلدەردەن قوش ءىيىس اڭقىب،
جان بەرىب، كەڭ دالاعا قۇستار سايراب.

ءومىر وسى بىردە ول بولار بۇلتتى،
قاتتى جەلدى، داۋىلدى، كەيدە وتتى،
قۇرىب ددىمىڭ قايعىرىب جاس توگەرسىن.
بۇلت اشىلار قايعىنىڭ ءبارى ءىبىتتى.

---

17) جاتىرسىن نەگە ۇيىقتاب؟

جاتىرسىن نەگە ۇيىقتاب قارا شەكپەن؟
جارىق جاز قايتا كەلدى بىلتىر وتكەن.
قاراشى اناۋ سەنىڭ كورشىلەرىڭ
ءالى ءجۇز قىزمەتىندە ءىرتەڭگى ەتكەن.
باقانىڭ كۇندىز ءتۇنى تەك ءىبىر ۇيقى
ادامسىن تالابىڭ جوق مۇنشا نەتكەن؟

---

17) جاتىرسىن نەگە ۋىيقتاب؟

جاتىرسىن نەگە ۋىيقتاب، قارا شەكىبەن؟
جاريق جاز قايتا كەلدى بىلتىر وتكەن.
قاراشى اناۋ سەنىڭ كورشىلەرىڭ!
ءالى ءجۇر قىزمەتىندە ەرتەڭگى دەتكەن،
باققانىڭ كۇندىز، ءتۇنى تەك ءبىر ۋىتى
ادامسىن نالابىڭ جىق مۇنشا نەتكەن؟
قاراشى كوز جىبەرىپ وزىڭە ءوزىڭ!
كىم بىلەر، قاتا شىعار مەنىڭ ءسوزىم.
بۇيداي جوق سارايىڭدا جالعىز ءتۇيىر،
بىلمەيمىن، نە ويلاپ ءجۇرسىن سەنىڭ ءوزىڭ.
تاپ-تاقىر شارباعىڭ تۇر بوسقا جايداپ
كەتكەندەي شولانىڭ تۇر پەرى جايلاپ؛
اتىڭدى الدا قاشان بورىش الدى،
اقىردا جايلاۋ قالدىڭ سورىڭ قايناپ.
ساندىعىڭ مىناۋ جاتقان توڭكەرىلىپ.
ءۇيىڭ تۇر قارت كەمپىرشە بۇكىرەيىپ.
باسىڭدى ەندى جانىم كوتەرمەسەڭ،
ءسوز ايتباس قايتىپ ساعان جۇرت تۇڭىلىپ
دەسىڭە ال بۇرىن قانداي بولعانىڭدى!
بارىندا باق داۋلەتىڭ ونعانىڭدى.
جونەلتىپ استىعىڭدى ءار شاەرگە
تولىقسىپ سول ءبىر كۇندە تۇرعانىڭدى.
گورىڭگە قالىق سەنى اسىق ەدى.
- ءار جەردە اق دەسىڭ ساعان اشىق ەدى.
ءتور بولسا، قوناقتىڭدا سەنىكى ەدى.
قادىرىڭ وسىلايشا اسىپ ەدى.

بۇل كۆندە جارلى بولدىڭ ادام ئانباس.
بولعان سوڭ جالقاۋ ادام ۇيقىڭ قانباس.
بۇيدايىڭ كوبتەن پىسكەن وردۇسىز تۇر.
جارقىنىم جەتەر ەندى ۇيقىڭدى اش!
قۇس شۇقىب، جەل ۇشىرىب تامام بولدى.
ەتەسىن وزىڭە-ءوزىڭ نە ءۇشىن قاس؟
- ۇيقىڭدى قارا شەكپەن بولسەڭ نەتەر؟
مىنەكەي جاز مەزگىلى تاعى‌دا وتەر.
اۋلادان كوزدىن سالىب كۆز قارايدى،
ارتىنان قاتتى بزعارلى قىسى جەتەر.
- قار جاۋىب شانا مەن جۇرت ءجۇرىب جاتىر.
بازارعا نە ساتاسىن جالقاۋ پاقىر.
اربالاب استىق ساتىب كورشىلەرىڭ
قاراشى پايدا كورىب وڭىب جاتىر.

(بۇيرا ۇلى).

---

18) قاسقىر مەن مىسىق.

((قىرىيلوپتان)

ورماننان قاسقىر كەلدى ەلگە قاشىب،
الاقتاب، نە قىلارىن بىلمەي ساسىب.
سوڭىنان ءبىر توپ اڭشى قىيقۇ سالىپ،
- ءبىيت قوسىپ كەلە جاتىر شابقىلاسىپ.
جالىنىپ قاسقىر سوزدا مىسىققا ايتتى،
شەتىندە ءبىر اۋىلدىڭ ۇشىراسىپ:
«مىسىق جان، بۇل جەردەگى جۇرتتار قاندايى؟
جاۋ قۇۋىپ كەلە جاتىر ارىتتان قالماي.
ءبىيت ۇرگەن، قىيقۇ سالعان ادامدارىڭ،

داۋىسىن ھىتىيمىسىن تارتقان كەرنەي؟
اينا گور قايىرىمدى ەل بار بولسا،
تاسالاب مەنى جاۋدان قۇتقارغاندەاي»
«باراعوي» مىسىق ايتتى «قويان كوزگە!
جىگىت كەم ەر كوڭىلدى ونان وزگە.
ادامدى اناۋ-مىناۋ توقتاتارلىق
اۋزىنىڭ ەبى-دە بار سويلەر سوزگە»
- «ونى قوي» قاسقىر ايتتى «ول جاسىرماس،
جەب ەدىم ءىبىر تۇۋ قويىن بەلتىر كۇزدە».
«بارىب كور ولاي بولسا، قۇرامىسىما.
ادام كەم جاسىرىۋعا ونان ۇستا
شاماسىز ءوزى اسقان جاقسى جىگىت.
جالعىز اق تونى كەلتە، قولى قىسقا».
- «مىسىق جان، ونىدا قوي وزگەسىن ايت!
جەب ەدىم ءىبىر ۇلاعىن وتكەن قىستا».
«ىيەسى اناۋ ءۇيدىڭ كوبىرگەن باي،
جاقسىلىق، جاماندىقتى كوب كورگەن باي.
قوناق ءجاي ءوزى اسقان داۋلەتتى ادام
جاتساڭدا اۋىرلاماس ءىبىر نەشە اي».
«باريۋعا» قاسقىر ايتتى «جۇرەكسىنەم:
ونىڭدا قوزىلارىن جەب ەم تالاي».
«بىلمەيمىن سىلتەرىمدى ەندى قايدا؟
بارىب كور قىيىسىق باسقا اناۋ سايدا.
بولعان مەن باسى قىيىسىق ونەرى كوب،
ءار ءتۇرلى تابىلادى ونان ايلا».
«مىسىق جان ونىدا ايتىب اۋرە بولما:
جەب ەدىم ءىبىر بۇزاۋىن وتكەن ايدا».

«مەن قايران» مىسىق ايتتى «سىتەرىكە!
زالالدان باسقا نارسە سىتەدىڭبە؟
بايدىڭ كوبى، جارلىنىڭ جالعىزىدا.
ئىيىبتى تىكداب تۇرسام، تىستەرىكە.
زالالىگەر جۇرتقا تەگىس بولىب ئايدان
ەندى نە نزدەب كەلدىڭ دشتەرىنە؟
جىندى حوق، سەنى امان قۇتىلدىرىب،
العاندای باله تىلەب وستەرىنە.
«نە ەكسەڭ، سونى الارسىن» دەگەن ئسوز بار،
ور ەندى ەگىنىڭدى پىسكەنىندە!».

(قىرىق مىنىسال).

---

19) تۇتقىن زارى.

(كىراسۇۇسكەيدەن)

كۇن شىعىب، كۇن باتادى مەزگىلى مەن.
قاتالىق بۇل قاپاستا الدە نەدەن؟
جۇرەدى ەرسەڭ قارساڭ كۇزەتشىلەر،
اللانىڭ نرزا بولىب بەرگەنى مەن.
مەن ئتۇستىم بۇل تۇرمەگە قاپىلىستان،
كوڭىلىن بۇرعاندىقتان قاتىن دۇسپان؛
كىنام سول: كوزىن جويدىم قۇپىيا ەمەس،
كىناسىن اشكەرەلىب ەمەس بوستان.
سول ئۇشىن مۇنداي كۇيگە ئتۇستىم ئمىنى!
تاعدىردىڭ كەزى شىعار مەنى توسقان.
تۇبىمە جەتتىڭ جاۋىز!... مەنىڭ داعى؛
ەرىكسىڭ ادال بەيىل، اق جولداعى؛
بەلگىلى تۇزىك جولدان شىعىب سايقال!
جانىڭا داجال بولدىڭ ئجانا تاعى.

بالالار اريتتا قالدى جەتمەسرەب،
قالايشا ولار ەندى دتەر قورەك؟
كەم بىلەد؟ اش-جالاشماش بواماىتۇنمن؟
اتا-انا بواماعان سوڭ تۇرار دەمەب.

جاتىرمەن مەن تۇتقىندا قاپالانىب،
ازابتىڭ نەشە ئۇرلى ئدامىن الىب،
كۇن-ئۇنى ئىبىر توقتالماي قىينالامىن،
كەيدە تاسىعان جاس كوزدەن اعىب.

تەمىردەن ادەيى سوققان نىق شىنجىرلار!
بەكىتىب ەكى اياعىم الىبسىنىدار!
سىڭعىرلاب جار شاقىردب ئىبىر سىنبايسىن!
شامام جوق بوسانۇعا ايلا تابار.

قاراسام كۇزەتشىدەي كۇن مەن تۇنگە،
تۇنەردب باعىسىب تۇر مەنى نەگە؟
ە! مەنىڭ سىڭعىرلاعان شىنجىرلاردىم!
سەندەر مەن ولدىم شىعار... كەامەي جونگە!

بەكەت.

---

20) تازا بۇلاق.

بار ەكەن تاۋدان اققان تازا بۇلاق،
تۇك ەل جوق ماڭايىندا قىلعان تۇراق؛
جاعالاي بىتكەن اعاش جاپىراقتى،
جايقالىب كۇن مەن جەلدەن تۇرعان قورعاب.

شىلدەنىڭ تاس قىزدىرعان دىستىق كۇنى،
ئموب-ئموالدىر سۇۋى سالقىن ايبات ئتۇرى؛
شىنداي جالتىراعان تازالىعى،
كورىنىب اينادای بوب جاتقان ئتۇبى.

جاانگەز ئۇش جولاۋشى كەلە جاتقان،
شولدەگەن دستمق كۇندە، تاشداي قاتقان.
كەز بولىب بافمتىنا الدە قلاي،
سۇۋ ئىشىب، مەيىرى قانعان سول بۇلاقتان.
راقات سۇۋسىن قانىب، جان جايلانىب،
قاراب تۇر اققان سۇۋعا قايران قالىب،
كورەدى سۇۋ اعاردان جازدۋالى تاس،
جاعالاب جوعاردراق جۇرسە بارىب.
ۇشەۋى مۇنى كورىب قالدى توقتاي:
جاپاندا جازدۋى بار نەتكەن تاقتاي!
جازىلعان وقىب كورسە ئسوزى مىناۋ:
«ولساڭ بول، ەي جولاۋشى، بۇ بۇلاقتاي!»
ساۋدەگەر ەكەن ئىبرى ۇشەۋىنىڭ،
تىڭداشىز سوندا عى ايتقان ئسوزىن مۇنىڭ:
«ياپىرماي! بۇل جازىلعان اقىل ەكەن،
وتكىزبەي اعار بۇلاق كۇنى-ئتۇنىن.
السقا بارماقشى ول تىنباي اعىب،
قوسىلماس وزگە بۇلاق بۇعان ناعىب؛
زورايىب اقىرىندا وزەن بولىب،
سۇۋىنان پايدالانار تامام قالىق.
مەنىڭشە مۇنان مۇرات-ماعانا سول:
كاسىب قىل، جالقاۋلانباي تالابتى بول،
بۇلاقتاي ماقسۇدىڭا سەندە جەتىب،
باسىڭا تىيگىزەرسىن پايداڭدى «ول».
ەكىنشى عالىم ەكەن اسا زىيرەك،
ول ايتتى باسىن شايقاب نازدانىب بەك:
«بۇل ئسوزدىڭ ماعاناسى ئسىز ايتقاننان
مەنىڭشە بولسا كەرەك تەرەڭىرەك.

بۇل سوزدەن عىبرات سول ادامزاتقا:
تەگىن قىل، جاقسىلىقتى پۇلعا ساتما،
بۇلاقتاي كەز كەلگەنگە دايار بولىب،
مىندەتسىز ىبلىسشدى تارات قالمىقما».
جاس جىگىت جولاۋشىنىڭ ءۇشىنشىسى،
ادەمى كورەر كوزگە كوركەم كىسى -
توقتالىب ەش نارسە ايتپاي تۇرىب ەدى،
«نە ويلايسىن، سويلە مىرزا!» دەدى وزگەسى.
بۇل جىگىت بەردى جاۋاب سوندا تۇرىب:
«ورنىندا اقپاي بۇلاق تۇرسا تۇنىب،
ءشوب-سالام، شالۋ-توپىراق، سەلەۋ باسىب
سارقىلىب قالار ەدى ءالى قۇرىب.
جۇرت قۇمار بۇلاق تازا بولعاندىقتاق
جازىۋدان ماعانام سول مەنىڭ ۇققان:
كوشكىشدى بويىڭ مەنەن تازا ساقتا،
پاكلىك بەن ارتىلارسىن سوندا جۇرتتان.
اق بەيىل، تازا جۇرەك، ءجۇزىڭ جارقىن،
سەكىلدى ءمولدىر بۇلاق سۇۋى سالقىن،
بولعانداي دەرتكە شىپا جانى ءسۇيىب
ءشۇباسىز پايدالانار بولسىن قالقىڭ».
ازامات.

---

21) كىسى مەن ارىستان.

(قىرىمىلوپتان).

ءبىر اشىشى ۇستاۋشى ەدى، اشىدى قىرىب.
دشىنە قالىڭ اعاش تورىن قۇرىب.
ءبىر كۇنى ارىستانعا كەز كەلىپتى
سىرتىنان قۇرعان تورىن باعىب تۇرىب.

اربستان أقمردى وعان اۋزدن اشب،
قانكەي قىيىملداب كور قارسىلاسىب.
شەكىرەيىب، جان بىتكەنگە پاتشامىن دەب،
ماقتانىب ءجۇرىدۇشى ەدىك، سۇۋداي تاسىب.
قايراتىك ماقتاناتۇن قاندای ەكەن،
كەل بەرى بايقاسالىق كۇش سىناسىب.
«ادامىم راس بىزگە پاتشا بولساك،
ءجۇرىب كور ایاعىڭدى قادام باسىب!»
«اربستان، سەنەن ارتىق ەمەس كۇشىم.
ءسوزىمدى ءىلتىپات بەن تىڭداب ءتۇسىن.
ەتەتۇن مەنى ارتىق قايىۋاننان،
كۇش ەمەس، ونەرىم مەن ەتكەن ءىسىم.
ول راس سەندەي ونشا باتىر ەمەن،
ماقتانشاق وتىرىكىكە جاقىن ەمەن.
قانشاما كۇش جەتىپەيتۇن قىيىن ءىستى،
ورنىنا كەلتىرەمىن اقىلىم مەن.
بۇل ساعان ايتىب تۇرعان ناعىز شىنىم.
شىندىعىن كورسەتەيىن قازىر مۇنىك.
ەگەردە ءسوزىم جالعان بولسب شىقسا،
جەيسىن عوي سونان سولڭدا جارىقتىعىم.
سەن قارا! قىلداي ورمەك اناۋ تۇرعان،
مەن ەدىم ازابتانىب سونى قۇرعان.
كىشكەنە جەلىگەدە ءوزى سەلكىلدەيدى،
كورەسىن تەمىر ەمەس يا تاس قورعان.
جۇرسەمدە قايراتىڭا سىرتتان قانىب،
كوزىمنەن كورگەنىم جوق ءالي انىق؛
اۋەلى مەن وتەيىن ار جاعىنا،
وتەرسىن مىقتى بولساڭ بۇزىب، جارىب».

«تۇرسىن ئوي كۆش سىنارغا قىلداي تور مەن،
ول تۇگىل بايقاسقانمىن ونان زور مەن.
سەن باربب ارجاعىندا دايار بوب تۇر!
جەتەرمىن مەندە قازىر تۇۋرا جول مەن».

جونەلدى كوب سويلەمەي ادام پاقىر.
قۇۋانىب جىلدام ئجۇرىب بارا جاتىر.
استىنان تور-تورلاردىڭ ئوتىب الىب،
ئجۇردى ەندى كەلسەڭ، كەل دەب ئىزدىڭ باتىر.

اريستان شابتى تورغا اتقان وقتاي،
قومسىنىب بەينە الدىندا نارسە جوقتاي.
وتە الماي توردى بۇزىب شىرماتىلىب،
سول جەردە قولعا ئتۇستى ۇرماي، سوقپاي.

ورالىب جاتتى تورغا اريستانىم،
اقىلدان ئىلدى كۆشتىڭ قالىسقانىن.
تەرىسىن اريستانىڭ سويىب الىب،
ولجالى قايتتى اششى دانىشبانىم.

بۇل جازعان بوز بالاغا ئىىر وسىيەت،
ونەرسىز قارا كۆشتە جوق قاسىيەت.
ويلاماي كۆشكە سەنىب ەتكەن ئستىڭ،
زالالى ئار ۇاقىتتا باسقا تىيەد.

دەمەيمىن كۆش كەرەكسىز ادام زاتقا،
ونەر، وي ونان‌دا ارتىق مال مەن باقتا.
ونەردىڭ جوقتىعىنان ازىب ئجۇرمىز،
ناعىز بۇل اريستاندای بولماساق‌دا.
بۇل كۇندە كۆشتەن ويدى بۇردىن جۇمسا:
قارا كۆش بايگە الماي وسى شاقتا.

ـ عامال ەت زامانىڭنىڭ ئىڭعايىنا
بايگەسىز قۇر ۋلاعىب بوسقا شابىا
اقىلدان كۇشىڭدى ارتىق كورىب جۇرسەڭ،
جادىڭا بۇل كەڭەستى وقىب سلقتا!
(قىرىق مىيسال).

---

22) يىتتەر دوستىعى.

(قىرىيلوپتان)

ءىىر بايدىڭ ءتورت كوز مويناق توبەتتەرى.
وزدەرى ءىيت بولسادا، ادەبتى ەدى.
تۇندە ءۇرىب، كۇندىز ۇرمەي جاي جاتاتون،
بولادى ادەبتى ءىيتتىڭ ءادەتتەرى.
ءتۇس مەزگىل ەكى توبەت تويىب جاتىب،
كەمپىر ناز وكپەلەرىن قويىب جاتىب
اس ءۇيدىڭ الدىنداعى كۇن شۇۇاقتا
سويلەستى ءار نارسەنىڭ باسىن شالىب.
ءسوز قىلدى جاقسىلىقتى جاماندىقتى،
جومارتتىق-مىرزالىق بەن، سارالىقتى.
دوستىقتىڭ، دۇشماندىقتىڭ جايىن سويلەب،
قۋلعا الدى تاتۋاسىق بەن ارازدىقتى.
ءتىلمارسىب سول ۇاقىتتا ايتتى «مويناق»:
مەنسىز اق قارا ءتورت كوز ءوزىڭ ويلاب،
دۇنيەدە ونان ارتىق نە نارسە بار؟
تۇرعاننان تاتۋاسىق بەن كۇلىب ويناب.
دوس بولساڭ، قۇشاقتاسىب جانعا بالاب،
ءسوز ايتساڭ ءىىر-بىرىڭە شىراق-قاراق
التى كۇن اشارشىلىق كورسەڭ داعى
جەمەسەڭ ءىىرىڭ جوقتا ءىىرىڭ تاماق.

دوستىڭ دوس جۇلدىرماسا جاۋغا تۇگمىن
ەش نارسە ايىرماسا، ارا جىگمىن.
ئىرىنىڭ قاباغىنا ئىرى قاراب،
بىلمەسە، كۇنىڭ قالاي وتكەندىگمىن.
نە بار دەب دۇنيەدە مۇنان ارتىق
مەن قالىب ئىر قىيالغا تۇرمىن بۇگۇن.
«جولدى-ايلق»، اقساق «قۇتپان» جامان «سارقۇس»
«سولاردا تاب-تاتىۋ ئجۇر بىزدەر تۇگىل».
سويلەيدى ماڭىزدانىب ەندى ئتورت كوز.
«مويىن-ەكە» مۇنىڭ ئابدان ايتارلىق ئسوز.
تۇرمايتۇن ئىر كۇن تاتىۋ نەمىز بار دەب،
مەنداغى ويلاۋشى ەدىم وسمنى ئار كەز.
نە كەلتىب ئتىرى جۇرسەڭ نە كەتىبەيدى؟
ارازبوب ەكەۋمىزگە نە جەتىبەيدى؟
تاماق توق (وركەنى ئوسىسىن بىەمىزدىڭ)
ئتىيىسىز سوگىب سوقباي قۇرمەتتەيدى.
راسىن راس، دەمەي تاناسىزبا؟
ئىر سوتكە تاتىۋلىق جوق ارامىزدا.
تۇرمايتۇن رەنىشكە ئسال نارسەگە،
ەكەۋمىز تالاسامىز بارامىزدا.
مۇندای ئىس اراسىندا بولغان ەمەس
كوز سالساق بۇرىنغى وتكەن بابامىزغا
اتانىڭ جولىن قۇۋماي ۋلاققاندا
تۇۋرا جول سونان ارتىق تابامىزبا؟»
بۇل سوزگە كوڭىلدەنىب «مويناق» تاستى.
ول ۋلىكەن، ونان گورى «ئتورت-كوز» جاستى
«ئتورت-كوزدىم» «مويىن ەكەم» دەب ئىرىن ئىرى
دوس بولىب، سەرت ايتىسىب قۇشاقتاستى.

ەكەۋى ئىرىن ئىرى ئىۋىدى، قۇشتى.
قىزىغى باسلماغان دوستىق كۇشتى
اس ۇيدەن ۇلاقترعان ئىر ومىرتقا
سولاردىڭ ناق جانىنا كەلىب ئتۇستى.
كورگەن سوڭ مايلى سۇيەك ئىيت تۇرارما؟
قۇشاعىن جازىب الا جۇگىرىستى.
دوستىقتى ايتقان سەرتتى بىلاي قۇيىب
ەكەۋى ئىر بىرىنە سالدى ئتىستى.
دوستى دوس مۇنان ارتىق قالاي سىيلار.
جۇندەرى بۇرقىراغان اسپانعا ۇشتى
سۇۋ قۇيىب ەكەۋىنە جىيىلعان جۇرت
ەكەۋىن زوردان‌عانا ايىرىستى.

ىيتتەرگە تالاسسادا جاراسادى.
ەتىبەسە، ئىيت ادەتىن اداسادى؛
دوس بولعان ادامدارى قاراب تۇرساق،
بىيىك بەن تەڭ دەب بولماس الاسانى.
سۇيەكتەي اراسىنا نارسە تۇسسە،
ىيتتەردەن ولار ارتىق تالاسادى.

(قىزىق مىيسال)

---

23) شىرىلداۋىق شەگىرتكە.

(قىرىيلوپتان)

شىرىلداۋىق شەگىرتكە
ىرشىب ئجۇرىب ئان سالعان
كوگالدى قۇۋىب كولايىتتەب
قىزىق بەن ئجۇرىب جازدى العان.

جازدى كۇنگى جاپىراقتىڭ
بىرىندە تاماق، بىرىندە ئۇي
جاپىراق كەتتى، جاز كەتتى
كۇز بولغان سوڭ كەتتى كۇي.
جىلى جاز جوق، تاماق جوق
وكىنگەننەن نە پايدا
سۇۋۇتقا توڭغان قارنى اشقا
ويمن قايدا! ئان قايدا!
ونى مەنەن تۇرمايدى:
قار كورىندى قىس بولدى.
ساۋىقشىل سورلى بۇكشىيدى؛
تىم اق قىيىن ئىس بولدى.
سەكىرىۋ قايدا ئسۇردىنىب،
قاباغىن قايغى جابادى.
سالامدا جاتىب ئدان جىيغان
قۇمىرسقانى نزدەب تابادى.
سەلىكىلدەب كەلىب جىغىلدى،
ايغىنا باس ۇرا.
«قاراغىم جىلىت ورىن بەر،
جاز شىققانشا اسىرا».
«ونىڭ جانىم ئسوز ەمەس،
جاز وتەرىن بىلمەب بە ەڭ؟
جانىڭ ئۇشىن ەش شارىۋا،
الا جازداي قىلماب بە ەڭ؟»
«مەن وزىڭدەي شارىۋاشىل،
جۇمساق ەلەۋ ئۇيلى مە؟
كوڭالدى قۇۋۇب ئان سالىب،
ولەڭنەن قولىم تىيدى مە؟»

«قايتسىن قولى تىمەبتى!
ولەكشى، ئانشى ەسىل ەر؛
الا جازداي ئان ساساك،
سەلكىلدەدە بىيلەي بەر!»

اباي.

---

24) قىز اكەسىنە.

سوزىمە، قىز اكەسى قۇلاعىڭ سال!
بىيىل سەن ئەس جاسادىڭ ئىىر اقىۋال.
قىزىڭدى ئىىر سوقىرعا بەردىڭ وستاب،
قاراماي وبالىنا، اقىماق شال.
كۇلايىم ون ئتورت جاسقا بىيىل شىقان:
كەتكەن جوق ەرنىندەگى ئسۇتى جۇققان
جىلاسا، قارت ادامعا بارمايمىن دەب،
ۇرساسىن بىلمەيسىن دەب بالالىقتان.
كۇلايىم بىلمەيدى ەمەس، بەك بىلەدى.
انشەيىن اكەم ئبىلسىن دەب ئجۇر ەدى.
ىزشمسى قىز بالانىڭ العان جارى-
ول سەنەن ونان باسقا نە تىلەدى؟
اقىماق ئتورت ەسە قارت بەرگەن بايىڭ.
ئبىت ەدى قۇلقى قاتى، بىلەم جايىن.
سىپىرىب بارلىق مالىن ئوزىڭ الىب،
قالدىردىڭ قالاي قىيىب قوتىر تايىن.
سابايىسىن وشماشادا قىزىڭدى ئوزىڭ،
بارماسا، ويامىن دەب ەكى كوزىن.
بالانىڭ بازناسىن كوتەرمەسەڭ،
ايتادى ول ئبىشارا كىمگە ئسوزىن؟

كۆلايىم قورقىب ئەتكەن سويىلمىگىنان.
جىلى قان اعىزىمسىن ھويىنىنان.
تال تۆستە قارا شاشىن قانعا بويياب،
ويناسىن ۇستاب‌با ھەيىك قويىنىنان؟
قورقىلىدىك كۆلايىمدى قىز ساۋدىرى.
تەك جاندى، باعىن تاباي، باق ئداۋدىرى.
قانىك مال، جانىكدا مال، مالدىك قۇلى
قادىرسىز ماقلۇقسىن جوق باۋدىرى.
مالاباي ۇلى راقىمجان.

25) ئتۇن ھدى.

ئتۇن ھدى. كوكتى قابتاب بۇلىت تۇردى.
جەل جىلاب، دولى داۋىل ۇلىب تۇردى.
سەكىرىب سارى شاشى جىندار بىيلەب،
الدە كىم سىلىق-سىلىق‌قانا كۆلىب تۇردى.

جاپان ئتۇز، وتسىز، سۇۋسىز بەتپاق شولدە،
جىن، شايتان مەكەن ەتكەن تاعى جەردە،
جاس بالا. جولداسىم جوق جاپا جالعىز،
مەن كەلە جاتتىم، باتىب قاندى تەرگە.

كوزدىمنەن جاس اقبادى قاندار اقتى.
تاباندى تىلىگىلەدى تاستار قاتتى.
قارقىلداب، قىيقىۋ سالىب قارعا قۇزعىن
جالپىلداب جۇرەگىمدى شوقىب جاتتى.

شاشىمدى جۇلدى الدە كىم تالداب-تالداب
دستىق جاس دومالادى كوزدەن پارلاب،
ەسىركەگەن جالعىز جان بولدى‌ما؟-جوق!
جىلاددىم جاپان تۇزدە جالعىز زارلاب.

11–7072

الده كىم «ئتايت! شىعارما ئۇنىڭ» دەدى
«سەن ئېىر مال-ئېىر بەس بايتال قۇنىڭ» دەدى،
«شوقسىن قارغا، قۇزغىن جۇرەگىڭدى،
تىرپ ەتبە، جىلامادا، كۆڭىم» دەدى.

ويلاما، دەدى كۆندى، سەن مال، كۆڭ سەن،
سوكسەمدە، سوقسامداغى شىدا، كون سەن.
شىداماساڭ، قارسى «ئلام» دەۋشى بولما!
تۇنشىغىب كوز جاستىا كومىل، ئول سەن.

دەدىدە، سول الده كىم سىلىق-سىلىق كۆلدى.
سول كۆلمۇ جۇرەگىمدى جۇزگە ئتىلدى.
كۆيىك كەۋلەب، جۇرەگىم وت بوب جاندى.
جۇباتىۋغا سول كەزدە قايسىڭ كەلدى؟!

اشىۋ كەرنەب، امالسىز، جانىب بشتەن،
جالىنغان بارىڭدە مەن ەمەس بە ەم؟!
سول ۋاقىت: «بىس جاقسىسى پالەن ات» دەب،
ساۋدالاسقان اغا ەكەم سەن ەمەس بە ەڭ؟!

ساسىق دوڭىز جانىۋار، جۇۋان قارىن،
ساتاتۇن مالغا، تاڭىرىڭ، ىيمان، اربڭ،
تاستاغاندای بولامىن ئجۇز تىلىگىلەب،
كەتكەندە قاينىاب، وينىاب دستىق قانىم.

سۇيەتۇن ەركەلەتىب، اجەم، اتام،
ومىرىڭشە جىلا! دەب بەردىڭ باتاڭ!...
قۇشاقتاب، قىمسىب، كۆرسىنىب جىلاي بەردىڭ،
سارغايغان سورلى بولىب بىيشارا اپام...

قىسقى كۈنى، بوراندى ۋزىن كەشتە،
سورلىنىڭ قاسىرەت، زارى سىيماي تشكە،
«ۋۋا!» دەگەندە اۋزىنان جالىن شىعىپ،
وتىرىۋشى دە قولىنا الىپ كەستە.

كۈرسىنىپ، كەستەنى الىپ تىگىۋشى ەدى.
مولدىرەتىپ كوز جاسىن توگەۋشى ەدى.
نارىكەس كوز جاسقا تولىپ، شالا شانشىپ،
كەستەسىن قايتا تاعى سوگەۋشى ەدى...

ۋۋپ اللا! جان بولدىما بىزدەن مۇشكىلدىق؟!
داريعا! نە كورمەدىك؟ نە كورمەدىك؟!
كورگەنشە سونشا قورلىق، سونشا زورلىق،
ۋۋ ءىشىپ، وتقا ءتۇسىپ نەگە ولمەدىك؟!

ولمەدىك! زار ەكىمەدىك، سابىر ەتتىك:
شاشاتۇن التىن ساۋلە تاڭدى كۈتتىك
كوپ كۈتتىك، سوگىلدىك‌دە، سوعىلدىق‌دا،
ساتىلدىق‌دا، تىلەكـكە اقىر جەتتىك!

مىناۋ تۇۋۋ كىمنىڭ تۇۋۋى؟ـاپىل تۇۋۋى.
مىناۋ شۇۋۋ كىمنىڭ شۇۋۋى؟ـاپىل شۇۋۋى.
ۋۋلاعان جانىمىزدى سانسىز جىلدار،
جويىلدى بۇگۇنگى كۈن قاسىرەت ۋۋى.

اناۋ تالۋ كىمنىڭ تالۋى؟ـاپىل تالۋى.
بۇكۇنگى كۈن شىن ازاپ اپىل جانى.
سوقىر قۇرت، ساسىق دوشىز، كەت جولىمنان
باسار سەنى توگىلـگەن اپىل قانى!

ماعىجان.

---

26) ئوربۇژ.

دۇنيەدە وزگەرمەيتۇن نارسە جوق. دۇنيەنىڭ تابيعى، نەگىزدىك جولى وزگەرىس، وزگەرگەندە كەر كەتىب كەمىب وزگەرىژ دەمەس، بلگەرى باسىب، جەتتىگە، جەتىلە، ئوسىب-ونە وزگەرىژ. مۇنى علىم تىلىندە «ەۋولۇتسيا» (تابيعات تاعدىرى) دەيدى.

ۇستىمىزدەگى شەنى، شەتى جوق كوك، كۇندىز بولسا، دۇنيەنى جارىق ەتكەن كۇن، ئتۇن بولسا، اسپاندا كۇلىمسىرەپ تۇرعان اي مەن جۇلدىزدار، نزدەسەڭ تىرشىلىگىمىزگە كەرەك نارسەنىڭ ئبارى تابىلىپ، اناشا اسىراپ وتىرعان مىناۋ جەر، ول جەردىڭ ۇستىندەگى جاندى جانسىز ماقلۇقتار ئبارى وسى تۇرىندە، وسى كۇيىندە، وسى قالپىندا بولماعان. ماسەلەن جەر وسى ئتۇر، وسى كۇي، وسى قالپىنا جەتكەنشە، عالەمدار ايتىژىنا قاراعاندا 5-6 مىلىيون جىلدار وتكەن. جەردىڭ تۇمان سىياقتى بۇۋعا ۇساعان زامانداريدا بولعان، ونان كەلەكەلە قويىلىپ، بالقىعان قورعاسىنعا ۇساعان زامانداريدا بولعان. ونان بەرى كەلە تاس بولىپ قاتىپ قالعان زامانداريدا بولعان. سونان سوڭ تاس ۇساتىلىپ، ۇگىلىپ توپىراق بولىپ جەرگە اينالعان. جەرگە اينالعان سوڭ سۇۋ پايدا بولعان. سۇۋ پايدا بولعان سوڭ ئوسىمدىك اتالعان ئتۇرلى جەر تۇكتەرى اعاش، بۇتا، شوبتەر، جانۋار اتالعان ئتۇرلى جاندىقتار پايدا بولعان. ول ايتىلعان جەردىڭ تۇكتەرىندە، ول ايتىلعان جاندىقتاردا وسى ئتۇر، وسى قالپىندا بولماعان. وزگەرىلەوزگەرىلە كەلىپ، وسى كۇي، وسى ئتۇر، وسى قالىپقا تۇسكەن. ادامدا وسى ئتۇر، وسى كەسكىن، وسى قالىپتى بولماعان. تۇرمىسى، بىستەگەن كاسىبى، ۇستاعان جولى، جۇمساعان ئبىلىمى، تۇتىنعان نارسەسى وسى كۇنگىمدەي بولماعان.

ادام زات ادام بولعاننان بەرىدە نەشە مىڭ جىلدار وتكەن. نەشە مىڭ جاندارىدى وتكىزە، نەشە تۇرگە ئتۇسىپ، جەتتىگە، جەتىلە كەلىپ، وسى كۇنگى تۇرمىس ئتۇرىنە تابقان. بۇل تۇرمىسقا جەتكەنشە ادامنىڭ تۇرمىسى، قالپى، سالتى، تالاي وزگەرگەن، تالاي قۇبىلعان؛ ونەر بىلىمدە تالاي كۇيدى باسىنان

كەشىرگەن، تالاي جانىب، تالاي ئسونىب، تاغى كوتەرىلگەن. ئىراق بىلگەرگىنىڭ اقىلى، ئىلىمى كەينىگىگە قالىب، كەينىگىلەر وعان قوسىب جاماي كەلىب، تىرشىلىك ئادىمى ارتىلىب، اقتىمىندا ونەر ئىلىم اۋدانى ۋلعايا كەڭىي بەرگەن. كۆن كوردىس ئتاسىلى مولايا بەرگەن. پايدالى ئتاسىل المنىب، پايداسىز ئتاسىل قالىنىب، تىرشىلىككە كەرەك بىلىمدەر اتادان بالاعا، ۋلكەننەن كىشىگە، ناسىلدەن ناسىلگە قالىب، ئىلىم ساباسىنا قويىلىب وتىرعان. وسى كۆنگى ئىلىم-ونەر دەگەنىمىز ادام بولعاننان بەرگى ادام بالاسىنىڭ تابقان تىرشىلىككە كەرەك ئادىس-امالى. ونەر عىلىم بىلگەن ادام تىرشىلىكتىڭ ىسىنە كەرەك ئادىس، امالدى جاقسى بىلەدى.

كۆن كوردىس ئسى وعان وڭماي؛ بارلىق قاقباسىنىڭ نەشە ەسىگى، نەشە تەسىگى وعان ئمالىم. جىلدىق جەردەن كوز اشىب جۇمعانشا جىلدام قابار الىب وتىرعان، اتسىز اربا مەن ئجۇرىب، سۇۋدى بالەقتاي كەزىب، قۇستاي اسپانعا ۋشىب وتىرعان جۇرتتار عىلىم مەن ونەر ارقاسىندا، دۇنيەنىڭ ەسىك-تەسىگىن بىلگەندىكتەن ىستەب وتىر. بۇل عىلىم-ونەر تابىمعات تاعدىرى بويىنشا اسا بەرمەك، وسە بەرمەك. ئىراق ادام بالاسىنىڭ ئبارى قاتار جەتىلۋ، قاتار جەتىگۋ جوق.

تابىيعات تاعدىرىنىڭ جولى جارىس، تالاس، تارتىس، كۆرەس، بايگە ونەرلى جۇيىرىكتىكى، ئادىستىنىكى. قاراساق قاتار جەتىلىب وتىرعان جۇرت جوق. بىرەۋ بىلگەرى، بىرەۋ كەيىن؛ بىرەۋ كوككە ۋشاتۋن، سۇۋدى كەزەتۋن ماشىنەلەر ىستەۋگە جەتكەندە، بىرەۋلەر تەرىنىڭدە جوندەب ىيلەۋىن بىلمەي، قاۋىرلاعان تەرى مەن ئسىرى كىيىب وتىر.

---

27) ولاقتىق با، سالاقتىق با؟

ەگەن سالۋ جاعىنا كوز سالساق، ئىبزدىڭ قازاقتىڭ ەگىن كاسىبى مۇدەم شالا. دۇرىستاب ەڭبەك ئسىڭىرىب ايىرعان جەر مەن قازاقتىڭ شاشقان جەرىنىڭ اراسى جەر مەن كوكتەي. دۇرىستاب ايىرعان جەردىڭ

شمعىسى دا تازا، ئدانى‌دە تولىق، ارام ئشوب بولمايدى، مۇنمۇك سەبەبى مىناۋ: الدى مەن قانداي جەرگە قانداي استىق شمعاتۇنىن ئىملىۋ كەردك. ئىملىۋ ئۇشمىن جەر ماماندارىنىڭ ايتقانىنا قۇلاق سالمۇ كەردك، ەكىنشى ەگىن شاشاتۇن جەرگە سۇۋدى كوب وستايتۇن امال دستەۋ كەردك، بۇل امالدىڭ ئىبرى مىناۋ: جازعىتۇرى ەگىن شاشقان ۋاقىتتا جەردىڭ وستىنە ئار جەرگە ئىر بىردەن قاتارلاب اي-قاباق شاشىب تاستاۋ كەردك، كۇزدى كۇنى باسىندا‌عى ايقاباعىن الىب، ساباعىن تىكە قالدىرىب كەتسە، قار وستاۋعا سەبەب بولادى.

جانادا جەردى كۇزگە قاراي قاراداي ايىرىب تاستاسا، جۇمساق جەر ناقتالانىب جاتقان جەردەن سۇۋدى كوبىرەك وستايدى. تۇقىم شاشقاندا قول مەن تاستاعان تۇقىم تەگىس تۇسىبەي، ئىبر جەرگە كوب، ئىبر جەرگە از تۇسەدى، بۇدا ەگىننىڭ شىعۇىنا شالىعىن تىيگىزەدى. ئار ئىبر جەرگە تۇسكەن دانگە وزىنە ئتىيىستى جەر كەرەك، سول سەبەبتى ئىبر جەرگە ەكى ئۇش ئدان تۇسسە، ئىبر ازى شىعا الماي قالدۇى، يا كى شايالانىب شىعۇى مۇمكىن، سونىڭ ئۇشىن تۇقىمدى ماشىينە مەن شاشقان دۇرىس. قۇرعاقشىلىق جىلى تۇقىمنىڭ سىيرەك شاشىلعانى دۇرىس.

قازاقتىڭ جەرى مول، بوزى كوب بولعاندىقتان جەر ايىرىب، ەسكى جەردى تىڭايتۇعا ئتىيىس: ەسكى جەردىدە ئىبر جىل بولسادا، پايداسىز جاتباس ئۇشىن جوڭىشقا يا بولماسا، باسقا شوبتەر شاشىب جاڭارتىب الۇعا بولادى، ئىبر جاعىنان جەر جاڭارادى، ەكىنشى جاعىنان مالعا جاقسى ئشوب الادى.

ئىبزدىڭ قازاق باقشا شاشۇدى ادەت قىلماعان. شاشسا، ونىڭدا پايداسى مول. مال كەسىب، بۇرىنعىداي ەت بەن كۇن ەلتىۋدىڭ زامانى وتكەن، كارتوب، اسقاباق جانە كاپوستا سىياقتى نارسەلەردى شاشسا، تاماقتىڭ ئتۇرىن كىرگىزەدى، ئمنى وسىنىڭ ئرارى‌دە كورمەي جۇرگەن ئىس ەمەس، ئىبراق دستەۋگە قۇنىتتالماي جۇرگەن. قۇنتىنا الىب كىرىسسە، قولدان كەلمەيتۇن‌دە ئىس ەمەس.

قازاقتىڭ وينە كەلسەك، جازعى كىيىز ئۇي مەزگىلىندە جاقسى، ئىبراق جاڭا بولساعانا، جەرتىق بولىب توبەسىنەن جۇلدىزدار كورىنىب

تۇرسا، ۇيگه ئساندىگى جوق. قىستى ئۇيمن الساق قانداي داۋلەتتى بواسادا زەملەنكەسى قورا ەكەنمن بىلمەيسمن، ئۇي ەكەنمن بىلمەيسمن، ايىرارلىق ەمەس.

بۇل نەاسكتەن؟... بۇل قازاق قالقىنىڭ سالاقتىعى. سالاقتىقتى تاستاب ۇرىنبەگەندەعانا ئۇيدى تازا ۇستاۋعا بولادى.

قازاق مالدىڭ ئتولىن كىشكەنەعانا ئۇي سالىپ بولمەك قاماۋعا ەرىنىپ، ئوزى وتىرعان ۇيىنە ئتولىن-قوتىر وگىزشە-قاشارىن بىرگە قاماپ، ئۇيىنىڭ جارتىسىن قورا قىلىپ بىلمەتىرىپ جىبەرەدى؛ بۇل ۇيدە تازالىق بولادى دەپ ايتىۋعا بولمايدى.

وتە-موتە قىستىڭ كۇنى دالاعا شىعىپ تازا اۋا مەن دەم الا المايتۇن جاس بالالار اۋىرۋعا شالىعىپ ولىۋىنە سەبەبى مول.

ۇلىگىلى ەلدىڭ كەدەيىنىڭ ئۇيىدە قازاقتىڭ بايىنىڭ ۇيىنەن ارتىق. بۇعان سەبەپ جالعىزاق قازاقتىڭ جالقاۋلىعى.

بۇرىنعىداي مال ايداپ جايلاۋعا كوشىپ شىقبايتۇعىن بولعان سوڭ، ەكى ئۇي ۇستاپ، ەكى راسقوت ۇستاپ ئجۇرىپ وتە-موتە قازاقتىڭ جارلىسىنا پايداسى جوق ئىس.

«اۋىل»

---

28) قىبشاق سەيىتقۇل.

قىبشاق سەيىتقۇل جانىنداعى وتىز ئويلى توبىردىن، قالاي دىتسەم جۇرىت قاتارىنا قوسارمىن دەپ، ويعا قالدى. ول ۋاقىت اتتانىپ، باريىمتا تۇۋدىن تىككەن، ەسىلاشدار ەشبەكسىز ەلدىڭ مالى مەن كۇن كورەمىز دەيتۇن زامان. باريىمتا مەن مال باعىۋدان باسقا قازاقتا بوتەن كەسىپ جوق ۋاقىتى. سەيىتقۇل مەن وتىز ئۇي توبىرىندا مال جوق بولعان. باريىمتا مەن مال تابۋ سەيىتقۇل سىياقتى دىستى ادام دىستەيتۇن ورىندى كاسىپ ەمەس. «جورتۇۋدىل باسى جولدا قالار» دەپ بابالارىمىز ايتقان ەكەن-عوي دەپ، باريىمتاعا كوشىلى شابباي، ەگىن كاسىپىن دىستەۋگە قولايلى جەر ىزدەيدى. كوپ جەرلەردى ارالاپ، كەزىپ كەلىپ تورعاي جاناماسىنداعى قابىرعا دەگەن سۇۋدىڭ بويىنا توقتايدى. مىنا جاقتا ۇرگەنىش قوقاننان،

مىنا جاقتا ئستەك، قالماقتان شەتىرەك ەكەن، ئجانا جامانشىلىق بولسا، قالىڭ ئەل قىيىشاق رۇۋىنا جاقىن ەكەن دەيدى.

تۇركىستاندا قالسام، قوقانى قوقاشمداب، وزبەگى وكىرەكتەب، تىنىشتىق بەن كاسىب ىستەتىەس دەب، قابىرعانى ۇناتىب قايتقان سوڭ، قىستى وتكىزىب، جازىنا كۇننىڭ جىلى كەزىندە جالاشماش جايداق كەدەيلەرىن كوشىرىب، قابىرعاعا الىب كەلەدى. ۇرلىق بەن بارىمتا قىزىعىنا تۇسكەن ئىر اعاسى بار ەكەن. سەيىتقۇلدىڭ ايتقان اقىلىن الماي، قاسىنداعى ئۇش ئتورت ئۇيى مەن تۇركىستاندا قالادى.

قابىرعانىڭ بويىنا كەلگەن سوڭ، قالاي ەگىن ەگىپ تۇركىستاندا كورگەنى بار، سەيىتقۇل كەدەيلەرى مەن بىرگە كەتىپەندى قولعا الادى. جەردى شاپادى، اردق قازادى، اتىز تۇرعىزادى، تۇقىم شاشىب، سۇۋ جىبەرەدى. ەگىن پىسكەن سوڭ، ورىب، وزدەرىنەن ارتىلعانىن ماشىاينداعى كوشىبەلى ەلگە ساتىب، مال قىلادى. جاشما مەكەن دىنكەن جەرىنە ورنىنقان سايىن، ەگىندى جىلدان جىلعا كۇشەيتىب، اردق باسىنا شىعىر ورناتىب، ەگىندى شىعىر مەن سۇۋارادىن ەتەدى.

ەگىن كۇشەيگەن سايىن، ماشىاينداعى ەلدىڭ مالىنا ايىرباستاب، قارا-قۇرا مال جىيىۇىدا كۇشەيىب، اقىرىندا ئبارى اۇقاتتانىب، بايىۇعا اينالدى. مۇنى كورىب، كوشىبەلى ەلدەردەندە قىزىعىۇشىلار بولىب، سەيىتقۇلعا قوسىلىب، بەس التى جىلدىڭ ىشىندە «سەيىتقۇل ەلى» دەگەن ئتورت ئجۇز شامالى ئۇى بولادى.

سەيىتقۇلدىڭ مالدى تابىۇ رەتتى باسقالاردان وزگەشە بولعاندا، مالدى باعىۇ، جاۇدان قورعاۇ رەتىىدە باسقالاردان وزگەشە بولادى. ەلىنىڭ ادال ەڭبەگى، تابان اقى ماشمداي تەرى سىڭگەن داۇلەتۇن اشمدعان جاۇدان، ۇرىدان، بورىدەن قالاي ساقتاۇ قامىن ويلاب، شىمنان بىىىك ەتىب قورعان سالدىرادى، مال كۇنىدىز دالادا باعىلىب، تۇنگە سول قورعانعا قامالادى. باقتاشىلاردى رەتتەب، جان جاققا قاراۇىلىشىلاردى تارتىىتەب قويادى. بۇلاردىڭ وسىنداي كۇتىنىب، بەكىنىب وتىرعانىن كورگەن بىلگەن ۇرى-قارىلار، بارىمتا، سىرىمتاشىلار، وشماي جاتقان مال دەب قىزىعا الايدى.

بۇل جاعىن ئبۇيتىب جوندەگەنىن كەيىن، سەيىتقۇل بۇقارعا

قوقانغا مال ایداتىب، ول كەندەردەن قازاق قولى ئۆزلى تاۋالار الدىرىب، جىلدا ەگىن پىسكەن كەزدە ماناعى قورعاندا جارمەنكە اشادى. كوشبەلى قالىق بەلگىلى كەزدە مالىن، ئۇن-جاباعى، تەرى-تەرسەگىن اكەلىب ەگىنشىلەرگە بەرىب، استىق جانە تاۋار الاتۇن بولادى. ئسۇيتىب، ئىبىر جاعى ساۋدا، ئىبىر جاعى ەگىن-ەكى كاسىبتى بىردەي ىستەب سەيىتقۇل ەلى ئابدان بايىعان ەلدىڭ ئىبىرى بولادى.

ماناعى جوعارىدا ايتىلعان سەيىتقۇلدىڭ اعاسى جۇرتتىڭ مالىن ورلاب، باردىمتا مەن الىب، بايىيمىن دەپ جۇرگەندە قوشىمرات جاعىندا قولعا ئتۇسىب، كىم ەكەنىدە بەلگىسىز، بىرەۋ ئولتىرىب كەتىبتى. قالعان مال-مۇلكىن ۇرىنىڭ مالى دەپ، تۇركىستان ۇلىقتارى تالاپ الىپتى. اعاسىنىڭ قاتىن-بالاسىن، سەيىتقۇل نەشە جىلداي بزدەتىب، جانىنا كوشىرتىب الدىرادى.

سەيىتقۇل 1830-ىنشى جىلى دۇنىيەدەن قايتىپتى. سول ئدانىشپان كىسىنىڭ اقىلى مەن ەگىندى ادەت ەتكەن ەل قابىرعا سۇۇۇىنىڭ بويىندا وسى كۇندەدە كوب. جارلى بولىب، باسقا كاسىبى بولماعان ەل تورعاي جاعىندا تەز ەگىنگە اينالادى. ەرىنبەي بەينەتتەنگەندەرى ئىبىر از جىلدىڭ ىشىندە-اق ەگىن ارقاسىندا جۇرت قاتارىنا قوسىلادى.

(التىن ساري ۇلىنىڭ كىتابىنان).

---

29) قازاق سالتى.

قازاق مال مەن كۇن ەلىتكەن كوشبەلى ەل. بۇرىن قازاق تۇگەلى مەن كوشبەلى ەدى، قازىردە شالا كوشبەلى بولىب قالدى. بۇرىن قازاق جاز ارقانى جايلاپ، قىسقا قارسى، كۇنى جىلى سىر بويىنا، جەتى سۇۇ جاققا كوشىب باراتۇن ەدى قازىردە ولاي: قازاق دالاسىنىڭ ئىبىر شەتىنەن ئىبىر شەتىنە كوشىب ئجۇرىۇ سىيرەدى: قازاقتىڭ قىسى قاتتى ارقادادا تۇراقتى قىستاۋى بولاتۇن بولدى: قازاق مالعا پىشەن جىياتۇن بولدى؛ ەگىنگەدە اينالا باستادى.

بۇرىن، قازاق، سىردان قىرعا دامىلسىز كوشىب جۇرەتۇن زامانداا، قولىنداعى مالىنىڭ امان بولىپ، ئوسىپ ئونۇۇى ئۇشىن: قىس سۇۇىقتان قاشىپ جىلى جاققا باردۇ، جاز وتى، سۇۇى جايلى

ارقاغا كەلىۋەدەن باسقا، تابىيغاتتىڭ ئۆزلى قۇبلىسىنا قارسى ەش ئىسر امال قىلا المايتۇن ەدى. مالغا ئۆزلى بندەت كەلسە، ئار تۇلىكتىڭ قۇداينا ئوز الدىنا جالبارىنىب، جالىنىۋ شارالارىن دستەيتۇن: جەلقى ئۇشىن قانبار باباغا سىيناتۇن، تۇيەنى بندەتتەن ساقتاۋ ئۇشىن ويسىلقاراغا جالبارىناتۇن...ول كەزدە قازاق تابىيغاتنىڭ قولايسىز قۇبلىستارىنا قارسى ەش-دەمە دستەي المايتۇن؛ تابىيغاتتى وزىنە باعىندىرىب، پايداسىن شمعارىۋ قازاقتىڭ تۇسىندە كىرمەيتۇن ەدى؛ قازاق تابىيغاتتىڭ ئوزىسىز قۇلى ەدى.

مال ئوسىرىۋ ئۇشىن قولدا تۇقىمدىق مال بولىۋ كەرەك؛ ونسىز ەكىبەك بەن مال تابىۋ بولمايتۇن ەدى. مالسىز كەدەي تاماق اسراۋ ئۇشىن بايدىڭ مالىن باعاتۇن؛ ئىبراق ونى مەن كەدەي بايىي المايتۇن، ئوزىدە باي بولامىن دەب ويلامايتۇن؛ بايغا جالدانعان كەدەيدىڭ ەسەبى-بايىۋ ەمەس-تاماق اسراۋعانا بولاتۇن. مالسىز كەدەي ەكىبەك بەن مال تابا المايتۇن بولعان سوڭ كوشبەلى ەلدىڭ تۇسىنىۋىنشە: ۇرلىق، زورلىق-بۇزىقشىق ەمەس، ادال كەسىب، كەسىبتىڭ نشىندەگى ارداقتىسى بولىپ شىققان؛ ول كەسىبتى جاقسى دستەي بىلگەن كىسى ەلگە بەدەلدى باتىر اتانعان.

ادام بالاسىنىڭ تۇرمىسى-تالاس، تارتىس. ادام بالاسى ئىبىر جاعىنان تابىيعات بەن تارتىسادى، ەكىنشى جاعىنان ئوز ارا ئىبىرى مەن ئىبىرى تالاسىپ تارتىسادى. كوشبەلى ەلدە تابىيعات بەن تارتىسۋ جوقتىڭ ازاق الدىندا بولعاندا، ئوز ارا تالاس، تارتىس اشىق تۇردە بولا كەلگەن. سونى مەن كوشبەلى ەلدىڭ سالتىندا ئوز ارا تالاس، تارتىستىڭ جالاڭاش ئتۇرى-ۇرلىق، زورلىققا تابىنۋ بولعان.

بەرى كەلگەن سوڭ قازاق وريىسقا باعىندى، جەرىنەن ايىرىلدى، قونىسى تارىلدى؛ جالپى كوشىۋ قالدى، ەپتەپ وتىرىقشى بولا باستادى؛ ازداپ بواسادا تابىيعات بەن تارتىسۋ باستالدى: قازاق قىسقا قارسى مالىنا پىشەن جىياتۇن بولدى، ەپتەپ ەگىن شالا باستادى. سۇيتسەدە تابىيعاتتى وزىنە باعىندىرارلىق داراجاعا جەتكەن جوق، تابىيعاتقا قۇل بولعان كۇيىندە قالدى. ەگىنگە بەاسەنىپ كىرىسە المادى: تەمىر جول جوق، بازارى المس بولعاندىقتان

ەگمن كوب شىققان جملى ارزان بولاتۇن بولدىدا، شىقباي قالعان جملى سۇراپىل قىممبات بولاتۇن بولدى. ئسۇيتىب بۇرىننان مىينا سىڭگەن-ەشبەكتەن جىيرەنىۋ ساتتى قالا قويمادى.

«ەلدەس»

---

30) شاربۇا ئجايى.

توقسان ئتۇرلى سەبەبتەردىڭ ئتۇيىنى ئبىر كەلىب، قازاق شاربۇاسىنىڭ قالاسى بۇزىلىب، سانى ازايىب اۇداني تارىلىب وتىر.

كوب جەرلەردە ئوردس تولعان جىلقى، قورا تولعان قوي ەرتەگىنىڭ اۇدانىنا كەتتى. شاربۇا كوركىنەن ايىرىلعان ەلدەردىڭ تۇرمىس كوركى‌دە قالعان جوق.

ئندىگى اشىگىمە: وتكەندى كوكسەمەي، ساري ۇايىم سالا بەرمەي، ساعىم قۇۇىب ساندالا بەرمەي، شالا جانسارلانعان شاربۇانى تۇزەۇدىڭ شاراسىن بستەۇ كەرەك.

جەكە كىسى تۇگىل جالپاق ەل زامانىنىڭ، بۇيدالاب، جەتەكتەگەن تۇيەسى. بۇعان قازاق ەلىنىڭ تۇرمىسىنان ئبىر سىپىرا مىيسال كەلتىرىۇگە بولادى: 1) ئبىر كەزدە قازاق بالا وقىتۇدان قاشتى، ەندى نزدەب تابا الماي ئجۇر. 2) ئبىر كەزدە ىرىمعا جامان دەب ئسۇت ماشىنەسىنە جولاماعان قازاق ەندى قولىنا تۇسسە بوساتاتۇن ەمەس. 3) ۇلۇقتىققا جۇۇان اتادان باسقانى قالامايتۇن قازاق، ەندى كەدەيدىڭ، جىگىشكە اتانىڭ بىيلەگەنىنە بوي سۇنىب وتىر. 4) اكە شەشەمدى رەنجىتىپەيمىن دەيتۇن قازاق قىزى، سۇيگەنى مەن كەتىب جاتىر. مۇنى ەرسى كوريب وتىرعان ەلدە جوق. وسىنىڭ ئباردىن بستەتىب وتىرعان زامان.

بۇردىن قازاققا، مالىڭنىڭ تۇقىمىن اسىلداندىر، ەگىندى جاڭا رەت بەن سال، باقشا ورناتىب دەب ايتقانداي بولساڭ، ەرىكىكەندىك بەن ايتاسىندار، كورە بىلە بەينەتكە بەلشەڭنەن بات دەگەنىڭ نە؟ اتا بابالاردىمىزدىڭ، ئىزى مەن جۇرە بەرەمىز، دەب ۇستىرت قارايتۇن. ەندى ول بولماس: زامانىنىڭ جەتەگىنە جۇرمەگەن شاربۇانىڭ مۇرنى جىرىلماقشى.

وسی کۆنی تۆرەمستىڭ قاي سالاسىنا بواسادا شاربۇاشىلىق كۆزى مەن قاراۋ قاجەت.

شاربۇاشىلىقتىڭ زاڭى: شاربۇانىڭ قاي تاراۋىنان شىققان زاتتار جاقسى بازارعا ٴوتىمدى، پايدالى بواسا، سول تاراۋدىڭ ٴوتىمدى بولۇىنا ارتىق كۆش سالۋ كەرەك. ماسەلەن: ۇلكەن قالانىڭ ايناالاسىنداعى جەرى از شاربۇالارعا استىق سالعاننان، توبتاب مال ۇستاعاننان، باقشاشىلىق جانە ٴسۇت شاربۇاسى اسا پايدالىراق بولادى. تەمىر جولدان قاشىق جەردە باقشاشىلىقتان استىق سالۋ پايدالى، تەمىر جولدان 200 شاقىرىمنان ٴارى جاتقان اۋدانداردا استىق سالعاننان مال وسىرگەن پايدالى.

شاربۇاشىلىق كوزى مەن قاراعاندا قازاق دالاسىندا اۋدل شاربۇاسىنىڭ ونەتۇن سالالارى: I-مال ٴوسىرۋ: II-استىق سالۋ؛ III-ٴشوب جەم ەگۋ؛ IV-ٴسۇت شاربۇاسى؛ V-باقشاشىلىق.

شاربۇانىڭ قاي سالاسىن بولسادا، تۇزەۋ ٴۇشىن گۇلدەندىرۋ ٴۇشىن بىلىمگە قوسا شىدامدىلىق كەرەك. باقتىسىزدىققىزعا قاراي شىدامدىلىق قازاق قانىنا تولىق سىڭبەگەن سىپات. قازاقتا ٴالى جالقاۋلىق، تۇرلاۋسىزدىق مول، شىدامدىلىق جوق: ٴبىر ٴىستى باستاسا، ايناعىنا جەتكىزبەي، تاستاي بەردى. ٴبىراق جالقاۋلىق بەن تۇرلاۋسىزدىق ٴبىر جولا شەگەلەنگەن. «قىيامەتكە شەيىن قالمايدى» دەپ، ۇعىنۇعا جارامايدى؛ تابانىدى ٴتاربىيا مەن، زامانىڭ ايداۋى مەن شىدامدىلىق تۇۋماقشى.

«اگىرانوم».

---

(31) داعدىلى جول مەن ايلالى جول.

دۇنيەدە وزگەرمەيتۇن ەش دەمە جوق. دۇنيەدەگى نارسەلەر ندشە ٴتۇرلى بولسا وزگەرەدى، قۇبىلادى،-ٴبىر كۇيدەن ەكىنشى كۇيگە تۇسەدى، زورايادى، كەمشىرەيدى، قالپىن، پىشىننەن وزگەرتەدى. وسى كۇنگى قارا جەر ٴبىر كەزدە عاز ٴتارىزدى بولعان؛ جۇزە كەلە سۇۋىنعان ٴبىر سىپىرا زاتتارى سۇيىق كۇيگە تۇسكەن؛ ونان كەيىن جەردىڭ سۇيىق زاتتارى قويىۋلانا كەلە قاتايا باستاعان؛ سونان

سوڭ كوب زاماندار وتكەن سوڭ عانا باردب، قوي باتباق بولمب جاتقان تاس تەمىرلەر وسى كۇنگى قاتتى كۇيمنە تۇسكەن. دۇنيەدەگى نارسەلەردىڭ ءبارىدە سولاي قۇبىلادىدا تۇرادى؛ دۇنيەدە تاستاي قاتىب ءبىر قالىبتى بولمب قالعان جالعىزدا نارسە جوق. ءتۇرلى جان جانىۋارلاردا، ادامدا سونىڭ ىشىندە سولاي نەشە ءتۇرلى بولمب قۇبىلىب كەلەدى، قۇبىلا بەرىدۇگە ءتيىس‌دە.

Табиғатқа қарамай жолға түсіру керек болса: «атасы на» демей, «атасы ға» деп жазу керек; «атасы нан» демей «атасы ндан» деп жазу керек – «атасы ға» деп жазған татарларды көрмеген соң біз де «атасы нан» деп жазып жүрміз.

Бұлардан басқа қисық көрінетін: «ма», «ме» орнына «ба», «бе» жазғанымыз; «ш» орнына «с» жазғанымыз. Бұларды қазақ айтады; солай айтылатын болған соң

حیات برگان کبی بزنك بولنه‌ده آقتوبه بوینده‌غی اهالیکه حیات بره و آنك اوستینه، صودن انتشار ایتکان طبیعی صالقونلق، جایك اسپیلکنی تعدیل ایته.

بو «زلیش» نك قالفوراق اورنلرنده اوچبر یشه‌ر عدد برکه اوتورغان خاخول یورتلری‌ده بیك یش اوچری، بولر موننده ترلك آصراب، یخان چابوب، باشلجه‌لر اوسدروب کون کوره‌لر.

II

مسلمان آولری

«آقتوبنسکی اویشتوا» نك کچرمك پاراخودلری، آقتوبه بوینده‌غی آولرغه بارر ایچون، هر کون توشدن صونك حرکت ایته‌لر. اون چاقروم قدر وولنه ایله کیلکاچ آقتوبه یرماغینه شرق‌غه تابا بورولوب کیدرلر. اگرده بو وقت بز پاراخودده بولسق پاراخودمز ایك اول «یزرودنوی»، «صوکره» «سیردنوی» و «زابلاونی» نام روس قریه‌لرینه. ایك آخرده «پریشیب» اسمنده یك الوغ روس قریه‌سنده طوقتار. «پریشیب» که اوچ چاقروم یماس بورون صول طرفده یولك یولك تال آغاچلری آراسنده غایت خوش منظره‌لی بر مسلمان قریه‌سی کورنوب قالا. آنده تورلی بویلولی اویلر، تیمر وتاقتاهم قامش اوی باشلرنك آرالرنده بری بیدی، و بری دورت و بری بر مناره‌لی توکه‌رمك باشلی کیکرمك فقط ظریف بر طرزده یاساللهان مسجدلر کورنور. مونه شول آول «بختیار» آتالا. «پریشیب» دن آری دخی باشقه کیکرمك پاراخود یوروب، «پریشیب» دن صونك مشهور تاریخی «سرای» شهرینك نیکزینه اوطورغان «سارپف» شهرینه طوقتی. صوکوب سنه‌لرده «کابوستین» اسملی خاخول آولنه‌چه یوری، اما آندن صونك صو سای بولغانلقدن آرتق بارمیدر. سارپف شهرنده بر محله مسلمان بولوب پیتزه طرفندن کیلکان میشارلردر. «قدمده بو خلق فقیرلر ایدی. صوکغی سنه‌لرده «بلاتاشیه» کسبنه باشدقارندن حالری یاخشیلانغان.

«پریشیب» ایله «تسارپف» آراسنده ایکی محله‌لی «مالایکی» یاخود «ملای» اسمنده بر مسلمان قریه‌سی‌ده بار. آقتوبه بوینده اوشبو اوچ قریه‌دن باشقه مسلمان قریه‌سی یوق.

(آمری بار).

عارفجان ولیدی.

«قازاقچه سوز جازوچیلار دقتنه» سوز جازوچیغه (*)

بول کونده‌کی آداملاردك سویله‌سه‌تن تلده‌رنك توبی مونارلانغان ساغمدای آلسقا بارب جوغالادی. قانچا قادالب قارا ساقده کوزمز اوغان چیته‌یدی. قای تلدکده بولسا قایدان جفب قالای عمر چیککه‌نن هیچ کم آنق بلمه‌یدی. تلدك عمری اوزاق. اونك جاسی جلداب ایمس، یوز جلداب ایمس، مك جلداب ساتالادی. سوندای اوزن عمرنك اجنده تورلی ترسه‌لار سبب بولب اوزکرلمه‌کن تل جوق: یا آزب اوزکرلمکن یا آسب اوزکرلمکن. ایل بوتاقداب اوسکن سابن، تلده بوتاقداغان. بزدك تورك تلی اولده بر تل بولب، سونان سوك ایل بوتاقداب اوسکنده، تلده بوتاقداغان. توبری بر بولسا‌ده «توسی باسقالاب تورك تلنك آراسنا تارلو - تارلو جك توسکن. سوندقدان بول کونده نیچه بوتاق تورك توقنان ایل بولسا، سونچا تارلو تلنده باسقالق بار. تلدك باسقالانوشا سبب بولغان - هر تورلی بونمن جورتدارمین سیابلاس بولب آرالاسقاندق. تورك دك بالالاری «اوسب» آلدی - آلدینا تاراب هر تورلی خلق‌ین سیابلاس بولغان، آرالاسقان تورلی جورتدك تورلی تلنمن تورك تلنه جات سوزده‌ر جات دیسدار کرسب، تل آراسنك برته - برته جکی اولغایغان. مقصود سول جکدی بتمه جوغالتو بولسا، اوغان توزودی قیسق دیب، دورسدی خطا دیب فکر جول‌مین کیلمه‌ی، توورا جول‌مین کیلو کیرمك. چونکه دورس‌ین خطانی، قیسق‌ین توزودی، آیروغا جاراتقان کوکره‌کده کوز بار. خطا قایدا، دورس قایدا - قارالق. دورس املامیزن خطا املانی آیروغا میتك اوچچه بولای قاراو کیرمك جغار دیمن: تل طبیعتنه قارای املانی اکمایلامه‌مه؟ جوق املا تورنه قارای تلدی اکمایلاومه؟ مین اویلاغین املا جازو اوچون جغارغان ترسه، جازو تل اوچون جغارغان ترسه، اولای بولسا تلدی بوتب املاکه اکمایلاو ایمس، املانی تلکه اکمایلاو کیرمك. تلدك طبیعتنه قارامای زورلاب املاکه تاکب بایلاساق، قنای قاتندارنك آیاغی بولب جغادی. تورك تلنك بارنه عمومی املا بولو کیرمك دیسمك. تورکمك قای بالاسنده آزباغان تونق تل، توزو املا بولسا، سونی آلارغا کیرمك. اصل تل، توزو

(*) تاتارچه بلمه‌گه‌ندکمن قارالغه جازده. تاتار اوقوچیلارندان اول کیچلکنه کیچو اوتنه‌من. ا. ب.

солай һәм дейміз. Османлар «бен» дейді бәз «мен» дейміз; османлар «уар» дейлі, біз «бар» дейміз; османлар «дағ» дейді, біз «тау» дейміз. Осы сөздің қайсысы дұрыс? Османларға сендердің бен – уар – дағ – дегендерің дұрыс емес – мен – бар – тау – деп жазу керек дегеніміз жөн бе? Сол сықылды – ба – бе – дұрыс емес, – ма – ме – дұрыс деп айтудың жөні жоқ. Солай – ма – ме – иәки – ш – жазса да түсінер; ол бірақ қазақша болмас. Татарлар неге: – атасы ға – атасы дан – атасы дай – деп жазбай: – атасы на – атасы ндан – атасы ндай – деп жазады? – атасы ға – атасы дан– атасы дай – деп жазса түсінбес пе? Әрине түсінеді, бірақ олай жазбайды. Олай жазса татарша болмайды. Қазақта солай: – ның – ны – ндан – лар – лық – лы – орынсыз жерлерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; шүнкі тілдің өз табиғаты тартуынша әр қайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойсақ, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі ол тілді бұзу – өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашық айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой – хата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ деген болады. Егерде Ғаспринскидің сөзін тірілтеміз десек, ұлұғ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден еміле шығарып, соған қарап басқа емлелерді түзету керек.

Ақтығында айтатыным: бұл күнде жазылып жатқан кітаптарда, газеталарда, журналдарда қазақ тілінде болсын, татар тілінде болсын анықталған қағидалы емле жоқ. Қағида жоқ болған соң қисық, түзу емле деп айтуға жол жоқ. Тұтынып жүрген емлеміз саф

түзеген салдаттардай болғанша мұндай сөзді қозғау түзелуімізге себеп болады. Сондықтан бұл сөзді қозғағаннан Хасен Ғали афендіге алғыс айтамын.

«Қырық мысал», «Маса» турасында айтатыным: олар халық үшін шығарылған нәрсе. Халық айтуынша жазылған. Өз тілімізден шығарып емле түзегенше халықтың айту ауанынан шықпаймыз. Басқалар да даяр емле бар ғой, соны алайық деп қисық емлеменен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай хәріптің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп жат тілменен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз. «Уақыт» бен «Шура»ны оқығанда қолымызға лұғат кітабын алып отырып оқимыз. Ойлаймын арапша арапша оқымағандардың бәрі де солай оқитын шығар деп. – Уақыт – иә – Шурада – басынан айағына шейін арапша сөз аз ба? Соларды лұғаттан іздеп отырып оқығанда, бастан айақ оқып шығуға қанша уақыт керек. Егерде нағыз түркі тілімен жазылса, арапша оқымаған адамдарға да лұғатсыз оқуға болар еді; оқығанда уақты да көп кетпес еді.

Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз. Қазақ иә құрып жоқ болар, иә өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. 20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас.

«Қазақ» газетасының бас мұхрры: Ахмет Байтұрсынов.
Шура.1913.№4

ОРЫНБОРГ, 9-НШЫ ИӘНУАР

«Қазақ» газетасы көздеген максұтына жету үшін шыққаннан бері күш-қуатын жұмсады және жұмсамақшы. Бір жылдын ішінде «Қазақ»-та қаламымен қызмет еткен және мұнан бұлай да пайдалы қызметтері үміт етіліп, Алашқа аты білінген білімді азаматтар: Ахмет Байтұрсынов, Ғалихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, доктор Әбубәкір Алдиаров, доктор Арғынғазы Поштаев, доктор Халел Досмұхамедов, доктор Даулетшаһ Күсепғалиев, доктор Бекиуеч, присиажени поверени Райымжан Мәрсеков, инженер Мұхаметжан Тынышбаев, қазақшыл Хасан Ғали, студент Есенғали Қасаболатов, шежіре Шаһкәрім Құдайбердин, Ғабдулғазиз Мұса, Ғұмар Қарашев, Жұмағали Тілеулин һәм басқалары.

«Қазақ» газетасын 10 облысқа қараған кигіз туырлықты қазақ байдын баласынан 1913-нші жылдың ішінде алдырып тұрғандардан есебі мынау:

1) Торғай облысы – 694
2) Семей « « – 612
3) Ақмола « « – 586
4) Сырдариа « « – 327
3) Орал « « – 301
6) Жетісу « « – 157
7) Ішкі ордалық « – 136
8) Ферған « « – 30
9) Самарқан « « – 8
10) Закаспи « « – 5

Өзге жерлерден:

1) Орынборг шаһары – 37
2) Уфа « « – 14

3) Қазан « « – 13
4) Қытай қазағы « – 10
5) Петербург « « – 9
6) Түркиа « « – 5
7) Мәскеу « « – 3
8) Томскі « « – 3
9) Және басқа шаһарлар – 57
Бәрі – 3007

«Қазақ» газетасының мақсұты қазақ-қырғызға қызмет және басшылық ету болғандықтан, Алаштың ардақты азаматтарынан өтінеміз, 1914 жылға қарсы бұрынғы жазылғандардың мезгілі толса жаңадан жазылуларын һәм бұрын тіпті жазылмағандардың газетамызды енді алдырып танысуларын.

Газетаның жылдық бағасы 3 сом. Жарты жылдығы 1 сом 75 тиын. Адресіміз: Оренбург, Редакциа газеты «Қазақ».

Басқарма.
«Қазақ» газеті, №45.9 иәнуар 1914.

«АҢДАСПАҒАН МӘСЕЛЕ» ТУРАСЫНДА

Ноғай бауырлармыздың газеталарының арасында қазақ жайына көбірек көңіл һәм орын бөлетін «Уақыт» газетасы.

Қазақ туралы естілген хабарлар, істелген істердің көбі «Уақыт» газетасына басылып һәм олардың ішіндегі маңыздылары турасында газета пікірін де айтып тұрады. Сондықтан «Қазақ» газетасы қазақ мәселесі турасында «Уақыт» газетасымен бір жөннен сөз шығаруға, арадағы аңдаспаған мәселелерді ашып, саралап, анықтауды өзінің міндетінің бірі деп біледі.

14–7072

Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл – қазақтың тірі иа өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсініп жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз 5 мілійион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турада қазаққа ақыл айтқанымыз, қазақты һәм басқалар да қата ұқпастай етіп, анықтап ашып сөйлегеніміз абзал. Ф.К. әпенденің жазған сөзінде аңдаспай жүрген нәрселердің көбі анықталды, ашылды. Әлде болса бүркеуірек, көмескі тұрған сауал бар. Соны ашсақ, арадағы аңдаспаған мәселе аңдалып жетер еді. «Уақыт» қала бол дегенде, қай түрлі қала болу жайын ашып айтпайды. Ол ашылмаған соң, қазақтар қала болуды 15 десетинадан жер алып, егін нормасымен қала болу деп ұғады. Егерде «Уақыт» 15 десетинадан жер сұрап алып, егін нормасымен қала болуды айтса, онда азырақ сөйлесуге қажет болады. Олай болмай, жердің түріне қарай мал бағарлық жерде бағатын, егінге жақсы жерде егін егетін қала болуды айтса, онда олай қала болуды біз ұнатамыз һәм «Айқап» жорналының 1911-нші жылғы 4-нші нөмірінен бастап айтып һәм «Қазақ» газетасы жүзінде тұтынып келе жатқан жолымыз. Біз қазаққа қала болма демейміз. Жақсы жеріне жыйылып, қаланды сал, мешітіңді орнат, мектеп, медресеңді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз. 15 десетинамен қала боламын десеңдер, күн көре алмайсыңдар дейміз.

Қазақтар һәм біздер қата аңдамас үшін «Уақыт» газетасынан өтінеміз: қазаққа қала бол дегенде, қай түрлі қала болуды айтады, мүмкін болса ашып айтса екен.

А. Б.

«Қазақ» газеті, №48.31 иәнуар 1914.

«АЙҚАП» ЖОРНАЛЫ

«Айқап» жорналының 21-нші нөмірі басқармаға келді. Басқармадан жазған сөзінде журналдың өткен жыл 4 нөмірі шыға алмай қалғандығын, мұның себебі: секретары Акрам Әлиевтің опаты, баспаханадан хәріп жиюшылардың шығып кетуі және шығарушысының ауруы. «Айқап»-ты мұнан кейін мезгілінде шығаруға, өткен жылдың кем нөмірлерін 14-нші жыл өтеуге уағда береді. «Айқап»-ты ілгері бастыру үшін Қазанға хәріп алуға және хәріп жиюшы келтіруге кісі жіберілгендігін, бұлары сай болған соң журналды жұмасында шығаруға талабы барлығын білдіреді. «Айқап»-тың тұтынған жөн-жобасы бұрынғыша.

«Айқап»-тың бас мақаласы Троискідегі сирк (ат ойыны және күрес) жайынан жазылған, жазушы Жаһанша мырза Сейдалин. Бұл нөмірде «Қазақ істері», «Азып, тозып кетпеске не амал бар?», «Маклаков хаты» деген бас қосу жайынан жазылған мақалалар бар. Тағы да «Қыран бұзған», фелетон, өлең бар. Мұнан кейін басқармадан жауап, басқармаға келген хаттар және хабарлар жазылған. Айағында «Айқап»-тың өсекті агенті Мұхаммедсәлім Кәшімовті мұнан бұлай «Айқап»-қа алушы жиюдан шығарғандығын және жаңа жылға деп «Айқап» үшін оған һешкім ақша беру керек емес деген, бергендер болса да оларға журнал жіберуге басқарма міндетті болмайтындығын жариа қылған. «Айқап»-тың жаңа жыл нөмірін иәнуардың айағында шығармақшы.

«Айқап» жолдасымыздың ілгері басып, халыққа пайдалы жолмен көп айлар, көп жылдар қызмет етуіне тілектеспіз.

«Қазақ».

«Қазақ» газеті, №48.31 иәнуар 1914.

ГУБЕРНАТОР ӨЗГЕРІЛУІ

Семей губернаторы Тройнитскій Тулаға губернатор болып, оның Туер уитсе-губернаторы Шернетсов деген келмекші. Тройнитскій қазақтың қазақ екендігін ұмыттырмай, есіне түсіріп отыратын губернатор еді. С.синод пен жер жұмысының бас мекемесі қазақ пен орысты ауыл үй қондырып, жақындастырып, дінін, атын жоғалтып, орыс қылып, сен – қазақ, біз – орыс, оны ұмытпа, – деп, қазақтардың есіне салып отыратын еді. Семей қазақтарының көбіне Тройнитскійдің қазақ баласына суық жүзбен қарағаны тынышсыз көрінсе де, бірсыпыраларына жағымсыз да болмап еді: адал кәсіппен тамағын асырай алмай жүрген бейшаралардың көбіне тамақ асырарлық кәсіп табылып еді. Адал жолмен адамдыққа жете алмай жүргендерге жол табылып еді. Жалған жала, жасырын шағым деген жауыннан соңғы кенедей қаулап, өріп еді. Сондықтан, ойлаймын, Тройнитскій кеткеніне сүйінетін де, күйінетін де қазақтар боларға керек деп. Бұл Семей облысының ғана қазақтары туралы айтылған сөз.

Қазақ жұртын түгел алып сөйлегенде, қазақ облыстарына қойылатын губернаторлар туралы екі түрлі пікір бар. Бірі-бүгінгіні ойлағандығы айтылатын пікір, екінші – ертеңгіні ойлағанда айтылатын пікір. Соңғы пікір бойынша, қазақ облыстарында – Семейде болған Тройнитскій, Торғайда болған Астырақовскій сыйақты губернаторлар бір жағынан қазаққа жайсыз болғанымен, екінші жағынан жағымды болмақшы: ондай губернаторлар, әуелі, қазақтың қазақ екендігін ұмыттырмай, есіне салып отырмақшы, екінші, қазақты қысып, тықсырып, тынышсыз болса, қалықтың

ұйқысы сергек болмақшы. Қойға қасқыр шаппаса, қойшы да, қожа да қораға келер қорынышты ұмытады дейді. Қазақ жерін мұжыққа бере бастаған соң ғана қазақ қайда отырғанын біле бастаған. Қазақтың ұйқысы бөлініп, сана түсіп, алдым қалай болар деп, алысқа көз сала бастағаны жерін ала бастағаннан берлі. Сондайдан тәжірибе айтып, бірсыпыра адамдар ойлайды: қалықты қанша қысқанмен, қысылғаннан жаны шықпайды, қысқан сайын шынығып, қалық ширай береді. Ұйықтағандардың ұйқысы ашылып, ой түсуіне ондай губернаторлар себепкер болады. Сондықтан Тройнитскій мен Астырақовскій сықылды губернаторлар қазақ облыстарында болып кеткені де пайдалы деп. Бірсыпыралары ол жағының пайдасынан безіп, ондай губернаторларды көрсетпесін деп, қолын жайып, Құдайдан тілек тілейді.

Тройнитскій кеткеніне кім сүйініп, кім күйініп жатқанынан хабарым жоқ. Өз басым Тройнитскійге алғыстан басқа еш нәрсе айтпаймын. Өйткені жалған жала, жасырын шағымға инабат етіп, бұлдаушы болмаса, менің үстімнен жасырын шағым болмас еді. Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Орынборға қуылмасам, Қарқаралыда тұрып осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан алты міллійон қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін.

А. Б.

«Қазақ» газеті, №50.14 феурал 1914.

ДОСМАЙЫЛ ҚАЖЫҒА АШЫҚ ХАТ

Досмайыл дегенді біз білмеуші едік. Былтыр газета шыққаннан кейін басқармаға хат жазып: «Маған тегін газета жіберіп тұрыңдар, менің де керегім болар», деп молдалығын айтқан соң, «қолы қысқа, ақ-қараны айыратын бір үлкен кісі шығар» деп, бұ күнге шейін босқа газета жіберіп тұрдық. Газетаға жіберген кей сөздері жарамсыздықтан баспағанымызда, бізге ұрсып, жекіп хат жазушы еді. Оның бәрін еш нәрсе емес екен.

Осы пеуіралдың 19-нда Досмайылдан бір хат алдық. Хатын оқып шыққанан кейін көзімізге набадық. Қажы, молда, ақсақал жазды дерлік емес. Бұрынғы хаттарынан өзі «қажы ақсақал Досмайыл» деп қол қойыушы еді, оның үстіне, молда екендігін де сездіруші еді. Мұндағы сөзі кісіге айтуға, қағазға жазуға боларлық емес. Қазақ тілінде бар әдепсіз, көргенсіз, ылас сөздердің бәрі осында.

Сол күні кешке Орынбордағы бір жорналдың маһырары бізге, біздің жайымызға жазған бір хат берді: «Мынаған не айтасыңдар, Досмайыл қажыдан «сыпайы» тілмен жазған бір хат алдым», деп. Оқып қарасақ, бұл алғашқы хаттан да сорақы. Бұл хатты да жауып қойдық.

Үш күннен кейін, 20-ншы пеуіралда Упадағы медресе «Ғалиа» шәкірттерінен тағы бір хат келді. Бұ да Досмайыл хаты, біз туралы жазған. Бұ да «Досмайыл тілінде» жазылған.

Енді ойға қалдық: Досмайылдың мұндай хаты көп жерге, көр кісіге тараған боларға керек, оның бәрі бізге жіберіп тұрмас, бұл бізге неге қызықты, өзінен сұралық деп. Соның үшін осы ашық хат жазылды.

Досмайылдың тілімен жазуа болмайды, зор қиыншылықпен болса да, әдепсіз сөздерін қазақшаға аударып, оқушылардыкөп зарықтырмай, тезірек «тәбәрік» қаттың мағынасын білдірелік. «Қазақтың» 45-нші нөмірінде біз жылдық есебімізде «Қазақ» жазушыларын жұртқа жариа қылғанда, Досмайылды жазбаппыз. Оның «бір жыл бойынша арымай-талмай еткен қызметін» ұмытқанбыз. Соның үшін ол бізге ашуланған. Бірақ оның от басында отырып, күлін сабап ашуланғанын кім білер еді, кім тыңдар еді. Сөзін ұтымды, толымды көрсету үшін өзіне серік іздеген. Серікті қалай ілзеген. Қалай іздеді деңіз? «Қазақ» газетасын көркейткен молдалар мен шәкірттер еді. «Біздің атымызды жазбай, орыстың сорпасын ішіп, шошқаның жілігін кемірген орысша оқығандардың дәрежесін көтеріп, мұсылманша оқығандарды мазақ қылды», – деп, мұсылманша оқығандарға бізді шағыстырып, жел бергісі келеді. «Бір жылдай тіл һәм пұлмен тоқтаусыз қызмет етіп едім, жәрмеңкелерде арық, қара байтал, шабан торымен жүріп еңбек қылып едім, ақырында, жүзі қаралар, Құдай ұрғандар қадірімді білмей, түзенат.... ты», – дейді. Мұнан кейін орысша оқығандардың бірін қалдырмай «сыпайы» сөзбен сөгеді: «Ұшан-теңіз докторлар кім еді, маржалардың «ауруын» тазатқаннан басқа?! Адуакаттар кім еді, екі адамды дауластырып, теспей қанын сорғаннан басқа?! Пәлен кім еді, түген кім еді... Байтұрсынов, Алдиаров, Сейдалин, Бөкейханов, Дулатов, Қасболатов, Шаһкерім, докторлар.... жазбасын, олардың сөзі бізге керек емес», – дейді. Бұлардың көбімен таныс болмаған соң, олардың оқуын, ғылымын, кәсібін сөгеді. Әдепсіздікке, надандыққа шара бар ма?!

Денсаулығы шүбәлі бір кісінің сөзін газетаға басқанымыз үшін оқушылар ренжір деп ойлаймыз. Досмайылдың бар әдепсіздігі жоғарыда жазылған ғана болса, елең қылмас едік. Оның төменгі сөздері бізді еріксіз жауап бергізеді. Досмайылдың қатындағы бізге қойып отырған бәлесін былай бөліп һәм соларға жеке-жеке жауап береміз.

1. Досмайылдың аты жазушылардың арасында жоқ, оның қызметі айтылмаған екен. Бұған біздің жауабымыз мынау: біз 45-нші нөмір «Қазақта» жазушылардың атын жазғанда 16 кісіні атап, «һәм басқалар» дедік. Жалғыз бізде емес, өзге білімді жұрттарда да газетаға жазушыларын көрсету бар, бірақ түгел жазуға міндетті емес. Ешкім Досмайылша, «мені жазбадың» деп, өкпелеу жоқ. Біз бұл 16 кісінің атын атасық, бұлардың көбі газетаға тоқтаусыз керекті мәселелер туралы жазып сыналғандар, кейбіреулері аз-көп жазса да тәуір жазғандар. Бұларды ғана атаумен қазақтың өзге білімділерін керексіз қылғандық шықпайды, білген адам бұлай да жорымайды да.

Рас, күздігүні Досмайыл екі жәрмеңкеде, бірінде 20 сом, бірінде 115 сом 71 тиын жіберген еді. Біз ол туралы басшылық етуші Досмайыл қажыға да, ақша беруші ел кісілеріне де дер кезінде тәңірі жарылқасын айтқанбыз («Қазақ» нөмірі 32 һәм 40).

2. «Орысша оқығандарды көтеріп, мұсылманша оқығандардың атын жазбай, масқара қылды», – деп, Досмайыл қазақ оқығандарының арасына жік салғысы келеді. Аттары аталған 16 кісінің төртеуі мұсылманша оқығандар. «Қазаққа» жазушылардың 4-тен бірі мұсылманша оқығандар болғанда, үштен бірі орысша оқығандар екендігі газетаны басқарып тұрған бізге белгілі,

мұны оқушылар да байқайтын шығар. Досмайылдан басқа, «мені атамадыңдар» деп бұртиған ешкім болған жоқ.

Біздің мұсылманша оқығандар туралы қандай пікірде екендігіміз солардың өздеріне де белгілі. «Қазақтың» 18-нші нөмірінде Досмайыл шәкірт біткенді кекетіп-мұқатып, өзі шәкірт күнінде көп нәрсе бітіргендей, орынсыз мінігенде, «Қазақтың» 21-нші нөмірінде оған жауап қайтарып: «Қазақ шәкіртерін орынсыз сынамау керек, әуелі оларды мұқтаждықтан құтқарып, жәрдем беріп оқытып, оларға сонан кейін өкпелеу керек», – деп жазған Қыр баласы, басқармаға белгілі, Досмайыл сөгіп отырған орысша оқығандардың біреуі еді. Досмайыл алаламаса, қазақ баласын орысша оқыған, мұсылманша оқыған деп ешкім екіге бөлмейді. Осы күні қай оқу болса да қолға түсуі мұң болып тұр. «Орысша» деп жұрты үркітетін заман өткен.

3. «Айқап» жорналынан молдалар һәм шәкірттердің бетін аударған мынадай кек емес пе еді», – дейді (Бұл да өзгертілмеген өз сөзі).

Досмайылдың мұндай жаман ниетпен қызмет еткелі жүргенін білгеніміз жоқ. «Айқап» та «Қазақ» та жұртқа бірдей пайда келтіру үшін шығып тұр еді. Бірін ақсатып, білін көтеруден оған қанша пайда бар еді? Осылай қыл деп әлде онан біз өтіндік е?

Екінші, Досмайылдың лепіруіндей-ақ, молдалар мен шәкірттерге ол қанша мұрындық екен? Досмайыл айтыса, жөңкіле жөнелетін қанша молда, қанша шәкірт бар екен?

4. «Упадағы медресе «Ғалиа» шәкірттерінің «Қазақ» басқармасына тапсырған мың екі жүз сомдық кітабын

Байтұрсынов пен Дулатов пайдаланып жатыр. Ишанғали Арабаевтан олар алдап сатып алыпты, кедей шәкірттердің қақын екі жер аударылған мен Арабаев жемекші ме, мен соңына түсемін», – дейді.

Рас, былтыр, Упа шәкіттері «Қазақ» басқармасына үш түрлі кітап тапсырды («Бала тұлпар», «Өрнек», «Тумыш»), бірақ бұлардың сомасы Досмайыл айтқандай 1200 сом емес, біз пайдаланып отырғанымыз жоқ һәм оларды бізге ешкім сатқан да жоқ. Шәкірттер бізге Упадан ол кітаптарды жібергенде, Ишанғали Арабаев қырғыздың Алатауында еді. Бізге тапсырылған кітап өз бағасымен екі жүз сомдық һәм ақшаладай жіберген 47 сом – 247 сом. Бұл кітаптардың 78 сом 80 тиындығы әлі өткен жоқ, басқармада. Сатылғандарынан түскен ақша 45 сом 98 тиын кітапшыларға, комиссиаға берілді, әлі ақшасы алынбаған кітап 40 сом 72 тиындық. Бұл кітаптардың сатылғаны һәм комиссиаға берілгенлерінен 30 протсенті кем есептеледі. Шәкірттерден бұрын алған кітаптары үшін басқармаға тапсырылған несие ақшалары 40 сом 4 тиын, бірақ мұның ішінде Досмайылдан иа оның баласынан бір тиын келген жоқ. 247 сомды Досмайыл қалай 1200 сом қылып жүр? Арабаев бізге қалай сатып жүр? Кедей шәкірттерді біз қалай жем қылып тұрмыз? Мұның бәрін енді Досмайыл ыспат ереге керек. Досмайылдың 1200 сомды «екі айдалған жеп жатыр» деп жынданудың мәнісін білмейміз. Упадағы қазақ шәкірттері, біздің бұл жазғанымызда қата бар десе, Досмайыл сөзінің мыңнан бірі рас десе, айтсын. Бұл кітаптарда шәкірттер «Қазақ» басқармасына басы бүтін берген жоқ, өздерінің үнемі тұратын жері болмаған соң (жаз елде, қыс оқуда болып), басқармаға аманат тапсырған.

Біздің бұл кітаптармен пайдаланып тұрғанымыз сол: бұларды сатып, посылка қылып тігіп, поштаға апарып, есеп-қисабын жеке дәптерге жазып, несиелерін жинап машақаттанып, аз да болса өзге жұмыстарымыздан қалатын сағаттар болады.

5. «Байтұрсынов пен Дулатов оқу кітаптарын шығармасын, қазақ баласының тілін бұзады, маған арабша, иранша, латынша, слауианша бәрібір, қазақша деген қайдан келді», – дейді. Бұл тілдерге Досмайыл жетік болғанмен, біз білмейміз, соның үшін қазақша жазамыз. «Қазақ тілі қазақ балаларын бұзады» дегенді жалғыз Досмайылдан есітіп отырмыз. Досмайыл тоқтатсын дегенге тоқтата алмаймыз, біз Досмайыл үшін емес, қалыың қазақ үшін шығарып жатырмыз. Қазақшаның қайдан келгенін Досмайыл білмесе де, өзгелер біледі.

6. «Екі жер аударылғанмен емле хақында «Айқап» арқылы сөйлесемін», – дейді. Емле мәселесін Досмайыл бүгін естіп отыр ма екен? «Айқап» арқылы деп бізді шошытқысы келеді. Емле мәселесі 3 жыл мұнан бұрын «Айқапта» басталған. Сондағы жазушылар да біз болатынбыз. Сонан бері Досмайыл қайда жүрген? Өкпелеген күні елден безіп, біздің ісімізден де безіп отыр. Досмайыл ойласа керк, орысша оқығандарды жамандап, мұсылманша оқығандарды желіктірсем, бұларға дұшпан болар; «Айқапты» жақтасам, ол әлгі дұшпандыққа құрал болар деп. Жоқ. Досеке, адаспа! Бізге сенен мұсылманша оқып жүргендер де, «Айқап» та мың есе жақын, мың есе қымбат.

7. «Ғабдулғазиз Мусиннің атын «Қазаққа» жазып отырған себебі – Мамановтың жәрдем ақшасын өздеріне жібергені үшін» дейді.

Досмайыл жұрттың бәрін өзіндей көреді ғой, азынаулақ ақша жиып жіберсем, атағымды алты Алашқа жайып, үнемі мақталармын дейтін. Ғабдулғазиз арқылы бізге келген Мамановтардың ақшасын 9 оқушы қазақ балаларына бердік, солардың біреуі ғана орысша оқыған, қалған сегізі медреселердегі шәкіртер («Қазақ» нөмірі 46, 47 hәм 50). Досмайыл аузына келгенін неге ірікпей сөйлейді, біз мұсылманша оқығандарды шет көріп, масқаралау жолында болсақ, 8 шәкіртке береміз бе? «Қазақ» басқармасы кімге берсе де ерікті еді, ақша иесінің тапсыруы бойынша.

8. «Екі айдалғанды губернаторға көрсетермін», – дейді. Біз сенің арық қара байталың мен шабан торыңды ұрлап айдалғанымыз жоқ. Біздің айдалғанымызды губернатор да, жұрт та біледі hәм бұл күнде де істеп отырған жасырын ісіміз жоқ.

Ноғайлардың доносшы Ешіми молдасының газеталарға жазылып аты шығып еді. Саған да атақ керек қой, көрсете бер!

Ахмет Байтұрсынов.
Міржақып Дулатов.

«Қазақ» газеті, №52.28 феурал 1914.

НАУРЫЗ

Сәлем бердік! Жас наурыз, жылдың басы!
Жұрттың күткен мінеки ықыласы!
Көжесін қып, күйбеңдеп, басын асып,
Бермек әр кім барынша қонақ-асы.

Келгеніңе құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта, көрісіп кәрі жасы.
Көңілі түгіл адамның сен келген соң,
Самарқанның елжіреп тұр көк тасы.

Күйін көріп қуанған мұңсыз деме!
Толып жатқан көбінің бар мәдісі.
Табақ тартып «амин» деп қол жайды жұрт,
Батаңды бер жарылқар, жыл мырзасы!

НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

«Наурыз» парсы сөзі. Бұл қазақша айтқанда «жаңа күн» деген сөз. Неліктен бұған жаңа күн деп ат қойған? Һәрбір өткен, кешегі күн, ескі болып, һәрбір үстіміздегі, бүгінгі күн, жаңа болмақшы емес пе? 9-ншы март күнін «жаңа күн» деп атаудың мәнісі не? Оның мәнісі мынау:

9-ншы мартта түн мен күн теңеледі. Сонан кейін күн ұзарып, жылы бола бастайды. Күн жылыға айналғаны жазға айналғаны. Сондықтан 9-ншы март жаз басы болып табылады. Жаз болса, дүние жаңаланады: ағаш, шөп жасарып, жапырақтанып, гүлденіп, жаңа бұтақтар жайады, мал, мақлұқтар балалап, төлденіп, жаңа

ұрпақтар жайады. Жылдың төрт тоқсанның ішінде дүниені жасартып, жаңалайтын тоқсаны – жаз.

Сол тоқсанның басы 9-ншы март болғандықтан, бұл күн «Наурыз» йағни «жаңа күн» деп аталады.

Қысқан қыс өтіп, жайлы жаз келгені, адам түгіл қимылдаған, қыбырлаған жанның бәрі мейрам ететін бір мезгіл. Мұны жаңа жылдың басы деп, мейрам ету – дүниедегі нағыз бас ұнамды істердің бірі. Наурызды мейрам етушілер Үндістан, Иран, Ауған, Бұхара, Кавказ, Түркістан һәм біздің қазақ жерінде. Ертерек заманда Наурызды қазақтар тегіс мейрам етуші еді. Бас салып, ет асып, бидай көже істеп, атқа мініп ауылдан ауылға жүріп, бірін-бірі құттықтап, көрісіп, асқан еттерін жеп, көжелерін ішіп, Наурыз күнін тәуір шаттықпен өткізуші еді. Бұл заманда Наурызды мейрам етушілер қазақ арасында сиректеп бара жатқан сиақты көрінеді. Басқалар тастамай Наурызды мейрам етіп отырғанда, біздін қазақтың тастайтын жөні жоқ-ақ.

Жаз – қазаққа бір қуанышты шақ. Қыс қайғысын өткізіп, жазға ілініп, көңілдері жадырап, малдары балалап, ірі малға төл қосылып, ауқатының артқаны қазақтың көзіне көрінетін мезгіл - жаз. Қыс бойы көрге қамалғандай, бықырсыған, пысынаған, сасық там үйде тұншыққан қазақ киіз үй тігіп, жазыққа шығып, таза ауаны шөлдегендей құмарланып жұтып, жаны кенеліп, «үһ!» деп, бойын жазатын мезгілі-жаз. Жер көгеріп, мал тойынып, мал тойынса ақ шығып, ел тойынып, қазаққа тоқшылық кіретін мезгіл жаз. Сулар тасып сарқырап, құстар шулап ыңжың болып, түйе боздап, қой маңырап, сиыр мөңіреп, жылқылар шұрқырап кісінеп, қазақтың көңіліне шаттық келтіретін мезгіл жаз. Сонша сүйінішті, қызықты жақсы

мезгілдің басы 9-ншы март болса, бұл күнді мейрам етпегенде, қандай күнді қазақ мейрам етер?

Жаңа киім кисе де, жаңа үйге кірсе де құтты болғай деп кірмей ме? Сол «құтты болғай»-ды жаңа жылға да айтарлық жөні бар емес пе? Жылда 365 күн бар. Ол бірталай уақыт. Бір айлық сапар шықса да, жолы болып, аман барып, аман қайтқай еді дейміз. Бір жыл адамның өмірі жүзінде - бір жылдық сапар. Бір айлық сапардан бір жылдық сапар кем бе?

Жаңа жыл туған күні бір-бірімізге «құтты болсын» айтуымыз тастарлық ұнамсыз, мағынасыз іс емес.

Жаңа күн, жаңа жыл, жаңа қадам құтты болсын!

«Қазақ» газеті, № 53.9 март 1914.

«ЕЛ» ГАЗЕТАСЫНА ЫШТРАФ

Петербургта ноғайдың атақты жазушысы Ғыйас Ысхақов шығарып тұрған «Ел» газетасына Петербург шаһар бастығы 16-ншы нөмірінде «Бұ да мүмкін бе» деген мақаласы үшін 350 сом ыштраф салып еді, төлей алмаса шығарушысы 9 жұма абақтыға отырғызылады деп. Бұл бұйрықты естірткен соң, Ғыйас әпенді жаңа шығып, әлі әлденбей тұрған газетасының 350 сомын ыштрафқа төлеп күшін кетірмеймін, абақтыға отырып өтеймін деп, «Елдің» 17-нші нөмірінде жазып білдірді. Мұнан кейін иә ақша төлеу, иә отырудың бірін істеуге тақалған соң Ғыйас абақтыға баруға киініп жатқанда, Петербург ноғайлары бір жақтан, Қазан ноғайлары екінші жақтан, Ғыйас отырмасын, ақшасын біз түгел төлейміз деп ақша келтіріп берген. Сонымен Ғыйас абақтыдан құтылды.

Ғыйас ыштраф төлей алмай, абақтыға отырайын деп жатыр деген хабарды естіген соң Финлиандиада

Таммирфорс шаһарындағы аз ноғайлардың намысы келіп, араларынан шамалары келгенінше 64 сом 25 тиын ақша телеграфпен переуод қылған һәм мынадай бір хат жазған:

«Әдебиетіміздің, тіліміздің атасы ардақты әдип Ғыйас әпенді тағы түрмеге салып шірітуге ұжданымыз разы болмағандықтан һәм оның тірідей қабырда жатқанына жүрегіміз жаралы болатындығын ойлап, аз болса да өзара жәрдем жиып жібердік. Абақтыға асығып кірмесін деп телеграфпен жібердік. Басқа шаһарлардан да аз-көп болса да жәрдем жіберер деп үміт етеміз.

Егер жалғыз өзіміздің ғана қолымыздан келсе, һешкімге айтпай-ақ толтырар едік. «Ел» газетасы һәм оның шығарушысы Ғыйастың жолында айанатын һеш нәрсеміз жоқ... Жасасын «Ел!». Жасасын Ғыйас! Жасасын оның жолдастары! ...».

Таммирфорс ноғайлары хатының басында «Ғыйас әпендіні тағы түрмеге салып шірітуге ұжданымыз разы болмағандықтан...» деген сөзінің мәнісі: Ғыйас он жылдан бері сайаси істерге араласқандығы үшін хүкіметтің суық назарында болып, сонан бергі өмірі абақтыда, айдауда, қашу-пысуда өтті. Соңғы жылдарда ол Архангел губерниасына екі рет айдалды. Былтыр 21-нші феурал манифесті бойынша ғана азат етілді, күзден бері жұмалық «Ел» газетасын шығара бастады. Ғыйас ер жүректі, өткір білімді елші.

Ноғайда Исмағұл Ғаспрински мен Ғыйастың аты оқшау тұрады. Ноғай тілін, ноғай әдебиетін көркейткен Ғыйас. Соның үшін ол түрік-татарға ардақты һәм сүйкімді. Таммирфорс ноғайларының тілектерін біз де текрар етеміз: Жасасын «Ел»! Жасасын Ғыйас! Жасасын оның жолдастары!

Басқарма.

«Қазақ» газеті, № 53.9 март 1914.

ШАРҒИ МӘСЕЛЕ ХАҚЫНДА

Газетамыздың 50-нші нөмірінде ахунд Ғұмар Қарашұғлының «Шарғи мәселе» деп құрбан хақында жазған мақаласы басылып еді. Бұл мақаланың жазылуына себепші болған нәрсе: күзді күні Қапал уезіндегі бір сиезде қазақтың билері, ақсақалдары шалатын құрбандарының орнына мұқтаж оқушылар пайдасына ақша жиып жібергендігі еді. Онда бір-екі мұғалім құрбандық орнына мұқтаж оқушыларға иә басқа сондай ізгі істерге шалатын малының пұлын берсе де болады, фатуасын өзіміз береміз деген екен. Бірақ сол жолы фатуасын бірге жазып жіберген жоқ еді. Бұл сөз газетада көрінген соң, бізге кейбіреулерден хат келді, сол екі мұғалім қалайша құрбан шалудың орнына пұлын ғана берсе болады депті, дәлелдерін айтса екен деп. «Қазақ» газетасының басындағы кісілер өздері молла болмағандықтан, шариғат хүкімдерін жақсы білмеген соң, шариғат мәселелерін моллалардың өздеріне қалдырып, басқа көздеген мақсұттарға жетісу жолында болушы еді. Сол ойда тұрсақ та әлгі айтқанымыздай сұрау хаттар һәмән болып тұрды һәм бұл туралы сұраушыларға жауап бергендей Ғұмар ахундтын хаты келді. Сонан кейін біз сұраушыларға жауап болсын, мұның дәлелдерін, фатуасын қанағат етпей шариғатқа халәф дегендер болса, оны да бір мәртебе жазып оқушыларға білдіреміз деген оймен Ғұмар Қарашұғлынын мақаласын басып едік. Енді сонан бері һәр жерден Ғұмар ахундқа 5-6 кісіден жауап келді.

Бәрі де оның фатуасына қанағат етпейді, құрбан шалуды басқа жолмен өзгертуге болмайды деп. Соның

15–7072

үшін біз сөзді қысқартамыз. Құрбан шалмай болмайды дейтін моллалардың пікірі (шариғат нұқаты назарынан) қашаннан белгілі, соның үшін текрар айту да қажет болмас.

Бұл туралы біздің айтатынымыз мынау: шариғат хүкімдерін халықтың түсінуінше өзгертпек түгіл, ескіден келе жатқан ғадет-ғұрыпты кенет өзгерту қиын. Біз Ғұмар Қарашұғлының фатуасын шариғат қарауында дұрыс, теріс екенін білмейміз. Мұндай мәселелерді моллалар өзара сөйлесіп шешпесе, газета бетіне түскен соң созылып кетеді. Біз һеш қайсысын қуаттай алмаймыз. Нешікте болса бұл мәселе матбұғат жүзінде хал қылынса екен деп тілеуші моллалар болса, Қазанда Ғалымжан хазірет шығарып тұрған «Ад-дин уа әл-адаб» деген діни журнал бар, соған жазулары лайық. Болмаса Оренбургтағы Ризаддин хазірет шығарып тұрған «Шора» жорналына жазса да болады. Бұл екі журналдың шығарушылары атақты ғалымдар.

Жоғарыда айтқан себептер бойынша, мұнан бұлай бұл мәселе хақында һешкімнің сөзін баспаймыз.

Басқарма.

«Қазақ» газеті, №53.9 март 1914.

ҚАЗАҚ ҺӘМ ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазаққа тәуел оңаша, иаки басқалармен бірге ортақ мәселелердің кеңеске бұрын түскендері де бар, бүгін түсіп жатқандары да бар һәм түсейін деп тұрғандары да бар. Қазаққа қарасаң, сол мәселелер қазаққа тәуел иа ортақ мәселелер сиақты емес, иаки қазақ туралы болғанмен, не болып, немен біткені талғаусыз. Йағни, жақсы болса, жақсы болды деп қуанбайтын, жаман болса, жаман болды деп күйзелмейтін бейне бір болмашы ғана мәселелер сиақты.

Сендердің кеңесейін деп отырғандарың мен туралы іс пе? Менің ісім болса, менің жайымды өзімнен артық ешқайсың білмейсің! Маған керегі мынау деп, жаны бар, есі дұрыс адам айтпас па? Ондай тірлік біздің қазақта күні бүгінге дейін көрінбей тұр.

Бұрын қазаққа тәуел иа ортақ мәселелер қозғалған кезде, қазақ үні шықпағанда ойлаушы едік: қазақта газета жоқ, не істеліп, не болып жатқанын қайдан білсін? Біліп тұрса, қазақ та басқалармен қатар жандығын, жұрттығын білдірер еді ғой деуші едік. Мәселен, 1910-шы жылы бастауыш мектептер туралы Думада кеңес болғанда: Мектептерде оқу орыс тілімен оқылсын, жасынан балалар орыс тіліне үйреніп, Россиаға қараған басқа тілді жұрттар өз тілдерін ұмытып, орыс тіліне ауып, орыспен бірігіп, сіңісуіне жақсы деген. Сонда, жоқ, олай емес, әр халық бастауыш мектепте өзінің ана тілімен оқыту тиіс деп, орыстан тілі басқа жұрттар, оның ішінде біздің ноғай бауырларымыз тұс-тұсынан телеграмды жаудырып жатқанда, қазақ дыбысы естілмеген.

Қазақтар неге аузына су алғандай үндемей отыр

дегендерге: Қазақта газета жоқ, Думада не мәселе қаралып жатқанын қазақ білмей жатыр деуші едік. Олай деп қазақты әншейін ақтау үшін ғана емес, өзіміз солай ғой деп ойлағандықтан айтушы едік, әттең, газетаның жоқтығы! Төбе басына қойған қарауылшыдай көзіне ілінгенін, құлағына естілгенін мезгілінде білдіріп тұратын хабаршы газета болса, осы кемшіліктер қазақта болмас еді-ау деп, тісті қайрап, бармақты шайнаумен болып едік.

Онан кейін: бүйтіп отырып қазақ жұрт қатарына еріп іс ете алмас, әр орында көзі жоқ соқыр, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау болар да отырар. Бұған көз, құлақ, тілі болғандай нәрсе қажет деп, газета шығардық. Газета шыққаннан берлі қазаққа не керегін, ол керегіне қолы жету үшін не керегін әркім білгенінше, қолынан келгенінше жазып жүр, құлағына салып жатыр. Қазақ туралы мұндай мәселелер қозғалып жатыр һәм қозғалмақшы, оны да мезгілімен газета жазбай тұрған жоқ. Мүфти мәселесі қозғалады деп жазылды, билік өзгеріледі деп жазылды, екі орыс, бір қазақ мәселесі жазылды, бауыздамай мал сою мәселесі жазылды. Қазақ көре, біле отырып, басқалармен қатар іс ете алмайтынын енді көрсетті. Жоғарғы айтылған төрт мәселенің екеуі, мәселен, билік пен екі орыс, бір қазақ – қазаққа ғана тәуел мәселелер, онан басқа екеу, мәселен, мүфтилік пен мал бауыздамау – Ресейдегі барша мұсылмандарға ортақ мәселелер. Қазақтың басқалармен қатар жұрттық қыла алмайтындығы оңаша өзіндік мәселелерден сезілмесе де, ортақ мәселелерден анық көрініп тұр. Мүфтилік пен мал бауыздамау турасында басқалар не істеп жатыр? Қазақ не істеп жатыр? Қазақтың түріне қарағанда, айтылған

төрт мәселе, «не болса, ол болсын, бізге бәрібір» деген сиақты. Қазақ жайын білмейтіндер қазақ солай деп отыр екен деп һәм ұғады. Қазақ шала мұсылман, оларға малды бауыздау, бауыздамау бір есеп, сондықтан олардың басқалардай күйзеле қоймайтыны дейді.

Малды бауыздау, бауыздамау қазаққа бір емес екенін біз білеміз, басқалардың қазақпен араласып жүргендері ғана біледі. Қазақтың қарасын көрмегендер қазақ жайын қайдан білер? Қазақ аң сықылды арам, адалды айырмайтын халық деп біледі. Жоғарыда айтылған мәселелер қазақтың нақ жанына бата қоймайтын мәселелер десе де, тіпті керексіз мәселе деп, білмегендіктен емес. Қазақ керек қылмағандықтан үндемей отыр ма? Қазақ үндемей отырғаны естімегеннен емес, керексінбегендіктен емес, жандығының жоқтығынан, үрейсіздігінен. Малды бауыздамай сойыңдар, мүфтиліктің қазаққа керегі жоқ, дінің жоғалу үшін екі орыс, бір қазақ болып отырыңдар. Тілің жоғалу үшін балаларыңды бастауыш мектептерде орыс тілімен оқытыңдар деп біз айтсақ, үндемек түгіл, дүнианы басына көшірер еді. Дінді керек қылмайтын шала мұсылман деп отырған қазақтар діншіл болып, аузына су алғандай үндемей отырған молдалар шешен болып, үрейсіздер батыр болып, қандай бізге әкіреңдер еді! Оны басқалар білмесе де, біз жақсы білеміз. Билік туралы жазылғанда қазақтың дін ісінен басқа дүниауй, йағни тіршілік істері, шариғатқа қарамай, билік қарауында болу керек, өйткені шариғат бір айтылып, тас сиақты қатып қалған өзгерілмейтін жол, тіршілік күн сайын өзгеріліп тұрады. Сондықтан тіршілік ісі өзімен қатар өзгеріліп тұратын жолда боларға тиіс деген сөз айтылып еді. «Шариғат тас

сиақты қатып қалған» деген сөзге шамданып, орысша оқығандар дін жайын білмейді деп, білмейтінімізді бетімізге басып, талай адамдар ашуланып, басқармаға хат жазды. Шариғат қатқан тас сиақты дегенге жаны күйзеліп, хат жазып отырған қазақтар, мұның әкесіндей жоғарыда айтылған мәселелер болмашы, жанға батпайтын мәселелер деп үндемей отырар ма? Үндемеу себептері басқа шығар дейміз. Ол себебін бізден гөрі қазақтың өздері, әсіресе молдалары артық білсе керек. Біз дін жайынан сөйлесек, орысша оқығандар дін жайын білмейді деп, ауыз аштырмайды, жеріме түстің деп, айақ бастырмайды. Сондықтан біз дін істері туралы пікір айтуға тартынамыз. Қазақтың дін істері мынадай боларға керек деп, жоба сайлап, жөн көрсетіп отырған молдаларымыз тағы жоқ. Біз бірдеме десек, шап етіп бетімізден алатындар көп. Дін істері туралы айтып, жоба көрсетуге бірі де жоқ. Мүфти жайынан жазатын қазақтан молда шықпаған соң, ноғай молдасы жазып отыр, 6-шы майда болатын Петербургтағы мұсылман кеңесіне барарлық қазақта қандай молда бар деп сұрағанға еш молданы көрсете алмай отырмыз. Өйткені іске жарарлық қандай молда бар екенін білмейміз. Онда барған молда қазандай қылып ораған сәлдесін көрсетуге бармайды. Қазақтың дін істері қай жөнді, қай тәртіпті болу жағынан толық мағлұмат берерге барады. Қараңғы халыққа түндікті бүркеп, қараңғылап қойып, шариғат соғатын молдалар қазақ арасында көп екенін білеміз, бірақ білімін жарыққа шығарып көрсетпеген соң, Петербург кеңесіне қайсысы жарайтынын біле алмадық. Білімін жарыққа шығарып жүрген қазақта бір-екі молда бар екенін де білеміз, бірақ олардың сөзін басқа молдалар қуат-

тамай тұрған соң, кеңестегі сөзін де қуаттамас деп, оларды да көрсете алмадық.

Сөйтіп, әуелі, біз туралы мәселелер қозғалып жатыр екен деп, көңілі селт еткен қазақтарды көре алмай тұрмыз, екінші, қазақ рухани істері мынау жөнді, мынау тәртіпті болуға тиіс деп, жоба жасаған молдаларды көре алмай тұрмыз hәм қазақтың рухани істері туралы Петербург кеңесіне барып, толық мағлұмат берерлік молдаларды да таба алмадық. Қазақтың өзіне арнап жеке мүфтилік бере қалса, мүфти, қазы, ахун, имам боларлық молдалар табылар ма? Әлде, деуге жарамаса да, ауыз жеуге жарайтын дейміз бе? Қазақ молдалары да жарыққа шығып, беті-жүзін көрсетуі тиіс шығар дейміз.

«Қазақ» газеті, № 59.23 апрел 1914.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы.

Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз. Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек деген мәселені шешерден бұрын, осы күнгі

тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектебіне түрлі болу жайын сөйлеу тиіс.

Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат білушілердің протсенті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі тек хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар. Мұнан көрінеді: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалыбында халық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жайып жатқаны, бұл мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі.

Алайық енді орыс школаларын. Қазақ арасындағы орыс школалары ауылнай, уолосной екі класты школалар. Бұлардан бітіргендер ілгері оқымаса, онда жоқ болып шала оқумен қалады. Елде бір-екі жыл тұрса, оқыған ның көбінен айырылып, оқымағандармен бірдей болып, оқыған еңбек бос кеткен есебінде қалады. Бұл күнде екі класты школа бітіргендерден ауылнай ушител, пійсар болып жүргендері бар екені рас, бірақ бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда хат білмеген адамның күйі тіл иа құлағы, иа қолы жоқ адамның күйімен бірдей; мұнан бұлай хат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар пійсар, ушител, фелідшер, адвокат, сұдиа, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде

болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен мәтбуғатының мүлкін пайдаланарлық даражалы біліммен қалсын. Әр оқимын деген халде: мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілтерлік демеу һәм негіз болуға жарасын.

Жоғарыда айтылған қазақ ішіндегі осы күнгі екі түрлі бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің түрінен табылмайтын мектептер. Бірінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды керек қылғандықтан, жаманда болса, «жоғынан бары артық» дегенмен істеліп отырған іс. Екіншісінде, йағни, орысша школаларда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ, сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс әрпімен оқысын дейді. Соның үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқытып, әрірек барған соң, кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді.

Өткен жыл 14-ші ійүнде патша жарлығы бойынша шыққан прауилада Россиадағы бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын деген. Ол прауилаға Оқу министрі қол қойған. Оның бер жағында Қазан округінде бір инспектор попечителге жазған: ушителдер чұуаш балаларын чұуаш әліппесімен оқытпай, бірден орыс әліппесімен оқытқанды оңай көреді – деп. Оны попечител министрге жеткізген. Министр енді жазып отыр: чұуаш мектебінде орыс әліппесінен бастап оқытқанды бек ұнаттым, бек келісті іс екен – деп. Сүйтіп, чұуаш балаларын чұуаш тілімен һәм чұуаш әліппесімен оқытпай, бірден орыс тілімен, орыс әліппесімен оқытуға министр батасын беріп отыр. Бастапқы екі жылда ана тілімен оқытуға тиіс деген прауилаға қол қойушы да министр, онан кейін ана тілімен оқытпай, бірден орыс тілімен оқытуды ұнатушы да министр. Бұл екі қағаздың қайсысы іске асып, қолдануда болмақшы? Қайсысы хүкіметке жағымды болса, сонысы іске аспақшы. Хүкіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россиа қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хүкіметке онан артық ұнамды іс болмас. Сондықтан 14-ші ійүнде министр қол қойған прауиланы 16-нші нойабірде министрдің жазған қағазы жеңбекші. Ондай прауилалар іске аспай қалу үшін, бір миссионер инспектор жазса, болғаны: өз әліппесімен, ана тілімен оқытып отырсақ, қай уақытта жазу-сызу, тілі жоғалады? Тегі, бөтен жұрттар тілінен, жазу-сызуларынан айырылып, орыспен бірдей болып сіңісу үшін, бірден орыс тілімен оқыту керек – деп. Бастапқы

кезде ана тілімен оқыту тиіс деген сөз 1906-нші жылғы 31-нші март прауиласында да бар еді. Осы күнге шейін ауылнай, уолосной екі класты бастауыш мектептерде қазақ әліппесімен қазақша басталып оқылғаны еш жерде естілмейді. Себебі не? Прауила бойынша қазақ тілі мен қазақ әрпінен бастап оқыт деген отырған балалардың ата-анасы жоқ. Халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, ушителдер өз беттерімен ана тілімен, ұлт әрпінен бастап оқытамыз дей қоймайды. Сөйтіп, прауила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де хүкімет өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған істер. Бастауыш мектептер жалғыз хүкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң, бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, йағни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газета, жорналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда, қазақ тілі жоғалмас.

Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден хүкімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа

да зиансыз, пайдалы болуын көздеу [керек]. Солай ойлағанда, көңілге ұнамды мектептің түрі, біздің ойымызша, мынау: Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға [тиіс]. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу [керек]. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу [керек]. Мұжық жөнімен қала болған қазақтар бар, қазақ ретімен қала болатын қазақтар да болар. Қыстаулары жиын қазақтар да бар, қыстаулары сирек қазақтар да бар. Солардың бәріне бастауыш мектеп қолайлы болуға тиіс. Бәрінің де оқиын деген балалары, мектеп жағынан қолайсыздық болып, оқи алмай қалатын болмасқа тиіс. Сондықтан, әуелі, қазақ бастауыш мектебі екіге бөлінерге: Келіп оқитын, жатып оқитын мектептер. Келіп оқитын мектептер қала болған, йағни қыстауы жиын жерлерде болу, жатып оқитын мектептер әлі сирек отырған жерлерде болу [керек].

Екінші, қыр мектебі һәм қала мектебі болып бөлінерге. Қыр мектебі – ауыл мектебі, уолос мектебі болып, о да екіге бөлінерге, ауыл мектебінде кілең қазақ тілінен оқылатын үш жыл оқу оқыларға, қалғаны кілең орысша оқылатын екі жыл уолос мектебінде оқыларға [тиіс]. Уолос мектебіне ауыл мектебінде бітіргендер алынарға [тиіс]. Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық, бес жылдық оқулы боларға [тиіс]. Жатып оқитын ауыл мектебі мен уолос мектептеріне келіп оқи алмайтын балаларды ғана жатып оқитын есепке алуға [тиіс]. Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафиа, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназианың

иаки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болу тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша иа орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды.

«Қазақ» газеті, № 61.9 май 1914.

МЕКТЕП КЕРЕКТЕРІ

Өткен нөмірде қазаққа қандай бастауыш мектептер керегін жазып едік, енді ол мектептерге не керек, сол жайынан жазбақшымыз.

Қазақ балаларын ана тілінде төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту жайын жақсы білетін мұғалімдер үш жыл оқытқанда бірталай білім үйретуге болады. Ана тілінде жазылған кітаптар, газеталар, журналдар о ғайри ана тіліндегі жазу-сызу бастауыш мектептен шыққандардың мүлкінде болады, йағни солардың бәрінен де пайдалануға қолынан келетін болады. Біздің қазіргі ел ішіндегі мектептерімізде жоғарғы айтылған шарттардың біреуі-ақ бар, ол бар дегеніміз – ана тілімен оқыту. Басқа шарттары орнына келмеген соң, үйренерлік білімнің көбін білмей, балалар азын ғана біліп шығады. Бізде қазірінде төте оқу жолымен оқыта білетін педагогика, методикадан хабардар мұғалімдеріміз жоқ қасында. Бастауыш мектепке керек құралдарымыз сайлы емес. Кесіп пішкен программа жоқ. Сондықтан қазаққа қандай мектеп керектігін сөйлегенде, ол мектепке не керек екендігін де айту тиіс.

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қанадай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, йағни мұғалім білімді

болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа, Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі иа мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз иа мерзімді өлшеусіз істелген іс лопы-солпы, иа артық, иа кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбек үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйретететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады.

Өткен нөмірде біз айтып өттік, қазақ үшін ашылған орыс школаларының мұғалімдері, оқу құралдары сайлы деп. Біздің ана тілімізде оқылатын мектептеріміздің құралдары, мұғалімі сондай сайлы болуға тиіс. Сонда мектеп программасын үлгеріп, орнына келтіре алады. Мектепке керек нәрсенің бәрі сайлы болмаса да мектеп ақсайды, программа бойынша үстіне артқан жүкті дұрыс алып жүріп, мерзімді жеріне мезгілінде жеткізе алмайды. Сондықтан мектеп керек болса, мектепке нәрселері де сайлы болуы керек.

Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйретететін орыннан оқып шығарға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтың бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың

өздері дарилмұғаллимат (педучилище – *ред.*) ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоиа тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школаларынан шығып, ушител болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егерде бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса.

Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес. Қазақтан тәуірірек школ һәм медресе бітіргендер аз. Ол аздың үстіне орысша оқып, мұсылманша да білетіндері аз. Мұсылманша оқып, педагогика білетіндері аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалімдер керек. Мектептерге мұғалім боларлығымыз жоғарыда айтылған екі түрлі жастарымыз. Олардың сайлы мұғалім болуына жетіспей тұрған жерін бітегене жетістіру ғана қажет. Орысша оқығандардың мұсылманша хат білуіне бір-екі-ақ ай үйрену қажет, мұсылманша оқығандар педагогиканы дұрыстап үйренбегенменен методиканы біліп, жаңа усулдармен танысуына оған да бір-екі ай үйрену керек. Бұл бір-екі ай үйрену қайсысына да болса, қолдан келмейтін іс емес.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сиа, сауыт, отыруға керек нәрселер пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау

дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруакәсіп, жағрафиа, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүниаға шығару керек. Біз бұларды уақыт жетуінше қолға алып істеп жатырмыз. Бірақ, бір жағынан, басқа жұмыспен байланулы болғандықтан, бір жағынан, басы ашық мәтбуғамыз болмағандықтан, тез үлгеріп бола алмай жатыр. Шыға бастағандарына өкпесі бар кейбіреулер сын таққан болып жатыр. Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қараса да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсені сынаймын деп, құр өзінің білмегендігін көрсетеді. Біреудің бір нәрсенің білетін, білмейтіндігі істегенде ісінен көрінеді. «Айқап» жорналында «Оқу құралы» есімді қазақ әліппесіне сын тағып отырғандар жаңа усулдарды білмейтін адамдар. Ол әліппе жазылған жаңа усулдардың ең жақссы – усул сотие жолымен. Оқу кітаптары жазылады оқыта білетін, усулдармен таныс мұғалімдер үшін. Машина һәм басқа құралдар жасалады сол машина құралдардың тетігін біліп пайдаланатын адамдар үшін. Жұмсауын білмей кінә қою көзілдірікке кінә қойған маймыл сиақты болады иа аузы қисық бола тұрып айнаға өкпелеген сиақты болады. біз оқу құралдарының подретін алып істеп жатқанымыз жоқ. Біздікі жаман болса, жақсысын шығарыңдар. Жақсы шықса, жаман қалатын.

Бұл оқыту жайының таласы ақыретте не болады деп таласу емес, қазақ жерді олай иа бұлай алса, түбінде пәлен болады деп таласу емес. Олар алдағы нәрселер. Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге

көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, методикаларды кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы һәм сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтынған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін. Таласпайтын орында талассын, ауыз ауыртпай соны істеу керек. Әйтпесе, біліп сын таққанымды, білмей сын таққанымды жұрт қайдан білсін деп мінеу – жұрттың бәрі жақсы мен жаманды айырмайтын ақмақ деп ойлаған болады ғой. Бұ жағын «Айқап» ойлап иа ойламай орын беретініне түсініп жете алмаймыз.

Петербургта осы күні болып жатқан кеңесте рухани істермен қатар мектеп мәселелері де қаралып жатыр, соңыра Думада да солай қаралмақшы. Ана тілімен оқытамыз деген пікір – кіли орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек. Назаров кеңесінде қазақта ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс.

«Қазақ» газеті, № 62.17 май 1914.

16–7072

СОҒЫСУШЫ ПАТШАЛАР

Еуропа патшалары көптен берлі өзара соғысқан жоқ. Өзара соғыспай, өзгелермен соғысып, иа тіпті соғыспай, тыныш отырып, соғысқан патшалардың арасына билік айтып, үлкен ауылдың сыбағаларын алып, жай отыратын еді. Екі ұлық патшаның арасынан соғыс шықса, ол соғысқа, араларында байласқан уағдалары бойынша, басқаларыда кірісіп, соғыс ұласып, ұлғайып, ақыры немен тынарына көз жетпей, бәрі де өзара соғысудан тартынушы еді. Соғыспаса да, қаружарақтарын бәсекемен сайлап, соғысатындай күтініп, бірін-бірі аңдумен келе жатыр еді. Тарих жүзіне көз салсақ, таласпаған, соғыспаған қалық көрінбейді. Бұл күндегі қалықтар да, қанша ғылымды, өнерлі, білімді, мейірімді болдық десе де, аталарынан ұзап алыс кете алған жоқ. Соғыспай тұратын күйге әлі жеткен жоқ.

Еуропа патшаларының нағыз зорлары соғысқа бел байлап кірісіп тұр, ұсақтары әскерлерін жиып, бірсыпырасы қалай болар деп, соғыстың аңысын бағып тұр, бірсыпырасы басылып, жаншылып, соғысқандардың айағының астында қалмасқа қам қылып жатыр.

Соғысқа қазірінде кірісіп тұрған бес ұлық патша, үш ұсақ патша. Соғысатын қандай жұрттар, қай жағының күші басым екенін оқушыларымыздың білетіндері де, білмейтіндері де бар болса керек. Сондықтан әрқайсысының жайынан қысқалап мағлұмат бергеніміз теріс болмас деп ойлаймыз.

Ресей, Пырантсиа, Ангылиа – үш ұлық патша бір жақ, бұларға үш ұсақ патша қосымша болып тұр. Олар: Сербиа, Қаратаулық һәм Белгійа. Германійа һәм

Аустіриа – екі ұлық патша бір жақ. Осы екі патша құзырында үш ұлық патша, үш ұсақ патшамен соғыс-пақшы. Соғысатын патшалардың бәрі де қиристиан діниндегі патшалар, бірақ түрлі мазһабінен болады.

Біздің Ресейден басталық: Ресейдің жері 19 міллійон 99 мың 165 шаршы шақырым. Елі 160 міллійоннан астам. Ресейдегі қалықтар түрлі дінді, түрлі тілді екендігі оқушыларымызға мағлұм. Бірақ солардың арасында көбі орыс затынан. 160 міллійон жұрттың 105 міллійоны орыс нәсілінен. Дінге бөлгенде де сол шамалысы прауослауный болып, басқалары ғана өзге діндік болады. Жайшылықтағы әскерінің саны 1 міллійон жарым, соғыс кезінде 4 міллійон жарымдай.

Ресейге жақ патша – Пырантсиа. Бұл патшалық Еуропаның күнбатыс шетіне тайау. Жері, колониасын қоспағанда, 471 мың 412 шаршы шақырым. Елі 40 міллійон шамалы. Бәрі болмаса да, көбі жалғыз пырантсуз тұқымынан, басқадан жарты міллійон италанетс, міллійон жарымдай британетс, 500 мыңдай йаһуди бар. Діні қиристиан котолік. Ғылым өнер жағынан бас патшаларының бірі. Жайшылықтағы әскері 600 мың, соғыс кезінде 4 міллійон жарымдай.

Ресейге жақ патша – Ангылиа. Бұл Еуропаның күнбатыс жақ шетіндегі аралдағы патша. Колониасын қоспағанда, жері 275 мың 990 шаршы шақырым. Елі 46 міллійон шамалы, екі тұқымнан: келт пен англо-саксист деп аталады. Діні қиристиан лотериан. Ғылым, өнер һәм байлыққа келгенде нағыз бас патшадан саналады. Жайшылықтағы әскері 560 мың, соғыс кезінде 1 міллійон 200 мың. Ангылиа пылоты (соғыс кемелері) дүниадағы нағыз күшті пылот. Екі патша-ның пылоты қосылып, қандай ұлық патшалар болса

да, бір Ангылиа пылотына жете алмайды. Пылотқа келгенде Ангылианың дүниада теңі жоқ. Бұлардан басқа Ресей жағындағы ұсақ патшалықтар бар деп жоғарыда айттық. Олар көмекшілікке жарамаса, соғыс бағының бетін олай-бұлай аудару қолдарынан келмейтін патшалықтар. Сондықтан оларды қойа тұрып, Ресейге жау болып тұрған патшалар жайынан сөйлейік.

Ресейге жау патшаның бірі – Ауыстриа. Бұл Европаның орталық жеріндегі патшалық. Екі патшалықтан құралып болған патшалық. Сондықтан Ауыстро-Уенгіриа деп, көбінесе екі аты қабат аталады. Жері 593 шаршы шақырым. Елі 52 міллійон. Қалқы әр тұқымнан. Олардың ішінде көбірек біздің орыспен тектес слауиан. Олар 23 міллійон, 13 міллійон неміс, 8 міллійон бізбен тектес түрік нәсілінен мадиар деген жұрт. 4 міллійоны румын, 3 міллійоны йаhуди, 1 міллійоны италианест. Патшалық неміс қолында. 3 міллійоны прауослауный, 3 міллійоны йаhуди, 3 міллійон жарымдай лотерианнан басқасы қиристиан котолік дінінде. Ғылым, өнер жағынан бас патшалардан саналады. Жайшылықта әскері 400 мың, соғыс кезінде 2 міллійон жарым шамалы.

Ресейге жау патшаның екіншісі – Германійа. Бұ да Европаның орталық жеріндегі патшалық. Германійа империасына қарайтын 25 патшалық. Бәрінің қалқы неміс нәсілінен ұйымдасып күш қосып, басқалардан басын қорғау үшін ірілі-ұсақ болып бірігіп, күшті болған патшалық. Бұл ынтымаққа кіргендер бірліктен, айтысқан серттері бойынша, оқшау шықпайды hәм ешкім бөлек шығармайды да. Өзді-өзіне тиісті істерін әрқайсысы өз бетінше істейді. Көпке тиісті істерді ортасынан шығарған сойызный соуетке салады. 25

патша ортасынан біреуін аға тұтады. Ол Германийа императоры атанады. Басқалары королл герітсог, книаз атанады. Бәрінің жерін қосқанда, Германийа патшалығына қарайтын жер, колонийасын санамағанда, 474 мың 802 шаршы шақырым. Елі 65 міллийон. Оның ішінде 4 міллийондай ғана басқа текті жұрт бар, өзгесінің бәрі де неміс. Діні қиристиан протестант, азырақ католик һәм йаһуди діниндегілер бар. Ғылым, өнер жағынан нағыз бас патшаның бірі. Әскері жайшылықта 600 мың, соғыс кезінде 4 міллийон жарым. Құрғақтағы соғыста әскерінің күші, соғысқа керек өнері, ісі ең бірінші дәрежеде саналады. Мықтылығынан «темір жұдырық» деп атанатын патшалық осы. Мұның пылоты да күшті. Ангылиадан соңғы күшті пылот осы Германийада. Германийа құрлықтағы соғыс ісіне бірінші, судағы соғыс ісіне екінші патшалық деп саналады.

Жоғарыда жазғаннан көрінеді: Ресейге жақ болып тұрған ұсақпатшаларды былай қойып, ұлық патшаларды ғана алсақ та, Ресей жағындағы патшалардың әскері 10 міллийон болмақшы. Алты ұлық патша үш-үштен бөлінсе, бәлкім, тең болар еді. Италиа соғысқа қосылмаймын деп қабар қылып тұр. Италиа Германийа мен Ауыстыриаға одақ еді. Бірақ одақтасқан сертінде бұлар басқаға өздері тимей, басын қорғау соғыс болса, Италиа кіріспекші екен. Бұл соғыс Германийа мен Ауыстырианың бас қорғау соғысы емес, басқаға тиіу соғысы болып тұр. Сондықтан Италиа бас тартып, бойын сақтап тұр.

Италиа кіріспегені Ресейге өте жағымды болып тұр. Құрда Ресей жағындағы әскердің саны жау әскерінен басым, суда Ресей жағындағы пылоттың күші басым. Әскердің көптігі мен пылоттың күштілігімен жеңетін

болса, әскердің көбі де, пылоттың күштісі де Ресей жағында. Осыны көре тұра, Германийа мен Ауыстыриа соғысқа шығуы иа өнеріне сенгендік, иа бөтен жағынан дәмелі болғандық деп тұр. Олар иа Ангылиа соғысқа қосылмас деп ойлайды, иа Ресейдің іші ала, тегіс намысқа шаппас деп дәмелі болды деседі. Өнеріне сенген болса, өздері біледі. Басқа жағынан дәмелі болса, алданған болар: Ангылиа соғысқа қосылды, Ресейдің ішкі алалығы да жоғалады. Жайшылықтағы алалықты тастап, жау келе жатқанда бәрі күшін қосып, қарсы шықпақшы болып тұр. Жау жағына жаңадан қосылатын патшалар болмаса, қазірінде жауласып тұрған екі патшаны жеңеміз деген Ресейдің үміті тымақ зор.

А. Б.

«Қазақ» газеті, № 72.31 иүл 1914.

БҰ ЗАМАННЫҢ СОҒЫСЫ

Өткен нөмірде соғысқа кіріскен патшалардың қай жағының әскері көп, қай жағынан пылоты күшті екенін айтып едік. Енді бұл заманның соғысқа жұмсайтын құралдары һәм заманың соғысқа жұмсайтын құралдары һәм соғысу тәртібі қандай екендігі айтып өтпекшіміз.

Әуелі, соғысқа керек – әскер, сондықтан әскерді жиып, соғысатын жерге төгу үшін істейтін істер жайынан бастайық. Әскерді тез жиып, соғысатын жерге тез түсіруге отарба сай боларға керек. Кей патшалар сол үшін арнап темір жолдар салдырады; мәселен, Германийада әр корпус әскердің өз алдына отарбасы

бар. Германийа әскері жер шегіне жетіп, соғысқа дайар болуына төрт-ақ күн керек. Пырантсиа жерінің шегіне бір сөткеде міллийон жарым әскер төгуге жолы сай. Отарба сайлылығы жалғыз әскер тасуға емес, әскердің азық-түлігін, қару-жарақ, оқтарын соғысатын жерге жеткізу керек. Жолы сай емес патшалар әскерін атпен, түйемен, өгізбен жыйып жеткізгенше, жолы сай патшалар тезірек келіп, шабан жыйылғанның жерін алып қоймақшы. Төбелескенде шапшаң адамның қолы бұрын тигені сыйақты, кейде бұрын қимылдағаны соғыс тізгінін қолына алғанға есептеп, бұл замандағы соғысқа тез жиылып, жауға тайағы бұрын тигеніне көп мағына береді.

Екінші, соғысқа керегі – қару-жарақ, иағни мылтық, зеңбірек оғайри сондай қарулар. Өткен Балқан соғысында зеңбірегі күшті һәм тигіш жағы жеңіп отырды. Бұ күнгі зеңбіректер бұрынғы зеңбіректер емес. Бұрынғы зеңбіректер бес минөтте бір оқ шығаратын еді. Бұл күнде төрт зеңбіректі бір батерейа минөтіне 40 шырапнел шығарады (шырапнел ішінде 200 оқ болады). Олай болғанда, бір батерейа бір минөтте 8 мың оқ шығармақшы. Бұрынғы мылтықтармен бір солдат бір минөтте бір оқ ғана шығаратын еді. Бұ күнгі мылтықтармен бір солдат бір минөтте 40 оқ шығара алады.

Мылтық пен зеңбіректен басқа пулемет деген бір пәле тағы да бар. Оның біреуі бір минөтте 600 оқ шығарады. Бұрынғы зеңбіректер құр шошыту болмаса, көбінесе тимейтін еді. Бұл күнде дала зеңбіректері 5 шақырым жерден, кеме зеңбіректері 10 шақырым жерден тиеді. Бұрынғы зеңбіректердің оғы 5 пұт болушы еді. Бұ күнгі зеңбіректердің оғы 40 пұт. Осы

соғысып жатқан патшалар неше түрлері қарудың бәрін өз зауытынан жасап шығарған патшалар. Бұлардың қару-жарағында кемістік жоқ. Бұ замандағы қару-жарақтың нағыз жақсысы осыларда. Қамтамасыз қаруларының қызығын көретін жері осы Еуропа соғысы.

Үшінші, соғысқа керек нәрсе – плот (соғыс кемелері). Бұ заманда патшалар жалғыз құрылық жағын ғана қорымайды, су жағын да қориды. Бұрынғы соғыстар құрда болып, суда кем болушы еді. Бұ заманда кемелерге зеңбірек орнатқан себептен судағы соғыс та зор болмақшы. Соғыс бағының беті аууына бұ күндегі пылоттылық себепкер болатын нәрсенің бірі. Сондықтан осы күнгі патшалар, бірінен-бірі қалыспай, бәсекемен пылот сайлаудың әлегінде. Бәсекелесіп, соңғы кезде соғыс кемесінің өте зор, зеңбіректі көп орнататын түрін шығарады. Бұл күндегі діредноуіт деген кемелердің батарейасынан бір атқанда 2 мың, 4 мың пұт оқ шығады, құты, Түркианың Америкадан сатып алған «Рио-де-Жанейро»деген діредноуітынан бір атқанда 5 мың пұт оқ шығады дейді. Пылот мықтылығының пайдасы атысқан жерде жеңуге, сумен әскер һәм азық-түлік тасытпасқа керек жерде тиеді. Ангылиа пылоты Германійа пылотынан күшті болған себепті, Германійа пылотын ешқайда шығармай басқа жерден кемелерді келтірмей, су жағынан Германійаның қолын кеспекші. Сондықтан Германійаның Ангылиа жақ тұсына қойған кемелері жағадағы қорғандардың зеңбірегін сайалап, басын қорғамаса, пәлендей қару қылып, күш көрсетер деп айтуға қиын. Германійаның орыс жақ тұсына қойған пылоты күш көрсетпесе, бұл соғыста Германійа плотының қызығын көре алмайтын шығар.

Төртінші, соғыста жеңу иа жеңілуге зор себепкер болатын әскербасы. Бұл күндегі әскербасылар бұрынғының әскербасындай биікке шығып, соғысты көзімен көріп отырмайды, ілгері ұмтылу керек жерінде ұмтылтып, шегінту керек шегінде шегінтіп басшылық етуі бұл күнде жоқ. Бұ заманның әскербасылары соғыстың қарасын көрмей-ақ, үйінде отырады. Қарайтыны соғыс емес, соғыс болып жатқан жердің пыланы. Бұйрығын телегырам, телепон арқылы істейді. Соғыстың қабарын телегырам, телепон арқылы алады.

Соғыстың қарасын көрмейтін себебі – бұл күнде әскерлер соғысқа қоралы қойша иірілген тобымен кірмейді, қадамға тұрып, қатар түзеп, екі жақ қанатын алысқа созып, жайып жіберіп атысады. Әскердің көптігіне қарай екі жақ қанаты көп жерге жайылмақшы. Орыс пен иапон жауласқанда, Мукден соғысы деген зор соғыста иапондардың 300 мың әскері қанатын жайып соғысқа кіргенде, бір шетінен бір шеті 100 шақырым болған. Сонша алысқа жайылған әскердің соғысын көзбен көріп отыру мүмкін бе? Пыланға қарау, телегырам, телепон арқылы қабар алу нақ өз көзімен көріп отырғандай болмайды, бірақ олай етпей амал жоқ. Сондықтан бұрынғының әскербасылық етуінен бұ күнгінің әскербасылық етуі қиын. Соғыстағы әскербасылардың ісі дойбы ойнаған сыйақты; жалғыз қата жүрістен күллі ойынның берекесі кетіп, ұтылмақшы. Сондай-ақ, бір қаталасқан ісінің салдарынан соғыс бағының бетін аударып, жеңіліп қалмақшы. Әскербасылық етудің қиыны сол: әскердің жүру-тұру билігін түгел қолына алуға – бәрін көзімен көріп отырған жоқ; әр әскердің әр табының билігін бастықтарына беруге – әр ауыл көш-қонын

өзі билеген сыйақты болмақшы, бірі ерте, бірі кеш көшкен, бірі ілгері, бірі кейін қонған ауылдай, әскердің бір табы атысып жатқанда, екінші табы қарап тұрмақшы; бір табы ілгері ұмтылғанда, екінші табы кейін шегінбекші; сөйтіп, бір мезгілде бір беткей қару қылмай, әскер жеңілмекші. Сондықтан бұл заманның әскербасына батырлықтан гөрі соғыстың ғылымын, әдісін жақсы білетін адам сайланбақшы.

Бесінші, бұл замандағы соғыста жұмсалатын нәрсе – аспан кемелері. Бұлар қызыметінің зоры – жау әскерінің жатқан жерін білу. Жау жерін біліп алып атқан зеңбіректің оғы жаудың дәл үстіне түспекші.

Осы жоғарыда айтылғандар біреуден жерін қорғау үшін де, біреудің жеріне түсу үшін де керектер. Бекіну үшін жасалған нәрселер – қорғандар. Жауды ішкері жібермеске жер шегіне әр патша қорған салдырды. Қорғандардың мықтыларын бұзып алу қиын жұмыс. Нағыз мықты салдырған қорғандарды иа тіпті бұзып ала алмайды, иа бұзса да көп адамын шығындатып барып алады. Еуропа ұлық патшаларының бәрінде де салынған мықты қорғандар бар.

А. Б.

«Қазақ» газеті, № 73.8 аугүст 1914.

АЛАШҚА

Еуропа соғысы жер жүзіндегі адам баласын ұрандастырды. Азбын, көппін демей, бәрі де қанына, не көрші намысына шауып жатыр.

Қаратаулық, Сербиа, Болгариа, патшалы слауиан жұрттар, Босниа, Гертсигоуина, Чех, Галитсиа, Полк бөтен патшаға қараған слауиан жұрттарды қандасы

біздің Русиаға ағайындық түрінде, әдіс қылып, казына қосып, көмек беріп жатыр. Белгиа, Франсиа, Румениа, Италиа – роман жұрттары қанына тартып иә тайағын бірге соғып, иә абыройына тілектес болып тұр. Италиа қанына тартқандықтан, оғым Франсиаға тиеді деп, Германиамен байласқан уағдасын бұзып, болыспай қарап тур: Румениа каролі Фарл Германиа патшасы Вилгелмнің немере ағасы. Жұрты соңынан ерсе, Фарл Германиаға болысып, соғысқа байағыда-ақ кірісетін еді. жұрты роман болып қолын байлап тұр. Балғариа патшасы неміс, жұрт слауиан бұда амалсыз Румениа каролының кебін киіп отыр. Франсиа, Германиа тефтон тұқымы болып, бірге өлемін деп, тізе қосып соғысып жатыр.

Русиа қол астындағы барша атасы бұратана жұрттар – қорадан өрт шықты, бірігейік, үй арасындағы кемшіліктерімізді қойа тұралық деп, бізді өгей бала есебінде ұтасаң да, жау тигенде орыстың өз баласынан кейін емес біз деп, әр халық өз әлінше қазына, тілек, көмек көрсетіп жатыр. Соғыс жолында осындай көмек көрсетіп жатқан жұрттар: еурей (иаһұд), біздің ноғай бауырлар, әрмән, шеркес, грузин, қарайым, қалмақ, сарт.

Торғай, Орал, Астрахан қазағы Бөкейліктер болмаса, өзге жерде біздің қазақ қазына қосып, көмек бергені білінбей тұр.

Русиа қол астында қазақтан үш арыс орыс: уеликиорыс, малорыс, белорыс, полак һәм еурей ғана көп. Адам санасқан жерде, Русиада біз 6 нші жұртбыз. Қазана жиылған қоры көп шаһарларды қойып, іргелі мұжықпен ауылдағы ноғай, башқұрттармен байлық салысқанда, қазақ олардан көп есе қазыналы болады.

Еурей, әрмән, ноғай, башқұрт, сиақты біз салдат беріп, мемлекет үшін қан төгіп отырғанымыз жоқ. Біздің Алаш баласы, қазына қосып, соғыс туралы мемлекетке көмек беру міндет. Бұл туралы қазақар сиез қылып, жиыламыз десе, тоқтау болмас. Уиез-уиезде сиез құрып, ат жиып ба? Ақша жиып па? Жәрдем беру турасын сөйлесу керек.

Біздің ойлауымызша былай ету: ақша көмегін пригоуормен үй басына салу, түндік ақшамен бірге жиу, казнашейстуаға тапсыру, тапсырғанда қай орынға тиісті екендігін атау. Қазақтың көмек ақшасы, біздің ойымызша, Думадағы қазақты білетін мұсылман депутаттарының, нә тәрқы партиа депутаттарының, иәки кадет партиасының депутаттарының аттарына, земскій сайоздың басындағы кінәз Георги Евгеневиш Алов атына арнап казнашейстуаға салыну тиіс. Мынау жаралыларға, мынау соғысқа кеткендердің қатын-баласына деп. Ат берушілер өз жеріндегі әскербасы төрелерге тапсырса болады.

Араларыңда көрші отырған переселен мұжык жігіті соғыска кетіп, шаруасы қаран қалды. Жерін жыртып, пішенін шауып, астығын тасып, малын бағып, оларға да қарасу жен. Соғыс бітер. Мен қан төгіп келдім, сен қазақ не қылдың дер. Сонда мынау қылған жақсылықтарың алдынан шығар: «Бір күн сыйлағанға қырық күн сәлем» деген. Кай көмектер де болса астарсыз емес.

Ахмет, Міржақып, Қыр баласы.

«Қазақ» газеті, №78. 16 сентиабр 1914.

Басқармадан:

БҰ ҚАЛАЙ?

Бақытжан Қаратаев қаласында төрт-бестей-ақ үй қалды, өзге қазақ көшіп кетті деген біз хат алдық. Қаратаевты тастап кеткен қазақ жері мұжыққа беріліп, енді Бақытжан хахолға ақсақал болады дейді.

Жымпиты, Шідертіге бас болып Бақытжан 1910-ншы жылы 15-тен жер алғанда бұларға (Бақытжан қаласына) таңдама, жақсы жер, өзгеден артық енші берді деп еді. Жер айаулы жақсы болса, бұл жерден өзгеше енші тисе, халық өзі соқаға құл болса, бұл Бақытжан қаласынан бар қазақ неге үрікті. Бұл хабар рас болса, Бақытжаннан ауған қазақ қайда кетті? Осыны біздің «Қазақ»-қа жазатын тілші табылар ма?

«Қазақ» газеті, №91. 24 декабір 1914.

2-НШІ ФЕУРАЛ

2-нші феуралда «Қазақ» екіден үшке шықты. Жаңа газета жас бала сиақты. Бала бастапқы кезінде анау-мынау иілгіш келеді. Бір-екі жылды артқа салып алған соң, буыны бекіп, бұғанасы қата бастайды. Ата-анасы мінезін біліп, сынын танып, сырын түйе бастайды. Газета туралы да нақ солай.

Анау-мынауға иілгіш нәзік күйін өткізіп, газетамыз үшке қарады. Айрықша бір апатқа ұшырамаса, аз-маз нәрсені елемей өтер деген үміт зор. Газета бетін шыбарлатқан құр қағаз емес. Жұртқа қызмет етуші, ұлтының ұлы екендігін саңлаусыздар болмаса, санаулы

қазақ таниды. Ол танығандығын осы өткен жыл көрсетті. «Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес» деген. Тәңірден соңғы күшті халық қой. Халық қолдаған іс анау-мынаудың қастығымен өшпейтінін көзбен көріп, қолмен ұстағандай болдық. Жұрт жұмысының тегермекші ілгері айналса, оны шыбық салып тоқтатамын дегендер құр арам тер болу қашаннан-ақ бар нәрсе. Арам тер болғандар бола берсін. Ахмет болмаса Міржақып шығарар, ол болмаса, онан басқа шығарар. Бірақ қазақ газетасыз тұрғысы келмейтінін білдік. Соған көз жетіп «күштіге сиынсаң, Құдайға сиын» деген. Әуелі, Құдайға сиынып, екінші, Құдайдан соңғы күшті халыққа сүйеніп «ҚАЗАҚ» алдағы жасына айақ басты. Қайырлы болсын!

«Қазақ» газеті, №102. 5 феурал 1915.

«-ОВ» ТУРАЛЫ

Газет-жорналдарымызда көбінесе «ұлы, баласы, қызы» дегеннің орнына «-ов, -ова» жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті құлаққа тіпті, ерсі естіледі, «-ов, -ев, -ин, -ва»-лар жалғыз-ақ орыс халқында бар деп айтуға болады, басқа Еуропа халықтарында жоқ, бізден өзге патшалы мұсылмандарда да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша қажеті бар? «-овтарды» орысша жазғанда қолдансақ та, қазақша «ұлы, баласы, қызы» деп жазуымыз келіспей ме? Мұнан бұлай жұртқа өнеге беретін газета-жорналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді.

Студент Ыдырыс Оразалыұғлы.

Басқарма. Біз Ыдырыс мырзаның бұл пікірін мақұл көреміз, мұны елеусіз тастамасқа ықтиһад етерміз. Бұл туралы айтарлық бірер сөз бар. Біздің қазақ фамилиа орнына өз әкесін атаса, «-ов, -ин, -ва, -на» орнына «ұлы, қызы» деп жазуда ыңғайсыздық жоқ, «Ыдырыс Оразалыұғлы» деген секілді. Ал жұрттың көбі фамилиа орнына үлкен әкесінің иә бабасының атын жазады, мысалы, «Ғалихан Нұр Мұхамедұғлы Бөкейханов» деген секілді. Мұндайда «Нұр Мұхамедұғлы» деу ыңғайлы болса да, «Бөкейханұғлы» деп атасының ұлы қылып жазудың реті келмесе керек. «Ғалихан Бөкейхан» делінсе, ретке келіңкірер еді: «Бөкей хан» деген руын атағандай болар еді, «Атығай, Қарауыл, Айдабол, Қаракесек» деген секілді. Қазақтың руының өзі орыстың фамилиасына тура келді ғой. Енді бір әйел атын алайық: «Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанова» дегенде, «Құлжан» деуіміз һәм «Нұрғали Құлжанов» дегенде де «Құлжан» деуіміз, йағни әйелдің де, еркектің де фамилиасын бір қалыпта атауымыздың ыңғайсыздығы болмас па? Және де, мұндайда «ұғлы, қызы» делінбей, әкесінің атын қалдырып, «Нұрғали Құлжан» иә «Нәзипа Құлжан» деп жазсақ, жай екі кісі аталып тұрған секілді болады һәм ілгерікейін тұрғанынан байқалмаса, араласқанда қайсысы өз аты, қайсысы фамилиасы екендігі білінбей қалса керек.

Фамилианы жоғарғы айтқандай қылып қалдырамыз ба, жоқ басқа бір ыңғайлысын табуға болса, ал оқушылар, не айтасыздар?

«Қазақ» газеті, №102. 8 феурал 1915.

В.Л. БУРТСЕВ

20-ншы ғинуарда Петірогырад судебный палатасы В.Л.Буртсевті Сібірге айдауға бұйырды. Бұл орыс жұртын бақытқа жеткізем деген жүйріктің бірі. Абайды оқытқан Михайлістің жолдасы. Біздің орысша білетін қазаққа белгілі Буртсев «Былое» жорналының шығарушысы еді. Ана бір күн шығып, жақсылық болғаннан бұрын Пырантсиа, Ангылиаға қашып барып, сонда жүрді, 1905-нші жылы патша манипесі себебті Ресейге қайтып, қараңғы тұман қайта түскенде, тағы бөтен ұлтқа жан сауғалап қашып барған еді. Мына Еуропа соғысы басталғанда, ердің қаны қызып, елге қайтып, хүкіметпен бірге жұртыма қызымет қылам деп, өзі келіп еді.

«Қазақ» газеті, №102. 8 феурал 1915.

ОРЕНБУРГ, 25-НШІ ФЕУРАЛ

Көптен-ақ Еуропа патшалары Түркианы ауру адамға санап, өлсе мүлкіне қайсымыз ие боламыз деп таласта болатын. Русиа: «Қара теңізде мен қамалып отырмын. Басқалармен қатынасуға Қара теңіз есігінің кілті Түркиада, көңілі келмеген күні есікті бекітіп тастап, мені қамайды да қойады. Менің есігім ашық боларға керек. Олай болу үшін Қара теңіз кілті маған берілуге тиіс, йағни Стамбұл түрікте болмай, менде боларға тиіс» дейді.

Оны Германиа мен Аустриа түгіл Ангылиа мен Пырантсиа да бұрын жақтырмайтын. Балқандағы ұсақ патшалар да, мысалы Болғария, Румыниа һәм Гретсиа, бұлар да Стамбұл мен Қара теңіз кілті Русиаға

берілгенін жақтырмайтын көрінеді. Ұлық патшалар Русианың алғанын жақтырмағанда, күшейіп өзіміздан асып кетеді деп жақтырмайтын. Ұсақ патшалардан Балғариа мен Румыниа жақтырмағанда Русианың қолтығының астында қалып, дегенінде болып, Русиа губернияларының бірі сиақты боламыз. Еркіміз кетеді дейді. Гретсиа: «Стамбұл 500 жылдан берлі нысанамызға қойылып, көзімізді талдырып, ынтығымызды құртқан ата мүлкіміз. Түріктен қалса, өзіміз аламыз» дейді.

Өткен 27-нші йануарда болған Г.Дума мәжілісінде Сыртқы іс министрі Сазановтың Қара теңіз туралы сөйлеген сөздерінен түрікті жеңіп, Стамбұлды түпкілікті аламыз деген ниетін байқап, Ангылиа халқы Сыртқы іс министрі Грейден сұраған: «Русиада Стамбұлды түпкілікті алу ниет барлығы рас па?» деп. Оған Грей жауапты ашып айтпады. Сондықтан Русиа адамдарының көңіліне күдік болған: «Бұ қалай? Ангылиа жұрты бізбен одақ бола тұрып, Стамбұлды түпкілікті алғанымызды әлде жақтырмай ма екен?» деп. Осы туралы Р.В. газетасы жазады:[2]

«Германиа Русиамен соғысуға бел байлағанда, үш ынтымақты патшаның бәріне қарсы шығатынын білген. Бірақ іс жаманға айналып бара жатса, ынтымақтылардың арасына от салып, аман құтыламыз» деген. Қай жерден ол отты салатынын да білу қиын емес. Түркианы соғысқа келтіруге тырысқанда түрік майданында күш көрсетіп, көмегі тиеді деген емес, қашаннан бері Русиа, Ангылиа, Пырантсиа үшеуінің ымырасын біріктіретін шарқ мәселесінің шешуін тезірек қолдарына алдыру ниет болған. Рас бұл шарқ мәселесінен аман өту, оттан өтумен бірдей.

[2] 17-нші феурал, 38-нші нөмір.

17–7072

Бұл оттан аман өту ретін ынтымақты патшалардың бипылдары таба білген. Бірақ қалай реті табылғанын айтып, жұртқа жайуға қолайлы көрмеген. Оны неге жасырады деп, бипылдарға кінә қойу да дұрыс емес.

Бұл қаулы етіскен істерін орнына келтіруден бұрын, жауды жеңу керек. Жау аз ба, көп пе мұқайды. «Ауру адамның» адыра қалған мүлкін соған қарай орындамақшы. Әзір жау мұқаған жоқ. Айулар тісімен де, тырнағымен де қару қылып жатқанда, қайсысының терісін[4] қалай тілімдеп бөліп аламыз деп мәселе қозғап, халыққа уайым салуға әлі ерте. Халыққа керегі жалғыз-ақ жеңгеннен кейін Балқан патшаларының айағын құшпасқа сену. Ол жағынан сендірерлік хүкіметтердің тарапынан құлақтандыру болған. Сүйтіп, ынтымақтасқан жұрттардың көңілдері бекіп, есі-дерті жалғыз ғана соғыста болып тұр еді.

Міне соңғы кезде төңірек тұманданып, бұлдырлана бастады. Аз ғана күн болып өткен Г.Дума мәжілісінде қылилар жайы сөз қылынып, Русиа бұрынғы қамау күйінде қалмасқа белді бекем байлауға тиістігі айтылып еді. Думада бұл мәселені жайғасып, қолға аларлық шара болған жоқ. Бірақ жұрт қолға алып, газеталарда, көп жиылған жерде, бұл мәселе туралы пікірлерін айтумен болды. Русиа шаруасы мұнан бұлай көркейіп, көгеруіне қылилар Русиаға еркін тійерге керектігіне сүйенетін табанды пікірлер де айтылды. Бәрінен қымбаты «Айа Софианың басына крест орнату» деген, құр көңілге сүйенетін қиали пікірлер де айтылды. Русианың өз ішінде Стамбұлды алудың керегі не екендігін қанша айтқанмен теженкіреп сөйледі. Бірақ, біздің жауымыз: «Русианың қылиларды өзіндік етуі слауиан дәуірлерінің туын тігу болады. *Стамбұлды алған соң,* Русиа бұрынғы Византиаға қараған жердің бәрін өзіне аламын» дейді. Сүйтіп,

Балқан түбегінің бәрін өзіне қаратып, Егей һәм Адриат теңіздерінің жағасына қожа болады деп, осындай пікірлер таратқан соң, Балқандағы бейтарап патшалардың бәрі сескенерлік жөні бар. Немістер осы күнде Румыниада да, Гретсиада да, Италиада да осы қауіпті күшейтіп, құбыжық қылып көрсетуде. Балғариа астанасы Софиа шаһарын Русиа губернски шаһараның бірі қылмақшы деп, Балғарианы шошытады.

Мәскеу «Үшінші Рим» болуы туралы байағыдан бері келе жатқан қысыр әңгіме ешкімнің желегін желпімесе де, осындай кезде жан-жаққа қараңқырап сөйлеу тиіс еді. Стамбұл турасындағы сөз жалғыз бейтарап патшаларды сескендірген жоқ, Ангылиа да күдіктене бастады. Думада айтылған сөздерді естіп, Ангылиа жұрты ынтымақты патшалар арасында Стамбұл туралы болған ымыраның бетін аш деп, Сыртқы іс министрі Грейге айтып еді. Грей жұрттың айтқанын қыла алмады. Русиа Ақ теңізге шығуға алдының ашық болғанын тілейді. Ол тілегі қалай қабыл болатын жағын тұмшалап жауап берді. Ангылиа жұрты сол жауабын жеткілікті деген болар, соған тоқтаған.

Біз де Англиадан өнеге алып, тоқтау керек. Күшіміз-ді бөлмей, жауға жұмсау керек. Жау жеңілем деуден әлі алыс жатыр. Одақтарымызбен келісіп, қылиларды алғанмен де оны Германиа, Аустриа патшаларымен алысып-жұлысып отырып, ұстап тұра аласын. Олар қазір Орта Европадағы атайман патша болып, тұта-сайын ден тұрғаны сезіліп тұр. Көптен айтылған жоқ па еді: «Қылиларға жол Берлин мен Вена арқылы жатыр» деп. Ол сөз әлі сол күйінде өзгерген жоқ һәм мұнан бұлай да ол сөз ескерілмей қалмас. Қайта Қырым соғысы болғандағы мәністің бұл күнде жалыны едәуір басылған. Бұл жағынан қауіп аз деп, сөзді тұжырады.

ЖӘРДЕМ КОМИТЕТІ

Карс облысында шабыншылыққа ұшырап, ішерге тамағы, киерге киімі, паналарға үйі жоқ, күйсіз халге түсіп тұрған мұсылмандардың жәрдемге өте мұқтаж болып жатқаны һәм оларға көмек ету үшін әр жерде мұсылман жамиғаттары ашылып, жәрдем беріліп жатқаны «Қазақтың» 103-нші нөмірінде жазылып еді.

Орынбор мұсылмандары да губернатордан ұлықсат алып, осы пеуіралдің 21-нші күні Жәрдем комитетін ашып, тәртібін түзеп, басқарушыларын сайлап, жұрттан жәрдем жыйуға ағзалар арнады. Қазақтан ағзалыққа мен ұйғарылдым.

Басқа мұсылмандар жаны ашып, жәрдем етіп жатқанда, үйі күйгенді жылулайтын, малы өлгенге қызыл көтеретін, тоналғанға киім беріп, ат мінгізетін ағайыншылық жүзінде қайырымы көп біздің қазақ, бұл туралы да салтын істемей қарап тұрмас деп, ағзалықты қабыл еттім. Таланып, шабылып, бар мүлкінен айрылып, аш-жалаңаш отырғандар жері жырақ болғанмен, қаны жақын, діні бір қарындастарың. Әлде-қайдағыны айтып, айаушылық етіп отыр демеңдер. Аз-көп демей, жәрдем ету, әуелі, адамшылық, екінші, ағайыншылық міндеттерің. Біреуіңіздің берген 5–10 тиыныңыз бір адамды бір күнгі аштықтан құтқармақшы.

Қалай жіберу ретін білмегендер «Қазақ» басқармасына жіберсе, тиісті орнына тапсыруға көп-көп алғыс айтылып, қабыл етіледі.

А. Байтұрсынов.

«Қазақ» газеті, №107. 25 феурал 1915.

ОРЫНБОР, 9-НШЫ МАРТ

Бүгін жыл басы **Наурыз**. Міні, «Барыс» кетіп «Қойан» келіп тұр. «Қойан» халыққа жайсыз жылдың бірі. Осымен төрт қойанды көрейін деп тұрмын. Бұл төртеуі де халыққа жайлы болған жоқ. «Қойан» жылы не малға, не жанға ауырмалдық түсірмей өткен емес. 1880-нші жылғы «қойан» жұт болып, қазақ малы қатты қырылды. Қар кеткенде жер жүзі өлексеге толып кетіп, ана жер, мына жерде көздерін қарға жұлып үңірейткен өлекселерді көріп, бала кезімде шошынғаным бар. Ол «қойанда» қатты ашаршылық болды. Пәлен жерде аққұлақтың басын үгіп, көже қылып ішіпті деп, үлкендердің аңыз ғып айтып отырғандары есімде бар. Қазақтан басқа жерге ол «қойан» қандай болғанын білмеймін.

1892-нші жылғы «қойанда» қазақтар жұтады. Бүтін Росиада да ашаршылық болып көнек аурудан, обадан адамдар көп қырылды. Бұ «қойан» Орынборда оқып жүрген кезімде болды. Тамағымыз аш деп инспекторға арыз еткенімізде сендердің бұл ішіп отырған тамақтарыңды таба алмай отырғандар көп. Басқа жерде аштықтан мынаны нан ғып жеп отыр деп, ала бұтаның үккен басын әкеліп көрсеткені есімде бар.

1904-нші жылғы «қойанда» қазақ жұтаған жоқ. Бірақ ауырмалдығы адамға түскен сиақты: Русиа мен Жапониа арасында соғыс басталып, адам қырғыншылығы болды. Қазақ жұтамағанмен соғыс болған соң қалыптан тысқары күстенше шығындары құр болған жоқ.

Мынау «қойан» дүниеде болмаған зор қырғын соғыстың үстіне келіп тұр. Адамға түскен ауырмалдық үстіне мал ауырмалдығын қоспай өтсе, қазақтың бағы.

Бұрынғы жұт қойандардай болып, малға да салмағын салса, қазақ жүгі көбейіп, көтеруге әлі келмес. Түндік ақша екі есе көбейіп тұр; соғыс салығы түсейін деп тұр; нәрсе қара қымбаттап тұр; малдың еті мен сүтінен басқаның бәрін сатып алатын қазаққа бұда жеңіл тимес. Құдай жұтқа ұшыратпасын. Жұтаса қазақ бұрынғыдай тез оңала қоймас. Өткен жаздың шаруаға жайлы болғандығынан жұртта пішен мол, шаруаның іші жәрбелі. Жаз өте жайсыз болмаса, «қойанның» қаупі мал жағынан онша зор бола қоймас еді деп, алдағы жаздан үміткерміз.

Наурызбен құттықтап, жаңа жыл жайлы болуын тілейміз.

«Қазақ» газеті, №110. 9 март 1915.

ШКОЛДАРДА АНА ТІЛМЕН ОҚУ

Патша хазіретінің 1906-ншы жылғы 14-нші йаныуарда еткен бұйрығында: мұнан бұлай бастапқы оқу балалардың ана тілінде болсын деген. Осы бұйрық бойынша жасалып, Оқу министрі бекіткен сол жылғы 31 марттың прауиласы шықты. Бұл прауила бойынша балалар бастапқы екі жылдай ана тілінде оқымақ; өз хәрпі жоқ жұрттар үшін оқу кітаптары ана тілінде болғанмен орыс хәрпімен басылмақ; өз хәрпі бар жұрттар үшін оқу кітаптары ана тілінде өз хәрпімен де, орыс хәрпімен де йағни екі хәріпбенен де басылмақ.

Сонан соң бұл прауаны жұрттың көзді қарақты адамдары қолайсыз тапқан. Бұл прауада істеліп отырған тәсіл бар: қараңғы жұртқа прауаның қараңғы

жерлерін, қайдан білсін деп халыққа зианды жағына жұмсаушылар болуы ықтимал деген. Мысалы, ноғайға, қазаққа иә башқұртқа арап хәрпі сендердің өздеріндікі емес, араптікі. Сендердің оқу кітаптарыңның сөздері өздеріңше болғанмен хәрпі орысша боларға керек деп әурелеушілер болар. Сүйтіп, балалар ана тілімен оқыса да, арап хәрпімен оқытпаған соң, мұсылманша хат білмей, өзінше жазғанда да орыс хәрпін қолданып, арап хәрпін тұтынудан қалар. Ата-бабамыздан бері тұтынып келе жатқан, дін мен бірге байласулы арап хәрпінің жоғалуына риза емеспіз деген.

Бұлайша сөз шыға бастаған соң, Оқу мининстерстуасы тарапынан шайып-жуған сөз болды. Ондағы айтқаны мынау: өз хәрпі дегенде сол жұрттың тұтынып келе жатқан хәрпін айтып едік; орысша хәріппен оқу кітаптары басылсын дегеніміз орысша тіл үйретуді жеңілтуге ғана еді. Енді хата аңғарылмас үшін ашып айтылады: ана тілін оқитындар кітаптар әр халықтың өз тілінде һәм тұтынған хәрпімен басылсын, орысша үйретететін кітаптар иә орыс хәрпімен иә екі хәріппен бірдей басылсын дейді.

Онымен қоймай 1907-нші жылы Оқу мининстерстуасының мекемесінде осы 31-нші март прауасын түзету туралы кеңес болды. Кеңеске мұсылмандардан адамдар шақырылды. Біздің қазақтан Ғабдалғали Балғымбаев пен Отыншы Әлжанов бар еді. Бұл кеңесте 31-нші марттың прауасы сынға түсіп, ұнамаған жері өзгеріліп, жетіспеген жері толығып 1907-нші жылғы 1-нші нойабр прауасы болып шықты. Ондағы айтылғаны мынау:

Бастапқы оқу баланың ана тілінде оқытылсын; ана тілге баланың үйінде өзді-өзі сөйлескенде тұтынатын

тілі саналсын; оқитын школ бір класты да, екі класты да болсын; бір класты школдың бірінші һәм екінші жылдық бөлімдері жер ретіне қарай өз алдына бөлек ашылса да болады (ауылный школ сиақты). Бір класты школдарда үйретілетін нәрселер: дін, ана тіл, орыс тіл, есеп; екі класты школдарда бұл айтылған нәрселерден басқа оқытылатын: орыс тарихы, жағарапиа, жаратылыс ғылымы, сызу һәм өлшеу ғылымының басы.

Алғашқы екі жыл оқу ана тілінде болсын; онан соңғы жылдарда оқу орыс тілінде болсын; бірақ ана тілі оқу нәрселерінің бірі болып оқытылсын һәм басқа нәрселерді орыс тілімен үйреткенде түсіндіруге демеу болсын. Орыс тілін үйрету әуелгі жылдың соңғы жартысынан ауыз үйретумен басталады. Орысша хәріп таныту һәм жазу екінші жылдан басталады. Орыс тіліменен оқу үшінші жылдан басталады деген.

Сүйтіп, бұл праува бойынша: орыс тілі бастапқы жылдың әуелгі жарымында тіпті үйретілмей, оқу, жазу бәрі де баланың ана тілінде болмақ; бастапқы жылдың екінші жартысынан басталып, орыс тілі үйретілмек, онда да оқылатын нәрсенің бірі ғана болып һәм орысша оқу-жазу үйретілмей ауыз үйретілмек. Екінші жылы да орыс тілі оқылатын басқа нәрселердің бірі болып, оқытылмақ; бірақ жалғыз ғана ауызша түрінде емес, хәріп тану, жаздыру түрінде үйретілмек. Үшінші жылы оқыту ана тілдегіден орысшаға аумақ; ана тілі басқа үйретілетін нәрсенің бірі болмақ. Онан арғы жылдардың бәрінде де ана тілі сол күйде қалмақ.

Мұнда ана тілі өтіп кетті деп іш күйгендей еш нәрсе болмаса да, мұны да көпсінгендер болды. Арап хәрпін сауырлап шығарып, орыс хәрпін жүргізуді қалаушылар, школдарда мұсылманша оқу жазу прауила

бойынша оқылғанын сүймеді. Сондықтан прауила қағазға жазылған күйінде қағаз бетінде бола береді де, оқу басындағылар өз көздеген жағына қарай оқу ісін жүргізе береді. Қазақ облыстарындағы школалардың бірінде де прауила бойынша оқытылатын оқу жоқ. Бұл сиақты прауила бар екенін қазақтар білген жоқ; білгендері үндеген жоқ.

Білгендердің үндемегенінің екі себебі болды: бұл прауаны білгендер әуелі учителдер; бұлар енді жаңа прауила бойынша оқытамыз ба деп, үстінен қарайтын хәкімдерден сұраса, ол хәкімдер ие демеді. Таза топырақ болмаса, көпшікті қақса да тиім соққан болады деп, жеңілдеткен сиақты. Қазақ тілінің сабағының орнына орысшадан қазақшаға, иә қазақшадан орысшаға переуод істесе, ана тілін үйреткеннің ырымы болады да, хәкімдері айтқан соң учителдер үндемей бұрынғы қалбынша оқыта берді.

Учителдерден басқа бұл прауаларды білетіндер үндемеген себебі, ол кезде қазақта жорнал һәм газета болған жоқ. Қазақтың өзінде газета, жорнал болмаса, прауа барлығын білгендер қайда жазып білдірмек. Сүйтіп, 1907-нші жылғы 1-нші нойабр прауасын қазақтар, тіпті білген жоқ, білгендері әлгі айтылған себептермен үндеген жоқ.

Прауа шыққаннан кейін 5 жыл өтеді. Ол 5 жылдың ішіндегі заманда да, оқу басындағы адамда да өзгерістер болады. Прауа жасалған кезде Оқу министрі Фон Кауфман еді. Онан кейін Шуартс болды; онан соң Кассо болды. ұлтшылдық әуесі көтеріліп, бұратаналарға қырын көзбен қарайтын мінездер күшейе бастады. Сол шақта ана тіліндегі оқу туралы жаңадан прауила жасалып шықты. Бұл жаңа прауила дегеніміз патша

хазіретінің 1913-нші жылғы 5 ійүнде бұратана жұрт үшін ашылатын школдар турасында еткен жарлығы бойынша, Оқу министрінің сол ійүннің 14-нде жасап шығарған прауиласы, бұл прауила жайынан келесі нөмірде сөйлемекпіз.

«Қазақ» газеті, №116. 4 апрел 1915.

ШКОЛДАРДА АНА ТІЛМЕН ОҚУ

Басы 116-нші нөмірде

14-нші ійүн прауиласы оқу басындағы адамдардың күрмесін алып, қалай жайылам десе де еркін жібермеген. Бұл прауила 13 бапқа бөлінген. 4-нші бабында ана тілі туралы бұлай айтылған: ана тілін үйрету ана тілінде болады. Басқа нәрселерді үйрету бір класты школдарда әуелгі екі жылда, екі класты школдарда бастапқы кластарында ана тілінде болады. Бірақ бұлар екі жыл өткенше орыс тілімен оқытқанда балалар түсінбестей болса, ана тілінде оқытылсын деген. Үшінші жылдан бастап ана тілінің сабағынан басқасының бәрі де орыс тілінде оқытылсын; орыс тіліне үйрету әуелгі жылдың 3-нші айынан кеш басталмасын деген.

Қағаз бетіндегі прауиланы оқығанда школдарда ана тілменен оқыту әуелгі жылда боларға тиіс сиақты көрінеді. Іс жүзіне келгенде келгенде ол тиістілік жоғалады. Ол жоғалатын себебі 14-нші ійүн прауасын попичителдерге таратқанда жазған министр сиркуларынан көрініп тұр. Ол қағазда айтылған сөз мынау:

1913-нші жылғы 5 йүндегі патша хазіретінің бұйрығы бойынша бұратана жұрттар үшін ашылған

бастауыш школдар турасындағы прауиланы осымен бірге жолдап, сіз құрметлудің төмендегі айтылған жағына назар салуыңызды өте қажет деп білемін. 1-нші нойабр прауиласын 5 жылдай іске жүргізіп сынаған-нан кейін көрініп тұр: бұратаналардың ана тілі мен оқыту көбейген себебінен орысша аз оқытылып, школ біткен балалар орысша аз біліп, бітірмегендері тіпті орыс тілімен таныспай шығатын болды.

Сүйтіп, прауила шығарудағы мақсаттың бірі, йағни бұратаналар арасында орыс тілін жайып, оларды орысқа жақындатып жуықтату жұмысы орнына келмейтін болды. Олай болуы мемлекет пайдасына өрел келмейді, орыс тілінің басқадан жоғары боларлық дәрежесін де кемітеді. Орыс тілі патшалық тілі болған себепті, барша школдарда өзіне лайық орын аларға тиіс. Бұратаналар үшін школ ашқандағы мақсұд жалғыз ғана білім білдіру емес, жас тұқымды жақындатып орыс тұрмысына жіксіз жабыстыру. Бұл мақсұтқа жету үшін әуелі орыс тілін білдіру қажет екендігі даусыз.

Сондықтан жаңа прауиланың 4-нші бабындағы сөз: бір класты школда бастапқы екі жылдай, екі класты школдардың бастапқы кластарында ана тілінде оқытылсын дегенмен, ол балалар орысша оқытқанда түсінбейтін болса ғана ана тілінде оқыту керек деген сөз. Егерде орысша оқытса да түсінетін болса, онда орысша оқытуды ертерек бастаса да болады. Оқу басындағы адамдар школды қарағанда, енді орысша оқытса да болады десе, орысша оқыта бастау тиіс дейді.

Министрден бұлайша қағаз алған соң оқу басындағы адамдар қазақтың туғалы орыс сөзін естімеген балаларын да орысшаға түсінетін жасап шығаруға тырысатыны шексіз. 5 жылдай школдарда ана тілі мен

оқыту көбейді деп оқу министрі не мәніспен айқаны мәлім емес. Бірақ, біздерге мәлім қазақ арасындағы школдарда ана тіліменен оқыту 1-нші нойабр прауиласы бойынша болған жоқ. Жоқ нәрсені көпсініп, ана тілін азайту үшін 14-нші ійүн прауиласында оқу сағаттарын бұлайша бөлген: бастауыш школда күніне 5 сағаттан жетісіне 30 сағат сабақ болмақ. Бұл жетісіндегі 30 сағат сабақ әуелгі төрт жылға бөлінген сиқы мынау: 4 сағат дін сабақ, 6 сағат ана тілі, 12 сағат орыс тілі, 6 сағат есеп, 2 сағат жырлау, соңғы екі жылдағы оқу сабақтары жетісіне о да 30 сағат болмақ: оның 4 сағаты дін сабақ, 4 сағаты ана тілі, 10 сағаты орыс тілі, 4 сағаты есеп, 1 сағаты жырлау, екі сағаты орыс тарихы, 3 сағаты жағрафиа, 2 сағаты сызу һәм өлшеу ғылымының басы.

Бұл бөлінген сабақ сағаттарынан ана тілге сыбаға аз тигені көрінеді. Ол аздың өзі де прауила қағазында болғанмен іс жүзінде қазақ ішіндегі школдарда жоқ. Оның жоқ болып отырғанының себебі арап хәрпінің қазаққа керегі жоқ, оның орнына орысша білсе болады дегендік. Қазақ арасындағы школдардың үстінен қарайтын адамдардың көбінің-ақ пікірі осы түрде. Қазақтарда бұл пікірін сезгеннен кейін, олар да арап хәрпінен айырылмас шарасын істеп, балаларын школға бірден бермей мұсылманша хат танып, оқи һәм жаза білгеннен кейін беретін болды. Сондықтан қазір екі жағының да асығы түгел сиақты болып тұр.

Анаугі Петроградтағы болған попичителдердің кеңесінде бұратаналардың бастауыш мектептерін школ айшығына кіргізу керек, оқу бастапқы екі жылдай ана тілінде болу керек, школ үстінен қарайтын инспекторлар да бұратана тілін білетіндерден қойыларға керек деген сөз болды. Бұл ана тілде оқу

дегендері бұрынғыша болса, ол қазаққа жоқ оқу. Бұл жағына қазақтың «тымағының құлағы түріңкі» боларға тиіс. Ана тіліндегі оқу бұрынғыша қағаз жүзінде ғана жата бермей, іс жүзінде де көрінуіне де қам қылу керек.

«Қазақ» газеті, №117. 4 апрел 1915.

ІШКІ ХАБАРЛАР

Елден:
Опат

Қарқаралы – осы майдың 4-інде учител Ермұхамед (Ержан) Айманұлы көкірек аурудан опат болды. Марқұм көп жылдардан берлі екі гласный русско-киргизский школда учител болып келіп еді. Ауру әлсіретсе де сүйретіле-мүйретіле жүріп қызметінен қалмаушы еді. Биылғы феуралдың айақ шенінде ажал төсегіне бүтіндей жатып алды. Марқұм өте ақ көңіл, анық ұлт қызметшісі еді. Құдай Тағала марқұмның топырағын жеңіл етіп, туған-туысқандарына һәм жолдасы Фәтима ханымға көркем сабырлық берсін!

Мұғалім: Ы. Ш.

Ержан Айман ұлы

Жоғарыда Ержан Айманұлы опат деген Ы. Ш-ның хабарын басып отырмыз.

Ержан Айманұлы Семей облысындағы белгілі бір орынның жұрағаты. Бабасы Шоң қазақ ішіндегі қайратты һәм білімді адамның бірі болған. Ержан

Омбы семинариасынан оқып шыққаннан берлі учител еді. Қалада туып, қалада өскен қазақ баласы болмаса, даладан келіп қалада оқыған иә қызметте тұрған қазақ баласына қала ауасы жақпайды. Ауаның жағымсыздығынан көкірек аурулы болып, әсіресе орысша оқығандарымыздың арасынан көп өлетіндігін «Қазақты» оқушылардың бәрі де байқаған болар. Орысша жоғары һәм орташа оқығандырымыз тіпті аз; сол аздың ажалының көбі көкірек аурудан болатын күйге қалдық. Ержанның да түбіне жеткен сол көкірек ауру.

Ержан 1906-ншы жылдан берлі Қарқаралы қаласындағы екі класты орыс һәм қазақ балалары оқитын школде учител еді. Бастап келгенде-ақ денсаулығы нашар еді. Қарқаралы ауасы анау-мынау көкірек ауруды жазарлық жайы бар ауа: құрғақ ауа һәм қарағай ағаш. Көкірек аурулы адамдарға іздегенде таптырмайтын жер. Ержан сол ауада тұрды, жазы-қысы қымыз да ішті. Сонда да болмай ауруының күшейгені істеген қызметінен. Бала оқитын үй нағыз денсаулыққа жағымсыз үйдің бірі болады. Әуелі, үйі жайлы школ орыстың Қарқаралы сиақты шет қалаларында аз болады, екінші школ үйінде адам көп, адам көп жерде ауа ауыр болады. Үшінші школдағы балалар ойнаған-жүгірген айағынан тозаң болмай тұрмайды. Осындай кемшіліктің үстіне Қарқаралы школында тағы бір кемшілік болды: школ жалдаған жай үйлер де болды, ол үйлер әуелінде көп адамға арнап салған болмаған соң әрине жайсыз болмақ.

Бала оқытудың өзі қиын жұмыстың бірі. Оның үстіне үй жайсыз болып, Ержанның ауруын меңдеткен учителдік қызмет.

Ержанмен 3–4 жыл қызметтес болып, 1909-нші жыл 1-нші ійүлде айрылып едік. Сонан бергі жазған хаттарында ауруының бірден бірге күшейіп келе жатқаны байқалушы еді. Ақыры барып мұндай болды. Алла топырағын жеңіл етсін!

А. Б.

«Қазақ» газеті, №129. 23 май 1915.

ҚҰРМЕТТІ ОҚУШЫЛАР!

